EGEMEN QAZAQSTAN

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz **№116 (29347) 22 МАУСЫМ, ЖҰМА 2018 ЖЫЛ** FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

SAIASAT
САЛАНЫ ЖАҢҒЫРТУҒА ЖОЛ АШҚАН ЖОЛДАУ 5-бет

ÁLEM & QAZAQSTAN
АСТАНА – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫНЫҢ БОЙТҰМАРЫ 6-бет

JANSARAI
САХНА СЫРЫ ҺӘМ СЕНІМ 13-бет

DIDAR
ШЫРҚА, ШАРЫҚТА, ТҮРКІСТАН! 16-бет

Суретті түсірген Ерлан ОМАР, «ЕК»

Астананы көшірудің астарында ұлт мүддесі тұрды

Астана дегенде, ең алдымен, барша әлем таныған, сәні мен салтанаты көз тартқан осынау сәулетті шаһардың ел тарихында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жүзеге асырған аса ауқымды бірегей жоба екенін атап айтуымыз керек.

Кенжеғали САҒАДИЕВ,
Мемлекет және қоғам қайраткері

Рас, егемендіктің алғашқы жылдарында нарықтық экономикаға көше бастағанда, ұтқанымыздан ұтылғанымыз көп болды. Өйткені бұл жолды біз таңдаған жоқпыз, біз үшін оны басқалар таңдады. Дәлірек айтсақ, дамыған капиталистік елдер, олардың нұсқауын бұлжытпай орындайтын Халықаралық валюта қоры және Дүниежүзілік банк сияқты құрылымдар. Бұрын жүріп көрмеген бұл жолға не дайындығы жоқ, не білікті мамандары жоқ, не қаржысы жоқ егемендік туын көтерген ондаған ел (Ресей бастаған) алпауыт мемлекеттер мен жоғарыда аталған халықаралық ұйымдардың ұсынысы мен өктем талабының негізінде түстік. Сондықтан оны Қазақстанның жеке өз таңдауы деп айта алмаймыз.

Сол сияқты Қазақстанның бұрынғы астаналары Орынбор, Қызылорда, Алматы да біздің халықтың өз таңдауымен бой көтермегені белгілі. Оларды таңдау және Қазақстанның бірінші басшыларын тағайындау тек Кеңес империясының, Мәскеудің құзырында болды. Осындай таңдау мен тағайындаулар біздің елдің емес, империяның мүддесін бұлжытпай орындауға көзделгенін де жақсы білеміз.

Ал астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы айтсақ, ол – Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ұсынған, оның соңынан ерген халық қолдаған жоба. Оның стратегиялық маңызы зор, ел болашағының арқауы десек жаңылыспаймыз.

Алғашқыда астананы жаңа орынға көшіру туралы Президент ойын қолдағандар аз болды. Сол уақытта Президент басшылығымен жұмыс істеген Мемлекеттік кеңестің 1993 жылғы кезекті бір отырысы әлі есімде. Құрамында Салық Зиманов, Шерхан Мұртаза, Иван Щеголихин, Жабайхан Әбділдин, Манаш Қозыбаев, басқа да ел ағалары мен қайраткерлер бар Кеңес күн тәртібіндегі мәселелерді қарап, шешім қабылдап, тарауға айналғанда Нұрсұлтан Әбішұлы басқаларға рахметін айтып, бізден – Кеңес мүшелерінен тағы бір мәселе жөнінде пікір алмасу үшін кідіре тұруды өтінді.

Біз орындарымызға қайта жайғасқанда Нұрсұлтан Әбішұлы: «Астананы Алматыдан ел ортасына – Ақмолаға ауыстыру керек деген ойым бар. Егемен еліміздің болашақ дамуын жаңа астанадан бастасақ деймін. Сіздер бұған қалай қарайсыздар» деп сұрады. Біз, кеңес мүшелері, бұрын ойға келмеген, барынша тың, елді елең еткізетін осындай соны пікірге: «Ақмоланың ауасы жақсы, бірақ ойлану керек» деген мардымсыз бір-екі сөзден артық ештеңе айта алмадық.

Осылай десек те, мынау алай-түлей басталған жаңа заманда, елімізде бір жарым жылдай жүріп жатқан нарық экономикасы оң нәтиже бермей, керісінше, экономиканы тығырыққа тіреп, халық тұрмысы күрт төмендеген тұста, қалта бос, қаржы тапшы кезде мұндай ауқымды жобаны іске асыру мүмкін емес қой. Алматы сияқты жылы орнымыздан басқа жерге көшу бұл бір орны жоқ қиял емес пе деген күдік те ойымызда тұрды. Көп ұзамай бұл соны жаңалық халыққа тарады. Ел ішінде, баспасөз беттерінде, депутаттар арасында, әртүрлі басқосуларда астана туралы қызу пікірталас басталды. Мұндай пікірталастар көпке дейін, 1997 жылдың қысында астана Алматыдан Ақмолаға көшкенге дейін жалғасты.

(Соңы 7-бетте)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 14, 15-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 85-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 11, 61, 69-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 42, 45-құжаттар; № 13, 68-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 19-II, 102-құжат; № 20-VII, 117, 119-құжаттар; № 22-I, 143-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 12, 87-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 13, 45-құжат; № 21, 98-құжат):

(Жалғасы 9-бетте)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ӨКІМІ

Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысы 2018 жылғы 29 маусымда сағат 10-да Астана қаласында шақырылсын.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Н.НЫҒМАТУЛИН

Астана, Парламент Мәжілісі №50, 2018 жылғы 21 маусым

Елордаға – Достық үйі

Алуан ұлттың баласын бауырына басып, шұғылалы шаңырақтың астына топтастырған мейірбан Қазақ елі – алтын бесік болса, Есіл жағасындағы еңселі елорда – алтын қазық. Бүгінде бас қала ретінде бой түзегеніне небәрі 20 жыл толып отырған Астана қаласы бірнеше ұлт өкілдерінің үмітін үкілеп, арманын аялаған қала. Осыған орай Маңғыстау өңірі ынтымақтың ұйытқысы болған елорданың тойына Ассамблея өкілдеріне арнап «Достық» үйі ғимаратын сыйға тартпақ.

Гүлайым ШЫНТЕМІРҚЫЗЫ,
«Егемен Қазақстан»

Астананың 20 жылдық мерейтойына әр өңір өз үлестерін қосуда. Бұл – елорданың айбыны мен абыройы елдік мерейге айналғандығының айғағы. Бұдан он жыл бұрын да қолға алынған іс дәстүрлі сипат алып, жиырма жылдықта жалғасын тапты.

Еліміздің барлық аймақтарында – облыс орталықтарында ашылған «Достық» үйі күні бүгінге дейін Астана қаласында жоқ болатын. Бұл олқылықтың орнын маңғыстаулықтар толтырып, Бауыржан Момышұлы көшесі бойында тұрған көне Неке сарайын қайта жаңғыртып, «Достық» үйі ретінде ұсынбақ.

Үш қабатты ғимарат 4900 шаршы метр аумаққа орналасқан. Келушілер үшін 60 көлік орны, қызметкерлер үшін арнайы 13 көлік орны жасақталып, жан-жағы абаттандырылып, көгалдандырылды.

Ғимараттың бірінші қабатында би залы, асхана, студия орналасса, екінші, үшінші қабаттарда акт залы, кітапхана, киім бөлмесі, мұражай, конференц зал орналасқан. «Достық-Қазақстан» мекемесінің тапсырысымен, «MediArtGroup» ЖШС жобалауымен «СК «АлатауИнжСтрой» ЖШС жүзеге асырған құрылыс-жөндеу жұмыстарына 50-ге тарта адам жұмылды. «Достық» үйінің жұмыстары қазір толық аяқталып, Астана қаласының мерейтойына тапсырылатын салтанатты сәтті күтуде.

– Астана мерейтойы – елге ортақ мереке. Той шашусыз болмайтыны белгілі. Еліміздің әрбір өңірінің елордаға сый жасауы – Астананың ажарын асырып, қажеттілігіне қолдау беретін жақсы бастама. Бұдан он жыл бұрын «Нұр Астана» мешітін жөндеп, жан-жағын абаттандырып сыйға тартқан Маңғыстау облысы биыл «Достық» үйін салуды құп көрді. Біздің сыйымыз астаналықтарға ұнайды деп ойлаймыз, дейді Маңғыстау облыстық құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Бейсенғали Кенжалиев.

Маңғыстау облысы

ҰБТ ұпайлары белгілі болды

Кеше ҰБТ бірінші күнінің қорытындысы шығарылды. «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры Рамазан Әлімқұловтың айтуынша, 20 маусым күні еліміз бойынша 13 897 түлек ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан. Алғашқы күннің қорытындысына сәйкес, 11 795 түлек шекті мәннен, яғни 50 балдан артық жинаған.

Рауан ҚАЙДАР,
«Егемен Қазақстан»

«Бұл – жалпы қатысушылардың 84,8 пайызы. Ал 50 балды алмағандардың саны – 2 102. Бұл жалпы тапсырушылардың 15,2 пайызы. Шекті балды жинай алмаған түлектер тамыз айында қайта тапсырады. Егер тамыз айындағы сынақтан да сүрінетін болса, онда оқу бітіруші түлектің қыркүйек айында ақылы түрде бір семестрге оқуға тапсыруына болады. Бір семестрден кейін қаңтар айында үшінші рет тапсыруға мүмкіншілігі бар. Және де айта кететін тағы бір жайт, қажетті балды жинай алмаған түлектермен, олардың ата-аналарымен біздің психолог мамандар жұмыс істеп, керекті кеңестерін беруде», деді ол.

Аталған жаңашылдықтың нәтижесінде 2017 жылы еліміз бойынша 30 мыңдай адам жоғары оқу орнына түсуге мүмкіндік алған.

«ҰБТ-ның алғашқы күнінде 33 тестілеу пункті жұмыс істеді. Жалпы, тест тапсыруға 14 250 түлек өтініш берді. Олардың нақты тапсырып шыққаны – 13 897. Бұл – өтініш берген түлектер санының 97,5 пайызы. Бір түлектің нәтижесі есепке алынбады. Оқиға еліміздің оңтүстік өңірінде тіркелді. Ол тест тапсыру ережелерін бұзған», деді Р.Әлімқұлов.

Бес пән бойынша республикадағы орташа балл 80,9 пайызды көрсеткен. «Бұл өткен жылғы ҰБТ-ның бірінші күнінің қорытындысымен салыстырғанда 4 балға артық. Еске сала кетейік, былтыр бірінші күннің қорытындысы бойынша республикадағы орташа балл 77,5-ті құраған еді. Тестілеудің алғашқы күні тіркелген ең жоғары балл – 138. Әзірше 140 ұпайдың бәрін жинаған оқушы тіркелмеді. Алдағы күндері ең жоғары балды жинайтын шәкірттеріміз шығады деп сенеміз», деді Р.Әлімқұлов.

Сонымен қатар Қазақстан бойынша 46 түлек тесті ағылшын тілінде тапсыруға өтініш бергенімен, олардың біреуі ғана өз таңдауын өзгертпеген. Ағылшын тілінде тапсырған түлек – Алматы қаласының өкілі екенін айта кетсек дейміз.

«Колл-орталыққа 105 қоңырау келіп түсті. Олардың көбі – ҰБТ-ны өткізу ережесіне қатысты шалынған қоңыраулар. Биылғы жаңашылдықтың бірі – тестілеу барысын онлайн-режімде бақылау. Осы орайда, аудиториялардың 85 пайызы бейнебақылау камераларымен жабдықталғанын атап өткен жөн. Алғашқы күннің қорытындысы бойынша апелляциялық органға өтініш бергендер болған жоқ», деді ұлттық тестілеу орталығының директоры.

Оның сөзінше, апелляциялық органға өтініш бергісі келген түлек тест тапсырған күннің ертеңінде түскі 13:00-ге дейін үлгеруі керек.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ (НАРЫҚТЫҚ) БАҒАМДАРЫ: **EUR/KZT 394.06** | **USD/KZT 341.52** | **RUB/KZT 5.37** | **CNY/KZT 52.71**

Балаларды қорғаудың құқықтық тетігі қабылданды

Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен палатаның жалпы отырысында сенаторлар Қазақстан мен Қытай мемлекеттерінің бірлесе отырып Қорғас трансшекаралық өзенінде сел ұстайтын бөгет салуына мүмкіндік беретін келісімді құптады.

Серік ӘБДІБЕК,
«Егемен Қазақстан»

Ортақ өзендегі бірлескен жоба

Депутаттар, сонымен қатар валюталық реттеу және валюталық бақылау, құқық қорғау саласындағы кезекті реформалар, балалардың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау жөніндегі заң жобаларын қабылдады.

Қазақстан мен Қытай тарапынан Қорғас өзенінде «Шүкірбұлақ (Алмалы)» бірлескен сел ұстайтын бөгет салуға ерекше мән беріліп отыр. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Үкімет өткен жылы аталған жобаны бірлесе жүзеге асыру мақсатында Қытай үкіметімен келісімге келген. Жобаның жалпы құны – 11,7 млрд теңге. Көрсетілген қаржыны Қазақстан мен Қытай теңдей бөліп шығарады.

Заң жобасы бойынша сенаторлар алдында баяндама жасаған Ішкі істер министрінің орынбасары Юрий Ильин жоба басталғалы жағалау бекітіліп, жол төселіп, қосалқы ғимараттар тұрғызылғанын айтты.

– 2013-2017 жылдар аралығында аталған жобаны жүзеге асыруға республикалық бюджеттен 6 млрд 872 млн теңге бөлінсе, 2018 жылдың бюджетінде 3 млрд 875 млн теңге қаралған, – деді Ішкі істер министрінің орынбасары.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасаған сенатор Мұхтар Құл-Мұхаммед аталған өзеннің ерекшеліктеріне тоқталып өтті.

– Қорғас – үлкен трансшекаралық өзен. Бұл екі үлкен мемлекеттің арасындағы шекараны айқындайды, оның үстіне мінезі бар өзен. Оның тек қана Қазақстан жағындағы бөлігінде үлкенді-кішілі қырыққа жуық көл бар. Осы көлдер көктемгі су тасқыны кезінде екі жаққа да бірдей қауіп төндіруі әбден мүмкін. Екіншіден, «Қорғас» – Қазақстандағы үлкен кеден бекеті. Бұдан аса ауқымды көлемде жүк тасымалы өтеді. Үшіншіден, кеден бекетінің түбінде халықаралық мәні бар ауқымды құрғақ порт салынуда. Осы жерде 100 мың адам тұруға лайықталған жаңа қала бой көтеріп келеді. Осы себептерге байланысты «Қорғас» өзені көктемде екі жаққа қауіп төндірмеуі үшін Елбасымыздың Үкіметке берген тапсырмасына сәйкес мемлекеттер арасында тиісті келісімге қол қойылған, – деп атап өтті Мұхтар Құл-Мұхаммед.

Ал заң жобасын талқылауға қатысқан сенатор Нұржан Нұрсипатов трансшекаралық өзендерді пайдалану мен қорғауда Қазақстан мен Қытай мемлекеттерінің тиімді нәтижелерге қол жеткізіп отырғанына тоқталды.

Осындай уәждерден соң депутаттар бұған дейін Мәжіліс мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қорғас өзенінде «Шүкірбұлақ (Алмалы)» бірлескен сел ұстайтын бөгетін салудағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» заң жобасын қабылдады.

Валюта үстемдігіне тосқауыл қойылады

Жалпы отырыста сенаторларға «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» және оған ілеспе заңының жобасын таныстырған Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақышев алдымен валюталық заңнаманы жоспарлы түрде өзгерту себептеріне тоқталды.

– Елімізде «Астана» халықаралық қаржы орталығы, «Қорғас» арнайы экономикалық аймағы құрылды. Бұл нысандардың аумағында валюталық операцияларды реттеу керек. Сондай-ақ Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіргенін ескере отырып заң жобасын әзірлеу қажет болды. Негізгі міндет – валюталық операциялардың мониторингін кеңейту. Еліміздің аумағындағы есеп айырысуда шетел валютасын қысқарту міндеті тұр. Заң жобасын қабылдау қарапайым азаматтарға әсер етпейді. Себебі олар үшін валюталық реттеудің либералды принциптері сақталды, – деді Ұлттық банк төрағасы.

Оның айтуынша, қолданыстағы заңнамаға сәйкес шетелдік ұйымдардың филиалдары елімізде валюталық операцияларды бейрезидент ретінде жүзеге асырады. Енді олардың есеп айырысуын теңгеге ауыстыру ұсынылады. Осы түзетулер жергілікті компаниялар мен шетелдік ұйымдардың филиалдары үшін бизнес жүргізудің тең талаптарын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Заң жобасында, сондай-ақ ақшаны елден шығаруға қарсы іс-қимылды күшейту міндеттері мен тетіктері нақтыланған. Тағы бір атап өтерлігі, Ұлттық банк осы заңның аясында халықты өсім алудан нақты қорғауды күшейтуді жоспарлап отыр. Заң жобасындағы осы және өзге де түзетулерді саралай келе сенаторлар аталған құжаттарды екі оқылымда қабылдады.

Зиянды ақпараттан қорғалады

Жалпы отырыста сенаторлар «Балалардың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» заң жобасын да екі оқылымда қабылдады. Бұл заңның қабылдануына Парламент депутаттары бастамашы болған. Алайда аталған жоба Парламент қабырғасында 8-9 жылдан бері талқылана келе, мәреге биыл ғана жетіп отыр.

Аталған құжат бойынша балаларды физикалық және психикалық денсаулығына, имандылық, рухани, психикалық, физикалық және әлеуметтік жағынан дамуына зардабын тигізетін ақпараттан, оның ішінде зорлық-зомбылық пен қатыгездікті, порнографияны, қоғамға жат және құқық бұзушылық мінез-құлықты насихаттайтын баспа, аудио және аудио-бейне өнімдерді, электронды және компьютерлік ойындарды таратудан қорғаудың ұйымдастырушылық-құқықтық тетіктері мен заңнамалық кепілдіктерін енгізу көзделген.

Заң жобасы бойынша баяндама жасаған Мәжіліс депутаты Бекболат Тілеухан балаларды қорғаудың құқықтық құжаттан тыс міндеттерін де атап өтті.

– Балаларды қорғау тек заңмен ғана емес, қоғам болып жүзеге асыратын мәселе. Әркім өзінің бала-шағасына ие болуы керек. Әсіресе, ата-аналар қамсыз отырмауы керек. Бейнеаудио материалдарға қанша жерден таңба, белгі қойылса да, өндірушілермен қоғам болып күреспесе, ол оңай шаруа емес. Аталған заң жобасында өндірушіге, таратушыға, ақпарат көзіне қойылатын заңнамалық тұрғыдағы тосқауылдар, жауапкершіліктер айқын белгіленген, – деді Мәжіліс депутаты.

Ал сенаторлардың бірінің интернетте кеңінен тарап жатқан теріс ақпараттан балаларды қорғау бағытында атқарылып жатқан іс-шаралар бойынша сауалына Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев тұжырымды жауабын берді.

– Әрине, бұл бағытта жұмыстар жүргізіліп жатыр. Іс-шаралар екі бағытта атқарылуда. Біріншіден, ата-аналарға қажетті ақпаратты кеңінен таратуда радио, интернет немесе теледидар, газеттер сияқты қолымыздағы барлық тетікті қолданамыз. Білім және ғылым министрлігімен бірлесе отырып, ата-аналарға тиісті ақпаратты жеткізу тәсілдерін жүзеге асырудамыз. Екіншіден, интернет операторлармен бірлескен шараларды қолға алдық. Оларға да тиісті жобаны бердік. Әрбір ата-анаға үйінде «таза» немесе «білімді» интернет орнату мүмкіншілігі берілді. Бұл тұрғыда білім саласындағы 4-5 мыңға жуық сайттарды үйлерінде пайдалана алады, ал қалғандарына тыйым салынады. Біз халықаралық тәжірибені пайдалана отырып, бұл жұмыстарды әрі қарай оңтайландыра түсеміз, – деді Ақпарат және коммуникациялар министрі.

Сенаторлар аталған заң жобасын да қабылдады.

Сондай-ақ депутаттар жалпы отырыс барысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнама мен құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын да екі оқылымда қабылдады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің тиімділігін арттыратын қадам

Кеше «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев пен Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаев партия мен агенттік арасындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Жолдыбай БАЗАР,
«Егемен Қазақстан»

Іс-шараға Парламент депутаттары, қоғам қайраткерлері, үкіметтік емес ұйым өкілдері, партия Орталық аппаратының қызметкерлері және бейнеконференц байланысы арқылы облыс әкімдерінің орынбасарлары мен партия өңірлік филиалдарының басшылығы қатысты.

Отырысты ашқан Мәулен Әшімбаев Елбасы, партия Төрағасының тапсырмасы бойынша «Нұр Отан» партиясының қоғамның түрлі саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мақсатты әрі жүйелі жұмыс жүргізіп келе жатқанын айтты. Бұл бағытта партияның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2015-2025 жылдарға арналған бағдарламасы басты құжат болып табылады. Сондай-ақ «Нұр Отанның» осы мәселемен айналысатын басты құрылымы ретінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы республикалық қоғамдық кеңес жұмыс істейді. Мұндай кеңестер барлық облыстар мен аудандарда құрылған. Одан бөлек, партияның Мәжілістегі фракциясының депутаттары да аталған салада ауқымды жұмыстар атқаруда. Осы мәселелерге тоқталып өткен М.Әшімбаев алдағы уақытта бұл жұмыстардың одан әрі жандана түсетінін жеткізді.

– Бүгінгі меморандум партия мен агенттік арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жаңа кезеңіне жол ашады деп сенеміз. «Нұр Отан» алдағы уақытта осы салада басқа да мемлекеттік органдармен тығыз жұмыс істеуге дайын. Өйткені партияның басты миссиясы – Елбасының сенімді тірегі болуымен қатар Қазақстанды жаңғыртуға жүйелі қатысатын стратегиялық күшке айналу, – деді Мәулен Әшімбаев.

Партия Төрағасының бірінші орынбасары меморандумда көрсетілген талап, міндеттерді мақсатты түрде орындауға қатысты бірқатар басымдықтарды атап өтіп, алдымен Президенттің бес әлеуметтік бастамасының жүзеге асырылуын бақылау жұмыстарына назар аударды. Елбасы тапсырмасына орай бес бастаманың жүзеге асырылуын бақылау мақсатында партияның мұрындық болуымен Қоғамдық кеңес құрылған болатын. Соның нәтижесінде партия осы бағыттағы жұмыстарға мониторинг жүргізіп, анықталған олқылықтарды жан-жақты қарастырып, сыбайлас жемқорлыққа қатысты тұстарын агенттікпен бірлесіп шешетін болады. Мәулен Әшімбаев бұл жұмысқа үкіметтік емес ұйымдардың да белсене қатысуы керектігін айтты.

– Екіншіден, бүгінде партия сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, осы саладағы көлеңкелі тұстарды жоюға бағытталған бірқатар партиялық жобаларды қолға алды. Үшіншіден, сыбайлас жемқорлықты мүлдем болдырмау үшін мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың ақпараттарға қолжетімділігін қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінбек. Төртіншіден, күресті күшейту үшін партияның барлық ресурсын жұмылдыратын боламыз. Қоғамдық қабылдауға келген халық осы мәселеге қатысты қандай да бір ақпарат, ұсыныс берсе, оны талдап, қажет жағдайда агенттікке жолдаймыз. Бесіншіден, партия мен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы жұмысты жандандыруға тың серпін беріледі, – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар жиын барысында 2017 жылы түрлі себептермен 276 адамның партия қатарынан шығарылғаны айтылды. Олардың 171-і сыбайлас жемқорлыққа қатысты іс-әрекеті үшін шығарылған. Партия Төрағасының бірінші орынбасары мұндай жайттарды мүлдем болдырмау үшін алдағы уақытта нұротандықтардың сапасына ерекше мән берілетінін баса айтты.

– Енді біз партия мүшелерінің санына емес сапасына көп көңіл бөлетін боламыз. Қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар, қызметін өзінің жеке мақсатына пайдаланғысы келетін адамға партияда орын жоқ. Егер біз жемқорлықпен күреске белсене қатысқымыз келсе, алдымен өз қатарымыздың тазалығын қамтамасыз етіп алуымыз керек, – деді Мәулен Әшімбаев.

Өз кезегінде Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаев сыбайлас жемқорлықпен күрес тек мемлекетке ғана емес, бұл бүкіл азаматтық қоғамға ортақ мәселе екенін айтты. «Нұр Отан» партиясының бұл салаға көңіл бөліп, жоғары деңгейде талқылауы құптарлық іс, – деді Алик Шпекбаев.Оның сөзіне қарағанда, электронды үкімет пен кәсіби, стратегиялық мемлекеттік аппараттың құрылуы бұл саладағы бақылау жұмыстарына оң септігін тигізуде. «Ендігі саты – инновациялық мемлекеттік аппаратқа көшу. Бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарылуда», – дейді агенттік төрағасы.

Осы ретте айта кетер жайт, партия мен Агенттік арасындағы меморандумның басты мақсаты – еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын орындауға бағытталған бірлескен және келісілген іс-қимылды даярлап, жүзеге асыру, осы бағыттағы қолға алынған шаралардың тиімділігін арттыру, жемқорлықтың себеп-салдарын жою және оның алдын алу.

Сонымен қатар күш біріктіру арқылы қоғамда жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастырып, құқықтық сауаттылықты арттыру, еңбекке адалдық пен жемқорлыққа төзімсіздікті кеңінен насихаттау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие және өскелең ұрпақ пен жастардың бұл саладағы білімін тереңдету сияқты басым бағыттар жүзеге асырылатын болады.

Өзара ынтымақтастыққа кең өріс

Парламент Сенатының Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев Швейцария Конфедерациясының елшісі Урс Шмидті қабылдады, деп хабарлады Сенаттың баспасөз қызметі.

Қ.Тоқаев Қазақстанның Еуропадағы сауда, инвестиция және сыртқы саясаттағы маңызды әріптесі болып табылатын Швейцариямен екіжақты қатынастарының қарқынды сипатын атап өтті. Сенат Төрағасы екі елдің заң шығару органдарында жұмыс істейтін достық топтары сындарлы рөл атқаратын парламентаралық үнқатысудың барысын жоғары бағалады. Қазақстан мен Швейцария парламентшілері халықаралық парламенттік ұйымдарда, оның ішінде ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблея аясында табысты ынтымақтасып келеді.

Елші алдағы 9-12 шілдеде экономикалық ынтымақтастықтың мәселелерін қарастыру және талқылау үшін келетін Экономика, білім және зерттеулер министрі Йоханн Шнайдер-Амман бастаған сауда-инвестициялық делегациясының сапары туралы хабардар етті. Қазақстанның Еуразиядағы рөлі мен орнын ескере отырып, Бернде бұл сапарға баса назар аударып отыр.

Ұлттық комиссияның отырысы өтті

Үкімет үйінде Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссияның кезекті отырысы өтті, деп хабарлады Премьер-Министрдің баспасөз қызметі.

Отырыс аясында қазақ әліпбиін 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңмен көшіру жөніндегі шаралар жоспарын іске асыру барысы қаралды, сондай-ақ жаңа әліпбидің емле ережелері мен пернетақтаның техникалық орналасуын әзірлеу бойынша жұмысты одан әрі үйлестіру мәселелері талқыланды.

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия – Үкімет жанындағы консультативтік-кеңесші орган, оның негізгі мақсаты – қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша ұсыныстар әзірлеп бекіту, жұмыс барысын үйлестіру және оның сапалы орындалуына бақылау жасау.

Әліпбиді латын графикасына көшіру аясында жүргізіліп жатқан жұмыстың негізгі бағыттары бойынша Мәдениет және спорт министрі А.Мұхамедиұлы, Білім және ғылым министрі Е.Сағадиев, Ақпарат және коммуникациялар министрі Д.Абаев баяндама жасады.

А.Мұхамедиұлы бүгінде тіл мамандарының қатысуымен жұмыс тобы латын графикасы негізінде қазақ әліпбиінің емле тұжырымдамасын әзірлегенін атап өтті. «Қазіргі таңда қазақ тілінің орфографиясы мен емле ережелерінің негізгі тәртіптерін әзірлеу бойынша күнтізбелік жоспардың кестесі дайындалды. Жалпы, еліміз үшін маңызды тіл реформасы қазақ әліпбиін 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңмен көшіру жөніндегі шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырылып жатыр», – деді А. Мұхамедиұлы.

Е.Сағадиев бүгінгі таңда А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының қазақ және түркі тілдеріндегі термин жасамының халықаралық қағидалары мен ережелерін зерттеп, ұлттық терминология критерийлерін дайындағанын хабарлады.

Отырыс барысында сондай-ақ Премьер-Министрдің орынбасары Е.Досаев, Парламент Сенатының депутаты М.Бақтиярұлы, Парламент Мәжілісінің депутаты Б.Мамраев, Тіл білімі институтының директоры Е. Қажыбек, филология ғылымдарының докторы Т.Аяпова, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының атқарушы директоры Е. Тілешов және т.б. пікір білдірді.

Отбасылар байқауының үміткерлері анықталды

Кеше Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының лауреаты атағын беру жөніндегі комиссияның отырысы өтті.

Венера ТҮГЕЛБАЙ,
«Егемен Қазақстан»

Басқосуда сөйлеген сөзінде Мемлекеттік хатшы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «Адам бойындағы қасиеттер отбасында айқындалып, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарыңа, туған-туысқандарыңа деген сүйіспеншіліктен басталады» деген сөзіне тоқталды.

Гүлшара Әбдіқалықова конкурсқа қатысушылардың саны жылдан-жылға артып келе жатқанын атап өтті. Биыл оған 2952 отбасы қатысқан, бұл 2014 жылмен салыстырғанда 2,3 есе көп.

Конкурстың бес жылдық тарихында оған 11 993 отбасы қатысты, соның 60 пайызы (7172 отбасы) ауылдан келгендер, оның ішінде 37 пайызы (4489) көп балалы отбасылар, 18 пайызы (2129) жас отбасылар, 18 пайызы (2117) бір мамандықты кәсіп еткен әулеттердің өкілдері.

Конкурс аудандық, өңірлік және ұлттық деңгейде үш кезең бойынша өтеді. Байқау жеңімпаздарын анықтау барысында отбасы мүшелерінің жетістіктері мен олардың маңыздылығы, үлкендерге деген құрмет пен сүйіспеншілікке негізделген рухани-адамгершілік құндылықтарын сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыруы назарға алынады.

Биылғы мамыр айында барлық облыстарда және республикалық маңызы бар қалаларда аймақтық кезең жеңімпаздарын марапаттауға арналған іс-шаралар мен салтанатты рәсімдер өткізіліп, әр өңірден 2 отбасы ақтық кезеңге қатысатыны белгілі болды.

Комиссия мүшелері конкурстың ұлттық кезеңіне қатысатын 16 үміткерді анықтады. Қазақстандықтар «Мерейлі отбасы» конкурсының ақтық кезеңінде жеңімпазды анықтауға kaztube.kz сайтында және SMS-хабарламалармен дауыс беру арқылы қатыса алады.

Дауыс беру қорытындысы қыркүйектің екінші жексенбісінде мерекеленетін Отбасы күні қарсаңында шығарылады.

Ұлттық палата кәсіпкерлер үшін тиімді алаңға айналды

Астанада «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының V съезі өтті. Жиынға Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев, «Атамекен» ҰКП Төралқа төрағасы Тимур Құлыбаев, ҰКП басқарма төрағасы Абылай Мырзахметов, мемлекеттік органдар және бизнес қоғамдастық өкілдері қатысты.

Суреттерді түсірген Ерлан ОМАР, «ЕК»

Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан»

Жиынның ашылу рәсімінде Премьер-Министр Б.Сағынтаев Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың құттықтау хатын оқып берді. Мемлекет басшысының құттықтауында биыл құрылғанына бес жыл толған «Атамекен» палатасының осы уақыт ішінде бизнес қауымдастықтың мүддесін қорғайтын тәуелсіз институт ретінде қалыптасқаны аталып өтті. «Ұлттық палата кәсіпкерлер мен мемлекеттік органдар арасындағы тиімді ынтымақтастыққа дәнекер бола білді. «Атамекен» бірлестігі еліміздің тұрақты дамуына өз үлесін қоса береді деп сенемін», делінген құттықтау хатта.

Сонымен қатар Елбасы елдегі бизнесті дамытудың нәтижесінде Doing Business рейтингінде Қазақстанның 36-орынға көтерілгенін, инвестициялық ахуалдың жақсарғанына тоқталды. Сондай-ақ ішкі жалпы өнімнің өсімі 4 пайызды құрап, әлемдік орташа көрсеткіштен асқанын атап өткен.

«Инвестициялық жағдайды жақсарту бойынша жүйелі жұмыстар атқарылып жатыр. Салық және кедендік кодекс жөніндегі жаңа нормалар күшіне енді. Кәсіпкерлікті реттеуге қатысты өзгерістер қабылданды. Онда елдегі бизнес өкілдерінің ұсыныстары барынша ескерілген.

Біздің стратегиялық мақсатымыз – дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылу. Ол үшін ішкі жалпы өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесін 50 пайызға арттыру қажет. Сонымен қатар төртінші экономикалық революция жағдайында экономиканы жедел жаңғыртып, жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізуге бет алдық. Әлеуметтік бастамалар аясында шағын несиелерді қаржыландыру көлемі артып, «Бастау» секілді маңызды жобалар қолға алынды. Осы жылдың өзінде 160 аудан мен 40 шағын қаланы қамтып, 30 мың ауыл тұрғынын кәсіпкерлік негіздеріне оқыту қарастырылған. Алға қойылған барлық мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру үшін Үкімет пен «Атамекеннің» жүйелі күш салуы талап етіледі», делінген Елбасының Үндеуінде.

Сонымен қатар Н.Назарбаев «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы өзін қазақстандық бизнес-қоғамдастықтың шоғырлануының базалық негізі ретінде дәлелдеп үлгергенін де құттықтау хатында атап өткен.

«Ұйым еліміздің дамуындағы стратегиялық реформаларды жүзеге асырудың тиімді механизмі. Бұл ТМД-дағы отандық кәсіпкерлердің барлығын біріктіретін және заңнамамен бекітілген ауқымды функция мен уәкілеттікке ие жалғыз құрылым. Бұл съезд «Атамекеннің» бес жылдық жұмысын қорытындылауға арналған айтулы оқиғаға айналатынына сенімдімін», делінген Президенттің құттықтау хатында.

Елбасының құттықтауынан кейін Т.Құлыбаев съезді ашық деп жариялады. Сондай-ақ осыдан бес жыл бұрын Мемлекет басшысының «Атамекен» палатасын құру туралы бастаманы қолдағанын атап өтіп, еліміздің барша кәсіпкерлері Елбасына бизнес саласына көрсетіп отырған қолдауы үшін зор алғыс білдіретінін баяндады.

«2012 жылы Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында алғаш рет мемлекет пен бизнестің серіктестік қарым-қатынасын берік орнатуға мүмкіндік беретін алаң құрудың қажеттілігі туралы айтқан еді. Бүгінде отандық бизнесті біріктіретін, кәсіпкерлік субъектілерінің құқығы мен заңды мүддесін республикалық және өңірлік деңгейде қорғайтын, азаматтық қоғамның маңызды институты ретінде қалыптасқан Ұлттық палата дәл сондай алаңға айналды», деді Т.Құлыбаев.

Бұдан кейін ҰКП басқарма төрағасы Абылай Мырзахметов баяндама жасап, «Атамекен» атқарған жұмыстарға тоқталды. Оның айтуынша, Ұлттық палатаға төленетін жарна көлемі жылдан-жылға ұлғайып келеді. Міндетті мүшелік жарналардың шектік мөлшері Үкімет тарапынан белгіленген.

«Біздің басты бағыттарымыздың бірі – бизнестің мүддесін қорғау. Бес жыл ішінде кәсіпкерлікті қорғау бойынша 23 мыңға жуық өтініш келіп түсті. Солардың 40 пайыздан астамы оң шешімін тапты. Соның нәтижесінде кәсіпкерлердің меншік құқығы 111,3 миллиард теңгеден астам сомаға қорғалды», деді А.Мырзахметов.

Басқарма төрағасының деректеріне сәйкес, Ұлттық палатаның Бас Прокуратура, Мемлекеттік қызмет істері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі агенттік, Жоғарғы сотпен бірлесе атқарылған жүйелі жұмысының нәтижесінде құқық қорғау органдары тарапынан кәсіпкерлерге жасалатын қысым айтарлықтай азайған. Заңдық тұрғыда бірқатар жеңілдіктер жасалып, рақымшылық шаралары қарастырылған. Соның нәтижесінде 2016-2017 жылдары 400-ден астам кәсіпкер өз жұмысын қайта жалғастырған екен. Ұлттық кәсіпкерлер палатасының бастамасымен дауларды сотқа дейін реттеу механизмі енгізілді. Қаржы министрлігінің жанынан салық және кеден даулары бойынша апелляциялық комиссия құрылды. Бүгінге дейін салық және кеден тексерулеріне қатысты 157 шағым қаралып, шамамен 40 пайызы кәсіпкерлер пайдасына шешілген.

А.Мырзахметовтің сөзіне сүйенсек, «Атамекен» палатасы ұстанған келесі бағыт – нормативтік актілерді сараптамадан өткізу. Палата құрылғаннан бастап 22 300 нормативті-құқықтық актінің жобасына сараптама жасалып, соның ішінде 434-тен астам заң жобасы қаралған.

«Әрине, бес жыл ішінде біздің жұмысымызда жетістіктермен қатар кемшіліктер де кездескен шығар. Бірақ біз қолымыздан келгенше қамқор болуға тырыстық. Сондықтан сіздердің бағаларыңызды алу, ұсыныстарыңызды есту – біз үшін үлкен мәртебе», деп сөзін қорытындылады ҰКП басқарма төрағасы.

Съездің күн тәртібінде Ұлттық кәсіпкерлер палатасының атқарған жұмысы бойынша есептер, ҰКП өтпелі кезеңнің аяқталуы Басқарма мүшелерінің өкілеттілігі мерзімін жалғастыру және басқа да мәселелер қаралады.

Сонымен қатар съезд барысында Үкімет пен «Атамекен» арасында өзара қарым-қатынас туралы келісімге қол қойылды. «Ұлттық кәсіпкерлік палатасы туралы» заңның 32-бабына сәйкес, 2018 жылғы 22 шілдеде бесжылдық кезең аяқталады. Осыған байланысты Үкімет «Атамекен» қатысушылары құрамы мен басқару органынан шығады. Соған сәйкес, Премьер-Министр Б.Сағынтаев пен «Атамекен» ҰКП Төралқа төрағасы Т.Құлыбаев өзара қарым-қатынас туралы келісімге қол қойды.

Б.Сағынтаев «Атамекен» палатасы алғаш құрылғанда түрлі қиындықтар кездескенін, алайда, жүйелі жүргізілген жұмыстың нәтижесінде көптеген шаруа атқарылғанын айтты. Нәтижесінде бүгінде «Атамекен» Үкіметтің тірегіне айналды. Премьер-Министр Үкімет палатаның басқару органынан шыққанымен, әріптестік жалғаса беретінін мәлімдеді.

Премьер-Министр Үкімет пен Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ортақ жоспарлары көп екенін айтты. Басымдыққа ие міндеттердің бірі – кәсіпорындарды цифрландыру және кәсіпкерлікке баулу арқылы халықты жұмыспен қамту.

Б.Сағынтаев «Атамекен» бастамасымен іске асқан «Бастау» жобасының оң нәтижесін атап өтті. Жоба жеке кәсіп ашқысы келетіндер үшін нақты тірек болды, оны Мемлекет басшысы қолдап, шағын несиелеуге қосымша қаражат бөлінді. Осы ретте Үкімет басшысы бақылау-қадағалау функциялары қысқарып, өзін-өзі реттеу енгізілгендіктен, бизнестің жауапкершілігін арттыру қажеттігін атап өтті.

Өз кезегінде «Атамекен» ҰКП Төралқа төрағасы Т.Құлыбаев бірлесіп атқарылған жемісті жұмыс үшін Үкімет басшылығына алғыс білдірді. Сондай-ақ өзара іс-қимылдың тетіктері белгіленіп, қыруар шаруа істелгенін атап көрсетті.

«Бес жыл бұрын Мемлекет басшысы әріптестік қарым-қатынас орнату мақсатында бизнес пен билік органдары арасында тиімді диалог алаңын құру туралы тапсырма берген еді. Бүгінде «Атамекен» Қазақстандағы кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау бойынша тиімді диалог және сараптамалық алаң ретінде қалыптасқанын нық сеніммен айта аламын. Біз Парламент және Үкіметпен белсенді жұмыс атқарып келеміз», деді Т.Құлыбаев.

Сонымен қатар жиын барысында еліміздегі кәсіпкерлердің этика және іскерлік әдебі кодексі қабылданды. Құжатқа бизнесмендер этикасының базалық қағидалары енген.

Түркістан – шамшырағы қайта жанған көне шаһар

Елбасының Түркістанды облыс орталығына айналдыру шешімі жұртшылық тарапынан қызу қолдау табуда. Редакциямызға толассыз келіп жатқан лебіздер легінің бір парасын төменде ұсынып отырмыз.

Сурет «Егемен Қазақстанның» архивінен алынды

Екі бірдей қала қайта түлейді

Дулат ИСАБЕКОВ,
жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Бұл Президенттің көптің көкейіндегісін дөп басып тосыннан жасаған сыйы болды. Оңтүстік Қазақстан өңірі халқының саны жағынан да, экономикалық жағынан да, халқының менталитеті жағынан да Қазақстанның басқа облыстарынан ерекшеленіп тұратын өзгешелеу аймақ екені жұрттың бәріне бұрыннан белгілі жайт. Осындай өңірдің орталығын Түркістанға қарай ойыстыру идеясы тектен тек туындамаса керек. Рухани жаңғыру идеясының шын мазмұны енді ашылғандай күллі қазақ халқы қуанып, бірінен бірі сүйінші сұрап жатқанына куә болудың өзі бақыт. Түркістан – еліміздегі ең көне қалалардың бірі.

Түркістан тәуелсіздікке дейін де біздің рухани астанамыз деп аталып келді. Түркі әлемінің талбесігі, тірегі болатындай міндет арқалаған Түркістан өз халінше дамыды, мәдени, сауда орталығына айналып, өсті, халқының саны да артты. Ендігі жерде оның рухани, экономикалық әлеуетін одан әрі өрістету үшін өз алдына облыс орталығы етіп құрылып жатқанын өте батыл әрі маңызды қадам ретінде қабылдадым.

Түркістанымыз ежелден әлемге әйгілі қалалардың бірі болып келгені аян. Әсіресе, атақ-даңқының шығып, түбі бір түркі жұртымен жақындасып, алыс-жақынға танылған кезі Әзірет Сұлтан мешітінің салынуымен байланысты өрістеді. Өзімнің де Түркістанда балалық шағым өтті. Туған әпкем Түркістанда тұрғаннан кейін Түркістан екінші ата қонысымыздай қасиетті топырағында еркелеп, қасиетін сезініп өстік. Біздің бала күнімізде «Ахмет Ясауи мавзолейі» деп ешкім атамайтын. Ясауи атауы тек бертінде пайда болды. Діни жағынан да, діл, тіл, дәстүр жағынан да ежелгі Шығыс халқының бүгінге жеткен белгісі мен жұрнағындай болып балалық шағымнан қалып қойған көне бейнесі көз алдымда әлі тұр. Іргесіндегі Созаққа, арғы жағындағы Жаңақорғанға, қасындағы Арысқа немесе таяудағы Шәуілдірге ұқсамайтын өз алдына бөлек елді мекен бұл. Түркістанның бүкіл жағдайын – саяси, географиялық, әлеуметтік жағдайын есепке ала отырып, күні кеше Президентіміз «Түркістан облысы құрылсын» деп және Оңтүстік Қазақстан емес, «Түркістан облысы аталсын» деп Жарлыққа қол қоюының өзі тек Түркістанның мәртебесін емес, күллі қазақ елінің мәртебесін көтергендей жұрттың бәріне ұнап отыр. Түркістан – түркі жұртының орталығы. Бүкіл тарихи тұлғаларымыздың, қазақ көшін алға сүйреген ұлыларымыздың сүйегі сонда жатыр. Бұл онсыз да бұрыннан рухани астана болып келген еді. Енді, міне, арнайы Жарлықпен бекітіліп, айрықша мәртебеге ие болып отыр. Ондағы мәдени ошақтар, ондағы аудандық көлемдегі көптеген кеңселер ендігі жерде облыстық деңгейге көтеріледі. Бұл да оңай шаруа емес.

Бәрін де кең құшағына алып, берекелі пейілімен жарылқап отырған Шымкент те жетімсіреп қалмауы керек. Миллионнан артық тұрғыны бар шырайлы шаһар алып мегаполиске айналды. Бұл да қуаныш. Бұйыртса, оңтүстіктің екі бірдей қаласы құлпырып, қайта түлегелі тұр. Мағжан Жұмабаевтан бастап Түркістанды жырға қоспаған ақын жоқ. Мағжан «Тамаша Түркістандай жерде туған, түріктің Тәңірі берген несібесі ғой» деген еді, болашақты айна-қатесіз болжағандай өлең болды. Кеудемді кернеген қуанышымды жасыра алмай, бар қазаққа құтты болсын айтамын!

Ұлтты ұйыстыратын мекен болады

Әли БЕКТАЕВ,
Сенат депутаты

Түркістан облысының құрылуы Қазақстан халқы үшін өте үлкен мәртебелі іс болды. Бұл – тарихи шешім. Біз Түркістанды айтқан кезде, түркі әлеміндегі рухани орталықты көзге елестетеміз. Түркістанды дамыту, әлеуетін арттыру, экономикасын көтеру, туризм және дін саласындағы орнын толықтыру үшін дәл осындай шешім сұранып тұрған болатын. Елбасы осының бәрін терең ойластыра келе, уақыты келген сәтте тарихи шешім қабылдады.

Енді Түркістанға инвестиция ағылады, инвесторлар, туристер, шетелдік компаниялар көптеп келіп, өңір халқының әл-ауқаты жақсара түспек. Ең бастысы, халықтың саны өседі. Тұрғындар саны енді бес-алты жылда жарты миллионнан асуы мүмкін. Қаланың дәрежесі де жылдан-жылға арта түспек.

Жалпы, облысты екіге бөле отырып, Шымкент қаласына республикалық мәртебе берілуі, Түркістан облысының құрылуы – құрылымдық өзгерістер жасауға қауқарлы мемлекеттің ғана қолынан келетін іс. Бұл – еліміздің экономикалық әлеуетінің жоғары екендігінің белгісі. Осының әсерінен алдымен халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы оңала түспек. Мысалы, жаңа жұмыс орындары ашылып, халықтың табысы арта түседі. Әдетте халық ірі қалалардың маңайына шоғырланып, демографиялық ахуал да жақсара түсетіндігі ғылымда дәлелденген. Оның ішінде Түркістан облысына шетелдегі қандастарымыз да көптеп көшіп келе бастауы мүмкін. Сондықтан Елбасы шешімінің саяси, тарихи маңызы жоғары.

Кәсіпкерліктің дамуына жол ашады

Сәкен ҚАНЫБЕКОВ,
Мәжіліс депутаты

Түркістан облысының құрылуы – оңтүстік өңір халқының көптен күткен қуанышы. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев тиісті Жарлыққа қол қойған сәтте барша халық болып төбеміз көкке жеткендей қуандық.

Бұл жаңашылдық оңтүстіктің әлеуметтік-экономикалық мүмкіншіліктерін арттыра түседі.

Киелі мекен – Түркістан барша түркі халықтарының рухани астанасы ретінде дами түседі. Енді Түркістанды облыс орталығына айналдыру үшін жаңадан әкімшілік ғимараттар салынады, тұрғын үйлер көбейеді. Бұл өз кезегінде мыңдаған жұмыс орындарын құрып, кәсіпкерліктің дамуына жол ашады. Ең бастысы, қаланың инфрақұрылымы – жарық, жылу жүйелері жаңаланып, автокөлік жолдары жөнделеді.

Бұл игілікті істер түркістандықтардың бас қосып, туған жерінің гүлденуіне үлес қосуына ықпал етері сөзсіз. Оның үстіне облыс орталығы мәртебесі Түркістанда туризмнің өркендеуіне де серпін бермек. Күні бүгінге дейін ауданның бұл мүмкіндіктерді жасауға шамасы жетпей келгені белгілі. Енді облыс орталығын дамытуға салынған қаражаттың қайтарымы болады.

Ал Шымкент қаласының республикалық дәрежедегі қалалардың қатарына қосылуы өңірдің, жалпы, еліміздің жан-жақты дамуына жол ашады. Бұл экономикалық тұрғыда кәсіпкерліктің дамуына оң ықпалын тигізеді. Миллион тұрғыны бар қалалардың қатарына қосылып, мәртебесі Астана мен Алматы қалаларымен теңескен Шымкенттің бүгінгіден де гүлденген күндерінің куәсі болуға жазсын.

Руханиятқа оң ықпал етеді

Серікбай қажы ОРАЗ,
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы,
Бас мүфти

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Шымкент шаһарын республикалық маңызы бар қалалардың санатына жатқызып, Оңтүстік Қазақстанды Түркістан облысы деп бекітуі – тарихымыздың талай сындарлы сәттерінде қазақ дейтін халықты бірлік пен берекеге ұйыстырып, елдікке бастаған хандар мен сұлтандарға, билер мен Алаш арыстарына жасалған зор құрмет, данагөй шешім!

Біз бұл қадамды қазақ руханияты мен мәдениетіне, тарихы мен әдебиетіне жасалған үлкен қамқорлық деп есептейміз. Осынау тағдырлы һәм тағылымды бастама асыл дініміз бен салт-дәстүріміздің өз дәрежесінде өсіп-өркендеуіне оң ықпал ететіні хақ. Сонымен қатар түркі мұсылман-халықтарын ортақ мақсатқа үндеп, ізгілік пен игілікке ұйытады. Айшықтап айтқанда, бұл – түркі әлемінің рухани бірлігі жолындағы тарихи шешім!

Өйткені Түркістан – жоралы жұртымыздың рухани темірқазығы іспетті тарих пен тағылымға толы күллі түркі-мұсылман халықтарының киелі мекені, қазақ хандығының астанасы!

Ежелгі Мәуренахр мен Түркістанда түркілік мәдениет жаңғырып, байырғы бабаларымыз рухани ренессанс дәуірін басынан өткерді. Бұл үдерістің негізінде түркі мемлекеттерінің рухани-мәдени дүниетанымы мен дәстүрі қалыптасты.

Адам санасының құндылық-құбылыстық рухани жаңғыруының көш басында алғашқы түркілік руханият мектебінің іргетасын қалаған ұстаз Қожа Ахмет Ясауи тұрды. Оның ілімі парасаттылық пен адамгершілік ұстанымдарын қалыптастырды.

Көне Түркістан шаһарының маңайында менмұндалаған әсем мешіттер мен кесенелер, тарихи жәдігерлер мен мұражайлар – халқымыздың рухани мұрасының сарқылмас қазынасы.

Осынау рухани қазынамызды сақтап, ұрпаққа жеткізуді көздейтін мемлекеттік деңгейдегі бұл бастаманы Жаратқан иеміз берекелі, нәтижелі еткей! Алла тағала жаңа Түркістан облысының төрінен басталатын игі істерімізге, ізгі ниеттерімізге жар болғай! Әумин!

Қоғамдық кеңес отырысы өтті

Кеше Астанада Ақпарат және Коммуникациялар министрлігі жанындағы Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтті. Жиын барысында Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев ведомствоның Мемлекет басшысының тапсырмасына сай атқарып жатқан жұмыстарына тоқталып, алдағы жоспармен бөлісті.

Рауан ҚАЙДАР,
«Егемен Қазақстан»

«Біздің жұмыстың басты бағыттарының бірі халықпен және азаматтық қоғаммен тығыз байланыс орнату. Осы орайда Қоғамдық кеңестің атқаратын рөлі үлкен маңызға ие болып отыр. Өйткені мемлекеттік органдардың ашықтығына қол жеткізілді. Кеңес жұмысы билік пен қоғам арасындағы байланысқа арқау болды. Өткен жылы Қоғамдық кеңестің үш жиналысын өткіздік. Ол жиындарда «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын дайындау барысы пысықталды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру және бұқаралық ақпарат құралдары, ашық үкімет пен мемлекеттік қызмет көрсету салаларындағы бірқатар маңызды мәселелер де қаралған болатын. Кеңестің әрбір ұсынысы министрліктің бақылауында. Министрліктің нормативтік-құқықтық актілері де міндетті түрде Қоғамдық кеңестің келісімі бойынша жүзеге асырылады. «Ақпаратты Қазақстан-2020» мемлекеттік бағдарламасы 5 жыл жүргізілді. Қазіргі уақытта өз күшін жойды. Мемлекеттік бағдарламаның сәтті жүзеге асырылғаны еліміздегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, мемлекеттік қызмет көрсету мен бұқаралық ақпарат құралдары саласына қатысты көрсеткіштердің жақсарғанынан байқалады. Осы бағдарламаны жүзеге асыру арқылы еліміздегі экономика саласын цифрландырудың келесі кезеңін дамытуға бағытталған базалық мүмкіндіктер құрылды. Жоспар бойынша 14 мақсатты индикатор қарастырылған. Олардың тең жартысы яғни жетеуі толық жүзеге асырылды. Халықты цифрлы хабар таратумен қамтамасыз ету жоспарға сай 87 пайызды құрауы қажет болатын. Қазіргі көрсеткіш бойынша 81,1 пайыз. Бұл «Қазтелерадио» радиотехникалық стансасы құрылысының кестеден кешігіп жатқанына байланысты. Алайда жұмыс бір сәтке де тоқтаған жоқ. Көрсеткіш тұрақты түрде өсіп келе жатыр», деді Ақпарат және коммуникациялар министрі.

Баяндама барысында министр мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысы да жан-жақты жаңғыртылғанын тілге тиек етті.

«Ел арна» киноканалы ашылды. «Хабар 24» арнасында роботталған студия іске қосылды. «GalamTV» интернет-телеарнасы жаңаланды. 2017 жылы мемлекеттік ақпараттық тапсырыс аясында 40 телесериал түсірілді. Бұл 2016 жылмен салыстырғанда екі есеге артық көрсеткіш. Кейбір отандық телехикаяларды өз елдерінде көрсету құқығын Қырғызстан, Ресей мен Қытай, тағы басқа елдер сатып алып жатыр. Сонымен қатар «Қуатты Қазақстан» бірыңғай медиа-жоспары бекітілді. Бұл жоспарға сай мемлекеттік органдардың бір жылдық іс-шаралары біріктіріліп, оларды жариялаудың ұсыныстары белгіленді. Өткен жылдың желтоқсан айында ақпарат және коммуникациялар бағытындағы 16 заң мен 6 кодекске өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Бұл заң жобасын өздеріңізбен бірнеше рет талқылаған болатынбыз. Қазір заң ақпарат кеңістігінде біздің азаматтардың және балалардың құқығын қорғауда оң нәтежие беріп отырғанын атап өту қажет. Бұған қоса Цифрлы хабар таратуға көшу бойынша дайындық жұмыстары жүргізілді. 2018 жылдың соңына дейін Маңғыстау, Жамбыл мен Оңтүстік Қазақстан облыстары толық цифрлы телерадиохабар таратуға көшеді. Қазіргі уақытта спутникті телевизия абоненттерінің көлемі 1,3 миллион адамды құрап отыр», деді ведомство басшысы.

Еліміздің ақпараттық нарығын дамыту мақсатында түрлі имидждік іс-шаралар да өткізіліп жатыр. Осы орайда Дәурен Абаев «Тұмар» байқауын, «Үркер» сыйлығын, сонымен қатар «Astana Media week» медиа-аптасын айрықша атап өтті.

«Баса назар аударатын тағы бір жайт, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында біздің министрлік «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасын жүзеге асыруда. Өздеріңізге де белгілі, ашық дауыс беру нәтижесінде өз еңбектерімен үлкен табысқа жеткен еліміздің жаңа есімдері белгілі болды. Өткен жылдың 1-ші желтоқсанында олар Мемлекет басшысымен кездесті. 100 жаңа есімнің қоғамға пайдалы жобалары мемлекеттің қолдауына ие болатынын атап өткім келеді. Қазір халық арасында үлкен қолдауға ие болған осы жобаның келесі кезеңіне дайындық жұмыстары басталып кетті. Сондай-ақ біз «Ашық үкімет» жобасына ерекше назар аударамыз. Бұл «Ақпаратқа қолжетімділік» заңының аясында жүзеге асып отыр. «Ашық деректер» порталы арқылы ел азаматтары 2800-ге жуық дерекке қол жеткізуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар осы порталда 25 мың нормативтік-құқықтық акті мен тура сондай көлемдегі бюджеттік бағдарламалардың жобалары орналасады. Кез келген азаматтың мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының блог-платформалары арқылы өзін қызықтырған сұрақтарға жауап алуына мүмкіндік пайда болды. Мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына 220 мың сұрақ келіп түскен. Ақпараттық кеңістіктегі заңның қадағалануын қамтамасыз етуге тоқталатын болсам, біздің басты мақсатымыз – азаматтарды әсіресе балалар мен жасөспірімдерді терроризм, діни экстремизм, зорлық-зомбылық, суицидке итермелеу және тағы басқа насихаттардан қорғау. Өткен жылдың өзінде осыған байланысты 10 мыңға жуық сайт пен материалдарға тосқауыл қойылды. Әлеуметтік желілерде 230 мыңнан аса материал жойылды», деп атап өтті Ақпарат және коммуникациялар министрі.

Көңіл толтыратын көрсеткіштер көп

Елордада Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлының халық алдында есеп беру кездесуі өтіп, онда жұртшылық мәдениет, өнер, спорт, тілдердің дамуы, және туризм саласындағы өздерін қызықтыратын сұрақтарға министрден тікелей жауап алды.

Рауан ҚАЙДАР,
«Егемен Қазақстан»

Кездесу барысында Арыстанбек Мұхамедиұлы министрліктің қызметі туралы баяндап, ведомствоға қатысты салаларда атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы уақытқа жоспарланған іс-шаралармен бөлісті.

Өз баяндамасында министр «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру Астана қаласының 20 жылдығын мерекелеуге дайындық, мәдениет, спорт және туризм салаларының дамуы мәселелерін қамтыды.

А.Мұхамедиұлы өткен жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында министрлік тәуелсіз Қазақстанның тарихында алғаш рет еліміздің киелі жерлерінің бірыңғай белдеуін – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясын құруға кірiскенін атап өтті.

«Алғаш рет Ұлттық музей жанынан «Қасиетті Қазақстан» орталығы құрылды. Бүгінгі күні «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасы бойынша 2 ауқымды республикалық форум, алғаш рет мәдениет және өнер қызметкерлері кәсіби мерекесі аясында «Рухани қазына» атты фестиваль өтті. Бүгінгі күнге дейін Қазақстанның барлық рухани құндылықтарын, бірегей тарихи орындары мен табиғи ескерткіштерін толық бір жүйеге келтіру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді. «Туған жер» ғылыми қауымдастығына біріккен жетекші ғалымдардың, өлкетанушылардың, археологтардың арқасында Жалпыұлттық (185 объект) және жергілікті (456 объект) мәндегі объектілердің тізімі қалыптастырылды. Өңірлердегі тарихи-мәдени мұра және негізгі объектілер туралы бірегей ғылыми материалдарды жинақтаған «Киелі Қазақстан» энциклопедиясының бірінші томы шығарылды», деді министр.

Кездесу барысында қазақстандық кино саласының даму мәселелері де кеңінен талқыланды. Ведомство басшысының берген ақпараты бойынша, ұлттық кинематографтар бүгінде еліміздің бірегей тарихи-мәдени мұрасын, тарихи оқиғалар және көрнекті қайраткерлерді насихаттауға бет бұрған.

Сонымен қатар министр елдегі туризм саласының ІЖӨ-дегі үлесін арттыру туралы маңызды мақсат қойылғанын айтып өтті.

«ЭКСПО нәтижесінде оң тәжірибеміз бар, Қазақстанға 7 миллионнан астам адам келді, бұл алдыңғы жылдарға қарағанда 18 пайызға артық. Ішкі туризм ағымы 20 пайызға артты. Тиімділікті қолдау мақсатында жылдың басынан бастап электронды визаларды енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде – 67 елдің азаматтары туристік мақсат үшін Қазақстанға визасыз кіруге құқылы. Бүгінде туризм саласы отын-энергетика, агроөнеркәсіп кешені, көлік, сауда сияқты экономиканың маңызды салаларының қатарында. Қазақстандағы туризмді дамытудың қазіргі және ықтимал драйверлерін анықтау үшін өңірлермен және «Атамекен» палатасымен бірге 60 туристік пункт белгіленді. Оларды шартты түрде екіге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, Медеу, Шымбұлақ, Ахмет Ясауи кесенесі және басқа да танымал туристік нысандар болса, екіншісі, Алакөл, Балқаш, Түрген және т.б. Осылардың негізінде Қазақстанның республикалық туризм картасы құрылды. Біз бұл жоба туристер санын жылына 13 миллионға дейін ұлғайтып, 5,8 млрд доллар тікелей инвестиция тартуға, 64 мың тұрақты жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді деп болжап отырмыз», деді А.Мұхамедиұлы.

Мәдениет және спорт министрінің пікірінше, саламатты өмір салтын белсенді насихаттаудың және спорт саласын жүйелі түрде қолдаудың арқасында бүгінгі таңда 5 млн адам – еліміздің әрбір үшінші тұрғыны (оның жарты миллионынан астамы – балалар мен жасөспірімдер) елімізде жүйелі түрде спортпен шұғылданады.

Спортшыларымыз 2017 жылы 206 алтын, 242 күміс, 312 қола медаль жеңіп алды. Республика бойынша 11 мыңнан астам спорттық ғимарат жұмыс істейді, жыл сайын демеушілер қаражаты есебінен барлық өңірлерде дене шынықтыру-сауықтыру кешендері қалпына келтірілуде, түрлі спорт түрлері бойынша 700 мыңнан астам оқушы шұғылданатын 35 мың спорт секциясы қызмет етеді. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің жыл сайынғы жазғы және қысқы спорт түрлері бойынша тестерін тапсыру барша қазақстандықтар үшін айқын біріктіруші факторға айналып отыр», деді Мәдениет және спорт министрі.

Ортақ жобалар бірлесе атқарылады

Кеше Астанадағы Назарбаев Орталығында Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қоры (ЮНИСЕФ) мен Тұңғыш Президент – Елбасының Қоры арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Меморандумға Біріккен Ұлттар Ұйымы Балалар қорының (ЮНИСЕФ) Қазақстандағы өкілі Юрий Оксамитный және Тұңғыш Президент – Елбасы Қорының атқарушы директорының орынбасары Сұлтан Айтжанов қол қойды. Келісімге сәйкес ЮНИСЕФ және Тұңғыш Президент Қоры Қазақстан Республикасында балалардың құқықтарын көтермелеу мақсатында қоғамға қажетті ақпарат беру саласында тығыз жұмыс істемек.

БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) Қазақстандағы өкілі Юрий Оксамитный: «Балалық шақ – адамның дамуындағы ең маңызды, саламатты, табысты және бақытты өмірдің іргетасы қаланатын кезең. Қазақстанда ЮНИСЕФ әр баланың денсаулығына, тамақтануына, қорғанысына және білім алуына деген құқықтарын жүзеге асыру үшін қызмет атқарады. Тұңғыш Президент Қорымен тығыз қарым-қатынасымыздың арқасында балаларды кішкентай кезінен дамыту, үлгілі ата-ана болу, жастар тәрбиесі, инклюзивті білім беру мәселелеріне қоғамның назарын аудара аламыз деген сенімдемін», деді.

Бұдан бұрын Тұңғыш Президент Қоры ЮНИСЕФ және басқа да ұйымдармен бірлесіп халықаралық балалар күніне арналған әлеуметтік бейнеролик жариялады. Болашақта Қор ЮНИСЕФ-пен бірлескен жобаларды, әлеуметтік роликтерді шығармақ және әлеуметтік науқандарды қолдамақ.

Тұңғыш Президент – Елбасы Қоры атқарушы директорының орынбасары Сұлтан Айтжановтың айтуынша, көп жылдар бойы Қор балалар мен жасөспірімдердің интеллектуалды және шығармашылық әлеуетін ашуға көмектесетін әртүрлі жобаларды жүзеге асырып келеді.

«Егемен-ақпарат»

Еңбек дауын ерте шешу керек

Астанада Қазақстан кәсіподақтар федерациясының ұйымдастыруымен «Қазіргі әлеуметтік-еңбек қатынастары. Қазақстанның теориясы мен іс-тәжірибесі» атты конференция өтті. Жиынға қатысқан белгілі экономистер, сарапшылар, заңгерлер еліміздегі еңбек қатынастары, жұмыспен қаму және еңбек дауларын шешу секілді сан-салалы мәселелерді талқылады.

Қазыбек ҚҰТТЫМҰРАТҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан»

Аталған дөңгелек үстел ағымдағы жылы Кәсіподақтар федерациясы ұйымдастырған еліміздің еңбек нарығындағы сарапшылардың үшінші ірі кездесуі. Жиынды ашқан Қазақстан кәсіподақтар федерациясының төрағасы Бақытжан Әбдірайым еліміздегі кәсіподақ қызметіне таза леп, тың серпін беру қажеттігін, нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру керектігін айтты. «Халықтың экономикалық белсенді тобының басым бөлігі өзін-өзі жұмыспен қамтып отыр. Еңбек нарығындағы теңсіздік, шағын және орта бизнестің нашар дамуы, жастар және ауыл тұрғындары арасындағы жұмыссыздық мәселелерін де ашық айтып, қызу талқыламасақ болмайды. Статистикалық мәліметтер Оңтүстік Қазақстан, Алматы және Жамбыл облыстарында жұмыссыздық деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. Сондықтан бүгінгі жиында осы және басқа түйткілдерді ашық талдап, оны шешу жолдарын бірге іздейміз деп ойлаймын», деді Бақытжан Жарылқасынұлы.

«Талап» қолданбалы зерттеулер орталығының директоры Рахым Ошақбаев еңбек нарығында қалыптасқан ахуалды ашып көрсетті. Оның пікірінше, халықтың еңбек құқығын қорғау мәселесі макроэкономикамен тікелей байланысты. Соңғы екі жыл бойы кәсіпорындардың дамуы, халықтың табысы төмендеп келеді. Салық жүйесінде біркелкілік жоқ, соның кесірінен салықтан жалтару, табыс салығын төлемеу жаппай орын алған. «Жеке адамдарға, кәсіпкерлерге салынатын түрлі салықтың орнына бірыңғай әлеуметтік төлем жүйесі енгізілсе, осы кезге дейін еш тізімге ілікпей жүрген тұрғындар заң алаңына шығып, тәртіпке сай тіркеліп, аз да болса салығын төлеп, өздері де мемлекеттің әлеуметтік көмегін ала бастар еді. Бұл әрине, барлық мәселені шеше қоймас, бірақ осы кезге дейін көлеңкеде жүрген қаншама адамның аз да болса салық төлей бастауы, яғни мемлекет құру ісіне араласуы – өте маңызды құбылыс», деді Р.Ошақбаев.

«Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникациялар орталығының жетекшісі Ербол Исмаилов 240 мың адамды қамтыған әлеуметтік сауалдама нәтижесін жария етті. «Самұрық-Қазына» тобына кіретін 300-дей кәсіпорын қызметкерлерінің 81%-ы кәсіподақ мүшесі болса, олардың 73%-ы кәсіподақ жұмысына қанағаттанады. Дегенмен, еңбек құқықтары бұзылған жағдайда сауалдамаға қатысушылардың 0,23%-ы ғана кәсіподаққа шағымданатынын айтыпты. «Бұл халық арасында кәсіподақ ұйымдарына сенімнің өте төмендігін көрсетеді. Еңбек ұйымдарының басшылары болса, кәсіподақты еңбек дауларын тудырушы, даукес ұйым деп қабылдайды», деді Е.Исмаилов. Әрине, сан жылдар бойы қалыптасқан бұл көзқарасты бұзу қажет. Аталған орталық еңбек қатынасындағы барлық тараптың мүддесі қорғалатындай әлеуметтік жаңғырудан өтуі қажет деп есептейді.

Иә, елімізде кәсіподақ ұйымдары еңбек дауларын шешуге атсалысып, араласып жүр. Бірақ бұл көбінесе жоспарлы, жүйелі жұмыс емес, өрт сөндіру сияқты аяқ астынан, амалсыздан болатын қарекет. Еңбек қатынастары, соның ішінде жеке адамдардың еңбек даулары өз уақытында шешілмесе еңбек кикілжіңіне айналады. Дер кезінде шешімін таппаса, әлеуметтік кикілжіңге, одан әрі саяси мүдделер қақтығысына ұласып кету мүмкін. «Сондықтан еңбек қатынастары – қоғамның аса маңызды мәселесі» дейді конференцияға қатысушылар.

Конференцияда Парламент Мәжілісінің депутаты Мансұрхан Махамбетов, заң ғылымдарының докторы, профессор, Еуразиялық құқық қорғау орталығының президенті Еңлік Нұрғалиева, «Нұр Отан» партиясының Саяси жұмыс департаментінің директоры Данат Жумин және басқалар сөз сөйледі. Конференция аясында кәсіподақтар федерациясы мен адвокаттар алқасы арасында өзара әріптестік туралы меморандумға қол қойылды.

Цифрландыру бойынша тәжірибе алмасады

Қазақстанның «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы және Қырғыз Республикасының «ТазаКоом» Ұлттық цифрлы трансформациялау бағдарламасы аясындағы ынтымақтастық бойынша еліміздің делегациясы жұмыс сапарымен Бішкек қаласына барды.

Сапар аясында цифрландыру саласындағы ынтымақтастық мәселелеріне қатысты Қырғыз Республикасының Бірінші вице-премьер-министрі К.Боранов пен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.Жұмағалиевтің қатысуымен кездесу өтеді деп жоспарланған.

Қазақстандық делегацияның құрамында Қазақстанның 29 IT-компаниясының, Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің, «Зерде» Ұлттық инфокоммуникация холдингі» АҚ-ның өкілдері қатысуда.

Екі күндік кездесу кезінде «ТазаКоом» цифрлы трансформациялау бағдарламасы және аталған бағдарлама аясында іске асырылатын жобалар, «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы және AstanaHub халықаралық технопаркі, Қазақстан Республикасының «Электронды үкіметі», «Үлкен деректер» модельдерін, бұлтты технологияларды, АКТ секторындағы мемлекет пен жекеменшік әріптестігі механизмдерін, электронды құжат айналымның бірыңғай жүйесін енгізуді іске асыру бойынша тәжірибе алмасу, сондай-ақ байланыс саласында келісімдер жасасу мәселелері көзделген.

Бұдан басқа, өткізілетін панельдік кездесулер мен сессияларда IT-компаниялар екі күн ішінде өздерінің дайын IT-шешімдерін (80-нен астам жоба) Қырғыз Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарына көрсетеді.

Осының нәтижесінде, «Цифрлы Қазақстан» және «Таза Коом» мемлекеттік цифрландыру бағдарламаларының аясында да, ведомстволар мен ұйымдардың жеке екіжақты қатынастары шеңберінде де жобаларды іске асыру және дамыту үшін өзара қатынастарды нығайту жоспарланып отыр.

«Егемен-ақпарат»

Саланы жаңғыртуға жол ашқан Жолдау

Биылғы маусым айында Қазақстан полициясының қалыптасқанына 26 жыл толады. Тарихи өлшеммен алып қарағанда, 26 жыл аса көп уақыт емес. Дегенмен, осы қысқа мерзім ішінде біз талай биік белестерді бағындырып, ішкі істер саласын жетілдіруге бағытталған бірқатар реформаны сәтімен жүзеге асырдық. Бұл реформалардың бәрі елдегі қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті нығайтуға бағытталған еді.

Қалмұханбет ҚАСЫМОВ,
Ішкі істер министрі,
полиция генерал-полковнигі

Елбасы биылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауындағы тоғызыншы міндеттің ішінде азаматтардың конституциялық құқықтарына кепілдікті нығайту, құқық үстемдігін қамтамасыз ету, құқық қорғау қызметін ізгілендіру жұмыстарын жалғастыру қажеттігін тапсырған еді. Сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында көшелерде және адам көп жиналатын қоғамдық орындарда бейнебақылау жүргізетін, жол қозғалысын қадағалайтын интеллектуалды жүйелерді белсенді түрде енгізу керектігін де баса айтты. Осы бағыттағы алғашқы қадам бізде өткен жылы жасалған болатын. Былтыр қыркүйек айында «Сергек» интеллектуалды бейнебақылау камерасы Астанада кеңінен таныстырылып, қолданысқа енгізіле бастады. Ал биыл Астана қаласы әкімдігі осындай бейнекамераларды мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында елордадағы 400 жол қиылысы мен 300 жол учаскесіне орнату жұмыстарын жүргізеді.

Орайы келгенде айта кеткен жөн, еліміздегі ірі қалалардағы сауда орталықтарында, көшелерде, кеңселерде, білім беру мекемелерінде және басқа да қоғамдық орындарда бұрын орнатылған бейнекамералардың көмегімен көптеген қылмыс дер кезінде анықталады. Өткен жылы бейнабақылау камералары арқылы екі мыңнан аса қылмыс «ізі суымай» ашылды. Соның ішінде 6 кісі өлімі, 16 қарақшылық шабуыл, 272 тонау, 604 бұзақылық, 614 ұрлық, 107 автокөлік ұрлығы анықталып, қылмыскерлер лайықты жазасын алды. Ал камераның көмегімен анықталған әкімшілік құқық бұзушылық 500 мыңға жуықтайды. Сондай-ақ бақылау камералары бөтеннің мүлкін ұрлау, бұзақылық және басқа да қылмыс түрлерінің алдын алуға да айтарлықтай септігін тигізуде.

Президенттің тікелей тапсырмасының негізінде Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстерге елеулі өзгерістер енгізілген болатын. Осының арқасында қазіргі таңда полиция және барлық құқық қорғау органдары қылмыстық сот өндірісінің жаңа моделімен жұмыс істеуде. Мысалы, Қылмыстық кодекс бас бостандығынан айыруды көздемейтін жазалармен толықты, бұдан бөлек, қылмыстық тергеу процесі едәуір жеңілдеп, адвокаттардың құқығы арта түсті. Осындай түбегейлі заңнамалық өзгерістер ішкі істер органдарының қызметіне тың серпін берді.

Нәтижесінде, өткен жылдан бастап елімізде қылмыс саны алдыңғы жылмен салыстырғанда 12%-ға азайды. Бұл – полиция қызметкерлерінің күн-түн демей, ел тұрғындарының қауіпсіздігі үшін атқарып жатқан табанды еңбектерінің нәтижесі. Жоғарыда айтқан көрсеткішті қылмыс түрлеріне қарай тарқатар болсақ, кісі тонау 15,2%-ға, зорлық-зомбылық 14,4%-ға, ұрлық 12,2%-ға, бұзақылық 19,6%-ға төмендегенін көреміз. Қоғамдық орындар мен көшелердегі қылмыстар да 11-12%-ға азайды.

Қылмыс санын азайтуға алдын алу бағытында жүргізілген жүйелі жұмыстар да айтарлықтай әсерін тигізеді. Сол себептен құқық бұзушылықтардың алдын алу жұмыстарына түрлі қоғамдық ұйымдарды, белсенді азаматтарды, жалпы халықты тарту аса маңызды. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген, қоғамдағы келеңсіздіктермен жұртшылық болып бірлесіп күресканде ғана елдік сана көтеріліп, халықтың құқықтық сауаты артады.

Осы орайда біз Елбасымыздың ұсақ бұзақылыққа «мүлдем төзбеушілік» қағидасын басшылыққа ала отырып, халық арасында түсіндіру жұмыстарын жиі жүргіземіз. Оның нәтижесі жылдан-жылға анық байқалып келеді. Тұрғындар өз аулаларында, көп қабатты үйлердің кіреберісінде ішімдік ішіп, аула тыныштығын бұзатын топтардың тірлігіне бұрынғыдай көз жұмып қарамайтын болды. Полицияның учаскелік инспекторларына, полиция бөлімшелеріне дереу хабарласып, қоғамдық тәртіпті бұзғандарға шара қолдануды талап етеді. Халықтың осындай белсенділігі арқасында елімізде ұсақ бұзақылықтардың саны да азайып, тұрғындардың заңды сақтау мәдениеті артып келеді. Біз болашақта да халықпен осы бағытта бірлесіп жұмыс жасауға мүдделіміз. Ал жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алуда жергілікті әкімдіктермен бірге «мектеп инспекторлары» институтын дамыту бағытында нақты жұмыстар қолға алынды. Сонымен бірге мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен жұмыстар да жасөспірімдер арасындағы қылмысты азайтуға мүмкіндік береді.

Бүгінде жергілікті атқарушы органдар есебінен 18 мыңға жуық жол-патрульдік полиция қызметкері осындай бейнетіркеуішпен қамтамасыз етілді. Ал биыл өңірлердегі ішкі істер органдары 3950 дана бейнетіркеуішке өтінім берді. Олардың бәрі жергілікті әкімдіктер тарапынан қолдау тапқан.

Жалпы, ішкі істер саласы заман талабына сай көптеген қызмет түрін электронды нұсқаға көшіру бағытында ауқымды істер атқаруда. Бұл жұмыстар, сайып келгенде, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасында көрсетілген міндеттерді орындаудың алғышарттары. Мәселен, өткен жылдың шілде айында Астана қаласы ІІД базасында электронды Бірыңғай әкімшілік өндіріс тізілімі бойынша арнайы қанатқақты жобаны іске қосқан еді. Ал күзде барлық өңірлердегі ішкі істер органдарының осы жүйеге қосылуы қамтамасыз етілді. Бүгінде жол-патрульдік полиция қызметкерлері жол ережесін бұзу фактілеріне байланысты әкімшілік хаттамаларды планшеттердің көмегімен электронды түрде толтырып жүр. Бұрын қағаз хаттаманы толтыру үшін полиция қызметкеріне кемінде 20 минут, тіпті одан да көп уақыт қажет болатын. Қазір электронды хаттама небәрі 5 минутта толтырылады. Сондай-ақ планшеттің көмегімен жол-патрульдік полиция қызметкері ІІМ-нің мәліметтер базасына кіріп, құқық бұзушының нақты мекенжайын анықтап, көлік құралының техникалық байқаудан өткен-өтпегені туралы, жүргізуші куәлігіне, бұрын салынған айыппұлдарға қатысты және басқа да қажетті мәліметтер алады. Қазіргі уақытта жол-патрульдік полиция қызметкерлері 914 планшетпен қамтамасыз етілген. Олар толтырған электронды хаттама 118 мыңнан асады. Болашақта полиция қызметкерлерін планшеттермен жабдықтау жұмыстары жергілікті әкімдіктермен бірге одан әрі жалғастырылмақ.

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының аясында «Учаскелік полиция инспекторларының қызметіне арналған ақпараттық мәліметтер базасын» және «Тергеуші» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін де іске қосу жоспарда бар. Бірінші жоба бойынша әрбір учаскелік инспектор планшетті компьютермен жабдықталып, Ішкі істер министрлігінің орталықтандырылған ақпараттық жүйесіне еркін кіруге мүмкіндік алады. Осы арқылы полицей оқиға орнында тәртіп бұзушыны толық тексеріп, әкімшілік өндіріс ісін электронды түрде рәсімдейтін болады.

«Тергеуші» ақпараттық жүйесі үшін де барлық тергеушілер мен анықтаушыларды жеке планшеттермен жабдықтау көзделген. Олар үшін мемлекеттік органдардың барлық ақпараттық ресурстары қолжетімді болады. Тергеу шараларын іске асыру барысында аталған жүйе автоматты тәртіпте тергеушілерді процессуалдық құжаттардың дайын бланкілерімен қамтамасыз ете алады. Бұл, өз кезегінде, қылмыстық істі тергеу процесін жеделдетіп, оның сапасын едәуір арттырады.

Бұл жүйе Бас прокуратура іске қосқан «Электронды қылмыстық іс» жобасын қайталамайды, керісінше оны толықтырады. «Тергеуші» ААЖ қылмыстық істі тергеу барысындағы ақпаратты жинақтау мен өңдеуге көмектесетін болса, «Е-қылмыстық іс» базасы рәсімделіп қойған құжаттарды жинауға және сақтауға жол ашады. Ішкі істер органдарының қызметкерлері аталған базаны өз жұмысында қолдануды бастап та кетті.

Көпшілікке мәлім, ішкі істер саласы қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау, қылмыспен күрес, құқық бұзушылықтардың алдын алу сияқты маңызды міндеттермен қатар, халыққа 39 түрлі мемлекеттік қызмет көрсетеді. Бүгінде осы қызметтердің басым көпшілігін электронды нұсқаға көшіру, сапасын көтеру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі күні бес қызмет толықтай электронды нұсқада көрсетілсе, 14 қызмет ішінара автоматтандырылған. Соның нәтижесінде бірқатар қызметтің көрсетілу мерзімі айтарлықтай қысқарды.

Бұған қоса, жеке куәліктер мен төлқұжаттарды дайындау мерзімі де бірнеше есе қысқарды. Бұрын бұл құжаттарды дайындауға екі ай уақыт қажет болса, қазір 15 күнде дайын болады. Ал көлік құралдарын тіркеу арнайы ХҚО-да жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта мұндай ХҚО-лар Атырау, Шығыс Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарынан өзге өңірлердің бәрінде бар. Бұл орталықтарда да бірқатар қызмет түрлері электронды нұсқада көрсетілетін болғандықтан, ел азаматтары Қазақстанның кез келген түпкірінде жүріп-ақ, ХҚО арқылы жеке куәлік, төлқұжат, жүргізуші куәлігін алып, автокөліктерін тіркеуге қоюға қол жеткізді.

Елбасымыздың биылғы Жолдауында құқық қорғау қызметін жетілдіру, қылмыстық заңнамаларды ізгілендіру жұмыстарын одан әрі жалғастыру міндеті тапсырылғаны белгілі. Ізгі ниет қашанда ізгіліктің ұясын кеңейтетінін уақыт көрсетті. Елбасымыз бұдан бірнеше жыл бұрын қылмыстық жазаларды, заңнамаларды ізгілендіру бастамасын көтергенде Қазақстан «түрме тұрғындары» саны бойынша әлемде АҚШ пен Ресейден кейін үшінші орында тұрған еді. Қылмыстық заңнамаларды ізгілендіру бағытында бірнеше жыл бойы жүйелі жұмыстар жасалып, нақты міндеттер атқарылуы нәтижесінде біздің еліміз қазір бас бостандығынан айырылғандар саны бойынша 78-ші орынға түсті. Осы аралықта сотталғандар санының азаюына байланысты елімізде 8 қоныс-колония таратылды.

Ішкі істер министрлігі қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі – тұрғындар мен аймақтарды табиғи-техногенді төтенше жағдайлардан қорғау. Себебі елімізде жыл сайын 17 мыңға жақын әртүрлі төтенше жағдай тіркеледі. Ең көп қауіп төндіретін – өрт. Олар барлық төтенше жағдайлардың 80%-дан астамын құрайды. Біз сәуір айынан бастап шұғыл режімде сауда ойын-сауық орталықтарына және білім беру мекемелеріне жоспардан тыс тексерістер жүргіздік. Нәтижесінде, 15 мыңнан астам заң бұзу фактісі анықталды. Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамаған 1220 адам әкімшілік жауапқа тартылып, 22 нысанның қызметін тоқтату туралы материалдар сотқа жолданды.

Сонымен қатар 2017-2020 жылдарға арналған тасқын қаупінің алдын алу және жою бойынша жол картасы жұмыс істеп тұр. Ішкі істер министрлігінің азаматтық қорғау органдары жергілікті атқарушы және мүдделі орталық мемлекеттік органдармен, басқа да ведомстволармен, ұйымдармен бірлесіп, осы жол картасын іске асыруда.

Саланы жетілдіру, жаңғырту – заман талабы. Осы талап үдесінен шықпай, ел халқының қауіпсіздігін тиімді қамтамасыз ету мүмкін емес. Сол себептен де қызметті одан әрі жетілдіру, Жолдаудағы міндеттерді жүзеге асыру, сол арқылы заман көшінің алдыңғы шебінен табылу ішкі істер саласының басым-бағыттары ретінде ұдайы басты назарда болады.

БЕЙБІТ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ

Отпен күрескен он жеті жыл

Азаматтық қорғау майоры Леонид Мунькоың өртке қарсы қызмет саласында еңбек етіп жүргеніне 17 жылдан асты.

Ол 1997 жылы Ақмола аграрлық университетінің инженерлік-педагогикалық факультетін бітірген соң Солтүстік Қазақстан облысының Целинный ауданындағы Ставрополка ауылында «Намыс» ЖШС-ның машина-трактор паркін пайдалану жөніндегі инженер болып еңбек жолын бастады. Одан соң Рузаев атындағы №12 кәсіптік-техникалық мектебінде жол ережесі мен техника қауіпсіздігі негіздері пәнінен сабақ берді. Сөйтіп жүргенде Солтүстік Қазақстан облысы Мемлекеттік өртке қарсы қызмет басқармасының Целинный ауданы, Рузаев селосындағы 16-ӨСБ-не өрттің алдын алу инспекторы қажет болып жатқаны туралы хабарды естиді. Ал Леонидтің Ақмола аграрлық университетінде әскери кафедраны бітіргендіктен, лейтенант шені болатын. Сөйтіп жоғары білімі мен офицерлік атағы бар болғандықтан, барлық талаптарға сәйкес келіп, 2000 жылы қыркүйекте ол өрттің алдын алу тобының инспекторы ретінде қызметке орналасты. Бұл оның ішкі істер саласындағы еңбек жолының бастауы болатын. Леонидтің алғашқы тікелей жетекшісі және ұстазы, сол кезде Рузаев селосындағы өрттен қорғау бекетінің бастығы болған ішкі қызмет майоры В.Галюкевич еді.

Леонид тәлімгердің көмегімен нормативтік құжаттамаларды үйрене отырып, жаңа кәсіпті тез арада игерді. Ол қысқа мерзім ішінде өрттің алдын алу саласы бойынша білікті маманға айналды. «Мемлекеттік өрт бақылаудың үздік инспекторы» атағына арналған облыстық байқауларға бірнеше мәрте қатысып, жарыс жеңімпазы атанды.

Кәсіби деңгейін одан әрі көтеру үшін Леонид 2002 жылы ТЖМ Көкшетау техникалық институтына түсіп, 2005 жылы оны жақсы аяқтап, екінші жоғары білім алды. Ал 2008 жылдан бері Леонид Александрович Ғабит Мүсірепов ауданындағы Рузаев өрт бекетін басқарып келеді.

Азаматтық қорғау майоры Л.Мунько осы жылдар ішінде 300 рет әртүрлі өрт оқиғаларына қатысты. Кейде өртті жалғыз өзі сөндірген кездері де болған. 2016-2018 жылдары өз аймағындағы су тасқынының салдарын жоюға да бір кісідей атсалысты.

Алғашқы күндерден бастап өрт сөндіру қызметі басшылығы мен әріптестері Леонид Мунько жауапты да өз ісін ұршықша иіретін азамат ретінде біледі. Әріптестері арасында ол құрметке лайық, бірге қызмет ететін және өз қарамағындағы әріптестеріне әрдайым көмек көрсетуге дайын. Бірнеше рет оның еңбекқорлығы мен кәсіпқойлығы, қызметтік борышын адал атқаруы, сондай-ақ ауылдық округтің өміріне белсенді қатысқаны еленіп, дипломдармен және медальдармен марапатталды.

Андрей ЦИХОВИЧ

Солтүстік Қазақстан облысы

Жастарды қолдау – жарқын жолды таңдау

Ұтымды әрі ұшқыр идеясымен көзге түскен талантты жастар үшін өз армандарын іске асырудың таптырмас мүмкіндігі туып отыр. Ол үшін ойлап тапқан жобаң халықтың рухани жаңғыруына оң ықпал етіп, қоғам үшін пайдалы әрі қолайлы болуы керек. Алматыдағы Достық үйінде осы мақсатты негізге ала отырып зерделі зияткерлерге жарқын жол ашуды көздеген «Жаңа толқын 100+» жастар FUTURE-форумының куәсі болдық.

Арман ОКТЯБРЬ,
«Егемен Қазақстан»

Еліміздің әр аймағынан келген жас ғалымдар мен өнертапқыштарды бір арнада тоғыстырған айтулы жобаға Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, Қазақстан Президенті Әкімшілігі ҚХА Хатшылығының меңгерушісі Леонид Прокопенко, республикалық бірлестіктердің жетекшілері, кәсіпкерлер мен меценаттар, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының қатысушылары, ҚХА «Жаңғыру жолы» РЖҚ, «Жарасым» РЖҮ мүшелері мен белсенді жастар қатысты.

Форумда әр өңірден келген 14 өнертапқыш сараптамалық бағалау мен кәсіпкер-меценаттардың және әлеуетті инвесторлардың қолдауын қажет ететін өздерінің өзекті «Start-up» жобаларын көпшілік назарына ұсынды. Таныстырылымнан өткен әр жобаның өзіндік ерекшелігі бар. Олардың кейбірі сарапшылар тобының айрықша қызығушылығын тудырып жатты. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысынан келген II топтағы мүгедек Сәлімхан Сәбитов ұсынған жоба өте өзекті мәселенің бірін қамтыған. Сәлімханның сөзіне қарағанда, елімізде мүмкіндігі шектеулі азаматтарға көлік жүргізуді үйрететін арнаулы мекемелер жоқ. Бұл өз кезегінде, әсіресе аяғы кеміс азаматтар үшін көп қолайсыздық тудырып отыр. Осы олқылықтың орнын толтыруға септігім тисе деген жас зияткер: «Өзім алғаш көлік тізгіндеуді үйренбек болып жүргізушілікке баулитын мекемеге барғанымда, мүгедектердің мүмкіндігіне ыңғайластырылып жасалған көліктердің жоқтығы қатты әсер етті. Қызығушылығым оянып осы мәселені зерттеуге тырыстым. Айталық қазір Петропавл қаласында 1766 мүгедек адам бар. Олардың ішінде 8339 азамат тірек-қимыл апаратының көмегіне тәуелді болғанымен ақыл-есі көлік басқаруға жетеді. Неге осы азаматтардың арманын іске асыруға ықпал етпеске деген ойға келдім. Өзім де мүгедек болғандықтан олардың жан-дүниесі маған жақсы таныс. Менің әлеуметтік жобам «Оңды жол» деп аталады. Жобаны жүзеге асыру үшін маған 4 млн теңгеден астам қаражат керек. Ол ақшаға автокөлік сатып алып, қаламыздағы ауыр машина жасау зауытында мүгедек жандар үшін тек қолдың көмегімен басқаруға болатындай етіп қайта құрастыру ойда бар. Бизнес жоспарым да дайын. Ойым қолдау тауып жатса жылына елуден астам адамды оқу курсынан өткізер едім», дейді.

Алматылық өнертапқыш Айдар Бексұлтанов ұсынған жоба ойын балаларын ұлттық дәстүрмен сусындатып, рухани бағытта тәрбиелеудің таптырмас құралындай көрінді. Оның ойлап тапқаны – балаларға арналған шағын форматтағы қазақы киіз үй. Яғни, киіз үй ойыншық ретінде құрастырылған. «Мына заманда ешкімді тас үйден шығып қазақ үйге тұр деп мәжбүрлей алмайсың. Ал мұны ата-аналар өз балаларына ойын-ойнау алаңы ретінде алып беретін болса, нағыз рухани жаңғыру осы болатын еді. Шағын киіз үйдің керегесі, босағасы, уығы, шаңырағы тұтастай таза ағаштан жасалса, киізі таза табиғи қойдың жүні. Өнім экологиялық жағынан өте пайдалы. Осы өнім арқылы кішкентай балапандар атабабалары тұрған киіз үйдің рухын сезінсе», деген Айдар жоба сарапшылар назарына ілігіп, қаржылай қолдау тауып жатса, арнайы тоқу станоктарын сатып алып кәсібінің ауқымын одан әрі кеңейтуді көздейтінін айтады.

Қостанайлық Марина Зюванова қала жастарының шығармашылық орталығын ашуға арналған бірегей жобасын ұсынса, Қарағандыдан келген «PIXEL» жобалық студиясының жетекшісі Абай Отарбаев жекеменшік пәтер иелері кооперативінің қызмет көрсету сапасын жетілдіруге бағытталған өз ұсынысын ортаға салды. Ал Астана медицина университетінің студенті Рузи Шихов «Donormyn» жүйесінің көмегімен елімізде өте өзекті саналатын донорлық мәселесін жолға қойсам, дейді.

Шара аясында «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпаздары форумға қатысушылар алдында өз жетістіктерінің сырымен бөлісіп, «Сәттілік тарихы» деген тақырыпта арнайы шеберлік сабағын өткізді. Олардың ішінде «100 жаңа есім» жобасының жеңімпазы, небәрі 18 жасында магистрлік диссертация қорғап классикалық музыканың хас шебері атанған пианист Рахат-Би Әбдісағиннның жарқын жетістік жолы жастардың арманына қанат бітірді. 100-ден астам классикалық туындының авторы бүгінгі таңда Римдегі музыка академиясында тәлім алады.

Көпшілік алдында таныстырылған 14 жобаның әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Нақты қай жобаның қаржылай қолдау табатынын сарапшылар алқасы ақылдаса келе анықтайтын болады. Дегенмен, «Жаңғыру жолы» республикалық жастар қозғалысының өкілдері форумда кейбір жас ғалымдардың жобалары қолдау таппаған күннің өзінде, кәсіпкерлер мен ұйымдастырушылар тарапынан оларға нақты көмек көрсетілетінін айтады. Бұл сөзді қуаттаған Леонид Прокопенко Қазақстан халқы Ассамблеясы ғылымға ден қойып, өзінің ұтқыр идеясын іске асыруға талаптанған шығармашыл жастарға әркез қамқорлық танытатынын жеткізді.

АЛМАТЫ

Суретті түсірген автор

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Мәуліт ЧАУЫШОҒЛУ,
Түркия Республикасының Сыртқы істер министрі:

Астана – Қазақстанның жарқын болашағының бойтұмары

Түркияда осы жексенбіде Президент және Парламент сайлауы болады. Тарихы тамырлас, туысқан елдің аса маңызды саяси науқанды сәтті өткізуіне тілектестігімізді білдіре отырып, біз Түркия Республикасының Сыртқы істер министрі Мәуліт ЧАУЫШОҒЛУМЕН елдеріміздің арасындағы екіжақты байланыстар мен Астана қаласы турасында өрбіген сұхбатымызды назарларыңызға ұсынамыз.

– Құрметті министр мырза, Сіздің ойыңызша бауырлас мемлекеттер – Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастық бүгінгі күні қалай дамып жатыр?

– Былтыр бауырлас мемлекет – Қазақстанмен дипломатиялық байланыстар орнатылуының 25 жылдығын айрықша атап өттік. Түркі әлемінің лидері – Президент Н.Назарбаевтың көреген басшылығымен Қазақстан дамудың даңғыл жолындағы нық қадамдарымен әлемдік сахнада сыйлы орынға ие болды. Қазақстанның осы жетістіктеріне біз де айрықша қуаныштымыз.

Бауырлас елдер арасындағы байланыстар сауда-экономикалық, қорғаныс өнеркәсібі, энергетика, байланыс, білім, мәдениет және туризм тәрізді әртүрлі салаларда нығайып жатыр. Түрік компаниялары Қазақстан экономикасына барлығы 3,2 миллиард доллар тікелей инвестиция құйды. Екі елдің сауда көлемі былтыр алдыңғы жылға қарағанда 23%-ға артып, 2,4 миллиард долларға жетті. Бұл көрсеткіштерді одан әрі арттырып, мемлекет басшыларымыз атап көрсеткен 10 миллиард долларға жеткізудің мүмкіндіктері қарастырылуда.

Ортақ тарихи және мәдени тамырластығы бар мемлекеттер арасындағы байланыстар қарқынды дамып келеді. Қазақстандық туристердің Анталья сияқты өңірлерімізді таңдауы қуантады. Сондай-ақ қазақстандық жастар Түркияның жоғары оқу орындарында білім алып жатыр.

– 2009 жылы Қазақстан мен Түркия арасында Стратегиялық серіктестік келісіміне қол қойылған соң мемлекеттеріміз арасындағы байланыстар жаңа сатыға көтерілді деп айтуға болады. Осыдан кейінгі өзгерістерге тоқталып өтсеңіз.

– Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2009 жылы Түркияға келген кезде қол қойылған Стратегиялық серіктестік келісімінен кейін елдеріміз арасында Жоғары деңгейлі стратегиялық ынтымақтастық кеңесі құрылды. Алғашқы жиыны 2012 жылы президенттер басшылығымен министрлерден құрылған делегациялар арасында өткізіліп, ынтымақтастықтың түрлі деңгейлері қарастырылған ауқымды серіктестік механизмін құрады. Биыл жазда Түркияда үшінші жиыны өткізілуі жоспарланған Кеңес барысында ақсақалымызды қонақ ету біз үшін үлкен мәртебе деп ойлаймын.

Стратегиялық байланыстарымыздың негізгі локомотиві – жоғары деңгейлі саяси қарым-қатынастар мен сауда ынтымақтастығы. Геосаяси тұрғыдан Еуразияның кіндігінде орналасқан бауырлас Қазақстанмен қазіргі ынтымақтастығымызды, әсіресе коммуникация және энергетика тасымалдау салаларында жүзеге асыруға барлық мүмкіндіктер бар. Каспийден өтетін Орта дәліз бастамамызбен былтырғы жылдың қазан айында ашылған Баку – Тбилиси – Карс темір жолының Ақтау және Құрық порттары арқылы Қазақстан темір жол желісіне қосылуы тек қана екі мемлекет емес, сонымен қатар сол өңірдің экономикалық және сауда байланыстарындағы әлеуетті қолдану жолында маңызды қадам.

Еліміз Каспий бассейнінің әлеммен интеграциясын жүзеге асыру мақсатында сол өңірдегі мемлекеттермен ынтымақтастық құрып, үлкен жобаларды жүзеге асырып жатыр. Баку – Тбилиси – Жейхан мұнай және Баку – Тбилиси – Ерзурум табиғи газ құбыр желісімен Баку – Тбилиси – Карс темір жолынан кейін 12 маусымда ашылу рәсімін өткізген ТАНАП жобасы осы бастамалардың ең соны үлгісі. Каспий ресурстарын тиімді маршруттармен әлемдік нарыққа жеткізу арқылы аймақта ынтымақтастық және екіжақты сенімнің дамуына үлес қосатынына кәміл сенеміз.

– Биыл Қазақстанның елордасы Астананың 20 жылдығы. Астананың салынуына түрік мердігерлердің зор үлес қосқаны белгілі. Жыл сайын өсіп-өніп келе жатқан Астананың халықаралық аренадағы және түркі әлемі үшін маңызына тоқталып өтсеңіз.

– Астананың елорда болуының 20 жылдығымен барша қазақ бауырларымызды құттықтаймын. Астананың Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев басшылығындағы тәуелсіз, заманауи және гүлденген Қазақстанның жарқын болашағының бойтұмары бола беретініне сенімдімін.

Астана елорда болып жарияланған күннен бастап қарқынды дамып, тәуелсіз Қазақстанның символына айналды. Қаланың дамуына түрік іскерлерінің, сәулетші, инженер және жалпы жұмысшылардың үлкен үлес қосқанын мақтаныш етеміз. Түрік компаниялары Бейбітшілік және келісім сарайы, Хазірет Сұлтан мешіті, Назарбаев Университеті кампусы, Қазмедиа орталығы тәрізді қаланың көркіне айналған маңызды ғимараттардың құрылысында қолтаңба қалдырды. Қазір елордада бой көтерген ғимараттар – Қазақстанның біздің компанияларға деген сенімімен қатар, екі елдің бірлесе атқарған ортақ жұмысы нәтижесінде пайда болған синергияның нақты үлгісі.

Астананың жаһандық және аймақтық мәселелер қарастырылған маңызды дипломатия орталығына айналуын да үлкен ризашылықпен бақылап отырмыз. Сирия тақырыбындағы Астана кездесулерімен қатар, былтыр қыркүйек айында Президент Ердоғанмен бірге біз де қатысқан Ислам Ынтымақтастығы Ұйымының Бірінші ғылым және технология саммиті тәрізді халықаралық шаралар Астана мен Қазақстанның оң имиджін нығайта түседі.

Қазақстанның осы жетістіктерінде тәуелсіздік алғаннан кейін Нұрсұлтан Назарбаев басшылығымен жүргізілген диалог пен бейбітшілікті көздейтін белсенді сыртқы саясаттың маңызы үлкен.

– Елдеріміз арасындағы байланыстарды нығайтудағы мемлекеттер басшыларының үлестері туралы ойларыңызбен бөліссеңіз.

– Екі лидер арасындағы шынайы достық мемлекетаралық байланыстардың одан әрі тереңдеуіне үлкен үлес қосады. Қос ел арасындағы жоғары деңгейлі іссапарлардың жиілігі осының бір көрсеткіші. Астанадағы Сирия кездесулері екі мемлекеттің Сирияда соғыстың тоқтауын қамтамасыз ету, бейбіт өмірді қайта құру ісіне қосқан үлесінің ең басты мысалы.

Мемлекеттеріміз БҰҰ, ИЫҰ, АӨСШК тәрізді көпжақты платформаларда да бір-біріне қолдау көрсетіп, дәнекерлік, мәдениеттер және өркениеттер диалогы, терроризм және экстремизммен күрес, гуманитарлық көмек тәрізді салаларда ынтымақтастық жүргізуде. Еліміз Қазақстанның 2017-2018 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі мүшелігіне сайлануына да қолдау көрсетті. 2016 жылы Ыстанбұлда өткізілген XIII Ислам Ынтымақтастығы Ұйымының саммитінде екі президент тарапынан қабылданған «Ислами жақындау» тақырыбындағы декларация – мұсылман мемлекеттер арасында шыдамдылық пен диалогтың нығайтылуына назар аударған маңызды бастама.

– Түркі әлемінің ортақ ұйымдарында мәдени құндылықтар мен тарихи негізге байланысты маңызды жұмыстар жүргізілуде. Құрметті министр мырза, түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығының келешегіне, Қазақстанның осы тұрғыдағы рөліне қандай баға бересіз?

Түркі кеңесі, ТҮРКСОЙ, Халықаралық Түркі академиясы және Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры түркі әлемінің ортақ құндылықтарын дәріптеу тұрғысынан өте пайдалы істер атқарып жатыр. Түркі әлемін мәдени тұрғыдан қолдаған ұйымдар құрылғанына көп уақыт өтпесе де, қарқынды және табысты істерімен ортақ мақсатымызды паш ету тұрғысынан пайдалы іс-шараларды жүзеге асырды.

Түркі әлемінің лидері Нұрсұлтан Назарбаев аталған ортақ ұйымдардың құрылуы мен әрі қарай дамуына көрсеткен қолдауы мен бастамалары арқылы көшбасшы рөлге ие болуда. ТҮРКСОЙ-дың Бас хатшысы қызметін Қазақстан азаматы Дүйсен Қасейінов атқаруда. Түркі кеңесінің кезекті Бас хатшысы Бағдат Әмреев болады деп шешілді. Түркия Қазақстанның және Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың осы бағыттағы жұмыстарын әрдайым қолдап келеді.

Атқарылатын шаруа әлі де жеткілікті. Осы ретте тілі, діні және мәдениеті ортақ елдеріміз арасындағы тарихи, мәдени және гуманитарлық байланыстарды нығайту мақсатымен құрылған бұл ұйымдарға бұдан да үлкен қолдау көрсету қажет деп ойлаймын. Қазақстанның ортақ ұйымдарға қолдауының одан әрі жалғасын табатынына, арта түсетініне сенімім мол.

– Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен
Қамбар АХМЕТ,
«Егемен Қазақстан»

Сауда соғысы қайта жанданды

АҚШ пен Қытай арасындағы сауда соғысы қайта жанданып, жаңа фазаға ауысты. Саясаттан гөрі сауданы маңыздырақ көретін АҚШ-тың бизнес қауымдастығының өкілі саналатын президент Дональд Трамп өткен аптада отандас өнеркәсіпшілерінің мүддесін қорғау мақсатымен АҚШ-қа енгізілетін Қытай тауарларына 25 пайыздық баж салығын арттыру туралы шешімге қайта оралып, ақыры оған қол қойды. Сөйтіп Америка бюджет түсімін 50 млрд долларға арттыруды да көздеп отыр.

Жақсыбай САМРАТ,
«Егемен Қазақстан»

Бұл салық америкалық технологиялар мен зияткерлік меншікті Қытай тарапына беруде әділетсіздікке тосқауыл болады, сөйтіп америкалықтардың жұмыс орны сақталатын болады», деді Д.Трамп Ақ үйде осы құжатқа қол қояр кезде.

«Еруліге қарулы» дегендей, бұл шараға Қытай тарапы «Синьхуа» агенттігі арқылы бірден жауап беріп, Сауда министрлігінің өкілі оны «АҚШ сауда соғысын бастауға итермелеп отыр» деп бағалады. «Біз де сол масштабта және сол көлемде баж салығын енгіземіз. Осыған дейінгі барлық экономикалық және сауда келісімдері күшін жоятын болады» деді ол.

Бәрі де алдын ала есептеліп, дайын тұрған болуы керек, өткен аптаның соңында Қытай баж салығын 50 млрд АҚШ долларына арттыратын Қытайға жеткізілетін АҚШ тауарларының тізімін де айтып үлгерді. Осы жолы оның қатарына ауыл шаруашылығы тауарлары да енгізіліпті. Ал бұлар Трампқа дауыс беретін АҚШ-тың ауылшаруашылық аймақтарындағы сайлаушылардың мүдделеріне қайшы келетін болды. Сөйтіп Трамп ескермегенімен Қытай жағы сауданы саясаттың құралына қалай айналдыруды ескеріп отырған сияқты.

«Америка дауысының» айтуына қарағанда, АҚШ-тың Сауда министрлігі Қытайдың АҚШ-қа енгізілетін 1102 тауарының тізімін жариялап, осылардың бәріне 6 шілдеден бастап баж салығы 25 пайызға артатынын мәлімдеген. «Бұлар негізінен Қытайдың «Қытайда жасалған – 2025» технологиялық бағдарламасына үлес қосатын өнеркәсіп секторының өнімдері. Олар авиа-ғарыштық технологияларды, ақпарат және технологияны, роботтехниканы, жаңа материалдар мен автомобильдерді қамтиды» делінген мәлімдемеде.

Бір қызығы салық ұялы телефондар мен теледизорларға арттырылмаған. Ал Қытайдың бұл тауарларын америкалықтар қызыға алып жатады.

Айта кететін жайт, америкалықтардың сәуір айында жасаған алғашқы тізімі 1333 тауардан тұратынын айтқан болатынбыз. Бірақ одан кейін мамыр айында келісім болып, екі жақ та «сауда соғысын» тоқтатуға келіскенін «ЕҚ-ның» 24 мамырындағы нөмірінде жазған едік. («ЕҚ»., «Сауда соғысы аяқталды»., 24.05.2018 ж). Арада ай өтпей «соғыстың» қайта басталғандығының өзі ұсақ мемлекеттер ғана емес, алыптар арасындағы тұрақтылықтың да құбылып тұрғанын көрсетіп тұр.

Америкалықтар 6 шілдеден бастап күшіне енетін шешім алдымен 818 түрлі тауарды қамтып, ол бюджетке 34 млрд доллар қосымша кіріс түсіретінін айтып үлгерді. Екінші кезеңде 284 түрлі тауарлар енгізіледі екен, бұлар сәуір айында жасалған тізімде болмағандар. Бұлардың дені «Қытайда жасалған – 2025» технологиялық бағдарламасын іске асыруға бағытталған тауарлар. Сөйтіп АҚШ өз қарсыласының технологиялық тұрғыдан өркендеуіне кедергі келтіретін ыңғай танытып та отыр.

АҚШ президентінің сауда жөніндегі кеңесшісі Питер Наварро бұған дейінгі АҚШ пен Қытай арасындағы келіссөздер ешқандай прогресс әкелмегенін, сондықтан да америкалықтардың мүддесін қорғау үшін осы шараның жасалып отырғанын айтты. «Президент америкалықтар үшін осы қадамға барып отыр, өйткені бұл біздің технологияларымыз бен зияткерлік меншіктерімізді Қытайдың пайдаланып кетуінен сақтайды» деді ол.

Шанхай ынтымақтастық ұйымындағы сегіз елдің үйлестірушілері 2018 жылғы 9-10 маусым аралығында Циндаода өткен ШЫҰ Саммитінің қорытындысы бойынша қол жеткізген уағдаластықтарды іске асыруға кірісті.

Азық-түлік қауіпсіздігін талқылау басталды

«Биылғы тамыз айының ортасында Қырғыз Республикасының төрағалығымен Ұлттық үйлестірушілер кеңесінің бірінші отырысы өтеді және оның шеңберінде тараптардың азық-түлік қауіпсіздігі бойынша ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің ынтымақтастық бағдарламасының жобасын талқылауы жоспарлануда», деді ШЫҰ-ның Қазақстан тарапынан Ұлттық үйлестірушісі Ерлан Әлімбаев.

Сонымен қатар ол азық-түлік қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы бастаманы 2014 жылы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ұсынып, 2018 жылдың басында егжей-тегжейлі консультациялар қорытындысы бойынша ШЫҰ-ға мүше барлық мемлекеттің қолдауына ие болғанын айтады.

Дипломаттың айтуынша, бұл бастаманың іске асуы азық-түлік өндіруші елдердің экономикасымен тұтынушы арасындағы үйлесімді өзара байланысты қамтамасыз етеді. Сондай-ақ бағалар динамикасына, миллиондаған адамдардың азық-түлікке қол жеткізуіне оң әсер етеді және жалпы ШЫҰ кеңістігінің тұрақты дамуына әсерін тигізеді.

Циндао қаласындағы ШЫҰ Саммитінде бұл құжатты одан әрі пысықтау және алдағы ШЫҰ Үкімет басшылары кеңесінде қабылдау бойынша ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі қабылданған-ды. Ұлттық үйлестіруші түсіндіргендей, бағдарлама ауылшаруашылық және өңдеу өндірістерін қаржыландыру тетіктерін, өнімді сертификаттау және ШЫҰ кеңістігінің ішінде экспорт-импортқа қолдау көрсету мәселелерін шешуді қамтиды.

«Егемен-ақпарат»

БАСҚА БАСЫЛЫМДАРДАН

theguardian

Түркия сайлауға дайындалып жатыр

Осы жексенбіде Түркияда жалпы сайлау өтеді. Электораттар ел президенті мен парламент мүшелерін анықтайды. Президенттік сайлауға 6 үміткер түссе, парламенттік дауыс беруге 8 партия қатысады.

The Guardian газеті Түркияда оппозицияның күш алып келе жатқанына қарамастан, қазіргі президент Режеп Тайип Ердоғанның басым түсетінін болжап отыр.

«Р.Т.Ердоған ел басқарған 16 жыл ішінде сайлаулардың бәрінде жеңіске жетіп, Түркияның Таяу Шығыстағы ең алып күшке айналып келе жатқанын әрдайым айтып келеді. Соның дәлелі іспетті елдегі ең үлкен қала – Ыстанбұл түрлі жаһандық жобалардың орталығына айналды. Үкімет қазанда Ыстанбұлда жылына 90 миллион жолаушыға қызмет көрсете алатын үшінші әуежайдың құрылысын аяқтауды жоспарлап отыр. Сондай-ақ Мәрмәр теңізі мен Қара теңізді жалғайтын Босфор бұғазы арқылы өтетін жоба миллиардтаған долларды қажет етеді», дейді The Guardian.

Басылымның пайымдауынша, Р.Ердоған басқаратын Әділет және даму партиясы парламентте аз орын алуы ықтимал. Әйтсе де өзін мұсылман әлемі мен елінің көсемі ретінде көрсеткен 64 жастағы қазіргі президент өз орнын сақтап қалмақ.

«Ердоған мен Әділет және даму партиясы сайлаушыларға екі уәде беріп отыр: экономикалық өсім және демократия. Президентті қолдайтындар оның қоғамдық сеніміне үлкен құрмет көрсетеді. Мәселен, Ердоғанның билігі кезінде парламентте, университеттерде және қоғамдық ғимараттарда орамал тағуға рұқсат етілді», дейді The Guardian газеті.

Басылымның деректеріне сай, дербес сауалдамалар Р.Ердоғанның бірінші айналымда-ақ жеңіске жететінін көрсетіп отыр.

ALJAZEERA

68,5 миллион адам босқын

БҰҰ босқындар жөніндегі агенттігі әлемде 68,5 миллион адам өз елінен безіп, босқынға айналғанын айтады. Ұйымның мәліметіне сай, босқындардың 53 пайызы балалар екен.

Адамдардың көбі соғыс, қатыгездік және қудалаудың кесірінен өз үйін тастап қашқан. Агенттік осы мәселеге байланысты арнайы зерттеу жүргізген көрінеді. Аталған зерттеуге сүйенсек, Оңтүстік Судан, Конго Демократиялық Республикасындағы жағдай, Мьянмадағы рохинджа мәселесі әлі күнге дейін толық шешілмеген. Осының салдарынан 2017 жылы босқындар саны 68,5 миллионға жеткен.

Al Jazeera арнасының хабарлауынша, былтырдың өзінде 16,2 миллион адам босқынға айналған. Яғни, күн сайын орта есеппен 44 000 адам өз үйінен кетуге мәжбүр болған.

«Бұл жаһандық деңгейде халықаралық келісім мен ынтымақтастықты қажет ететін мәселе. Босқындар соғыс, қуғын және қиыншылық әсерінен өз елін тастап шығады. Оларға көмектесуіміз қажет» дейді Al Jazeera арнасына сұхбат берген БҰҰ Босқындар жөніндегі жоғарғы комиссары Филиппо Гранди.

Қазіргі таңда әр бес босқынның төртеуі өз елімен шектесетін мемлекетте уақытша мекен етуде. Сондықтан Ф.Гранди Түркия, Пәкістан, Уганда секілді мемлекеттерге халықаралық қоғамдастық тарапынан көмек қажет, деді.

euronews.

Еуроаймақтың бюджеті құрылады

Германия канцлері Ангела Меркель мен Франция президенті Эммануэль Макрон инвестиция тарту мен блокқа кіретін елдердің экономикасын жақындастыру мақсатында Еуроаймақ бюджетін құру туралы келісімге қол жеткізді.

Euronews арнасының мәліметінше, келісімге Еуропалық одақтың саммиті қарсаңында қол жеткізілген. Э.Макронның пайымдауынша, Еуропалық аймақты нығайту мақсатында бірқатар реформалар қабылдау қажет. Ал А.Меркель бұл мәселеде аса мұқият болу қажеттігін ескертеді.

«Біз тарихтың жаңа парақтарын ашып отырмыз. Еуропалық аймақтың бюджеті инвестицияны көбейтіп, қаржы айналымын жақындастыру мақсатында жұмыс істейді. Экономикалық және қаржылық одақ экономикалық саясат жақындасқанда ғана сақталатынын жақсы білеміз», дейді А.Меркель.

Еуропалық экономикаға қаржылық қауіп төніп тұрмағанына қарамастан, кейбір сарапшылар бірегей валютаны қорғау үшін реформа қажет екенін алға тартады. Осыған байланысты А.Меркель Еуропалық аймақ бюджетін Германия үкіметі мен Бундестагтың қолдайтынына үміт білдірді. Э.Макронның айтуынша, бюджет 2021 жылдан бастап іске қосылмақ. Оның көлемі, қаржыландыру көздері жыл соңына дейін тиісті министрліктер тарапынан әзірленеді.

Дайындаған
Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан»

20 АСТАНА

Астананы көшірудің астарында ұлт мүддесі тұрды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алғашқыда Президент идеясын қолдағандар аз, құптамағандар көп болды. Бірақ Мемлекет басшысы өз ұстанымынан таймады. Осы жобаны өзінің терең ойластырғанын, астананы өзгерту тек бір қаланы екінші қаламен ауыстыру ғана емес, оның қазақ елінің тиімді дамуына, болашағына әсер ететінін халыққа айтып, түсіндірумен болды. Арнайы комиссия құрып, жаңа қонысқа көшіп, ол жерде оңтайлы орналасудың жобасын жасады. Елдің экономикалық дамуында, әлеуметтік, саяси, мәдени дамуда болашақ астананың орнын анықтайтын алғашқы жобалар жарық көрді. Жаңа астананың стратегиялық маңызы туралы насихат бір сәт те толастаған жоқ. Осындай асықпай, баянды түрде жасалған жұмыс оң нәтижесін берді, жобаны қалың бұқара қолдады. Сондықтан бүгінгі Қазақ елінің Астанасы егемен халықтың өзі таңдаған, Елбасының өзі ұсынған стратегиялық жоба деп айтуымызға толық негіз бар.

Өз астанасын бір жерден екінші жерге, бір қаладан екінші қалаға көшіру әлем елдерінде, мемлекеттер тарихында бар құбылыс. Бұл бір ғана топқа немесе бір аумаққа ғана қатысты іс емес, тұтас бір елге, бір халыққа тікелей қатысты болғандықтан, осындай көшіп-қонудың астарында, оның негізгі себебі болып ұлт мүддесі тұрады. Елдің ордасын сырттан төнетін қауіптен сақтау мақсатымен, тұрмысқа қолайлы немесе суы мол өзен, теңіз жағаларына көшіру әлемде кішігірім де, үлкен де астаналардың тарихында бар.

Сол сияқты Президенттің астананы ауыстыру ұсынысының астарында егемендікті ғасырлар бойы армандап, оған жаңа ғана қолы жеткен халықтың ұзақ уақыттардан қалыптасып, бірақ осы күнге дейін дұрыс шешімін таппаған ұлттық мүддесі жатты. Атап айтсақ, ең бірінші себеп астананы еліміздің географиялық орталығына көшіру болды. Бұл тек қана егемендіктің тұсында емес, бұдан ұзағырақ бұрын ел ішінде айтылып жүрген көкейкесті мәселелердің бірі еді.

Бабаларымыздың Еуразия кеңістігінің ұлан-байтақ бір бөлігін бізге атамекен етіп қалдырып кеткенін зор мақтан етеміз, бірақ астананың елдің бір шетінде болуы оның қауіпсіздігі туралы, жалпы елдің тұтастығы туралы, ішкі жол қатынастарының тиімділігі туралы ойластыруды талап етті. Ақмола болса қазақ жерінің ғана емес, жалпы Еуразия кеңістігінің географиялық орталығы, жоғарыда айтылған талаптарға сәйкестігі немесе оларды орындауға мүмкіндігі мол елді мекен болды.

Оның еліміздің өзге өңірлерімен бірдей қашықтықта болуы мемлекеттік басқару жүйесінің жұмысына, инфрақұрылым, жол қатынастарына тиімді еді. Елде болып жатқан демографиялық өзгерістердің дұрыс бағытта шешілуіне де ықпалы мол болатын. Елбасы бір сөзінде «Қаланы (Алматыны) батыс, шығыс және оңтүстік бағытта дамытуға табиғи шектеулер көп, ол астанада құрылыс салуға тежеу болады. Алматыда сейсмикалық қауіптің жоғарылығына байланысты ондағы құрылыс құны қымбат. Алматыны одан әрі дамыта беру мемлекетке тым қымбат түседі. Ондағы мен мұндағы құрылыстың айырмашылығы 2,5 есе. Алматының экологиялық жағдайы қыл үстінде... Ақмоланың экологиясы қалыпты» деп астананы ауыстырудың басқа да себептерін айтқан болатын.

Сонымен қатар «Астананы көшіру арқылы Алматының жаңаша дамуына, қаланың екінші рет түлеуіне мүмкіндік береміз... Алматы әлі ұзақ жылдар бойы іскерлік, қаржылық, ғылыми және мәдени орталық болып, елдің күллі экономикалық және қоғамдық саяси өміріне белсенді ықпал етеді, халықтың санасына сіңіп те үлгергендей, оңтүстік астана болып қала береді» деп біздің аса көркем, бірегей мегаполисіміз Алматының орны мен болашағын айқындап беріп еді Нұрсұлтан Әбішұлы.

Ақмола болса көлік-коммуникация инфрақұрылымы біршама дамыған, Еуропа мен Азияның жылдан жылға өсіп келе жатқан экономикалық байланысының, бір-бірімен тауар алмасуының алтын көпірі болуға толық мүмкіндігі бар қала. Сонымен қатар астананың республика орталығында болуы еліміздің өндіргіш күштерін барынша тиімді дамытуға, осы саладағы сыңаржақтықты еңсеруге, кейбір жерлерде орын алған жұмыссыздықпен күресуге, астана төңірегінде жаңа технологиялық өндірістерді, әсіресе ауылға керек машина жасау өндірісін табиғи түрде дамытуға мол мүмкіндік береді.

Осы айтылған жағдайлар оларды халыққа баянды түрде түсіндіруімен қатар, Астанаға көшіру туралы құрылған мемлекеттік комиссияның тиянақты жасаған жоба, іс-шараларының арқауы болды. 1997 жылы көшіп келген сәттен Астанада өте қызу құрылыс жұмыстары басталды. Тұрғын үйлер, әкімшілік ғимараттар,

Суретті түсірген **Ерлан ОМАР**, «ЕҚ»

қаланың оң және сол жағалауын қосатын бірнеше көпір салу, оң жағалаудағы үйлерді күрделі жөндеуден өткізу, көшелерін асфальттау, тағы басқа сан қилы құрылыстар мен абаттандыру істері көп ұзамай-ақ шаһардың ажарын аша бастады. Өткен 20 жылдың ішінде тұрғын үй құрылысына 1 трлн 600 млрд теңге жұмсалып, жалпы саны 180 мың пәтерді құрайтын 1265 көп пәтерлі тұрғын үй бой көтеріп, астаналықтарға берілген екен. Тек соңғы бес жылда Астанада 9,0 млн шаршы метр тұрғын үй салынып, яғни 300 мың адам тұратын жаңа шағын аудан немесе облыс орталығына пара-пар жаңа бір елді мекен дүниеге келді деп айта аламыз. Бұл жаңа Астанада жасалған өте ауқымды, жігерлі істердің бір көрінісі.

> ПРЕЗИДЕНТТІҢ АСТАНАНЫ АУЫСТЫРУ ҰСЫНЫСЫНЫҢ АСТАРЫНДА ЕГЕМЕНДІКТІ ҒАСЫРЛАР БОЙЫ АРМАНДАП, ОҒАН ЖАҢА ҒАНА ҚОЛЫ ЖЕТКЕН ХАЛЫҚТЫҢ ҰЗАҚ УАҚЫТТАРДАН ҚАЛЫПТАСЫП, БІРАҚ ОСЫ КҮНГЕ ДЕЙІН ДҰРЫС ШЕШІМІН ТАППАҒАН ҰЛТТЫҚ МҮДДЕСІ ЖАТТЫ. АТАП АЙТСАҚ, ЕҢ БІРІНШІ СЕБЕП АСТАНАНЫ ЕЛІМІЗДІҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНА КӨШІРУ БОЛДЫ.

Астана – қай елде болса да мемлекеттің басшылық орталығы. Ол да заман талабына, басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеу талабына сай болуы керек. Бәріміз Ақорда деп құрметпен атаған ел Президентінің жұмыс орны. Қазақстан Парламенті ғимараттары, Жоғарғы сот, Үкімет үйі бұлар көз тартатын, жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларымен жабдықталған, сонымен Астананың ажарлы бетпердесіне өз үлесін қосқан ғимараттар.

Солармен қатар Астана көшінің алғашқы жылдарында салынған теңдесіз ғимараттар мұнда халықаралық дәрежедегі, не болмаса республикалық ауқымы үлкен жиындарды сапалы түрде өткізуге мүмкіндік тудырып, бұрын Парижде, Лондонда, Нью-Йоркте, басқа да әлем қалаларында өтетін халықаралық кездесулердің кейбіреуі біртіндеп Қазақ елінің Астанасына ауысып жатқанын да аңғаруға болады.

Астанаға қойылатын бірінші талап – елдің саяси орталығы болып қалыптасу. Осы міндетін де жаңа елордамыз толық атқара бастады. Бас қаламызда қабылданған шешімдерге, онда түрлі дәрежеде көтерілген мәселелерге халық әр уақытта да құлағын түруде. Елімізде жүріп жатқан сан алуан реформа осы жерден басталып, өңірлердің дамуына ықпал мен жігер қосып отыр.

2010 жылдың басында еліміз Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етті. Төраға мәртебесін алған Қазақстан 11 жыл бойы болмаған ЕҚЫҰ саммиттін өткізді. Оған 56 мемлекет басшылары, БҰҰ, НАТО өкілдері, барлығы 2,5 мың делегат жиылып, 1,5 мыңнан астам БАҚ өкілдері келді. Саммит жұмысының нәтижелі болғаны сондай, «Астана рухы» деген ұғым халықаралық қатынастар әлеміне тұрақты түрде енді және де осындай қатынастарға керек сенімнің, келісімге келудің, бірлікке шақырудың жаңа символына айналды.

Астана діни конфессиялар өкілдерінің бір-бірімен пікір алмасатын тұрақты алаңына айналды. Мынау ұрыс-керіс, бір-бірін түсінбеушілік әлем кеңістігінде көбейе басталған тұста берекесі тасыған бейбіт елдің үлгісін көрсетіп отырған Қазақстанға әртүрлі бітімгер топтар, халықаралық ұжымдар өкілдері кейбір елдерде болып жатқан дау жан-жалды, ұрыс-керісті тоқтатып, бітімге келу жолын іздестіру мақсатында жиі келетінін байқаймыз. Осындай кездесулердің тағы бір себебі әлемдегі сыртқы саясат саласында мәмілегерлігімен танылған Нұрсұлтан Әбішұлымен пікір алысу және де ұзақ уақыт бейбіт қалпы мен тұрақтылығын сақтап отырған Қазақстан қоғамының озық үлгісімен де танысу екенін айта кетуіміз керек.

Қай астана болса да оған сол елдің мәдени орталығы болуы жазылған. Бұрын шағын ғана мәдениет үйі, әлем түгілі республикаға белгілі шығармашылық тобы немесе ұйымы жоқ, әсіресе біздің ұлттық болмысымызды жақсы көрсете алатын театрлары, басқа өнерпаздар ұжымы жоқ қала қазір Еуразия кеңістігінде көпке танымал, өнердің қай саласы болса да жан-жақты дамыған мәдениет орталығы болып қалыптасты. Дәл осындай қарқынды даму білім саласында да жүріп жатыр. Қазір Астана мектептерінде 143 мың бала оқиды, жыл сайын оқушылар саны 15-18 мың балалармен көбеюде.

Бір мақаламен осы 20 жыл ішіндегі жетістіктердің бәрін баяндау мүмкін емес. Астанада емханалар саны еселеп өсті, бұрын көптеген қатерлі аурулардан шетелдерге емделуге барушы едік, содан көбінің сапалы емі қазір өз Астанамызда, өз елімізде жасалады. Спорт әлемі де адам таңғалатындай өсті. Елі ішіндегі, спорт жарыстары, халықаралық спорт форумдары қазір Астанада, Алматыда өтетін болды. Жалпылай айтқанда Астананың жай-күйі, оның тұрғындарға қолайлығы жылдан-жылға өсу үстінде.

Бір кездерде Ақмоладағы ауылшаруашылық оқу орнының ректоры қызметінде мен отбасыммен осы қалада тұрғанмын. Қыс болса ЖЭО-дан жылу жетпей және жарылып кеткен құбырларды 30-35 градус аяздарда 2-3 метр жер астын қазып, тауып алып, қайта жалғап қаланың коммуналдық қызметкерлерінің, қала әкімшілігінің, тіпті тұрғындардың да берекесі кетіп жататын. Осы 20 жыл ішінде (алғашқы қысты қоспағанда) Астанада бір рет те жылуға қатысты мәселе болған жоқ. Айтуға оңай, бірақ мұның негізінде жаңадан ЖЭО салу, бұрынғы энергоблоктарды күрделі жөндеуден өткізу, осыларға керек миллиардтаған қаржы табу, бұл бір өте кешенді жұмыс болатын.

Қаланың көлік жүйесі еселеп дамыды. Назарбаев атындағы Астана әуежайы, «Нұрлы жол» темір жол вокзалы, көшелерді абаттандыру мен ішкі жол торабын ыңғайластыру көлік саласын сапалы түрде өзгертіп, озық стандарттарға біртіндеп жақындатты. Салынып жатқан жеңіл рельсті көлік жүйесі, 2019-2020 жылдары қосылады деп жобалаған Қызылордадан келетін газ құбыры қаланың ішкі байланыс жүйесін және экологиясын жақсарту үшін жасалып жатыр.

Бір кезде, қаржы тапшы мезгілде «Бар ақшаны неге астананы салуға жұмсай береміз, дамытуды талап ететін басқа қалалар мен шаруашылық салалары бар емес пе?» деген әңгімелер құлағымызға жеткен. Әрине таршылық, жетіспеушілік нені айтқызбайды. Дегенмен Президенттің тікелей араласуымен қаржыны барынша шоғырландып жұмсамасақ Астана бүгінгі сәулеті мен дәулетіне қол жеткізе алмас еді.

Бүгінгі таңда Қазақ елінің астанасы сапалы дамудың жаңа бір сатысына көтерілу қамында. Осы жаңа даму жолдарын Елбасы «ақылды қала ақылды ұлт үшін» деген бір ауыз пікірмен анықтап беріп еді. Міне, осы бағытта ауқымды, нақты іс-шаралар басталып жатыр.

Астананы дамытуға арналған барлық жобада Нұрсұлтан Назарбаевтың қолтаңбасы бар. Мұнда салынған әрбір шағын аудан, әрбір сәулетті ғимарат Президент қолдауымен іске асты. Оған қажетті қаржы және шетел инвестициясы да Мемлекет басшысының тікелей араласуымен табылды. Елбасы ерен еңбегімен елорданың сәні мен салтанатын әлемнің мақтаулы қалаларының деңгейіне көтерді. Ал Астана арқылы қазақ елін жаһан таныды. Сөз соңында ел мерейі – Астанамыздың мерейтойымен барша халқымызды құттықтай отырып, баянды еңбегінің жемісін көріп отырған Елбасына да құтты болсын айтамыз.

ЖИЫРМА ЖЫЛДЫҚ ЖЫЛНАМА (1998-2018)

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өткен жылы жарық көрген «Тәуелсіздік дәуірі» атты еңбегінде: «Жас мемлекетке міндетті түрде жаңа, заманауи астана қажет екенін тәуелсіздіктің бірінші күнінен-ақ ойладым. Осы ойымның дұрыстығына нық сенімді едім. 1992 жылдың өзінде-ақ Ақмолаға жұмыс сапарымен келгенде, астананы осында ауыстыру туралы ойға келдім» деп, жаңа дәуірге қадам басқан еліміздің баянды болашағы жайлы тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап, ойға алғаны жайлы жазыпты.

20 жыл – 20 дәуір

Нақты шешім ретінде 1997 жылғы 20 қазанда Қазақстан Республикасының Президентінің «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» аса маңызды Жарлығы шықты.

Осы бір тарихқа толы 1997 жылдың 7 қарашасында Президент Әкімшілігі мен Үкіметі Алматыдан Арқаға қоныс аударса, 10 желтоқсан күні Президент Жарлығымен «Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының жаңа астанасы» деп танылды.

Осылай басталған жаңа дәуір жылнамасына биыл 20 жыл толып отыр. Бір ғана дерек: 1998 жылы бар-жоғы 300 мыңға жуық тұрғыны бар шағын қалада қазір бір миллионнан астам адам өмір сүруде. Яғни 20 жыл – 20 дәуір. Осындағы әрбір жылдың қойнауында жаңа дәуірге бет алған Қазақ елінің тарихы жатыр. Атап айтқанда:

1998 жыл

6 мамыр – «Қазақстан Республикасының астанасы Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы Астана қаласы деп қайта атау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы шығып, дәл осы күні «Қазақстан Республикасының астанасы Астана қаласында Сарыарқа және Алматы аудандарын құру туралы» Жарлығы жарияланды.

6 мамыр – Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Ұлы Отан соғысындағы неміс-фашист басқыншыларына қарсы күресте көрсеткен ерлігі мен қаһармандығы үшін кіші сержант Бақтыораз Бейсекбаевқа «Халық Қаһарманы» атағы беріліп, кешікпей қаладағы Жуковский көшесі Бақтыораз Бейсекбаев болып өзгерді.

7 мамыр – Президент Н.Назарбаевтың Жарлығымен Әділбек Рыскелдіұлы Жақсыбеков Астана қаласының тұңғыш әкімі болып тағайындалды.

9 мамыр – Астанада түркі тілдес мемлекеттер басшыларының алғашқы саммиті өтті. Оған Әзербайжан Республикасының Президенті Гейдар Әлиев, Өзбекстан Президенті Ислам Каримов, Қырғызстан Президенті Асқар Ақаев, Түркия президенті Сүлеймен Демирел, Түрікменстанның Мәжіліс төрағасы Сахат Мұрадов және Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қатысты.

20 мамыр – Президент Н.Назарбаев «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» заңға қол қойды. Заң ел астанасының құқықтық мәртебесін, саяси және экономикалық негіздерін айқындап берді.

9 маусым – Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласында Отан қорғаушылар ескерткіші іргетасының қалану рәсімі болды. Оған Түркияның президенті Сүлеймен Демирел, Қырғызстанның президенті Асқар Ақаев және басқа да жоғары мәртебелі меймандар қатысты.

10 маусым – Астананың халықаралық тұсаукесер тойы болып өтті. Тұсаукесерге жоспарлы түрде әзірлену үшін арнайы қысқа мерзімді бағдарлама қабылданды. Мұны іске асыруға 217 қазақстандық және шетелдік компания қатысты. Құрылыс-монтаж бен жөндеу жұмыстарына барлығы 13,8 мың адам қатысып, қаланың 248 мың шаршы метр аумағы түбегейлі жаңғыртылды.

12 маусым – Қазақ қоғамындағы билер институтының үлгісі ретінде белгілі халқымыздың қадірлі тұлғалары: Төле, Қазыбек, Әйтеке билерге арналған ескерткіш Жоғарғы сот ғимаратының жанында ашылды. Бұл шараға Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қатысты.

18 маусым – Астана қаласының тұсаукесер рәсімін әлем қазақтарына таныту мақсатында осы күні елорда төрінде дүние жүзі қазақтарының кіші құрылтайы өтті. Оған әлемнің 20 елінен 100-ге тарта қонақ келіп қатысты.

7 қазан – Президент Н.Назарбаев Астананың жаңа орталығын дамытудың бас жоспарының жоба-идеясына жарияланған халықаралық конкурстың қорытындысын шығарып, жапон сәулетшісі Кисе Курокаваның жұмысын жеңімпаз деп жариялады.

15 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевқа Астана қаласын елордасы ретінде қайта салуға, қалыптасуына және перспективалық дамуына қосқан зор үлесі үшін «Астана қаласының құрметті азаматы» атағы берілді.

Дайындаған
Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан»

«Ақылды кеніш» жобасы

«Алтын Гефест» байқауында үздік атанды

Еуразиялық топ (ERG) құрамындағы Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігі (ССКӨБ) «Алтын Гефест» республикалық байқауының лауреаты атанды. Байқау қорытындысы Астана мерейтойының құрметіне 25-ші Дүниежүзілік тау-кен конгресі аясында шығарылған болатын.

Нәзира ЖӘРІМБЕТ,
«Егемен Қазақстан»

«Жыл жобасы» аталымында «Қашар кенішінің тау-кен көлігі кешенін басқарудың автоматтандырылған жүйесі» атты жұмыс үздік деп танылды. «Ақылды кеніш» жобасы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қатысқан телекөпірде салтанатты түрде іске қосылған еді.

Жыл сайын «Алтын гефест» ұлттық салалық байқауына 100-ден астам үміткер өтінім білдіреді. Биыл ССКӨБ солардың қатарынан көрінді. «Жыл жобасы» аталымында экономикалық және әлеуметтік әл-ауқатты арттыру мен өндірістік қайта құруды көбейтуге бағытталған әзірлемелер негізге алынады. Бұл орайда «ССКӨБ» АҚ мамандары енгізген инновация – «Қашар кенішінің тау-кен көлігі кешенін басқарудың автоматтандырылған жүйесі» жобасы еш шүбә тудырмады, сол себепті де 2018 жылдың ең үздік жобасы деп танылды.

Жаңа енгізілім Қашар кенішін 4.0 Индустриясы тұжырымдамасына сай дамытуға мүмкіндік береді. Жобаның элементтері тау-кен көлігі кешенін нақты уақытта автоматтандырылған басқару мен диспетчерлендіруді, ГИС, MES және ERP (SAP) жүйелерінің базасында жоспарлаудың біріктірілген орталықтарын, жерсеріктік дәл жайғастыру мен бұрғылау-жару жұмыстарын басқаруды енгізумен байланысты. Нәтижесінде тиімділік көрсеткіштерінің айқындығы мен бақылауы қамтамасыз етілді, қызметкерлер жедел есепке алу, жабдықты қолдану жөніндегі шынайы және толық ақпаратқа 100 пайыз қол жеткізеді.

«Ақылды кеніш» жобасын енгізудің нәтижесінде кәсіпорын өндіретін өнімнің экономикалық тиімділігі артты. Еуразиялық топ бұл технологияны өзінің барлық кен өндіруші кәсіпорындарына енгізетін болады.

– ССКӨБ 4.0 Индустриясы технологияларын енгізуге кірісті. Кәсіпорын техникалық қайта жарақтандыруды белсенді жүргізуде. Бұл ретте экономикалық тиімді жобаларды табысты дамытуға мүмкіндік беретін, осылайша еліміздің тау-кен металлургиялық кешенінің бәсекеге қабілеттілігін нығайтатын ең заманауи технологиялар пайдаланылып жатыр, –деді Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігінің басшысы Береке Мұхаметқалиев.

Цифрландыру бағдарламасы негізінде жүзеге асқан «Ақылды кеніш» жобасы кен алыбындағы еңбекті жеңілдете түседі. Өндірістің бәсекеге қабілеттігі артады.

Қостанай облысы,
Рудный қаласы

ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖАРШЫСЫ

Робот техникасы

қазақстандық кәсібилер мектебі қалыптасуда

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев биылғы Жолдауында адами капиталды қалыптастыру үшін білім беру ісінде қазақстандық озық жүйені құруды жеделдету қажеттігін тапсырғаны мәлім. Бұл аяда елімізде робот техникасы бойынша балалардың біліктілігі мен дағдыларын қалыптастырудың маңызы зор. Өйткені Халықаралық робот техникасы федерациясының мәліметінше, бүгінде әлемде 1,1 млн робот қызмет көрсетуде.

Думан АНАШ,
«Егемен Қазақстан»

Автокөлік өнеркәсібі жұмысының 80 пайызы машинаның көмегімен атқарылады. Давостағы дүниежүзілік экономикалық форумның негізін қалаушы әрі президенті Клаус Шваб «Төртінші өнеркәсіптік революция» атты еңбегінде робот техникасының көптеген салаға – өндірістен ауыл шаруашылығына, жеке саудадан қызмет көрсетуге дейін ықпал ететінін жазған болатын. Сондықтан отандық робот техникасын дамытуға арналған кез келген жобаның келешегі бар. Себебі жаңа технологияның қарқынды енгізілуі еңбек нарығының болмысын айтарлықтай өзгертті.

Астана қаласындағы халықаралық мектепте World Robot Olympiad атауымен өткен ұлттық біріншілік қатысушыларының жобаларына назар аударған жан жақын келешектегі жаңа цифрлы кезеңнің қазақстандық кәсіби мамандарын көргендей әсерде қалады. Еліміздің әр түкпірінен келген 250-ден астам оқушының Lego, Arduino uno, WeDo конструкторлары арқылы жасаған робот жобаларының әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және басқа да салаларды қамтыған тақырыптары сан алуандығымен әрі өзектілігімен ерекшеленеді.

Айталық, Семей қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушылары Назым Жазылбекова мен Айғаным Сағидоллина тағам өнеркәсібін дамыту саясатын іске асыру мақсатында ғимараттардың сыртқы қабырғасын тиімді пайдалануды робот техникасының көмегімен жүзеге асыруды көздейді. «Қазіргі таңда гендік модификацияға ұшыраған өнім көлемі артуда. Сондай-ақ ірі қалалардың экологиясы бұзылды. Бұл орайда ғимараттардың қолданыссыз тұрған сыртқы қабатын өсімдік өсіретін орын ретінде тиімді қолдануға болады.

Яғни қабырғаға текшеленген ұяшықтар орнатып, оның ішіне гүл өсіретін қыш құмыраны қою арқылы оған жеміс-жидек егеміз. Арнайы робот рельстермен жүру арқылы әр ұяшыққа барып, жеміс-жидекті қарауға, күтуге және жинауға мүмкіндік бар», дейді Назым Жазылбекова. Оқушылардың зерттеуінше, егер ұяшықта құлпынай өсірсе, бұл өсімдік күніне 12 сағат жарық пен аптасына 2 рет 15-20 литр суды қажет етеді. Есептеулер арқылы 9 қабатты үйдегі 14400 құлпынай түбі күніне 1 кило көмірқышқыл газын жұтатыны анықталды. Осы арқылы қаланың экологиясы жақсарады. Сондай-ақ одан 5 күнде орта есеппен 2,5 млн теңге пайда табуға болады. Аталған жоба таза өнім алуға, сонымен бірге шағын және орта бизнесті дамытуға көмектеседі. Жұмыстың 90 пайызын робот орындайтындықтан «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы міндеттерін орындауға да септеседі.

Ал Шымкент қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы Сайлаубек Нұрғиса Arduino uno қондырғысы, ультра дыбысты датчик пен жарық диодтары арқылы жолда жүрудің интеллектуалды жүйесін жасап шығарды. Бұл жоба көше қиылысындағы жол қозғалысын реттеуге арналған. Мәселен, көлік алыста келе жатқанда көк, жақындаған сәтте жасыл түс жанса, кейін сары және қызыл түс жанады. Бұл жолды қиып өтетін көліктерге тоқтау белгісін береді. Бұдан бөлек аталған қондырғы дыбыс жиілігін арттыру арқылы мүмкіндігі шектеулі жандарға көлік келе жатқанын білдіреді. Осы жобаны бірге жасаған 8-сынып оқушысы Дәулетхан Асанов еліміздегі жол апатының алдын алуды көздегендерін, мысалы, 2017 жылы Қазақстанда 2086 адам жол апатынан қайтыс болып, 30 мыңнан астам адам түрлі дәрежеде жарақат алғанын, жол-көлік апаттарының алдын алу үшін аталған «ақылды құрылғыны» ойлап тапқандарын айтады. Сондай-ақ бұл жедел жәрдем мен өрт сөндіруші көліктердің кептелекте тұрып қалмауын да көздейді.

Сол сияқты тараздық оқушылар Дінмұхамед Мұхамеджанов пен Әлихан Қалмаханбет су қоймасындағы су деңгейін автоматты түрде реттеу жобасын алғаш рет таныстырып отыр. Бұл дамбының жарылу қаупінің алдын алады, жауын-шашын мөлшерінен болатын су деңгейінің көтерілуін қадағалайды, ең бастысы халықтың зардап шекпеуі үшін артық суды жедел ағызып отырады.

Ал астаналық жас робототехниктер Әлішер Өткелбаев пен Қазыбек Тоқтаров шаһарда ақылды саябақтар құру туралы жоба жасаған екен. Онда ауаның ылғалдылығын сақтайтын ақылды субұрқақтар, күн мен желден қуат алу арқылы тынығушылардың құрылғыларын қуатқа толтырып беретін ақылды орындықтар, өздігінен ымырт үйіріле жанатын, таң шапағымен өшетін көше шамдары, қоқысты жинап, өңдеуге жіберетін жолдар және смарт киіз үйлер орналастырылған.

Атыраудан келген оқушылар Мақсат Қобдабаев пен Марлен Сәкенов болса, қуаңшылық жайлаған өңірлерде судың жетіспеушілігі жағдайында өсімдік өсіруге мүмкіндік беретін робот-ферма құрастырып шығарған. Мәселен, робот-фермада жылына 7 рет, 1 шаршы метріне 70 килоға дейін өнім беретін саңырауқұлақты өсіру өте тиімді, дейді атыраулық оқушылар.

Бұл жарысқа 7-8 жастағы бүлдіршіндер де қатысты. Павлодар қаласындағы №25 орта мектептің 1-сыныбын үздік тәмамдаған Зарина Тұрғанбекова, Қонақбай Асаин, Алдияр Айтекеновтерді еліміздегі ең жас инженер-робототехниктер деуге болады.

Жалпы Назарбаев зияткерлік мектептері World robot olympiad халықаралық жарысының Қазақстандағы ресми үйлестірушісі және тәжірибе алмасу мақсатында жыл сайын робот техникасынан өңірлік, республикалық іріктеу кезеңдерінің ұйымдастырушысы. Осы арқылы зияткерлік мектептер Қазақстанның робот техникасы бойынша ұлттық құрамасын қалыптастырды. Бұл құрама мүшелері 2014 жылы Ресейдің Сочи қаласында, 2016 жылы Үндістанның Нью-Дели қаласында, 2017 жылы Коста-Риканың Сан-Хосе қаласында өткен әлемдік жарыстарда алдыңғы орындардан көрінді. Мәселен, талдықорғандық оқушылар Талғат Бек пен Анатолий Алексеев әзірлеген «Жер айналасындағы орбитада ғарыштық қалдықтарды жоюға арналған станса» атты жоба «Open» санатындағы «Creativity Award» аталымын жеңіп алды. Авторлардың ойынша, роботтандырылған спутник орбитаға ракета тасығыштың көмегімен жеткізіледі. Робот датчиктің көмегімен ғарыштағы қалдықты анықтап, оны қуып жетеді және арнайы құрылғының көмегімен қалдықтарды ұстап алады. Содан кейін робот баяулайды, маневрлық қозғалтқышты пайдалану арқылы күнге қарай бағытты айқындайды. Жарық датчигінің көмегімен күнге қарай бұрылып, қалдықты жылдамдық қоса отырып, күнге қарай жолдайды. Осылайша робот ғарышты қалдықтардан тазалайды. Сондай-ақ зияткерлік мектептер оқушыларының «Робот-өрт сөндіруші» жобасы да әлемдік робот техникасы өрендерінің арасында кеңінен танымал деуге болады.

Бүгінде беделді World robot olympiad клубына 50-ден астам елден 20 мың бала мүше болып енгенін айта кеткен ләзім. WRO құрамында Таяу Шығыс, Еуропа, Африка, Оңтүстік және Солтүстік Америка елдері мен Аустралия бар. Биылғы ұлттық біріншіліктің жеңімпазы қараша айында Тайландта өтетін WRO-2018 халықаралық олимпиадасына жолдама алып, Қазақстанның намысын қорғайтын болады.

ЗАҢГЕР КЕҢЕСІ

Туристік қызмет көрсету шарты – сенімді демалыстың кепілі

Жазғы демалысты дұрыс пайдаланып, алыс-жақын шетелдерге туристік сапармен барып, сәтті демалғанға не жетсін. Осыған орай жыл сайын қазақстандықтар шетелге туристік сапармен ағылып жатады. Бірақ кейде отандастарымыз күтпеген жағдайға тап болып, туристік сапарда кездескен түрлі келеңсіздіктен демалыс шырқы бұзылады. Оның басты себебі, туристік қызмет көрсету барысының ойдағыдай ұйымдастырылмауынан туындайды. Мұндай жағдайда демалыстың сәтті өтуіне не кепілдік бола алады? Бүгінгі бұл сұрағымызға адвокат Сейфулла ШЫҢҒЫС жауап береді.



– Бұл орайда бірден айтарымыз, туристік қызмет көрсету шарты жоспарланған демалысыңыздың сәтті өтуінің нақты кепілі бола алады. Әрине жазғы демалыс кезеңі жаппай басталысымен көптеген туроператорлар және турагенттік компаниялар да өз жұмыстарына қызу кірісіп, халыққа әртүрлі туристік маршруттарды ұсынады. Сонда алдымен, туроператормен немесе турагенттік компаниясымен арада түзілетін келісімшартты мұқият оқып, асықпай танысып шығу, алдағы демалысыңыздың жақсы әрі көңілді өтуіне жол ашады. Себебі бүгінде кейбір компаниялар «жеңілдің үстімен» жүрмек болып, заңда бекітілген Туристік қызмет көрсету шартының орнына мойындарына артылған міндеттемелерді орындамаудың сылтауы ретінде Қызмет көрсету туралы шарт жасауды ұсынады. Мәселен, «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» заңы тұтынушының құқықтарын қорғаудың бірқатар тетіктерін қарастырған. Атап айтқанда, заңның 17-бабында саяхат барысының нашарлауы, саяхат мерзімінің өзгеруі немесе көлік тарифтерінің ойламаған жерден өсуі орын алған жағдайда тараптардың әрқайсысының шартты өзгерте алу немесе бұзуды талап ету құқығы қарастырылған.

Сонымен қатар туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғаға шартты орындаудан бас тарту туралы хабардар етілгенге дейін, яғни қызмет түрлеріне қаржы төленіп қойылған болса да, саяхат басталмай тұрып шартты орындаудан бас тарту құқығы сақталады. Тағы бір маңызды талап, туроператорда және турагентте туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың жарамды шарты болған кезде ғана туроператорлық және турагенттік қызметті жүзеге асыруға рұқсат етіледі.

Демек, демалыс кезінде тұтынушының өмірі мен денсаулығына залал келген болса, сақтандыру компаниясы сақтандыру төлемақысын өтейді. Бұл заңда қарастырылған маңызды мәселе. Бұған тұтынушы туроператормен немесе турагентпен туристік қызмет шартын жасасқан жағдайда ғана қол жеткізе алады. Ал егер тұтынушы туристік компанияның айтқанына еріп, Туристік қызмет көрсету шартының орнына өтелмелі Қызмет көрсету туралы шарт жасаса, онда аталған құқықтардан айырылуы бек мүмкін. Себебі мұндай әрекетке барған компанияның пиғылы айтпаса да түсінікті.

Шарт жасардың алдында туристік маршрутты әзірлеген туристік оператордың нарықта қанша уақыт қызмет істеп келе жатқандығын біліп алған жөн. Таңдау кезінде, әсіресе демалыс орындарының арзан бағасына емес, туроператор компаниясының сенімділігіне назар аудару керек деп кеңес береміз. Сонда бір жыл асыға күткен демалысыңыздың сәтті өтеріне күмәніңіз болмайды.

Дайындаған
Александр ТАСБОЛАТ,
«Егемен Қазақстан»

Жолдыбай БАЗАР,
«Егемен Қазақстан»

Бас ауырып, балтыр сыздағанда...

Халықты әлеуметтік тұрғыда қолдау ісі мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екені дау тудырмайды. Дегенмен қолға алынған әлеуметтік шаралардың ойдағыдай жүзеге асуына кейбір келеңсіз жағдаяттардың кедергі келтіріп, тұрғындардың көңіл-күйіне кері әсерін тигізіп жататыны жасырын емес.

Қазіргі таңда мемлекет тарапынан ұсынылатын қызметтердің бірқатары өзінің жоғары сапасымен ерекшеленсе, екінші бір бөлігі әлі де жетілдіре түсуді қажет етеді. Бұл өз кезегінде көрсетілетін қызметтер сапасы деңгейінің ала-құла екенін білдіреді. Осы жағдаят атқарушы биліктің игілікті істерін көлеңкеде қалдырып, ел ішінде билікке деген жағымсыз көзқарасты қалыптастыратыны анық.

Әлеуметтік қызметтер көрсету сапасы жөнінде сөз еткенде, бірінші кезекте денсаулық сақтау саласы әңгіме өзегіне арқау болатыны белгілі жайт. Мәселен, бас ауырып, балтыр сыздағанда, дертің асқынып, жан-тәнің қиналғанда немесе перзентің науқастанып дегбірің қашқанда жүгінер емханалар мен ауруханалардың көрсететін қызметі жөнінде нақты «былай» деп кесіп айту қиын. Десек те, өзіне мәжбүрлікпен келіп тұрған науқастарды сарсаңға салу, сабылту, ары-бері жүгірту, лайықты көмек көрсете алмау тәрізді жағдаяттар денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік мекемелерге тән үрдіс болып отырғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Кіріптар болып өзің тіркеуде тұрған емханаға үмітпен барғаныңда онда сенің дертіңді қарайтын маманның немесе қажетті медициналық аппараттың жоқтығын естіп тауың шағылып, мекеменің сен жолыққан дәрігерінің жол сілтеуімен өзіңе қажет маман-дәрігер бар өзге емхананы немесе жекеменшік дәрігерлік құрылымды іздеуге мәжбүр болатының бүгінде екінің бірінің басындағы іс.

Осындайда анадайдан менмұндалаған еңселі емхана сіз үшін шалғайдағы ауылда орналасқан «медпункттей» дәрменсіздік танытқанына ыза боласыз. Оның үстіне тіркеуде тұрған емханаңыздың өкілдерінен сізге қажетті маман немесе медициналық аппарат бар дәрігерлік орталықтың қызметі ақылы болатынын естігенде әрі-сәрі күй кешесің. Ақшаң болса жақсы, ол құрғыр жоқ болса...

Осы арада санаңызда сізге жол сілтеген адам мен әлгі медициналық құралы мен маманы бар, ақылы қызмет көрсететін құрылымның арасында жасырын келісім, жең ұшынан жалғасқан байланыс жоқ па деген күдікке бой алдырып, ол мемлекеттің тегін ұсынып отырған қызметін көрсетпей, амалын тауып сіздің қалтаңызды қағу мақсатымен сыбайласына жұмсап отырғандай сезінесің.

Қалай десек те науқастардың диагнозын анықтау барысында онсыз да мазасы қашып, жан-тәні қиналып тұрған адамдарды сарсаңға салу үрдісі бүгінде қалыпты жағдайға айналғандай. Бұл келеңсіз жағдаяттар көбіне маман тапшылығынан туындап жатады. Қазіргі таңда денсаулық саласына қатысты түрлі мамандардың жетіспеушілігі дәрігер көмегін қажет етіп, емхана жағалаған тұрғындарға бірден байқалады. Мәселен, басқасын айтпағанда, қан және қан түзілу ағзалары ауруларын емдеу бағытындағы гематологтардың жетіспейтіндігі талайлардың жүйкесіне тиіп жүр. Өйткені гематологтың емдеуі немесе тексеруі қажет болған жағдайда бұл сала маманы барлық емханаларда бола бермейтіндіктен, оны шарқ ұрып іздеуге тура келеді. Гематологты тапқанның өзінде оның қабылдауы үшін алдын ала кезекке тіркеліп, кем дегенде бір ай күтесіз. Астананың өзіндегі жағдай осындай.

Соңғы деректерге қарағанда, еліміз бойынша гемофилия дертіне шалдыққан 1300-ге жуық адам есепте тұрады екен. Бұған гематологиялық тұрғыда тексерілуді қажет ететін азаматтарды қосқанда аталған саладағы маман-дәрігер қызметінің маңызы айқындала түседі.

Осы мәселені зерттеу барысында анықталғандай, бүгінде гематологтардың жетіспеушілігінен олардың орнына учаскелік терапевттер медициналық қызмет көрсетіп жүр. Бұл өз кезегінде гемофилиямен ауыратын тұлғалардың арасында тиісті кәсіби мамандардан ем қабылдай алмай жүргендердің баршылық екенін аңғартады.

Таяуда Қазақстандағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Асқар Шәкіров ел Үкіметінің назарын біз қозғап отырған мәселелерге аударып, арнайы хат жолдаған болатын.

Омбудсмен өз үндеуінде ерте кезден ауруды диагностикалауды, емдеуді, ауруды алдын алуды, науқастарды оңалтуды, сондай-ақ гемофилиямен науқастанғандарды бірыңғай орталықта есепке алуды, олардың дәрі-дәрмектік препараттарға, стационарлық және амбулаторлық емдеуге объективті қажеттілігін қамтамасыз етуді жүзеге асыра алатын республикалық мамандандырылған мекеме құру қажеттілігін қозғаған. Бүгінгі таңда шын мәнінде мұндай мекеменің қажеттілігі анық байқалып отыр. Осы орайда дамыған мемлекеттерде, тіпті өзімізбен етене, ғасырлар бойы тығыз қарым-қатынаста келе жатқан Ресей, Өзбекстан сынды елдерде аталған салаға қатысты орталықтар жұмыс істейтінін айта кеткеніміз орынды. Мысалы, Ресейдің Гематология ұлттық медициналық зерттеу орталығында жыл сайын 4000-нан астам гемобластозамен және қанға тікелей қатысты басқа да ауруларға шалдыққан науқастар ем алып, мыңнан астам ота жасалады екен. Сондай-ақ бұл елде ғылыми-клиникалық және клиникалық-диагностикалық бағытта қызмет көрсететін 28 мекеме бар көрінеді. Ал Өзбекстанның Гемофилия орталығында диспансеризация, ортопедиялық емдеу және оңалту мен алдын алу іс-шаралары жүзеге асырылады екен.

Жалпы, біз бүгін медицина саласындағы білікті, тәжірибелі мамандардың тапшылығының бір ғана мысалын сөз ете отырып, осы саладағы мамандарға деген зәрулікті, соның салдарынан денсаулық сақтау ісіндегі кейбір жағымсыз жайттар көбіне халықты әбігерге салып жүргенін айтқымыз келді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

1) мазмұнында:

897-1, 1000, 1001, 1031 және 1036-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

«897-1-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша зияткерлік меншік объектісін пайдалануға құқықты табыстауды тіркеу»;

«1000-бап. Өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге айрықша құқық беру

1001-бап. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалануға құқықты табыстау»;

«1031-бап. Тауар белгісіне құқық беру және тауар белгісін пайдалануға құқықты табыстау»;

«1036-бап. Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының қолданылу мерзімі»;

2) 897-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«897-1-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша зияткерлік меншік объектісін пайдалануға құқықты табыстауды тіркеу

Кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген немесе халықаралық шарттарға орай тіркеусіз қорғалатын өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді, селекциялық жетістіктерді, интегралдық микросхемалар топологияларын, тауар белгілерін (қызмет көрсету белгілерін) пайдалануға құқықты табыстау сараптама ұйымында тіркелуге жатады.»;

3) 966-баптың 2-тармағының 2) тармақшасында:

«сақтай отырып» деген сөздер «сақтамай» деген сөзбен ауыстырылсын;

«, бірақ» деген сөз «және» деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 991-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Патент алуға құқық туындайтын өнертабыстың, пайдалы модельдің, өнеркәсіптік үлгінің патентке қабілеттілік шарттарына қойылатын талаптар «Қазақстан Республикасының Патент Заңы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.»;

5) 998-баптың 1-тармағындағы «уәкілетті орган» деген сөздер «сараптама ұйымы» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 999-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзацта:

«патенттік органға (ұйымға)» деген сөздер «сараптама ұйымына» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) және 3) тармақшалардағы «патенттік орган (ұйым)» деген сөздер «сараптама ұйымы» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы «патенттік органға (ұйымға)» деген сөздер «сараптама ұйымына» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 1000-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1000-бап. Өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге айрықша құқық беру

Өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге айрықша құқық беру туралы шарт жазбаша нысанда жасалады. Айрықша құқық беру уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен тіркелуге жатады.

Жазбаша нысанның және (немесе) тіркеу туралы талаптың сақталмауы шарттың маңызсыздығына алып келеді.

Тіркеудің күшін жою «Қазақстан Республикасының Патент Заңы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.»;

8) 1001-баптың тақырыбы және 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1001-бап. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалануға құқықты табыстау

1. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалануға лицензиялық, қосалқы лицензиялық шарттар жазбаша нысанда жасалады. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалануға құқықты табыстау уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен тіркелуге жатады.

Жазбаша нысанның және (немесе) тіркеу туралы талаптың сақталмауы шарттың маңызсыздығына алып келеді.

Тіркеудің күшін жою «Қазақстан Республикасының Патент Заңы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.»;

9) 1002-баптың 1-тармағындағы «патенттік органына (ұйымына)» деген сөздер «сараптама ұйымына» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 1011-бапта:

бірінші бөліктегі «патенттік органға (ұйымға)» деген сөздер «сараптама ұйымына» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен селекциялық жетістіктердің жекелеген түрлері үшін патентті қолданудың неғұрлым ұзағырақ мерзімдері, сондай-ақ оларды ұзарту мүмкіндігі белгіленуі мүмкін.»;

11) 1015-баптың 1-тармағындағы «уәкілетті мемлекеттік органға» деген сөздер «сараптама ұйымына» деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 1020-баптың 4-тармағында:

«кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын басқа заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның тауар таңбасына (қызмет көрсету таңбасына) ұқсас немесе онымен араласып кету дәрежесіне дейін бірдей және осындай ұқсастық пен бірдейліктің» деген сөздер «басқа жеке немесе заңды тұлғаның тауар белгісімен (қызмет көрсету белгісімен) бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас болса және осындай бірдейліктің немесе ұқсастықтың» деген сөздермен ауыстырылсын;

«(фирмалық атау, тауар таңбасы, қызмет көрсету таңбасы)» деген сөздер «(фирмалық атау, тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі)» деген сөздермен ауыстырылсын;

«тауар таңбасына (қызмет көрсету таңбасына) құқықтық қорғау беруді жарамсыз» деген сөздер «тауар белгісіне (қызмет көрсету белгісіне) берілген құқықтық қорғауды жарамсыз» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 1024-баптың 1-тармағының үшінші бөлігіндегі «кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бір заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның тауар таңбасы (қызмет көрсету таңбасы) басқа заңды тұлғаның фирмалық атауына ұқсас немесе онымен араласып кету дәрежесіне дейін бірдей және осындай ұқсастық пен бірдейліктің» деген сөздер «бір жеке немесе заңды тұлғаның тауар белгісі (қызмет көрсету белгісі) басқа заңды тұлғаның фирмалық атауымен бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас болса және осындай бірдейліктің немесе ұқсастықтың» деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 1025-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Тауар белгісі иелерінің оны пайдалануға құқықтарын тауар белгісінің ерекшелену қабілетіне нұқсан келтіруі мүмкін талаптармен шектеуге жол берілмейді.»;

15) 1026-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1026-бап. Қазақстан Республикасының аумағында тауар белгісін құқықтық қорғау

Қазақстан Республикасының аумағында құқықтық қорғау сараптама ұйымы немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа орай халықаралық ұйым тіркеген тауар белгісіне беріледі.»;

16) 1027-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Тауар белгісінің басымдығы «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа орай белгіленеді.»;

2-тармақтың екінші бөлігіндегі «патенттік органға (ұйымға)» деген сөздер «сараптама ұйымына» деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 1029-бапта:

1-тармақтағы «куәлікте көрсетілген барлық тауарлар мен қызмет көрсетулер сыныптарына» деген сөздер «барлық тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы «патенттік органда (ұйымда)» деген сөздер «сараптама ұйымында» деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 1030-баптың 1-тармағындағы «куәлікте көрсетілген тауарлар мен қызмет көрсетулердің барлық сыныптарына» деген сөздер «тіркелген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге» деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 1031 және 1032-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«1031-бап. Тауар белгісіне құқық беру және тауар белгісін пайдалануға құқықты табыстау

Тауар белгісіне құқық беру туралы шарт, лицензиялық, қосалқы лицензиялық шар ттар жазбаша нысанда жасалады. Тауар белгісіне құқық беру немесе тауар белгісін пайдалануға құқықты табыстау уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен тіркелуге жатады.

Шарттың жазбаша нысанының және (немесе) тіркеу туралы талаптың сақталмауы шарттың маңызсыздығына алып келеді.

Тіркеудің күшін жою «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

1032-бап. Тауар белгісіне құқықты бұзғаны үшін жауаптылық

1. Тауар белгісі иесінің құқығын бұзған тұлға бұзушылықты дереу тоқтатуға және тауар белгісі иесінің шеккен залалдарын өтеуге міндетті.

2. Тауар белгісін немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені немесе жалпыға бірдей белгілі тауар белгісін пайдаланудың құқыққа сыйымдылығын айқындауға байланысты дауларды сот Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында белгіленген тәртіппен қарайды.

3. Тауар белгісі немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілеме құқық иеленушінің келісімінсіз орналастырылған тауар және оның қаптамасы контрафактілік деп танылады. Контрафактілік тауарлар және олардың қаптамалары, сондай-ақ оларды жасау үшін пайдаланылған саймандар, жабдық немесе өзге де құралдар мен материалдар осындай тауарларды айналымға енгізу қоғамдық мүдделер үшін қажет болатын және Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасының талаптарын бұзбайтын жағдайларды қоспағанда, соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде айналымнан шығарылуға және тәртіп бұзушының есебінен жойылуға жатады.

4. Құқық иеленуші осы баптың 3-тармағында көрсетілген жағдайларда контрафактілік тауарлардан және олардың қаптамаларынан заңсыз орналастырылған тауар белгісін немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені алып тастауды талап етуге құқылы.

5. Тауар белгісі иесінің құқығын бұзған тұлға жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету кезінде жұмыстарды орындаумен немесе қызметтер көрсетумен бірге жүретін материалдардан, оның ішінде құжаттамадан, жарнамадан, маңдайша жазулардан тауар белгісін немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені алып тастауға міндетті.

6. Құқық иеленуші құқық бұзу фактісі дәлелденген кезде залалдарды өтеудің орнына бұзушылықтың сипатын, тауар белгісі немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілеме құқық иеленушінің келісімімен орналастырылған біртектес (түпнұсқа) тауарлардың нарықтық құнын негізге ала отырып, бұзушыдан сот айқындайтын мөлшерде өтемақы төлеуді талап етуге құқылы.»;

20) 1033-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Тауар шығарылған жердің атауын құқықтық қорғау оны тіркеген кезде немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа орай беріледі.»;

21) 1034-баптың 3-тармағындағы «атауына бара-бар немесе ұқсас географиялық белгілеуді ол алғаш тіркелген күнге дейін кемінде алты ай бұрын адал ниетпен пайдаланған тұлға патенттік орган (ұйым) белгілеген мерзім ішінде, бірақ аталған тіркеу күнінен бастап санағанда кемінде жеті жыл бойы» деген сөздер «атауымен бірдей немесе ұқсас географиялық белгілеуді алғаш тіркелген күніне дейін кемінде алты ай бұрын адал ниетпен пайдаланған тұлға тауар шығарылған жердің көрсетілген атауы тіркелген күннен бастап жеті жыл бойы» деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 1036 және 1037-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«1036-бап. Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының қолданылу мерзімі

Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы сараптама ұйымына өтінім берілген күннен бастап есептегенде он жыл бойы қолданылады.

Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының қолданылу мерзімі оның иесінің соңғы қолданылу жылы ішінде берген өтініші бойынша, тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын беретін шарттар сақталған кезде он жылға ұзартылуы мүмкін. Ұзартылу шектеусіз сан мәрте жүргізілуі мүмкін.

1037-бап. Тауар шығарылған жердің атауын құқыққа сыйымсыз пайдаланғаны үшін жауаптылық

1. Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын бұзған тұлға бұзушылықты дереу тоқтатуға және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы иесінің шеккен залалдарын өтеуге міндетті.

2. Тауар шығарылған жердің атауын немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені пайдаланудың құқыққа сыйымдылығын айқындауға байланысты дауларды сот Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында белгіленген тәртіппен қарайды.

3. Тауар шығарылған жердің атауы немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілеме құқық иеленушінің келісімінсіз орналастырылған тауар және оның қаптамасы контрафактілік деп танылады. Контрафактілік тауарлар және олардың қаптамалары, сондай-ақ оларды жасау үшін пайдаланылған саймандар, жабдық немесе өзге де құралдар мен материалдар осындай тауарларды айналымға енгізу қоғамдық мүдделер үшін қажет болатын және Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасының талаптарын бұзбайтын жағдайларды қоспағанда, соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде айналымнан шығарылуға және бұзушының есебінен жойылуға жатады.

4. Құқық иеленуші осы баптың 3-тармағында көрсетілген жағдайларда контрафактілік тауарлардан және олардың қаптамаларынан заңсыз орналастырылған тауар шығарылған жердің атауын немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені алып тастауды талап етуге құқылы.

5. Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын бұзған тұлға жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету кезінде жұмыстарды орындаумен немесе қызметтер көрсетумен бірге жүретін материалдардан, оның ішінде құжаттамадан, жарнамадан, маңдайша жазулардан тауар шығарылған жердің атауын немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені алып тастауға міндетті.

6. Құқық иеленуші құқық бұзу фактісі дәлелденген кезде залалдарды өтеудің орнына бұзушылықтың сипатын, тауар шығарылған жердің атауы немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілеме құқық иеленушінің келісімімен орналастырылған біртектес (түпнұсқа) тауарлардың нарықтық құнын негізге ала отырып, бұзушыдан сот айқындайтын мөлшерде өтемақы төлеуді талап етуге құқылы.».

2. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2-құжат.; № 2, 6-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-құжат; № 10, 50-құжат; № 11, 52-құжат; № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 141, 143-құжаттар; № 22-II, 144, 145, 148-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 152, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-I, 166, 169-құжаттар; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 9-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-I, 49, 50-құжаттар; № 7-II, 53, 57-құжаттар; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 66, 67, 68, 70, 72-құжаттар; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126, 131-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 9, 17, 18, 21, 22-құжаттар; № 12, 34-құжат; № 14, 49, 50, 54-құжаттар; № 15, 55-құжат; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 114, 115-құжаттар; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 7-8, 22-құжат; 2018 жылғы 10 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2018 жылғы 28 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

158-бапта:

бірінші абзацта:

«Бөтен тауар белгісін,» деген сөздер «Тауар белгісіне айрықша құқықты түбегейлі пайдалануға байланысты жағдайларды қоспағанда, бөтен тауар белгісін,» деген сөздермен ауыстырылсын;

«онымен» деген сөз «оларға» деген сөзбен ауыстырылсын;

ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

«Ескертпе. Осы бапқа сәйкес тәркіленген контрафактілік тауарлар мұндай тауарларды айналымға енгізу қоғамдық мүдделер үшін қажет болатын және Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасының талаптарын бұзбайтын (тауардан және оның қаптамасынан заңсыз пайдаланылатын тауар белгісін немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені алып тастаған кезде) жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 795-бабында көзделген тәртіппен жойылуға жатады.».

3. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-II, 20-III, 112-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-II, 55-құжат; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126-құжаттар; 2017 ж., № 9, 21-құжат; № 14, 50, 51-құжаттар; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

178-баптағы «буманы» деген сөз «оларды қаптамада» деген сөздермен ауыстырылсын.

4. 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 22-I, 22-II, 107-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 288-баптың 1-тармағы бірінші бөлігі 6) тармақшасының бірінші бөлігіндегі «өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган берген өнеркәсіптік меншік объектілеріне» деген сөздер «берілген» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 550-баптың 2-тармағының 7) тармақшасы алып тасталсын;

3) 553-баптың 6-тармағы алып тасталсын;

4) 614-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«614-бап. Зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның заңдық мәні бар әрекеттер жасағаны үшін мемлекеттік баж мөлшерлемелері

Зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның заңдық мәні бар әрекеттер жасағаны үшін мемлекеттік баж мынадай мөлшерлерде алынады:

1) тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп таныған үшін – 1 АЕК;

2) патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттағаны үшін – 15 АЕК;

3) патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркегені үшін – 1 АЕК.»;

5) 623-баптың 1-тармағы 5) тармақшасының оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тануға, патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттауға және патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркеуге байланысты заңдық мәні бар әрекеттер жасағаны үшін;».

5. «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 1996 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 8-9, 237-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 75-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 25-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 2-бапта:

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«18) көшірмелеу (репрографиялық қайта шығару) – туындыларды кез келген техникалық құралдардың көмегімен, баспа мақсатынсыз жүзеге асырылатын факсимильдік қайта шығару. Техникалық құралдардың көмегімен көшірмелеуді жүзеге асыруға арналған уақытша көшірмелерді жасау жағдайларынан басқа, көшірмелеуге туындыны қайта шығару немесе оның көшірмелерін электрондық (оның ішінде цифрлық), оптикалық немесе машинамен оқылатын өзге де нысанда сақтау кірмейді;»;

19) тармақша «даналарын дайындау,» деген сөздерден кейін «көшірмелеу (репрографиялық қайта шығару),» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 9-бапта:

1-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Автор жарияланбаған туындыға жеке мүліктік емес құқықтарын куәландыру үшін авторлық құқықтың қорғалатын мерзімі ішінде кез келген уақытта қажетті мәліметтерді осы Заңға сәйкес Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне (бұдан әрі – Тізілім) енгізуге құқылы.»;

4-тармақ алып тасталсын;

3) 9-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«9-1-бап. Мәліметтерді Тізілімге енгізу

1. Мәліметтерді және олардың өзгерістерін Тізілімге енгізу уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен, автордың өтініші алынған күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде немесе соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде жүргізіледі.

Тізілімде автордың өтініші алынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде енгізілген мәліметтердің тиесілілігін, сипатын немесе мазмұнын өзгертпейтін техникалық сипаттағы қателер түзетілуі мүмкін.

2. Мәліметтерді Тізілімге енгізу туралы өтінішке туындының бір данасы және осы көрсетілген қызметке ақы төленгендігін растайтын құжаттың көшірмесі және қажет болған жағдайда ақы төлеу мөлшерін азайту негізін растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Туындының бір данасының орнына өтінішке – эскиздер, сызбалар, суреттер немесе фотосуреттер, ал ЭЕМ-ге немесе деректқорға арналған бағдарламаларға қатысты бағдарламаның немесе деректқордың атауын, автордың тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), жасалған күнін, қолдану саласын, мақсатын, функционалдық мүмкіндіктерін, бастапқы кодын (бастапқы мәтінді), негізгі техникалық сипаттамаларын, бағдарламалау тілін, іске асырушы ЭЕМ-нің типін қамтитын реферат қоса берілуі мүмкін.

Діни мазмұндағы туындыларға қатысты дінтану сараптамасының оң қорытындысының көшірмесі қосымша ұсынылады.

Құрамдас туындыға немесе туынды шығармаға қатысты төл туындының авторымен немесе құқық иеленушісімен жасалған авторлық шарттың көшірмесі қосымша ұсынылады.

3. Бөлек тең авторлықпен шығарылған туындыларға авторлық құқықтар туралы мәліметтер тең авторлардың кез келгені оны өзінің өтінішінде көрсеткен жағдайда Тізілімге бөлек енгізілуі мүмкін.

4. Тізілімге бір жеке немесе заңды тұлғалардың тауарларын (көрсететін қызметтерін) басқа жеке немесе заңды тұлғалардың біртектес тауарларынан (көрсететін қызметтерінен) ажыратуға қызмет ететін (арналған) туындыларға құқықтар туралы мәліметтер енгізілмейді.

5. Автор құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда сараптама ұйымы өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Сараптама ұйымы осы баптың талаптары сақталмаған жағдайда қызметтерді көрсетуден бас тартады.

6. Уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша куәлік беру тиісті мәліметтерді Тізілімге енгізуді растау болып табылады.

7. Тізілімнен алынған мәліметтердің күшін жою автордың өтініші бойынша, сондай-ақ соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде жүргізіледі.

8. Құжаттардың көшірмелері, тиісті туындының бір данасы және (немесе) оның сипаттамасы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға автордың келісімімен беріледі.»;

4) мынадай мазмұндағы 9-2-баппен толықтырылсын:

«9-2-бап. Сараптама ұйымы

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, өз қызметінде уәкілетті органға ведомстволық бағынысты сараптама ұйымы:

1) мәліметтерді және олардың өзгерістерін Тізілімге енгізеді;

2) өз қызметі шеңберінде мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

3) Тізілімді жүргізеді және оған қолжетімділікті қамтамасыз етеді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады.

2. Сараптама ұйымы мәліметтерді Тізілімге енгізгені үшін көрсетілген қызметтерге ақы төлеу кезінде:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен оларға теңестірілген адамдарға;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға;

1941 жылғы 22 маусым мен 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға;

мүгедектерге, сондай-ақ бала кезінен мүгедектің ата-анасының біреуіне;

оралмандарға;

кәмелетке толмағандарға жеңілдіктер береді.

Жеңілдіктер жоғарыда санамаланған адамдар санаттарының кез келгеніне жататындығы туралы растайтын құжаттар ұсынылған кезде мәліметтерді Тізілімге енгізу жөнінде көрсетілген қызмет үшін бағаның 95 пайызы мөлшерінде беріледі.

3. Уәкілетті органмен келісу бойынша сараптама ұйымы қызметтер көрсеткені үшін осы ұйым шеккен шығындарды толық өтеу, оның қызметінің шығынсыздығы және өз кірістері есебінен қаржыландыру қамтамасыз етілген жағдайда, көрсетілетін қызметтердің бағаларын бекітеді.»;

5) 16-1-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым пайдаланушылармен шарттар жасасқан кезде авторлық сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген сыйақының ең төменгі мөлшерлемелерінен төмен етіп белгілеуге құқылы емес.»;

6) 19-баптың 2) тармақшасы «көлемде» деген сөзден кейін «кіріс алмастан» деген сөздермен толықтырылсын;

7) 32-баптың 9 және 10-тармақтарындағы «жарамсыз» деген сөз «маңызсыз» деген сөзбен ауыстырылсын;

8) 40-2-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым пайдаланушылармен шарттар жасасқан кезде фонограммаларды орындаушылар мен шығарушыларға сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген сыйақының ең төменгі мөлшерлемелерінен төмен етіп белгілеуге құқылы емес.»;

9) 46-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын, авторлық және сабақтас құқықтардың иелері оның репертуарынан туындылар мен сабақтас құқықтардың объектілерін алып тастаған ұйым көрсетілген мерзім өткен соң пайдаланушыларға оларды пайдалануға рұқсат беруге құқылы емес.»;

10) 46-2-баптың 7-тармағында:

бірінші бөліктегі «шешім қабылдайды және өтініш берушіге бес жыл мерзімге аккредиттеу туралы куәлік береді» деген сөздер «не аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Аккредиттеу туралы куәлік өтініш берушіге бес жыл мерзімге беріледі.»;

11) 47-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Авторлардың, орындаушылардың, фонограмма шығарушылардың немесе өзге де авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды иеленушілердің мүліктік құқықтарын ұжымдық негізде басқаратын ұйым жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 15 сәуірінен кешіктірмей уәкілетті органға:

1) мұндай ұйымның жарғысына және өзге де құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістерді;

2) мұндай ұйым осыған ұқсас құқықтарды басқаратын шетелдік ұйымдармен жасасатын екіжақты және көпжақты келісімдердің көшірмелерін;

3) жалпы жиналыстың шешімдерінің көшірмелерін;

4) жиналған, бөлінген, бөлінбеген, төленген, төленбеген, талап етілмеген сыйақылар туралы мәліметтерді қоса алғанда, жылдық балансты, жылдық есепті;

5) авторлық құқық немесе сабақтас құқықтар объектілерін пайдаланғаны үшін сыйақыны жинау, бөлу және төлеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жергілікті жерлердегі филиалдар мен өкілдіктер туралы ақпаратты беруге міндетті.

Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым екі жылда бір реттен сиретпей уәкілетті органға 15 сәуірден кешіктірілмейтін мерзімде аудиторлық есепті де ұсынады.

Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым ұсынатын құжаттарды нотариат куәландырады немесе олар осындай ұйымның мөрімен куәландырылады.»;

12) 49-баптың 1-1-тармағы алып тасталсын.

6. «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 19, 655-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2009 ж., № 24, 129-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 16-құжаттар; № 14, 95-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 20-VII, 115, 119-құжаттар; № 22-VII, 161-құжат):

1) 2-баптың 2) тармақшасы алып тасталсын;

2) 3-бапта:

3-тармақ алып тасталсын;

5-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Патенттің қолданылу мерзімі патент иеленушінің өтінішхаты бойынша әрбір ұзарту жылы үшін жүргізілген төлем ескеріле отырып, бірақ он жылдан аспайтындай етіп ұзартылуы мүмкін.»;

3) 3-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Уәкілетті органның құзыретіне мыналар жатады:

1) селекциялық жетістіктерді құқықтық қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

2) мыналарды:

селекциялық жетістіктерге арналған өтінімдерге алдын ала сараптама жүргізу қағидаларын;

Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде селекциялық жетістіктерді тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, патенттердің күшін жою және қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын;

селекциялық жетістікке айрықша құқық беруді, оны пайдалануға, ашық немесе мәжбүрлі лицензияға құқықты табыстауды Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде тіркеу қағидаларын;

Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмелер беру қағидаларын;

апелляциялық кеңестің қарсылықтарды қарау қағидаларын;

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес селекциялық жетістіктерге арналған өтінімдерді қарау қағидаларын;

аттестаттау комиссиясы туралы ережені;

апелляциялық кеңес туралы ережені;

апелляциялық комиссия туралы ережені әзірлеу және бекіту;

3) селекциялық жетістіктерді тіркеуге жататын мәліметтерді бюллетеньде жариялау тәртібін айқындау;

4) патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу және оларды патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу;

5) аттестаттау комиссиясының, апелляциялық кеңестің және апелляциялық комиссияның қызметін ұйымдастыру;

6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.»;

4) 3-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«3-2-бап. Сараптама ұйымы

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, өз қызметінде уәкілетті органға ведомстволық бағынысты сараптама ұйымы:

1) селекциялық жетістіктерге арналған өтінімдерге алдын ала сараптама жүргізеді;

2) Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде селекциялық жетістіктерді тіркейді және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын береді, патенттердің күшін жоюды және қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатуды жүзеге асырады;

3) селекциялық жетістікке айрықша құқық беруді, оны пайдалануға, ашық немесе мәжбүрлі лицензияға құқықты табыстауды Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде тіркейді;

4) Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін, бюллетеньді жүргізеді және оларды өзінің интернет-ресурсына орналастырады;

5) Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмелер береді;

6) селекциялық жетістіктерді тіркеуге жататын мәліметтерді бюллетеньде жариялайды;

7) тіркелген селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерді мүдделі тұлғалардың өтініштері негізінде іздеуді жүзеге асырады;

8) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес селекциялық жетістіктерге арналған өтінімдерді қарайды;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады.

2. Уәкілетті органмен келісу бойынша сараптама ұйымы селекциялық жетістіктерді қорғау саласында қызметтер көрсеткені үшін осы ұйым шеккен шығындарды толық өтеу, оның қызметінің шығынсыздығы және өз кірістері есебінен қаржыландыру қамтамасыз етілген жағдайда, көрсетілетін қызметтердің бағаларын бекітеді.»;

5) 5-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

(Жалғасы 10-бетте)

(Жалғасы. Басы 1, 9-беттерде)

5-тармақтың екінші бөлігіндегі «Сараптама жүргізуге арналған өтінімді мәні бойынша» деген сөздер «Патентке қабілеттілікке сараптама жүргізуге арналған өтінімді» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Өтінім және оны қараудың барысы туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға берілмейді.»;

6) 6-баптың 3-тармағының екінші бөлігіндегі «уәкілетті орган» деген сөздер «сараптама ұйымы» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 7-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы Заңның 5-бабының 3-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттар келіп түскен күн, ал егер құжаттар бір мезгілде ұсынылмаса – олардың соңғысы келіп түскен күн сараптама ұйымына өтінім берілген күн болып табылады.»;

8) 8-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

«Өтінім беруші Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде селекциялық жетістік тіркелгенге дейін өтінімді кері қайтарып ала алады.»;

3-тармақтағы «уәкілетті орган» деген сөздер «сараптама ұйымы» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Алдын ала сараптама нәтижесінде оң шешім шығарылған өтінімдер туралы мәліметтер шешім қабылданған күннен бастап бір ай ішінде бюллетеньде жарияланады.»;

9) 10-бапта:

1-тармақтың үшінші бөлігіндегі «Уәкілетті орган» деген сөздер «Сараптама ұйымы» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта:

екінші бөліктегі «уәкілетті орган» деген сөздер «сараптама ұйымы» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлікте:

«Уәкілетті органның патент беру туралы шешім қабылдағаны» деген сөздер «Патент беру туралы шешімнің қабылданғаны» деген сөздермен ауыстырылсын;

«, сондай-ақ мемлекеттік баж төлемін» деген сөздер алып тасталсын;

«Көрсетілген құжаттар» деген сөздер «Көрсетілген құжат» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта:

бірінші бөліктегі «уәкілетті орган» деген сөздер «сараптама ұйымы» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік алып тасталсын;

6-тармақтағы «уәкілетті орган» деген сөздер «сараптама ұйымы» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 12-баптың 2-тармағындағы «уәкілетті орган» деген сөздер «сараптама ұйымы» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 13-баптың бірінші бөлігінің 3) тармақшасындағы «уәкілетті органға» деген сөздер «сараптама ұйымына» деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«18-бап. Селекциялық жетістікті пайдалануға құқықты табыстау

1. Патент иеленуші болып табылмайтын кез келген тұлға (лицензиат) қорғалатын селекциялық жетістікті патент иеленушінің (лицензиар) рұқсатымен лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе лицензиармен жасалатын, лицензиялық шарттың талаптарын қамтитын өзге де шарт (лицензиялық шарт) негізінде пайдалануға құқылы.

2. Лицензиялық шартта лицензиардың лицензиатқа:

1) лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін және басқа тұлғаларға лицензия (қарапайым, ерекше емес лицензия) беру құқығын сақтап;

2) лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін сақтап, бірақ басқа тұлғаларға лицензия (жалғыз лицензия) беру құқығынсыз;

3) лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін сақтамай және басқа тұлғаларға лицензия (ерекше лицензия) беру құқығынсыз селекциялық жетістікті пайдалану құқығын табыстау көзделуі мүмкін.

Лицензиялық шартта пайдалану талаптары көрсетілмеген жағдайда, селекциялық жетістікті пайдалануға құқық қарапайым, ерекше емес лицензия талаптарымен табысталады.

Егер лицензиялық шартта өзгеше көзделмесе, лицензиат селекциялық жетістікті пайдалануды Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жүзеге асыруға құқылы.

Селекциялық жетістікті пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі лицензиялық шартта айқындалады және тараптардың өзара келісуі бойынша ұзартылуы мүмкін.

Лицензиялық шартта мерзім көрсетілмеген жағдайда, селекциялық жетістікті пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі осы шарт тіркелген күннен бастап бес жылға тең болады.

Селекциялық жетістікке айрықша құқықтың қолданысын тоқтату лицензиялық шарттың қолданысын тоқтатуға алып келеді.

Лицензиат селекциялық жетістікті пайдалануға құқықты лицензиялық шарттың талаптарын ескере отырып, қосалқы лицензиялық шарттың немесе кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шартының негізінде басқа тұлғаға (қосалқы лицензиат) беруге құқылы. Егер лицензиялық шартта өзгеше көзделмесе, қосалқы лицензиаттың әрекеттері үшін лицензиат лицензиар алдында жауапты болады.

Селекциялық жетістікке айрықша құқықты басқа тұлғаға беру лицензиялық шарттың тоқтатылуына алып келмейді.

3. Селекциялық жетістікті пайдалануға құқықты табыстау туралы шарттар мен қосымша келісімдер жазбаша нысанда жасалады және Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде тіркелуге жатады.»;

13) 19-бапта:

бірінші бөліктегі «уәкілетті органға» деген сөздер «сараптама ұйымына» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі «төлемдер туралы шарт жасасып, оны міндетті түрде уәкілетті органда» деген сөздер «шарт жасасып, оны осы Заңға сәйкес міндетті түрде» деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 20-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«20-1-бап. Селекциялық жетістікке айрықша құқық беру

1. Патент иеленуші өзіне тиесілі селекциялық жетістікке айрықша құқықты өзгеге беру шарты бойынша басқа жеке немесе заңды тұлғаға беруге құқылы.

Селекциялық жетістікке айрықша құқық беру туралы шарт осы айрықша құқықтың қолданылу мерзімі ішінде жазбаша нысанда жасалады.

2. Селекциялық жетістікке айрықша құқық беру Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде тіркелуге жатады.»;

15) 5-тарау мынадай мазмұндағы 20-2-баппен толықтырылсын:

«20-2-бап. Селекциялық жетістікке айрықша құқық беруді және оны пайдалануға құқықты табыстауды тіркеу шарттары

1. Селекциялық жетістікке айрықша құқық беруді және оны пайдалануға құқықты табыстауды тіркеу шарттың мүдделі тарапының өтініші алынған күннен кейінгі он жұмыс күні ішінде мәліметтерді Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізу жолымен жүзеге асырылады.

Жазбаша нысанның және (немесе) тіркеу туралы талаптың сақталмауы шарттың маңызсыздығына алып келеді.

2. Шарттың тоқтатылуына байланысты Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне өзгерістер енгізу немесе соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде тіркеудің күшін жою шарттың мүдделі тарапының өтініші келіп түскен күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Тіркеу туралы мәліметтерде мүдделі тұлғаның өтініші алынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде және шарттың басқа мүдделі тараптарына жазбаша хабарлама жіберілген жағдайда, олардың тиесілілігін, сипатын немесе мазмұнын өзгертпейтін техникалық сипаттағы қателер түзетілуі мүмкін.

3. Мыналар:

1) селекциялық жетістікке айрықша құқықтың тоқтатылған қолданысын қалпына келтіруге арналған мерзімнің болуы;

2) құжаттар топтамасын толық ұсынбау не ұсынылған құжаттардағы мәліметтердің сәйкес келмеуі;

3) ұсынылған құжаттардағы мәліметтердің Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміндегі мәліметтерге сәйкес келмеуі тіркеуге уақытша кедергі келтіретін негіздер болып табылады.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген негіздер анықталған жағдайда, өтініш берушіге оларды жою туралы сұрау салу жіберіледі. Тіркеу мерзімі сұрау салу жіберілген күннен бастап үш айға тоқтатыла тұрады.

5. Мыналар:

1) селекциялық жетістікке айрықша құқықтың тоқтатылған қолданысын қалпына келтіруге арналған мерзімнің өтуі;

2) тіркеуге уақытша кедергі келтіретін негіздерді жоюға арналған мерзімнің өтуі;

3) шарттың тарапы болып табылмайтын тұлғадан тіркеу туралы өтінішті алу;

4) лицензиялық шартты немесе оған қосымша келісімді тіркеудің болмауы;

5) тарапта селекциялық жетістікті пайдалануға құқықты табыстауға кедергі келтіретін қабылданған міндеттемелердің болуы тіркеуден бас тартуға негіз болып табылады.»;

16) 21-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

17) 22-бапта:

1-тармақтың бірінші абзацындағы «уәкілетті орган» деген сөздер «сараптама ұйымы» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 1) тармақшасындағы «уәкілетті органға» деген сөздер «сараптама ұйымына» деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 22-1 және 22-3-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«22-1-бап. Апелляциялық кеңес

1. Апелляциялық кеңес уәкілетті орган жанындағы, өтініш берушілердің қарсылықтарын сотқа дейін қарау жөніндегі алқалы орган болып табылады.

2. Апелляциялық кеңеске сараптама ұйымының:

1) селекциялық жетістікке патент беруге арналған өтінімді қараудан;

2) селекциялық жетістікке патент беруден бас тарту туралы шешімдеріне қарсылық берілуі мүмкін.

Көрсетілген қарсылықтарды сотқа дейін қарау міндетті болып табылады.

3. Апелляциялық кеңестің құрамына агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы және селекциялық жетістіктерді қорғау саласындағы уәкілетті органдардың, сондай-ақ көрсетілген уәкілетті органдардан қоғамдық кеңестердің өкілдерін қоса алғанда, мүшелердің тақ саны (кемінде бесеуі) кіруге тиіс.

4. Апелляциялық кеңестің құрамына мыналар кіре алмайды:

1) патенттік сенім білдірілген өкілдер;

2) жұбайлары, жақын туыстары немесе жекжаттары;

3) сараптама ұйымының қызметкерлері.

5. Апелляциялық кеңестің кез келген мүшесі:

1) осы баптың 4-тармағының негізінде апелляциялық кеңестің отырысына қатысушылар мәлімдеген өздігінен бас тарту немесе қарсылық білдіру жағдайында;

2) еңбекке уақытша жарамсыздығына, демалыста немесе іссапарда болуына байланысты болмаған жағдайда ауыстырылуы мүмкін.

6. Апелляциялық кеңестің әрбір отырысы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бейнетүсіру қолданылып жүргізіледі.»;

«22-3-бап. Қарсылықты қарау

1. Қарсылықты қарауды апелляциялық кеңес уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және осы Заңда көзделген мерзімдерде жүзеге асырады.

2. Қарсылық беруге арналған мерзім өткізіп алынған кезде апелляциялық кеңес ұсынылған құжаттардың негізінде мерзімді өткізіп алу себептерін дәлелді деп таныған жағдайда, оны қарауға қабылдай алады.

3. Қарсылықты қарау мерзімі өтініш берушінің жазбаша өтінішхаты бойынша үш айға дейін ұзартылуы мүмкін.

4. Апелляциялық кеңес:

1) қарсылықты мәлімдеуші қарсылықты өзінің қатысуынсыз қарау туралы өтінішхат берген жағдайды қоспағанда, өзі келмеген;

2) өтініш беруші қосымша дәлелдемелерді ұсыну үшін уақыттың қажеттігі туралы өтінішхат берген жағдайда, отырыс өткізілетін күнді ауыстыруға құқылы.

5. Апелляциялық кеңес мынадай шешімдердің бірін шығарады:

1) қарсылықты қанағаттандыру туралы;

2) қарсылықты ішінара қанағаттандыру туралы;

3) қарсылықты қараудан бас тарту туралы;

4) қарсылықты қанағаттандырудан бас тарту туралы.

Апелляциялық кеңес өзінің бастамасы бойынша қарсылықтың нысанасын немесе негізін өзгертуге құқылы емес.

6. Апелляциялық кеңестің барлық мүшелері қарсылықты қараған кезде тең құқықтарды пайдаланады. Апелляциялық кеңестің шешімі оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

7. Қабылданған шешім шығарылған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде қарсылықты мәлімдеушіге жіберіледі.

8. Апелляциялық кеңес қабылданған шешімде жіберілген қате жазуларды немесе айқын техникалық қателерді өз бетінше немесе отырысқа қатысушылардың өтінішхаты бойынша түзете алады.

Апелляциялық кеңестің шешіміне түзетулер енгізу апелляциялық кеңестің қосымша шешімімен ресімделеді.

9. Апелляциялық кеңес қарсылықты мәлімдеушінің өтінішхаты бойынша қарсылықты қараусыз қалдыра алады. Қарсылықты қараусыз қалдыру туралы шешім апелляциялық кеңес отырысының хаттамасымен ресімделеді.

10. Қабылданған шешімге сотқа шағым жасалуы мүмкін.»;

19) 22-4-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жоғары білімі және кемінде төрт жыл еңбек өтілі бар, аттестаттаудан өткен және патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркелген Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы патенттік сенім білдірілген өкіл болуға құқылы.

Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу кандидат берілген патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігімен расталатын аттестаттаудан өткен кезде жүзеге асырылады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттау Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік объектілерін қорғау саласындағы заңнамасын білуіне тестілеу нысанында жүзеге асырылады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу және оған өзгерістер енгізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімі уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылады.»;

20) 22-6-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«22-6-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігін жарамсыз деп тану және патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміндегі мәліметтердің күшін жою»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Аттестаттау комиссиясының шешімі немесе соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігі жарамсыз деп танылады және күшін жою туралы тиісті мәліметтер патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміне енгізіледі.»;

3-тармақ алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Уәкілетті орган патенттік сенім білдірілген өкілдің әрекетіне жеке немесе заңды тұлғаның шағымы келіп түскен жағдайда, уәкілетті орган қызметкерлерінің тақ санынан тұратын апелляциялық комиссияны құрады. Апелляциялық комиссия келіп түскен шағымды қараған кезеңде патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің қолданысы тоқтатыла тұрады, бұл туралы патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде белгі жасалады.

Шағымды қарау нәтижелері бойынша апелляциялық комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) уәкілетті органға патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің қолданысын тоқтату туралы талап қою арызын сотқа жіберуге ұсыным жасау;

2) шағымды қанағаттандырудан бас тарту.

Апелляциялық комиссияның шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Апелляциялық комиссияның шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.»;

21) 23-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мынадай даулар:»;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) патентті жарамсыз деп тану туралы;»;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Даулар осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілгендерді қоспағанда, тараптардың жазбаша келісімі бойынша медиация тәртібімен шешілуі немесе төреліктің қарауына берілуі мүмкін.»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Заңның 22-1-бабының 2-тармағында көрсетілген сараптама ұйымының шешімдеріне қарсылықтар апелляциялық кеңесте қаралғаннан кейін сотқа беріледі.»;

22) 25-баптың бірінші бөлігі алып тасталсын;

23) 28-баптың 2-тармағындағы «және өзге де нормативтік құқықтық актілерден» деген сөздер алып тасталсын.

7. «Қазақстан Республикасының Патент Заңы» 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 20, 718-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2009 ж., № 15-16, 75-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 14, 95-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 19-II, 102-құжат; № 20-VII, 115, 119-құжаттар):

1) 4-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Уәкілетті органның құзыретіне мыналар жатады:

1) өнеркәсіптік меншік объектілерін құқықтық қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

2) мыналарды:

өнеркәсіптік меншік объектілеріне арналған өтінімдерге сараптама жүргізу қағидаларын;

өнеркәсіптік меншік объектілерін Өнертабыстардың мемлекеттік тізілімінде, Пайдалы модельдердің мемлекеттік тізілімінде, Өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, патенттерді жарамсыз деп тану және олардың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын;

өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беруді, оны пайдалануға, ашық немесе мәжбүрлі лицензияға құқықты табыстауды тиісті мемлекеттік тізілімдерде тіркеу қағидаларын;

тиісті мемлекеттік тізілімдерден үзінді көшірмелер беру қағидаларын;

апелляциялық кеңестің қарсылықтарды қарау қағидаларын;

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес өнеркәсіптік меншік объектілеріне арналған өтінімдерді қарау қағидаларын;

аттестаттау комиссиясы туралы ережені;

апелляциялық кеңес туралы ережені;

апелляциялық комиссия туралы ережені әзірлеу және бекіту;

3) өнеркәсіптік меншік объектілерін тіркеуге жататын мәліметтерді бюллетеньде жариялау тәртібін айқындау;

4) патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу және оларды патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу;

5) аттестаттау комиссиясының, апелляциялық кеңестің және апелляциялық комиссияның қызметін ұйымдастыру;

6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.»;

2) 4-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«4-1-бап. Сараптама ұйымы

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, өз қызметінде уәкілетті органға ведомстволық бағынысты сараптама ұйымы:

1) өнеркәсіптік меншік объектілеріне арналған өтінімдерге сараптама жүргізеді;

2) өнеркәсіптік меншік объектілерін тиісті мемлекеттік тізілімдерде тіркейді және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын береді, патенттерді жарамсыз деп таниды және олардың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатады;

3) өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беруді, оны пайдалануға, ашық немесе мәжбүрлі лицензияға құқықты табыстауды тиісті мемлекеттік тізілімдерде тіркейді;

4) тиісті мемлекеттік тізілімдерді, бюллетеньді жүргізеді және оларды өзінің интернет-ресурсына орналастырады;

5) тиісті мемлекеттік тізілімдерден үзінді көшірмелер береді;

6) өнеркәсіптік меншік объектілерін тіркеуге жататын мәліметті бюллетеньде жариялайды;

7) тіркелген өнеркәсіптік меншік объектілері туралы мәліметтерді мүдделі тұлғалардың өтініштері негізінде іздеуді жүзеге асырады;

8) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес өнеркәсіптік меншік объектілеріне арналған өтінімдерді қарайды;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады.

2. Уәкілетті органмен келісу бойынша сараптама ұйымы өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау саласында қызметтер көрсеткені үшін осы ұйым шеккен шығындарды толық өтеу, оның қызметінің шығынсыздығы және өз кірістері есебінен қаржыландыру қамтамасыз етілген жағдайда, көрсетілетін қызметтердің бағаларын бекітеді.»;

3) 5-бапта:

3-тармақтың алтыншы бөлігі алып тасталсын;

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Өнертабыс пен пайдалы модельге патентпен берілетін құқықтық қорғау көлемі – олардың формуласымен, ал өнеркәсіптік үлгіге патентпен берілетін құқықтық қорғау көлемі бұйымның сыртқы түрінің кескіндерінде көрсетілген оның елеулі белгілерінің жиынтығымен айқындалады. Өнертабыстың, пайдалы модельдің формуласына түсінік беру үшін сипаттама мен сызбалар пайдаланылуы мүмкін.»;

4) 8-баптың 1-тармағындағы «және өнеркәсіптік үлгінің маңызды белгілерінің тізбесінде келтірілген» деген сөздер алып тасталсын;

5) 9-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қазақстан Республикасындағы өнертапқыштық қызметті насихаттау және ол туралы хабардар болуды арттыруды қолдау мақсатында уәкілетті орган ғылым, индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органдармен және басқа да мүдделі органдармен бірлесіп, әлеуметтік және экономикалық маңызы бар, бәсекеге қабілетті, экологиялық қауіпсіз өнертабыстарды іріктеу бойынша жыл сайынғы «Шапағат» конкурсын өткізу, сондай-ақ неғұрлым маңызды және кеңінен пайдаланылатын өнертабыстардың авторлары үшін «Еңбек сіңірген өнертапқыш» атағын беру тәртібін әзірлейді және айқындайды.»;

6) 11-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«11-бап. Өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға айрықша құқық және мәжбүрлі ерекше емес лицензияны беру шарттары»;

2-тармақтың төртінші бөлігіндегі «бұйымның ұсынылған кескіндерінде (макетінде) көрсетілген және негізгі белгілерінің тізбесінде келтірілген» деген сөздер «сыртқы түрдің кескіндерінде көрсетілген оның» деген сөздермен ауыстырылсын;

6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 және 13-тармақтар алып тасталсын;

7) мынадай мазмұндағы 11-1-баппен толықтырылсын:

«11-1-бап. Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беру

1. Патент иеленуші өзіне тиесілі өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықты өзгеге беру шарты бойынша басқа жеке немесе заңды тұлғаға беруге құқылы.

Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беру туралы шарт осы айрықша құқықтың қолданылу мерзімі шегінде жазбаша нысанда жасалады.

2. Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беру тиісті мемлекеттік тізілімде тіркелуге жатады.»;

8) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«14-бап. Өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықты табыстау

1. Патент иеленуші болып табылмайтын кез келген тұлға (лицензиат) қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісін патент иеленушінің (лицензиардың) рұқсатымен лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе лицензиармен жасалатын, лицензиялық шарттың талаптарын қамтитын өзге де шарт (лицензиялық шарт) негізінде пайдалануға құқылы.

2. Лицензиялық шартта лицензиардың лицензиатқа:

1) лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін және басқа тұлғаларға лицензия (қарапайым, ерекше емес лицензия) беру құқығын сақтап;

2) лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін сақтап, бірақ басқа тұлғаларға лицензия (жалғыз лицензия) беру құқығынсыз;

3) лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін сақтамай және басқа тұлғаларға лицензия (ерекше лицензия) беру құқығынсыз өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану құқығын табыстау көзделуі мүмкін.

Лицензиялық шартта пайдалану талаптары көрсетілмеген жағдайда, өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық қарапайым, ерекше емес лицензия талаптарымен табысталады.

Егер лицензиялық шартта өзгеше көзделмесе, лицензиат өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануды Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жүзеге асыруға құқылы.

Өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі лицензиялық шартта айқындалады және тараптардың өзара келісуі бойынша ұзартылуы мүмкін.

Лицензиялық шартта мерзім көрсетілмеген жағдайда, өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі осы шарт тіркелген күннен бастап бес жылға тең болады.

Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтың қолданысын тоқтату лицензиялық шарттың қолданысын тоқтатуға алып келеді.

Лицензиат өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықты лицензиялық шарттың талаптарын ескере отырып, қосалқы лицензиялық шарттың немесе кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шартының негізінде басқа тұлғаға (қосалқы лицензиатқа) беруге құқылы. Егер лицензиялық шартта өзгеше көзделмесе, қосалқы лицензиаттың әрекеттері үшін лицензиат лицензиар алдында жауапты болады.

Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықты басқа тұлғаға беру лицензиялық шарттың тоқтатылуына алып келмейді.

3. Өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықты табыстау туралы шарттар мен қосымша келісімдер жазбаша нысанда жасалады және тиісті мемлекеттік тізілімде тіркелуге жатады.»;

9) мынадай мазмұндағы 14-1 және 14-2-баптармен толықтырылсын:

«14-1-бап. Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беруді және оны пайдалануға құқықты табыстауды тіркеу шарттары

1. Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беруді және оны пайдалануға құқықты табыстауды тіркеу шарттың мүдделі тарапының өтініші алынған күннен кейінгі он жұмыс күні ішінде мәліметтерді тиісті мемлекеттік тізілімдерге енгізу жолымен жүзеге асырылады.

Жазбаша нысанның және (немесе) тіркеу туралы талаптың сақталмауы шарттың маңызсыздығына алып келеді.

2. Шарттың тоқтатылуына байланысты тиісті мемлекеттік тізілімдерге өзгерістер енгізу немесе соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде тіркеудің күшін жою шарттың мүдделі тарапының өтініші келіп түскен күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Тіркеу туралы мәліметтерде мүдделі тұлғаның өтініші алынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде және шарттың басқа мүдделі тараптарына жазбаша хабарлама жіберілген жағдайда, олардың тиесілілігін, сипатын немесе мазмұнын өзгертпейтін техникалық сипаттағы қателер түзетілуі мүмкін.

3. Мыналар:

1) өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтың тоқтатылған қолданысын қалпына келтіруге арналған мерзімнің болуы;

2) құжаттар топтамасын толық ұсынбау не ұсынылған құжаттардағы мәліметтердің сәйкес келмеуі;

3) ұсынылған құжаттардағы мәліметтердің тиісті мемлекеттік тізілімдердегі немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа сәйкес жүргізілетін тізілімдегі мәліметтерге сәйкес келмеуі тіркеуге уақытша кедергі келтіретін негіздер болып табылады.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген негіздер анықталған жағдайда, өтініш берушіге оларды жою туралы сұрау салу жіберіледі. Тіркеу мерзімі сұрау салу жіберілген күннен бастап үш айға тоқтатыла тұрады.

5. Мыналар:

1) өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтың тоқтатылған қолданысын қалпына келтіруге арналған мерзімнің өтуі;

2) тіркеуге уақытша кедергі келтіретін негіздерді жоюға арналған мерзімнің өтуі;

3) шарттың тарапы болып табылмайтын тұлғадан тіркеу туралы өтінішті алу;

4) лицензиялық шартты немесе оған қосымша келісімді тіркеудің болмауы;

5) тарапта өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықты табыстауға кедергі келтіретін қабылданған міндеттемелердің болуы тіркеуден бас тартуға негіз болып табылады.

14-2-бап. Ашық лицензия

1. Патент иеленуші сараптама ұйымына өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықты (ашық лицензия) кез келген тұлғаға табыстау туралы өтініш бере алады.

2. Патент иеленушінің ашық лицензияға құқықты табыстау туралы өтініші кері қайтарып алуға жатпайды және оны тіркеген күнінен бастап үш жыл бойы өз күшін сақтайды. Көрсетілген мерзім шегінде қорғау құжатын күшінде сақтағаны үшін ақы төлеу тиісті мемлекеттік тізілімде тіркелген жылдан кейінгі жылдан бастап 50 пайызға төмендетіледі.

3. Ашық лицензияны сатып алуға ниет білдірген тұлға патент иеленушімен жазбаша нысанда тиісті шарт жасасуға міндетті.

Шарт жасасу талаптары бойынша дауларды сот қарайды.

4. Ашық лицензияға құқықты табыстау патент иеленушінің немесе мүдделі тұлғаның өтініші қажетті құжаттармен қоса алынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде тіркелуге жатады.»;

10) 16-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Өтінім және оны қараудың барысы туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға берілмейді.»;

11) 17-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Өнертабысқа өтінімге:

1) формальды сараптама жүргізгені үшін ақы төлеуді қоса алғанда, өтінім беруге ақы төленгенін;

2) ақы төлеу мөлшерін азайту негізін растайтын құжаттар қоса беріледі.

Тиісті ақы төленген жағдайда бұл мерзім екі айға ұзартылады.»;

4-тармақ алып тасталсын;

12) 18-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

13) 19-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігінің 2) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«2) өнеркәсіптік үлгінің елеулі белгілері туралы толық егжей-тегжейлі түсінік беретін бұйымның сыртқы түрінің кескіндерін көшірмелеу үшін жарамды жиынтығы;»;

«4) өнеркәсіптік үлгінің сипаттамасы;»;

4-тармақ алып тасталсын;

14) 22-бапта:

9-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Егер өтінімге мәні бойынша сараптама жасау нәтижесінде сараптама ұйымы өтінім беруші сұрап отырған құқықтық қорғау көлеміндегі мәлімделген ұсыныс осы Заңның 6-бабында айқындалған өнертабыстың патентке қабілеттілік шарттарына сәйкес келетінін анықтаса, онда өнертабысқа патент беру туралы шешім шығарылады.»;

екінші және үшінші бөліктер алып тасталсын;

төртінші бөлікте:

«уәкілетті органның» деген сөздер «сараптама ұйымының» деген сөздермен ауыстырылсын;

«, сондай-ақ мемлекеттік баж төленгенін» деген сөздер алып тасталсын;

«Көрсетілген құжаттар» деген сөздер «Көрсетілген құжат» деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақта:

бірінші бөліктегі «сараптама жасау ұйымының теріс қорытындысы беріледі» деген сөздер «өнертабысқа патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Патент беруден бас тарту туралы шешім мынадай жағдайларда:»;

үшінші бөліктегі «теріс қорытындысы» деген сөздер «патент беруден бас тарту туралы шешімі» деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 23-бапта:

2-тармақта:

екінші бөліктегі «пайдалы модельге патент беруге сараптама жасау ұйымының оң қорытындысы беріледі» деген сөздер «сараптама ұйымы пайдалы модельге патент беру туралы шешім қабылдайды» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші, төртінші және бесінші бөліктер алып тасталсын;

алтыншы бөлікте:

«Уәкілетті органның» деген сөздер «Сараптама ұйымының» деген сөздермен ауыстырылсын;

«, сондай-ақ мемлекеттік бажды төлегенін» деген сөздер алып тасталсын;

«Көрсетілген құжаттар» деген сөздер «Көрсетілген құжат» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

бірінші бөлікте:

бірінші сөйлемдегі «сараптама жасау ұйымының теріс қорытындысы беріледі» деген сөздер «пайдалы модельге патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлемдегі «сараптама жасау ұйымының теріс қорытындысы беріледі» деген сөздер «патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі «теріс қорытындысына» деген сөздер «патент беруден бас тарту туралы шешіміне» деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 24-бапта:

4-тармақтың бірінші бөлігіндегі «, оның ішінде елеулі белгілердің өзгертілген тізбесін» деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақта:

бірінші бөліктегі «онда сараптама жасау ұйымы белгіленген басымдықты көрсете отырып, өтінім берушімен келісілген елеулі белгілер жиынтығымен бірге патентке оң қорытынды береді» деген сөздер «белгіленген басымдықты көрсете отырып, патент беру туралы шешім беріледі» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші және үшінші бөліктер алып тасталсын;

төртінші бөлікте:

«Уәкілетті органның патент беру туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлама» деген сөздер «Патент беру туралы шешім» деген сөздермен ауыстырылсын, «, сондай-ақ мемлекеттік баж төлемін» деген сөздер алып тасталсын;

«Көрсетілген құжаттар» деген сөздер «Көрсетілген құжат» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Мәлімделген өнеркәсіптік үлгінің өтінім беруші сұрап отырған құқықтық қорғау көлемінде өнеркәсіптік үлгінің патентке қабілеттілік шарттарына сәйкес келмейтіні анықталған кезде өнеркәсіптік үлгіге патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады.

Егер өтінім өнеркәсіптік үлгілер ретінде қорғалмайтын объектілерге жататын болса немесе өнеркәсіптік үлгінің бірлігі талаптарының бұзылуына байланысты оларға қатысты қарау өткізілмесе де, патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады.

Өтінім беруші сараптама ұйымының патент беруден бас тарту туралы шешіміне жіберілген күнінен бастап үш ай мерзімде уәкілетті органға қарсылық беруге құқылы. Апелляциялық кеңес қарсылықты келіп түскен күнінен бастап екі ай мерзімде қарауға тиіс.»;

17) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«25-бап. Өнеркәсіптік меншік объектісін тіркеу және қорғау құжатын беру

1. Сараптама ұйымы тиісті мемлекеттік тізілімдерде:

1) қорғау құжаттарын, ашық немесе мәжбүрлі лицензияны беруді;

2) өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беруді;

3) өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықты табыстауды;

4) берілген патентті мерзімінен бұрын тоқтатуды немесе жарамсыз деп тануды тіркеуді жүзеге асырады.

Тиісті мемлекеттік тізілімдер сараптама ұйымының интернет-ресурсына орналастырылады.

2. Тіркеу туралы мәліметтер апта сайын бюллетеньде жарияланады.

3. Патент өтінім берушіге мәлімделген авторлар санына қарамастан жалғыз данада беріледі. Автор куәлігі патент беруге арналған өтінімде көрсетілген өнеркәсіптік меншік объектісінің әрбір авторы үшін өтінім берушіге беріледі.»;

18) 29-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

19) 30-баптың 1-тармағында:

бірінші бөліктегі «Апелляциялық кеңес шешімінің немесе сот» деген сөздер «Сот» деген сөзбен ауыстырылсын;

бесінші бөліктегі «уәкілетті органның» деген сөздер алып тасталсын, «шешімінің» деген сөз «шешімнің» деген сөзбен ауыстырылсын;

20) 32 және 32-2-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«**32-бап. Апелляциялық кеңес**

1. Апелляциялық кеңес уәкілетті орган жанындағы, өтініш берушілердің қарсылықтарын сотқа дейін қарау жөніндегі алқалы орган болып табылады.

2. Апелляциялық кеңеске сараптама ұйымының өнеркәсіптік меншік объектісіне патент беруден бас тарту туралы шешіміне қарсылық берілуі мүмкін.

Көрсетілген қарсылықтарды сотқа дейін қарау міндетті болып табылады.

(Жалғасы 11-бетте)

(Жалғасы. Басы 1, 9-10-беттерде)

3. Апелляциялық кеңестің құрамына өнертабыстарды, пайдалы модельдер мен өнеркәсіптік үлгілерді қорғау саласындағы, ғылым, индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдардың, сондай-ақ көрсетілген уәкілетті органдар жанындағы қоғамдық кеңестердің өкілдерін қоса алғанда, мүшелердің тақ саны (кемінде бесеуі) кіруге тиіс.

4. Апелляциялық кеңестің құрамына мыналар кіре алмайды:

1) патенттік сенім білдірілген өкілдер;

2) жұбайлары, жақын туыстары немесе жекжаттары;

3) сараптама ұйымының қызметкерлері.

5. Апелляциялық кеңестің кез келген мүшесі:

1) осы баптың 4-тармағының негізінде апелляциялық кеңестің отырысына қатысушылар мәлімдеген өздігінен бас тарту немесе қарсылық білдіру жағдайында;

2) еңбекке уақытша жарамсыздығына, демалыста немесе іссапарда болуына байланысты болмаған жағдайда ауыстырылуы мүмкін.

6. Апелляциялық кеңестің әрбір отырысы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бейнетүсіру қолданылып жүргізіледі.»;

«32-2-бап. Қарсылықты қарау

1. Қарсылықты қарауды апелляциялық кеңес уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және осы Заңда көзделген мерзімдерде жүзеге асырады.

2. Қарсылық беруге арналған мерзім өткізіп алынған кезде апелляциялық кеңес ұсынылған құжаттардың негізінде мерзімді өткізіп алу себептері дәлелді деп танылған жағдайда, оны қарауға қабылдай алады.

3. Қарсылықты қарау мерзімі өтініш берушінің жазбаша өтінішхаты бойынша үш айға дейін ұзартылуы мүмкін.

4. Апелляциялық кеңес:

1) қарсылықты мәлімдеуші қарсылықты өзінің қатысуынсыз қарау туралы өтінішхат берген жағдайды қоспағанда, өзі келмеген;

2) өтініш беруші қосымша дәлелдемелерді ұсыну үшін уақытың кажеттігі туралы өтінішхат берген жағдайда, отырыс өткізілетін күнді ауыстыруға құқылы.

5. Апелляциялық кеңес мынадай шешімдердің бірін шығарады:

1) қарсылықты қанағаттандыру туралы;

2) қарсылықты ішінара қанағаттандыру туралы;

3) қарсылықты қараудан бас тарту туралы;

4) қарсылықты қанағаттандырудан бас тарту туралы.

Апелляциялық кеңес қарсылықтың нысанасын немесе негізін өз бастамасы бойынша өзгертуге құқылы емес.

6. Апелляциялық кеңестің барлық мүшелері қарсылықты қараған кезде тең құқықтарды пайдаланады. Апелляциялық кеңестің шешімі оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

7. Қабылданған шешім шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарсылықты мәлімдеушіге жіберіледі.

8. Апелляциялық кеңес қарсылықты мәлімдеушінің өтінішхаты бойынша қарсылықты қараусыз қалдыра алады. Қарсылықты қараусыз қалдыру туралы шешім апелляциялық кеңес отырысының хаттамасымен ресімделеді.

9. Қабылданған шешімге сотқа шағым жасалуы мүмкін.»;

21) мынадай мазмұндағы 32-3 және 32-4-баптармен толықтырылсын:

«32-3-бап. Апелляциялық кеңестің шешіміндегі қате жазуларды және айқын техникалық қателерді түзету

1. Шешім шығарған апелляциялық кеңес қарсылық бойынша шешім жарияланғаннан кейін оның күшін жоюға немесе оны өзгертуге құқылы емес.

2. Апелляциялық кеңес шешімде жіберілген қате жазуларды немесе айқын техникалық қателерді өз бастамасы бойынша немесе қарсылықты қарауға қатысатын тұлғалардың өтініші бойынша түзете алады.

Түзетулер енгізу туралы мәселе апелляциялық кеңестің отырысында шешіледі. Қарсылықты қарауға қатысатын тұлғаларға апелляциялық кеңес отырысының уақыты мен орны туралы хабар беріледі, алайда олардың келмеуі түзетулер енгізу туралы мәселені қарау үшін кедергі болып табылмайды.

3. Апелляциялық кеңестің шешіміне түзетулер енгізу апелляциялық кеңестің қосымша шешімімен ресімделеді.

32-4-бап. Қарсылықты қараусыз қалдыру

1. Апелляциялық кеңес, егер:

1) қарсылық берген, апелляциялық кеңес отырысының өткізілетін уақыты мен орны туралы тиісінше хабар берілген, қарсылықты өзі болмағанда қарау туралы мәлімдемеген тұлға апелляциялық кеңестің отырысына екінші рет шақырғанда келмесе;

2) қарсылық берген тұлғаның өзінің қарсылығын кері қайтарып алу туралы өтінішхаты болса, қарсылықты қараусыз қалдырады.

2. Қарсылықты қараусыз қалдыру туралы шешім апелляциялық кеңес отырысының хаттамасына түсіріледі.»;

22) 33-баптың 1-тармағы:

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) патенті жарамсыз деп тану туралы;»;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Даулар осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 7) және 10) тармақшаларында көрсетілгендерді қоспағанда, тараптардың жазбаша келісімі бойынша медиация тәртібімен шешілуі немесе төрелiктiк қарауына берілуі мүмкін.»;

23) 35-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«35-бап. Мемлекеттік баж

Уәкілетті органның патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттау және патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркеу жөніндегі әрекеттерді жасағаны үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес мемлекеттік баж алынады.»;

24) 36-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жоғары білімі және кемінде төрт жыл еңбек өтілі бар, аттестаттаудан өткен және патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркелген Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы патенттік сенім білдірілген өкіл болуға құқылы.

Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу кандидат берілген патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігімен расталатын аттестаттаудан өткен кезде жүзеге асырылады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттау Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік объектілерін қорғау саласындағы заңнамасын білуіне тестілеу нысанында жүзеге асырылады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу және оған өзгерістер енгізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімі уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылады.»;

25) 36-2-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«36-2-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігін жарамсыз деп тану және патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміндегі мәліметтердің күшін жою»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Аттестаттау комиссиясының шешімі немесе соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігі жарамсыз деп танылады және күшін жою туралы тиісті мәліметтер патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміне енгізіледі.»;

3-тармақ алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Уәкілетті орган патенттік сенім білдірілген өкілдің әрекетіне жеке немесе заңды тұлғаның шағымы келіп түскен жағдайда, уәкілетті орган қызметкерлерінің тақ санынан тұратын апелляциялық комиссияны құрады. Апелляциялық комиссия келіп түскен шағымды қараған кезеңде патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің қолданысы тоқтатыла тұрады, бұл туралы патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде белгі жасалады.

Шағымды қарау нәтижелері бойынша апелляциялық комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) уәкілетті органға патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің қолданысын тоқтату туралы талап қою арызын сотқа жіберуге ұсыным жасау;

2) шағымды қанағаттандырудан бас тарту.

Апелляциялық комиссияның шешімі жай көпшілік даусыпен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Апелляциялық комиссияның шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.»;

26) 37-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«37-бап. Өнеркәсіптік меншік объектілерін халықаралық тіркеу

Өнеркәсіптік меншік объектілерін халықаралық тіркеу сараптама ұйымына өтінім беру жолымен жүзеге асырылады.

Өтінімдерді қарау қағидаларын уәкілетті орган Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес бекітеді.»;

27) 38-баптың 2-тармағындағы «осы заңнан және басқа да заң актілерінен» деген сөздер «осы Заңнан» деген сөздермен ауыстырылсын.

8. «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» 1999 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 21, 776-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 14, 95-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 19-II, 102-құжат; № 20-VII, 115-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша «тауар белгісінің немесе тауар шығарылған жердің атауын», «тауар таңбасының немесе тауар шығарылатын жердің атауын» деген сөздер тиісінше «тауар белгісінің иесі (құқық иеленуші) немесе тауар шығарылған жердің атауын», «тауар белгісінің иесі (құқық иеленуші) немесе тауар шығарылған жердің атауын» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) бүкіл мәтін бойынша «араласып кеткен дәрежеге дейін оларға ұқсас белгілерді», «олар араласып кеткен дәрежеге дейін бірдей немесе ұқсас белгілер», «айырғысыз дәрежеге дейін бірдей немесе ұқсас», «аумайтындай дәрежеде онымен бірдей немесе ұқсас», «бірдей немесе араласып кету дәрежесіне дейін ұқсас», «араласып кеткен дәрежеге дейін олармен ұқсас белгілерді», «араласып кеткен дәрежеге дейін олармен ұқсас белгілерді», «араласып кеткен дәрежеге дейін онымен ұқсас белгіні», «олармен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілеме», «олармен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені», «онымен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені» деген сөздер тиісінше «оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемелерді», «бірдей немесе олар айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемелер», «бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас», «бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас», «бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас», «оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемелерді», «оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені», «оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені», «оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілеме», «оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені», «оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 1-бапта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) жалпыға бірдей белгілі тауар белгісі – уәкілетті органның мүдделі тұлғалар дәлелдемелеріне негізделген шешімімен жалпыға бірдей белгілі деп танылған, тауар белгісі ретінде пайдаланылып жүрген белгілеме немесе тауар белгісі;»;

мынадай мазмұндағы 4-2) тармақшамен толықтырылсын:

«4-2) Мадрид келісіміне хаттама – 1989 жылғы 28 маусымдағы Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісіміне хаттама;»;

9) тармақшада:

«және (немесе) олардың» деген сөздер «олардың» деген сөздермен ауыстырылсын;

«бумасында қолдану,» деген сөздер «қаптамаларында орналастыру,» деген сөздермен ауыстырылсын;

«азаматтық» деген сөз алып тасталсын;

4) 3-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Уәкілетті органның құзыретіне мыналар жатады:

1) тауар белгілерін және тауар шығарылған жерлердің атауларын құқықтық қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

2) мыналарды:

тауар белгілеріне және тауар шығарылған жерлердің атауларына арналған өтінімдерге сараптама жүргізу қағидаларын;

тауар белгілерін және тауар шығарылған жерлердің атауларын Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде және Тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, тіркеудің қолданысын тоқтату және оны жарамсыз деп тану қағидаларын;

тауар белгісіне айрықша құқық беруді, оны пайдалануға құқықты табыстауды Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тіркеу қағидаларын;

Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінен және Тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмелер беру қағидаларын;

апелляциялық кеңестің қарсылықтарды қарау қағидаларын;

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес тауар белгілеріне арналған өтінімдерді қарау қағидаларын;

аттестаттау комиссиясы туралы ережені;

апелляциялық кеңес туралы ережені;

апелляциялық комиссия туралы ережені;

тауар белгісін Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп тану жөніндегі комиссия туралы ережені әзірлеу және бекіту;

3) тауар белгілерін және тауар шығарылған жерлердің атауларын тіркеуге жататын мәліметтерді бюллетеньде жариялау тәртібін айқындау;

4) патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу және оларды патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу;

5) аттестаттау комиссиясының, апелляциялық кеңестің, апелляциялық комиссияның және тауар белгісін Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп тану жөніндегі комиссияның қызметін ұйымдастыру;

6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.»;

5) 3-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«3-1-бап. Сараптама ұйымы

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, өз қызметінде уәкілетті органға ведомстволық бағынысты сараптама ұйымы:

1) тауар белгілеріне және тауар шығарылған жерлердің атауларына арналған өтінімдерге сараптама жүргізеді;

2) тауар белгілерін және тауар шығарылған жерлердің атауларын Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде және Тауар шығарылған жерлердің атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркейді және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын береді, тіркеудің қолданысын тоқтатуды және оны жарамсыз деп тануды жүзеге асырады;

3) тауар белгісіне айрықша құқық беруді, оны пайдалануға құқықты табыстауды Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тіркейді;

4) Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімін және Тауар шығарылған жерлердің атауларының мемлекеттік тізілімін, бюллетеньді жүргізеді және оларды өзінің интернет-ресурсына орналастырады;

5) Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінен және Тауар шығарылған жерлердің атауларының мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмелер береді;

6) тауар белгілерін және тауар шығарылған жерлердің атауларын тіркеуге жататын мәліметтерді бюллетеньде жариялайды;

7) тіркелген тауар белгілерінің және тауар шығарылған жерлердің атауларының мәліметтерін мүдделі тұлғалардың өтiніштерi негізінде іздеуді жүзеге асырады;

8) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес тауар белгілеріне және тауар шығарылған жерлердің атауларына арналған өтінімдерді қарайды;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады.

2. Уәкілетті органмен келісу бойынша сараптама ұйымы тауар белгілерін, тауар шығарылған жерлердің атауларын қорғау саласында қызметтер көрсеткені үшін осы ұйым шеккен шығындарды толық өтеу, оның қызметінің шығынсыздығы және өз кірістері есебінен қаржыландыру қамтамасыз етілген жағдайда, көрсетілетін қызметтердің бағаларын бекітеді.»;

6) 4-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тауар белгілерін құқықтық қорғау жеке немесе заңды тұлғаларға беріледі.

Тауар белгісіне айрықша құқық тауар белгісі Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелген күннен бастап туындайды.

3. Тауар белгісіне құқық куәлікпен куәландырылады және Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмемен расталады.

Куәліктің нысанын уәкілетті орган белгілейді.»;

7) 6-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігіндегі «Көрсетілген белгілер тауар таңбасында басымдық» деген сөздер «Егер көрсетілген белгілемелер тауар белгісінде үстем» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың 1) тармақшасындағы «қатысты жалған болып табылатын немесе жаңылыстыруы мүмкін белгілерді, оның ішінде тауар шығарылған жерге қатысты жаңылыстыруы мүмкін географиялық объектінің атауларын» деген сөздер «, көрсетілетін қызметке немесе көрсетілетін қызметті беретін тұлғаға, сондай-ақ тауар өндірілген жерге қатысты жаңылыстыруы мүмкін географиялық объектілердің атауларына қатысты жалған болып табылатын немесе жаңылыстыруы мүмкін» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 7-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлікте:

1) тармақша «біртектес тауарларға» деген сөздердің алдынан «осы Заңның 6-тарауына сәйкес тіркелуі жарамсыз деп танылған немесе оның қолданысы тоқтатылған тауар белгілерін қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшадағы «қайтарып алынғандарынан» деген сөздер «кері қайтарып алынғандарынан және тоқтатылғандарынан» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі «келісімі берілген кезде» деген сөздер «жазбаша келісімі берілген жағдайда» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Егер иесі заңды тұлға болып табылса, онда жазбаша келісім фирмалық бланкіде ұсынылуға, оған уәкілетті адам қол қоюға және заңды тұлғаның мөрімен (бар болған жағдайда) бекемделуге тиіс, ал егер иесі жеке тұлға болса, онда қолтаңбаны нотариат куәландыруға тиіс.»;

мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

«3. Мәдениет саласындағы уәкілетті органмен келісілудің болмауы Қазақстан Республикасының тарихы мен мәдениеті игілігін жаңғыртатын белгілемені тауар белгісі ретінде тіркеуден бас тартуға негіз болып табылады.

4. Осы бапта көзделген бас тартуға негіздер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес тауар белгілері ретінде Қазақстан Республикасының аумағында құқықтық қорғау алуға мәлімделген белгілемелерге қатысты да қолданылады.»;

9) 8-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

10) 9-бапта:

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Өтінім:»;

3-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) сараптама жүргізгені үшін көрсетілетін қызметке ақы төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) іс жүргізу өкіл арқылы жүргізілген жағдайда сенімхаттың көшірмесі;»;

6-тармақ алып тасталсын;

11) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«11-бап. Өтінімге сараптама жүргізу тәртібі

1. Өтінімге сараптама кезең-кезеңімен жүргізіледі:

1) алдын ала сараптама – өтінім берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде;

2) толық сараптама – өтінім берілген күннен бастап жеті ай ішінде.

2. Сараптама ұйымы сараптаманың кез келген кезеңінде оларсыз сараптама жүргізу мүмкін болмайтын қосымша немесе нақтылаушы мәліметтерді сұратуға құқылы.

Өтінім беруші сұратылатын мәліметтерді сараптама жүргізу мерзімі ішінде ұсынбаған және (немесе) осы мерзімді ұзарту туралы өтінішхат болмаған жағдайларда, өтінім кері қайтарып алынған болып есептеледі.

3. Өтінімді қарау барысы туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға берілмейді.»;

12) мынадай мазмұндағы 11-1-баппен толықтырылсын:

«11-1-бап. Өтінім туралы мәліметтерді жариялау

1. Алдын ала сараптама аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтінім туралы мәліметтер апта сайынғы бюллетеньде жарияланады.

2. Берілген өтінімдер туралы мәліметтерде мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

1) мәлімделген белгілеменің кескіні;

2) өтінім беруші туралы деректер, оның ішінде өтінім берушінің және (немесе) оның өкілінің мекенжайы;

3) өздеріне қатысты белгіні тіркеу сұралатын тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) тізбесі;

4) өтінімнің нөмірі мен сараптама ұйымына берілген күні;

5) егер конвенциялық басымдық белгіленген болса, бірінші өтінімді берген ел, өтінімнің нөмірі мен берілген күні;

6) ұжымдық тауар белгісіне нұсқау.»;

13) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«12-бап. Өтінім сараптамасының нәтижелері бойынша шешімдер

1. Алдын ала сараптама нәтижелері бойынша өтінім берушіге он жұмыс күні ішінде өтінімнің қарауға қабылданғаны немесе іс жүргізудің тоқтатылғаны туралы хабарлама жіберіледі.

2. Өтінім қабылданған жағдайда сараптама ұйымы толық сараптама жүргізеді, оның нәтижелері бойынша өтінім берушіге тауар белгісін тіркеу, алдын ала ішінара тіркеу немесе тіркеуден алдын ала бас тарту туралы сараптама қорытындысы жіберіледі.

Өтінім беруші өзіне тіркеуден бас тарту немесе ішінара тіркеу туралы алдын ала сараптама қорытындысы жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде уәжді қарсылық беруге құқылы, оны қарау нәтижелері бойынша сараптама ұйымы қарсылық келіп түскен күннен бастап үш ай ішінде түпкілікті қорытынды шығарады.

Түпкілікті қорытындының негізінде сараптама ұйымы тауар белгісін тіркеу, ішінара тіркеу немесе тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

3. Тауар белгісін тіркеу немесе ішінара тіркеу туралы шешім Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне оны енгізгенге дейін неғұрлым ертерек басымдығы бар өтінімнің анықталуына байланысты қайта қаралуы мүмкін.

4. Өтінім беруші тіркеу немесе ішінара тіркеу туралы қабылданған шешім туралы хабарлама өзіне жіберілген күннен бастап үш ай ішінде тауар белгісін тіркегені үшін сараптама ұйымы көрсеткен қызметке ақы төлеуді жүргізеді. Көрсетілген қызметке ақы төлеу туралы құжатты ұсынбаған кезде тауар белгісіне өтінім кері қайтарып алынды деп танылады және ол бойынша іс жүргізу тоқтатылады.

5. Түпкілікті қорытындымен келіспеген кезде өтініш беруші осы қорытынды өзіне жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде уәкілетті органға қарсылық бере алады. Апелляциялық кеңес қарсылықты уәкілетті органға келіп түскен күнінен бастап төрт ай мерзімде қарауға тиіс.»;

14) 13-бапта:

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) тауар белгісі Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелгенге дейін тауар белгісін алуға құқықты басқа тұлғаға беру туралы өтінішхат беруге;»;

мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) тауар белгісі Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелгенге дейін өтінім берушінің атауына және мекенжайына өзгерістер енгізуге құқығы бар.»;

15) 14-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Тауар белгісін тіркеу туралы мәліметтер сараптама ұйымының тауар белгісін тіркегені үшін көрсеткен қызметтеріне ақы төленген кезде Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.

Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілетін мәліметтерде мыналар қамтылуға тиіс:

1) тауар белгісінің кескіні;

2) оның иесі және (немесе) оның өкілі туралы деректер. Ұжымдық тауар белгісіне қатысты иелерінің деректері және ұжымдық тауар белгісін пайдалануға құқығы бар субъектілердің тізбесі көрсетіледі;

3) тауар белгісін тіркеу нөмірі мен күні;

4) өздеріне қатысты тауар белгісі тіркелген тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) тізбесі;

5) өтінімнің нөмірі мен сараптама ұйымына берілген күні;

6) егер конвенциялық басымдық белгіленген болса, бірінші өтінімді берген ел, өтінімнің нөмірі мен берілген күні;

7) тауар белгісіне құқыққа билік ету туралы деректерді қоса алғанда, тауар белгісін тіркеуге жататын басқа да ақпарат.»;

16) 15-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тауар белгісін тіркеудің қолданылу мерзімі оның қолданылуының соңғы жылы ішінде иесі берген өтінішхат бойынша әр жолы он жылға ұзартылады. Тауар белгісін тіркеудің қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәліметтер сараптама ұйымына өтінішхат келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне және куәлікке енгізіледі.»;

17) 16 және 18-1-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«16-бап. Тіркеу туралы мәліметтерді жариялау

Тауар белгісін тіркеуге қатысты, Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген мәліметтерді сараптама ұйымы олар Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тікелей жазылғаннан кейін екі ай ішінде бюллетеньде жариялайды және өзінің интернет-ресурсына орналастырады. Тіркелген тауар белгілеріне қатысты өзгерістерді сараптама ұйымы мәліметтер Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өзінің интернет-ресурсына орналастырады және мәліметтер Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілгеннен кейін келесі айдың бюллетенінде жариялайды.

Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне және куәлікке ұжымдық тауар белгісінің иелері туралы мәліметтер қосымша енгізіледі.»;

«18-1-бап. Тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тану

1. Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген немесе халықаралық шарттарға орай қорғалатын тауар белгісі немесе Қазақстан Республикасында құқықтық қорғалмайтын тауар белгісі ретінде пайдаланылатын, белсенді пайдалану нәтижесінде Қазақстан Республикасында кеңінен мәлім болған белгілеме уәкілетті органның шешімімен Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі тауар белгісі деп танылуы мүмкін.

Тауар белгісін Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп тану туралы жеке немесе заңды тұлғалардың өтініші уәкілетті органға беріледі.

Өтініш бір тауар белгісіне немесе белгілемеге қатысты болуға және онда мыналар қамтылуға тиіс:

1) тұрғылықты жері немесе орналасқан жері көрсетіле отырып, өтініш беруші туралы мәліметтер;

2) жалпыға бірдей белгілі белгі ретінде мәлімделген тауар белгісінің немесе белгілеменің кескіні;

3) өтініш берушінің пікірі бойынша белгі жалпыға бірдей белгілі болған күн;

4) өтініш берушінің пікірі бойынша белгі өздеріне қатысты жалпыға бірдей белгілі болған тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) тізбесі.

2. Өтінішке мыналар қоса беріледі:

1) тауар белгісінің немесе белгілеменің жалпыға бірдей белгілі екенін растайтын мәліметтер;

2) 8x8 сантиметр форматпен саны бес данадағы тауар белгісінің немесе белгілеменің кескіні;

3) өтінішті өкіл берген жағдайда сенімхаттың көшірмесі;

4) тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тану үшін мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат.

Тауар белгісін Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп тану туралы өтінішті уәкілетті органның тауар белгісін Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп тану жөніндегі комиссиясы (бұдан әрі – уәкілетті органның комиссиясы) қарайды.

Тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тану туралы өтінім алынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы өтінімнің және оған қоса берілетін құжаттардың осы баптың талаптарына сәйкестігі тексеріледі.

Тексерудің оң нәтижесі алынған жағдайда, сараптама ұйымы келіп түскен өтінім туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялайды.

Жарияланған күннен бастап үш ай өткен соң уәкілетті органның комиссиясы екі ай ішінде өтінімді және белгінің жалпыға бірдей белгілі екенін растайтын оған қоса берілетін материалдарды қарайды.

Өтінім беруші өтінім материалдарына оны қарау аяқталғанға дейін түзетулер, толықтырулар мен нақтылаулар енгізуге құқылы.

Үшінші тұлғалар тарапынан келіспеушілік болған кезде өтінім берушіге тиісті хабарлама жіберіледі, өтінім беруші оған қатысты пікірін өтінімді қарау нәтижелері бойынша қорытынды шығарылғанға дейін ұсынады.

Өтінімді қарау нәтижелері бойынша уәкілетті органның комиссиясы тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тану не мұндай танудан бас тарту туралы шешім қабылдайды, ол мұндай шешім қабылданған кезден бастап он жұмыс күні ішінде тауар белгісінің иесіне (құқық иеленушіге) жіберіледі.

Егер өтінім беруші ұсынған нақты мәліметтер белгінің жалпыға бірдей белгілі болуы өтінімде көрсетілгеннен өзге күн екенін растаса, тауар белгісі нақты күннен бастап жалпыға бірдей белгілі деп танылуы мүмкін.

Тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп іс жүзінде тану туралы мәліметтер тұтынушыларға сауал қою нәтижелерімен расталады, оны Қазақстан Республикасының аумағындағы мамандандырылған тәуелсіз ұйым жүргізеді. Сауал қою республикалық маңызы бар қаланы, астананы және кемінде бес облыстық маңызы бар қаланы қамтуға тиіс. Бір елді мекендегі респонденттердің жалпы саны кемінде бір жүз адамды құрауға тиіс.

Егер:

1) тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тану үшін мәліметтердің жеткіліксіз екені;

2) өтініш берушінің тауар белгісімен бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас, қорғалатын немесе біртектес тауарларға қатысты өзге тұлғаның атына мәлімделген, өтініш беруші өзінің тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тануға өтінішхат берген күннен неғұрлым ертерек басымдығы бар тауар белгісінің бар екені анықталса, тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп танудан бас тарту туралы шешім шығарылады.

Уәкілетті орган комиссиясының шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.

3. Жалпыға бірдей белгілі тауар белгісіне осы Заңда көзделген құқықтық қорғау беріледі.

4. Жалпыға бірдей белгілі тауар белгілерін құқықтық қорғау:

1) тіркеудің қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты;

2) кез келген мүдделі тұлғаның соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде жалпыға бірдей белгілі мәртебесін жоғалтуына байланысты жалпыға бірдей белгілі тауар белгісін құқықтық қорғауды мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініші бойынша;

3) уәкілетті орган комиссиясы шешімінің күшін жою туралы соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде тоқтатылады.

5. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген, белгілемені немесе тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тану негізінде Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне тиісті мәліметтер енгізіледі.

Жалпыға бірдей белгілі деп танылған тауар белгісінің қолданылу мерзімі белгілемені немесе тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тану туралы өтініш уәкілетті органға берілген күннен бастап есептеледі.

Жалпыға бірдей белгілі деп танылған тауар белгісінің қолданылу мерзімі оның иесінің өтінішхаты бойынша және тауар белгісінің жалпыға бірдей белгілі екенін растайтын мәліметтер ұсынылған кезде келесі он жыл мерзімге ұзартылады.

Жалпыға бірдей белгілі тауар белгісін тіркеу, оның иесі туралы мәліметтер және осындай тіркеуге қатысты кейінгі өзгерістер Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі және бюллетеньде жарияланады.

Жалпыға бірдей белгілі тауар белгісіне құқық Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелгені туралы жазбамен куәландырылады және Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмемен расталады.

Жалпыға бірдей белгілі тауар белгісін құқықтық қорғаудың тоқтатылғаны туралы мәліметтер Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі, уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылады және сараптама ұйымының бюллетенінде жарияланады.»;

18) 19-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Тауар белгісін басқа тауар белгісімен қатар пайдалануды шектеуге, тауар белгісін өзгертілген түрде, оның ішінде басқа шрифтіде, басқа түсте орындауда, басқа нысанда пайдалануға немесе тауар белгісінің бір жеке немесе заңды тұлғалардың тауарларын (көрсететін қызметтерін) басқа жеке немесе заңды тұлғалардың біртектес тауарларынан (көрсететін қызметтерінен) айыратын қабілетіне нұқсан келтіретіндей тәсілмен пайдалануға тыйым салынады.»;

4-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Кез келген мүдделі тұлға қарсылық беру күнінің алдындағы үш жыл бойы тауар белгісінің пайдаланылмауына байланысты оның тіркелуіне сотта дау айта алады. Тіркеу әрекетіне қарсы өтініш куәлікте көрсетілген барлық тауарларға не олардың бір бөлігіне қатысты болуы мүмкін.»;

екінші бөлікте:

«азаматтық» деген сөз алып тасталсын;

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді;

6 және 7-тармақтар алып тасталсын;

19) 20-баптағы «тауар таңбасына», «тауар таңбасы» деген сөздер «тауар белгісіне», «тауар белгісі» деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 21 және 23-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«21-бап. Тауар белгісіне айрықша құқық және оны пайдалануға құқық беру

1. Барлық тауарларға (көрсетілетін қызметтерге) не олардың бір бөлігіне қатысты тауар белгісіне айрықша құқық өзгеге беру шарты бойынша берілуі мүмкін.

Егер тауар белгісіне айрықша құқық беру тауарға немесе оны жасаушыға қатысты жаңылыстыруға себепші болса, оған жол берілмейді.

2. Лицензиялық шарттың, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының немесе өзге де шарттың (лицензиялық шарт) талаптарына сәйкес иесі (лицензиат) болып табылмайтын кез келген тұлға қорғалатын тауар белгісін иесінің (лицензиар) рұқсатымен пайдалануға құқылы.

Тауар белгісін пайдалануға құқық барлық тауарларға (көрсетілетін қызметтерге) не олардың бір бөлігіне қатысты табысталуы мүмкін.

Егер шартта өзгеше көзделмесе, лицензиат Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тауар белгісін пайдалануды жүзеге асыруға құқылы.

Тауар белгісін пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі шарттың талаптарына сәйкес немесе қосымша келісім жасасу жолымен ұзартылуы мүмкін.

Шартта мерзім көрсетілмеген жағдайда, тауар белгісін пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі осы шарт тіркелген күннен бастап бес жылға тең болады.

Лицензиялық шартта:

1) тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) сапасын тауар белгісі иесінің (құқық иеленушінің) тауарлары (көрсететін қызметтері) сапасынан төмен болмайтындай етіп сақтау;

2) тауар белгісі иесінің (құқық иеленушінің) өз тауарлары (көрсететін қызметтері) сапасын бақылауды жүзеге асыру құқығы туралы талаптар қамтылуға тиіс.

Тауар белгісіне айрықша құқықты басқа тұлғаға беру шарттың тоқтатылуына алып келмейді.

3. Барлық тауарларға (көрсетілетін қызметтерге) қатысты тауар белгісіне айрықша құқық және оны пайдалануға құқық кепіл нысаналары бола алады.

4. Осы бапта көрсетілген шарттар мен қосымша келісімдер жазбаша нысанда жасалады және Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелуге жатады.

5. Айрықша құқық беру немесе лицензиялық шарт осы шарттың мүдделі тарапының өтініші алынған күннен кейінгі он жұмыс күні ішінде тіркелуге жатады.

6. Жазбаша нысанның және (немесе) тіркеу туралы талаптың сақталмауы шарттың маңызсыздығына алып келеді.

Шарттың тоқтатылуына байланысты Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне өзгерістер енгізу немесе соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде тіркеудің күшін жою шарттың мүдделі тарапының өтініші келіп түскен күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Тіркеу туралы мәліметтерде мүдделі тұлғаның өтініші алынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде және шарттың басқа мүдделі тараптарына жазбаша хабарлама жіберілген жағдайда, олардың тиесілілігін, сипатын немесе мазмұнын өзгертпейтін техникалық сипаттағы қателер түзетілуі мүмкін.

7. Тауар белгісіне құқық беру осы Заңда айқындалатын тәртіппен Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тіркеледі.

8. Мыналар:

1) тауар белгісіне айрықша құқықтың тоқтатылған қолданысын қалпына келтіруге арналған мерзімнің болуы;

2) құжаттар топтамасын толық ұсынбау не ұсынылған құжаттардағы мәліметтердің сәйкес келмеуі;

3) ұсынылған құжаттардағы мәліметтердің Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміндегі немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа сәйкес жүргізілетін тізілімдегі мәліметтерге сәйкес келмеуі тауар белгісіне құқық беруді немесе оны пайдалануға құқықты табыстауды тіркеуге уақытша кедергі келтіретін негіздер болып табылады.

9. Осы баптың 8-тармағында көрсетілген негіздер анықталған жағдайда, өтініш берушіге оларды жою туралы сұрау салу жіберіледі.

Тіркеу мерзімі сұрау салу жіберілген күннен бастап үш айға тоқтатыла тұрады.

10. Мыналар:

1) тауар белгісіне айрықша құқықтың тоқтатылған қолданылу мерзімін қалпына келтіруге арналған мерзімнің өтуі;

(Соңы 12-бетте)

(Соңы. Басы 1, 9-11-беттерде)

2) тіркеуге уақытша кедергі келтіретін негіздерді жоюға арналған мерзімнің өтуі;

3) шарттың тарапы болып табылмайтын тұлғадан тіркеу туралы өтінішті алу;

4) тауар белгісіне айрықша құқыққа билік ету құқығын тіркеудің болмауы;

5) тауар белгісіне құқық берілген жағдайда тауарға немесе оны жасаушыға қатысты жаңылыстыру;

6) тарапта тауар белгісін пайдалануға құқықты табыстауға кедергі келтіретін қабылданған міндеттемелердің болуы тауар белгісіне құқық беруді немесе оны пайдалануға құқықты табыстауды тіркеуден бас тартуға негіз болып табылады.

Тауар белгісіне айрықша құқықтың қолданысын тоқтату лицензиялық шарттың қолданылуын тоқтатуға алып келеді.»;

«23-бап. Тауар белгісін тіркеуге дау айту және оны жарамсыз деп тану

1. Тауар белгісін тіркеуге, егер ол осы Заңның 7-бабы 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларын қоспағанда, 6 және 7-баптарында белгіленген талаптар бұзыла отырып жүзеге асырылса, бүкіл қолданылу мерзімі ішінде немесе, егер ол осы Заңның 7-бабы 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында белгіленген талаптар бұзыла отырып жүзеге асырылса, тауар белгісі тіркелген күннен бастап бес жыл ішінде дау айтылуы және ол толық немесе ішінара жарамсыз деп танылуы мүмкін. Осы тармақта көрсетілген негіздер бойынша тауар белгісін тіркеуге қарсылықты уәкілетті органға кез келген мүдделі тұлға беруге құқылы.

2. Тауар белгісін тіркеуге, егер ол Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясына қатысушы елдердің бірінде бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас тауар белгісінің иесі болып табылатын өкілдің атына жүргізілсе, қатысушы елдердің рұқсатынсыз бүкіл қолданылу мерзімі ішінде дау айтылуы және ол толық немесе ішінара жарамсыз деп танылуы мүмкін. Осы тармақта көрсетілген негіз бойынша тауар белгісін тіркеуге қарсылықты уәкілетті органға Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясына қатысушы елдердің бірінде тіркелген тауар белгісінің иесі (құқық иеленуші) беруге құқылы.

3. Тауар белгісін тіркеуге, егер тауар белгісі біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге қатысты айрықша құқығы Қазақстан Республикасында тауар белгісінің басымдығы күнінен ерте туындаған басқа тұлғаның фирмалық атауымен бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас болып табылса, дау айтылуы және ол толық немесе ішінара жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Осы тармақта көрсетілген негіз бойынша тауар белгісін тіркеуге қарсылықты уәкілетті органға фирмалық атауы біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге қатысты тіркелген тауар белгісімен бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас болып табылатын заңды тұлға беруге құқылы.

4. Тауар белгісін тіркеуге қарсылықты апелляциялық кеңес ол келіп түскен күннен бастап алты ай ішінде қарауға тиіс. Қарсылық берген тұлғаның, сондай-ақ тауар белгісі иесінің (құқық иеленушінің) дауды қарауға қатысуға құқығы бар.

5. Сараптама ұйымы тауар белгісін тіркеуді жарамсыз деп тануға байланысты оның күшін жою туралы жазбаны Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізеді және бұл туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялайды және оларды өзінің интернет-ресурсына орналастырады.

Тауар белгісін тіркеу жарамсыз деп танылған жағдайда, сараптама ұйымы жекелеген тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер үшін ішінара осы тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер үшін тауар белгісін тіркеудің күшін жою туралы жазбаны Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізеді, күшін жою туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялайды және оларды өзінің интернет-ресурсына орналастырады.»;

21) 24-баптың 1-тармағында:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) тауар белгісі иесінің (құқық иеленушінің) – жеке тұлғаның қайтыс болуына, заңды тұлғаның тараталуына байланысты;»;

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп танылған тауар белгісімен бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас болуына орай, егер осындай тауар белгісін пайдалану тұтынушыны тауарға немесе оны жасаушыға қатысты жаңылыстыруы мүмкін болса, тоқтатылады.»;

22) 29-бапта:

2-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) негізінен осы географиялық объектіге тән табиғи жағдайлармен және (немесе) адами факторлармен айқындалатын тауардың ерекше қасиеттерінің сипаттамасын немесе оның сапасы, репутациясы, басқа да сипаттамалары туралы ақпаратты;»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Егер атауы тауар шығарылған жердің атауы ретінде мәлімделетін географиялық объект Қазақстан Республикасының аумағында орналасса, өтінімге жергілікті атқарушы органның өтінім беруші осы географиялық объектінің шекараларында тауар өндіретіні туралы қорытындысы, сондай-ақ мынадай өлшемшарттардың бірін: мәлімделген тауар өз саласына жатқызылатын уәкілетті орган берген, негізінен осы географиялық объектіге тән табиғи жағдайлармен және (немесе) адами факторлармен айқындалатын тауардың ерекше қасиеттері, сапасы, репутациясы немесе басқа да сипаттамалары туралы растайтын құжат қоса беріледі.

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан тауар шығарылған жердің бұрын тіркелген атауына құқықты табыстауға арналған өтінімге жергілікті атқарушы органның өтінім беруші осы географиялық объектінің шекараларында тауар өндіретіні туралы қорытындысы, сондай-ақ Тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде көрсетілген ерекше қасиеттердің бар екенін растайтын, мәлімделген тауар өз саласына жатқызылатын уәкілетті орган берген құжат қоса беріледі.

Өтінімге сараптама ұйымының сараптама жүргізу жөніндегі көрсететін қызметтеріне ақы төленгенін растайтын құжат та қоса беріледі. Іс жүргізу өкіл арқылы жүргізілген жағдайда, өтінімге сенімхаттың көшірмесі қоса беріледі.»;

5-тармақ алып тасталсын;

23) 30-баптың 1-тармағындағы «алты ай» деген сөздер «отыз жұмыс күні» деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 31-баптың 1-тармағының бірінші абзацындағы «уәкілетті орган» деген сөздер алып тасталып, 3) тармақшасындағы «қабылдайды» деген сөз «қабылданады» деген сөзбен ауыстырылсын;

25) 33-баптың 2-тармағы «тізілімге» деген сөзден кейін «және куәлікке» деген сөздермен толықтырылсын;

26) 35-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«35-бап. Тіркеу туралы мәліметтерді жариялау

Тауар шығарылған жерлердің атауларын тіркеуге жататын, Тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізіліміне енгізілген мәліметтерді сараптама ұйымы Тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізіліміне олар жазылғаннан кейін екі ай ішінде бюллетеньде жариялайды және өзінің интернет-ресурсына орналастырады.

Тауар шығарылған жердің атауына тіркеуге қатысты өзгерістерді сараптама ұйымы Тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізілген күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өзінің интернет-ресурсына орналастырады және мәліметтер Тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізіліміне енгізілгеннен кейін келесі айдың бюллетенінде жарияланады.»;

27) 37-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының иесіне оны пайдалану құқығы тиесілі болады. Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы оның иесінде тауар белгісі Тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркелген күннен бастап туындайды.»;

28) 40-баптың 4-тармағында:

«Тауар шығарылған жер атауын тіркеу және (немесе) тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығы қолданылуын тоқтатқан немесе олар жарамсыз деп танылған кезде сараптама жасау ұйымы» деген сөздер «Сараптама ұйымы» деген сөздермен ауыстырылсын;

«оларды жою туралы жазба енгізеді» деген сөздер «тауар шығарылған жердің атауын және (немесе) тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеудің қолданысын тоқтату туралы жазбаны енгізеді, бұл туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялайды және өзінің интернет-ресурсына орналастырады» деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 41 және 41-2-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«41-бап. Апелляциялық кеңес

1. Апелляциялық кеңес уәкілетті органның жанындағы, өтініш берушілердің қарсылықтарын сотқа дейін қарау жөніндегі алқалы орган болып табылады.

2. Апелляциялық кеңеске:

1) сараптама ұйымының тауар белгісін тіркеуден бас тарту, оның ішінде Мадрид келісіміне хаттаманың 5-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес мәлімделген тауар белгісіне құқықтық қорғауды беруден бас тарту туралы шешімдеріне;

2) сараптама ұйымының тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеуден және (немесе) табыстаудан бас тарту туралы шешімдеріне;

3) тауар белгісін, оның ішінде Мадрид келісіміне хаттаманың 5-бабының 6-тармағына сәйкес тіркеуге;

4) тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеуге және (немесе) табыстауға қарсылықтар берілуі мүмкін.

Көрсетілген қарсылықтарды сотқа дейін қарау міндетті болып табылады.

3. Апелляциялық кеңестің құрамына кәсіпкерлік жөніндегі және тауар белгілерін, тауар шығарылған жерлердің атауларын қорғау саласындағы уәкілетті органдардың, сондай-ақ көрсетілген уәкілетті органдардан қоғамдық кеңестердің өкілдерін қоса алғанда, мүшелердің тақ саны (кемінде бесеуі) кіруге тиіс.

4. Апелляциялық кеңестің құрамына мыналар кіре алмайды:

1) патенттік сенім білдірілген өкілдер;

2) жұбайлары, жақын туыстары немесе жекжаттары;

3) сараптама ұйымының қызметкерлері.

5. Апелляциялық кеңестің кез келген мүшесі:

1) осы баптың 4-тармағының негізінде апелляциялық кеңестің отырысына қатысушылар мәлімдеген өздігінен бас тарту немесе қарсылық білдіру жағдайында;

2) еңбекке уақытша жарамсыздығына, демалыста немесе іссапарда болуына байланысты болмаған жағдайда ауыстырылуы мүмкін.

6. Апелляциялық кеңестің әрбір отырысы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бейнетүсіру қолданылып жүргізіледі.»;

«41-2-бап. Қарсылықты қарау

1. Қарсылықты қарауды апелляциялық кеңес уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және осы Заңда көзделген мерзімдерде жүзеге асырады.

2. Қарсылық беруге арналған мерзім өткізіп алынған кезде апелляциялық кеңес ұсынылған құжаттардың негізінде мерзімді өткізіп алу себептері дәлелді деп танылған жағдайда, оны қарауға қабылдай алады.

3. Қарсылықты қарау мерзімі өтініш берушінің жазбаша өтінішхаты бойынша үш айға дейін ұзартылуы мүмкін.

4. Апелляциялық кеңес:

1) қарсылықты мәлімдеуші қарсылықты өзінің қатысуынсыз қарау туралы өтінішхат берген жағдайды қоспағанда, өзі келмеген;

2) өтініш беруші қосымша дәлелдемелерді ұсыну үшін уақыттың қажеттігі туралы өтінішхат берген жағдайда, отырыс өткізілетін күнді ауыстыруға құқылы.

5. Апелляциялық кеңес мынадай шешімдердің бірін шығарады:

1) қарсылықты қанағаттандыру туралы;

2) қарсылықты ішінара қанағаттандыру туралы;

3) қарсылықты қараудан бас тарту туралы;

4) қарсылықты қанағаттандырудан бас тарту туралы.

Апелляциялық кеңес қарсылықтың нысанасын немесе негізін өз бастамасы бойынша өзгертуге құқылы емес.

6. Апелляциялық кеңестің барлық мүшелері қарсылықты қараған кезде тең құқықтарды пайдаланады. Апелляциялық кеңестің шешімі оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

7. Қабылданған шешім шығарылған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде қарсылықты мәлімдеушіге жіберіледі.

8. Апелляциялық кеңес қарсылықты мәлімдеушінің өтінішхаты бойынша қарсылықты қараусыз қалдыра алады. Қарсылықты қараусыз қалдыру туралы шешім апелляциялық кеңес отырысының хаттамасымен ресімделеді.

9. Қабылданған шешімге сотқа шағым жасалуы мүмкін.»;

30) мынадай мазмұндағы 41-3 және 41-4-баптармен толықтырылсын:

«41-3-бап. Апелляциялық кеңестің шешіміндегі қате жазуларды және айқын техникалық қателерді түзету

1. Шешім шығарған апелляциялық кеңес қарсылық бойынша шешім жарияланғаннан кейін оның күшін жоюға немесе оны өзгертуге құқылы емес.

2. Апелляциялық кеңес шешімде жіберілген қате жазуларды немесе айқын техникалық қателерді өз бастамасы бойынша немесе қарсылықты қарауға қатысатын тұлғалардың өтініші бойынша түзете алады.

Түзетулер енгізу туралы мәселе апелляциялық кеңестің отырысында шешіледі. Қарсылықты қарауға қатысатын тұлғаларға апелляциялық кеңес отырысының уақыты мен орны туралы хабар беріледі, алайда олардың келмеуі түзетулер енгізу туралы мәселені қарау үшін кедергі болып табылмайды.

3. Апелляциялық кеңестің шешіміне түзетулер енгізу апелляциялық кеңестің қосымша шешімімен ресімделеді.

41-4-бап. Қарсылықты қараусыз қалдыру

1. Апелляциялық кеңес, егер:

1) қарсылық берген, апелляциялық кеңес отырысының өткізілетін уақыты мен орны туралы тиісінше хабар берілген, қарсылықты өзі болмағанда қарау туралы мәлімдемеген тұлға апелляциялық кеңестің отырысына екінші рет шақырғанда келмесе;

2) қарсылық берген тұлғаның өзінің қарсылығын кері қайтарып алу туралы өтінішхаты болса, қарсылықты қараусыз қалдырады.

2. Қарсылықты қараусыз қалдыру туралы шешім апелляциялық кеңес отырысының хаттамасына түсіріледі.»;

31) 42 және 43-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«42-бап. Дауларды қарау

1. Мынадай даулар сот тәртібімен қаралады:

1) тауар белгісіне немесе тауар шығарылған жердің атауына куәлік берудің құқыққа сыйымдылығы туралы;

2) тауар белгісінің пайдаланылмауына байланысты оны тіркеу әрекетіне қарсы;

3) тауар белгісі иесінің (құқық иеленушінің) айрықша құқығын немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын бұзу туралы;

4) тауар белгісін пайдалануға лицензиялық шарттарды жасасу және орындау туралы;

5) тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп танудың құқыққа сыйымдылығы туралы;

6) егер тауар белгісін пайдалану тұтынушыны тауарға немесе оны жасаушыға қатысты жаңылыстыруға қабілетті болған жағдайда, Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп танылған тауар белгісімен бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас тауар белгісін тіркеудің қолданысын тоқтату туралы;

7) куәліктен туындайтын құқықтарды қорғауға байланысты басқа да даулар.

Даулар осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 5), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілгендерін қоспағанда, тараптардың жазбаша келісімі бойынша медиация тәртібімен шешілуі немесе төреліктің қарауына берілуі мүмкін.

Уәкілетті органның осы Заңның 41-бабының 2-тармағында көрсетілген шешімдеріне өтініштер тиісті қарсылықтар апелляциялық кеңесте қаралғаннан кейін сотқа беріледі.

2. Сараптама ұйымы соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде тауар белгісін, жалпыға бірдей белгілі тауар белгісін немесе тауар шығарылған жердің атауын тіркеудің қолданысын тоқтатуды, тауар белгісін пайдалану құқығын табыстауды немесе тауар белгісінің иесін (құқық иеленушіні) өзгертуді тіркеудің күшін жоюды қоса алғанда, Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне және Тауар шығарылған жерлердің атауларының мемлекеттік тізіліміне тиісті өзгерістер енгізеді, тіркеуге қатысты өзгерістер туралы мәліметтерді жариялайды.

43-бап. Тауар белгілері және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық

1. Біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге қатысты, ал жалпыға бірдей белгілі тауар белгісі жағдайында – барлық тауарларға және көрсетілетін қызметтерге қатысты айналымға тауар белгісі иесінің (құқық иеленушінің) келісімінсіз немесе тауар шығарылған жердің атауы немесе оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемелер иесінің келісімінсіз енгізу тауар белгісіне айрықша құқықты немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын бұзу деп танылады.

Тауар белгісін немесе тауар шығарылған жердің атауын бұқаралық ақпарат құралдарында пайдалану да тауар белгісі иесінің (құқық иеленушінің) немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы иесінің айрықша құқығын бұзу деп танылады.

2. Тауар белгісіне айрықша құқықты немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын бұзғаны үшін, оның ішінде оларды орналастырғаны не оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемелерді тауарға немесе оның қаптамасына орналастырғаны үшін кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.»;

32) мынадай мазмұндағы 43-1-баппен толықтырылсын:

«43-1-бап. Тауар белгісіне айрықша құқықты түбегейлі пайдалану

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кез келгенінің аумағында айналымға құқыққа сыйымды енгізілген тауарларға қатысты осы тауар белгісін тікелей тауар белгісі иесінің (құқық иеленушінің) немесе оның келісімімен басқа да тұлғалардың пайдалануы тауар белгісіне айрықша құқықты бұзу болып табылмайды.»;

33) 44 және 45-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«44-бап. Тауар белгісі иесінің (құқық иеленушінің) немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы иесінің құқығын қорғау тәсілдері

1. Тауар белгісі иесінің (құқық иеленушінің) немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы иесінің құқығын бұзған тұлға бұзушылықты дереу тоқтатуға және тауар белгісінің иесіне (құқық иеленушіге) немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының иесіне ол шеккен залалдарды өтеуге міндетті.

2. Тауар белгісін, тауар шығарылған жердің атауын немесе оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені немесе жалпыға бірдей белгілі тауар белгісін пайдаланудың құқыққа сыйымдылығын айқындауға байланысты дауларды сот Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында белгіленген тәртіппен қарайды.

3. Тауар белгісі, тауар шығарылған жердің атауы немесе оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемелер иесінің келісімінсіз орналастырылған тауар және оның қаптамасы контрафактілік деп танылады. Контрафактілік тауарлар және олардың қаптамалары, сондай-ақ оларды жасау үшін пайдаланылған саймандар, жабдық немесе өзге де құралдар мен материалдар осындай тауарларды айналымға енгізу қоғамдық мүдделер үшін қажет болатын және Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын бұзбайтын жағдайларды қоспағанда, соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде айналымнан шығарылуға және бұзушының есебінен жойылуға жатады.

4. Тауар иесі осы баптың 3-тармағында көрсетілген жағдайларда контрафактілік тауарлардан және олардың қаптамаларынан заңсыз орналастырылған тауар белгісін немесе тауар шығарылған жердің атауын, оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемелерді алып тастауды талап етуге құқылы.

5. Тауар белгісі иесінің (құқық иеленушінің) немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы иесінің құқығын бұзған тұлға жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету кезінде жұмыстарды орындаумен немесе қызметтер көрсетумен бірге жүретін материалдардан, оның ішінде құжаттамадан, жарнамадан, маңдайша жазулардан тауар белгісін немесе тауар шығарылған жердің атауын немесе оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені алып тастауға міндетті.

6. Тауар иесі құқық бұзу фактісі дәлелденген кезде залалдарды өтеудің орнына бұзушылықтың сипатын, тауар белгісі, тауар шығарылған жердің атауы немесе оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілеме тауар иесінің келісімімен орналастырылған біртектес (түпнұсқа) тауарлардың нарықтық құнын негізге ала отырып, бұзушыдан сот айқындайтын мөлшерде өтемақы төлеуді талап етуге құқылы.

45-бап. Сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге ақы төлеу

Сараптама ұйымы тауар белгілерін, тауар шығарылған жерлердің атауларын қорғау саласында қызметтер көрсеткені үшін осы Заңның 3-1-бабына сәйкес ақы алады.»;

34) 46-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жоғары білімі және кемінде төрт жыл еңбек өтілі бар, аттестаттаудан өткен және патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркелген Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы патенттік сенім білдірілген өкіл болуға құқылы.

Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу кандидат берілген патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігімен расталатын аттестаттаудан өткен кезде жүзеге асырылады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттау Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік объектілерін қорғау саласындағы заңнамасын білуіне тестілеу нысанында жүзеге асырылады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу және оған өзгерістер енгізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімі уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылады.»;

35) 46-2-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«46-2-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігін жарамсыз деп тану және патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміндегі мәліметтердің күшін жою»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Аттестаттау комиссиясының шешімі немесе соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде уәкілетті органның шешімімен патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігі жарамсыз деп танылады және патенттік сенім білдірілген өкілді патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміне енгізу туралы тиісті мәліметтердің күші жойылады.»;

3-тармақ алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Уәкілетті орган патенттік сенім білдірілген өкілдің әрекетіне жеке немесе заңды тұлғаның шағымы келіп түскен жағдайда, уәкілетті орган қызметкерлерінің тақ санынан тұратын апелляциялық комиссияны құрады. Апелляциялық комиссия келіп түскен шағымды қараған кезеңде патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің қолданысы тоқтатыла тұрады, бұл туралы патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде белгі жасалады.

Шағымды қарау нәтижелері бойынша апелляциялық комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) уәкілетті органға патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің қолданысын тоқтату туралы талап қою арызын сотқа жіберуге ұсыным жасау;

2) шағымды қанағаттандырудан бас тарту.

Апелляциялық комиссияның шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Апелляциялық комиссияның шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.»;

36) 47-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«47-бап. Халықаралық тіркеу

Жеке және заңды тұлғалар сараптама ұйымы арқылы тауар белгілерін және тауар шығарылған жерлердің атауларын халықаралық тіркеуге арналған өтінімдер беруге құқылы.

Халықаралық тіркеуге арналған өтінімдерді қарау тәртібін уәкілетті орган Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес айқындайды.».

9. «Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы» 2001 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 13-14, 181-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 14, 95-құжат; 2015 ж., № 20-VII, 119-құжат):

1) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«4-бап. Уәкілетті орган

Уәкілетті органның құзыретіне мыналар жатады:

1) топологияларға құқықтарды құқықтық қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

2) мыналарды:

топологияларды тіркеу туралы өтінімдерге сараптама жүргізу қағидаларын;

топологияларды Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізіліміне енгізу және тіркеу туралы куәліктерді, автор куәліктерін беру қағидаларын;

топологияларға айрықша құқық беруді, оларды пайдалануға құқықты табыстауды Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу қағидаларын;

Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмелер беру қағидаларын;

апелляциялық кеңестің қарсылықтарды қарау қағидаларын;

аттестаттау комиссиясы туралы ережені;

апелляциялық кеңес туралы ережені;

апелляциялық комиссия туралы ережені әзірлеу және бекіту;

3) тіркелген топологиялар туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялау тәртібін айқындау;

4) патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу және оларды патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу;

5) аттестаттау комиссиясының, апелляциялық кеңестің және апелляциялық комиссияның қызметін ұйымдастыру;

6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.»;

2) мынадай мазмұндағы 4-1-баппен толықтырылсын:

«4-1-бап. Сараптама ұйымы

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, өз қызметінде уәкілетті органға ведомстволық бағынысты сараптама ұйымы:

1) топологияларды тіркеу туралы өтінімдерге сараптама жүргізеді;

2) топологияны Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізіліміне енгізеді және тіркеу туралы куәліктерді, автор куәліктерін береді;

3) топологияларға айрықша құқық беруді, оларды пайдалануға құқықты табыстауды Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімінде тіркейді;

4) Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімін, бюллетеньді жүргізеді және оларды өзінің интернет-ресурсына орналастырады;

5) Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмелер береді;

6) тіркелген топологиялар туралы мәліметтерді сараптама ұйымының бюллетенінде жариялайды;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады.

2. Уәкілетті органмен келісу бойынша сараптама ұйымы топологияларды қорғау саласында қызметтер көрсеткені үшін осы ұйым шеккен шығындарды толық өтеу, оның қызметінің шығынсыздығы және өз кірістері есебінен қаржыландыру қамтамасыз етілген жағдайда, көрсетілетін қызметтердің бағаларын бекітеді.»;

3) 8-баптың 5-тармағының екінші, үшінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«Тіркелген топологияға айрықша құқықты өзгеге беру туралы шарт, лицензиялық және қосалқы лицензиялық шарттар сараптама ұйымында тіркелуге жатады.

Тіркеу жүргізілмеген, топологияға айрықша құқықты өзгеге беру туралы шарт, лицензиялық және қосалқы лицензиялық шарттар сараптама ұйымында тараптардың келісімі бойынша тіркелуі мүмкін.

Жазбаша нысанның және (немесе) тіркеу туралы талаптың сақталмауы айрықша құқық беру туралы шарттың маңызсыздығына алып келеді.

Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу, оған өзгерістер енгізу, техникалық сипаттағы қателерді түзету, сондай-ақ тіркеудің күшін жою осы Заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

4) 11-баптың 1 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Топология авторы немесе өзге де құқық иеленуші сараптама ұйымына тіркеуге өтінім беру жолымен топологияны тіркеуге құқылы.

Топологияны тіркеу туралы өтінім және оған қоса берілетін құжаттар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. Көрсетілген құжаттар басқа тілде ұсынылған жағдайда, сараптама ұйымы өтінімге қоса берілетін құжаттардағы мәліметтердің аудармасын талап етуге құқылы. Аударма өтініммен бір мезгілде немесе өтінім келіп түскен күннен бастап екі айдан кешіктірілмей ұсынылуға тиіс.»;

«4. Топологияны тіркеу туралы келіп түскен өтінім бойынша сараптама жүргізіледі.

Сараптаманың оң нәтижесі болған кезде топологияны Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу жүзеге асырылады және тіркеу туралы куәлік беріледі.

Өтінім беруші тіркеуге дейін өтінім материалдарын толықтыруға, нақтылауға және түзетуге құқылы.

Құқық иеленуші болып табылмайтын топология авторына сараптама ұйымы автор куәлігін береді.»;

6-тармақ алып тасталсын;

5) 15-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жоғары білімі және кемінде төрт жыл еңбек өтілі бар, аттестаттаудан өткен және патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркелген Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы патенттік сенім білдірілген өкіл болуға құқылы.

Патенттік сенім білдірілген өкілдер тізілімінде тіркеу кандидат берілген патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігімен расталатын аттестаттаудан өткен кезде жүзеге асырылады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттау Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік объектілерін қорғау саласындағы заңнамасын білуіне тестілеу нысанында жүзеге асырылады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу және оған өзгерістер енгізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімі уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылады.»;

6) 15-2-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«15-2-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігін жарамсыз деп тану және патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміндегі мәліметтердің күшін жою»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Аттестаттау комиссиясының шешімі немесе соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде уәкілетті органның шешімімен патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігі жарамсыз деп танылады және патенттік сенім білдірілген өкілді патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміне енгізу туралы тиісті мәліметтердің күші жойылады.»;

3-тармақ алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Уәкілетті орган патенттік сенім білдірілген өкілдің әрекетіне жеке немесе заңды тұлғаның шағымы келіп түскен жағдайда, уәкілетті орган қызметкерлерінің тақ санынан тұратын апелляциялық комиссияны құрады. Апелляциялық комиссия келіп түскен шағымды қараған кезеңде патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тиісті ақпарат көрсетіле отырып, патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің қолданысы тоқтатыла тұрады.

Шағымды қарау нәтижелері бойынша апелляциялық комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) уәкілетті органға патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің қолданысын тоқтату туралы талап қою арызын сотқа жіберуге ұсыным жасау;

2) шағымды қанағаттандырудан бас тарту.

Апелляциялық комиссияның шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Апелляциялық комиссияның шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.».

10. «Әділет органдары туралы» 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 6, 67-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 18, 143-құжат; 2008 ж., № 10-11, 39-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 15-16, 75-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 128-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 24, 145, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 15, 118-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-I, 47-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 21-баптың 4), 7) және 10) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«4) зияткерлік меншікті сақтау мен қорғау саласындағы қызметті ведомствоаралық үйлестіру және осы саладағы уәкілетті органдарға, сондай-ақ мүдделі ұйымдарға әдістемелік көмек көрсету;»;

«7) авторлық құқықты ресми тізілімдерде тіркеуді ұйымдастыру;»;

«10) патенттік іс саласындағы сараптаманы және авторлық құқықты ресми тізілімдерде тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымның қызметін бақылау;»;

2) 23-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы алып тасталсын.

11. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 16-құжаттар; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 95-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 15, 82-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 19-I, 99-құжат; № 19-II, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-I, 124-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-II, 145, 148-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., № 7-I, 47-құжат; № 7-II, 56-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 22-құжат; № 11, 29-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 51, 54-құжаттар; № 15, 55-құжат; № 20, 96-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 7-8, 22-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 134-баптың 2-тармағы 27) тармақшадағы «орындау саласында жүзеге асырады.» деген сөздер «орындау;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 28) тармақшамен толықтырылсын:

«28) зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласында жүзеге асырады.».

12. «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 23-II, 171-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 72-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 18-құжат; № 14, 51-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 2-баптың 28) тармақшасындағы «шығармашылық зияткерлік қызметтің объектіленген нәтижелері» деген сөздер «зияткерлік меншік құқығының объектілері» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4-бап 8) тармақшадағы «сатып алу қағидаттарына негізделеді.» деген сөздер «сатып алу;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) сатып алынатын тауарлар құрамындағы зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау қағидаттарына негізделеді.»;

3) 21-баптың 4-тармағы 2) тармақшадағы «шығыстарды көздеуге міндетті.» деген сөздер «шығыстарды;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) егер қатысушының пікірі бойынша зияткерлік меншік объектісіне айрықша құқықтардың сатып алынатын тауарға қатысы болған жағдайда, осындай құқықтарды растауды беруді көздеуге міндетті.»;

4) 39-баптың 3-тармағының 3) тармақшасындағы «ерекше құқықтарға ие тұлғадан» деген сөздер «айрықша құқықтар расталған жағдайда, осындай құқықтарға ие тұлғадан» деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабы 4-тармағының 2) және 3) тармақшаларын, 5-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті Н.НАЗАРБАЕВ

Астана, Ақорда, 2018 жылғы 20 маусым
№ 161-VI ҚРЗ

Сахна сыры һәм сенім

Қашанда өз ұлтының, төл жұртының мұң-мүддесі тұрғысынан ой толғап, сыр суыртпақтайтын шығармалардың шыңырауында кісіні ерекше мөлдір сезімге жетелейтін алапат бір ағыстың айрықша күшіне жолығасыз. Бұл орайда халықтың қам-қайғысын, қадір-қасиетін шынайы бедерлеп, шығармашылығының басты арқауына айналдырған жандардың еңбегі туралы әңгіме қозғағанда халықтық қалпымыз бен салтымызға деген адалдықтың әркез алдымыздан жиі орағытып шығып отыратыны бекер болмаса керек-ті.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының қоюшы-режиссері Болат ҰЗАҚОВПЕН болған сұхбатта сахнадағы кісілік кескін-келбет пен түр-тұрпат жайындағы ойлар ортаға салынады.

– Болат Қасымжанұлы, халқымыздың мақсат-мұратын, адамгершілік қасиеттерін насихаттайтын театр өнері күннің шуағындай нәрлі қазына ғана емес, көрерменін ізгі ойдың иесімен, күрескер бейнесімен қуаттандыратын жанашыр тәрбиешіміз де емес пе? Бірақ кейде осы сала мамандарының өзі «Театр өнер ме, әлде құрал ма?» деген сұраққа нақты жауап таба алмай, әркім әртүрлі пайымға иек артады. Сіз қалай ойлайсыз?

– Театрды тек өнердің ғана ордасы десек, қазіргі заманның қойып отырған талабымен ісіміз бен мүддеміздің ұштасып кете қоюы екіталай. Сахна өнері дегеніміз – алдымен тәрбиенің ордасы, ұлттық құндылыққа сүйіспеншілікті қалыптастыратын мәдениеттің ең бір жауапты саласы болғандықтан, мұны идеологиялық құрал деу әбден қисындыақ. Өз ұлтының бойындағы бірлік пен ынтымақты, ерлік пен адалдықты, мейірім мен махаббатты жырлаушы һәм сол қасиеттерді рухына сіңіруші – театр өнері өзінің міндетін бір сәт те назардан тыс қалдырған емес. Алайда қазіргі ұрпақтың иығына артылар жүк бұрынғы сарыннан өзгешелеу. Көз үйреніп, көңіл иланған бұғаулы қоғамның тұсындағыдан әлдеқайда күрделеніп, бүгінгі ұрпақ еншісіне озық мәдениеттің өсу тенденциясы белгілеп отырған жоғары талғам мен талап сынына төтеп бере алатын қамқарекетті қоса жүктеуде. Біреулер театр ешқашан саясатқа, идеологияға араласпай, таза өнермен ғана айналысуы керек деп, бастапқы тамырынан мүлде үзіп тастағылары келеді. Онда неге жұртты театрға келтіре алмай жанталасамыз? Жүрегін интернет жаулап алған кейінгі жастардың саналы, тәрбиелі болып өсуі үшін оларға сахна мәдениетінің ауадай қажет екенін айтып, неге мұнша өзеуреп әлекпіз? Шығармашылық адамы айналасынан бөлек қалай өмір сүреді? Өнер өмірдің өзегінен суырылып тумай ма? Ал мұның бәрі бола тұра, соны мойындай алмауымыз қалай? Осы тұрғыдан келгенде, театр – тәрбиенің нақ бесігі.

...Менің бұл салада жұмыс істеп келе жатқаныма 35 жылдан асты. Қандай жағдайда да қоғамдағы кез келген оқиғаға өзіңнің жеке пікіріңді білдірмей, үнтүнсіз қалуың қиын-ақ. Айналадағы түрлі құбылыстарға, өзгерістерге деген ұстанымың арқылы көзқарасың қалыптасады. Егер сен шынайы өнер адамы бола тұра халықтың тағдыры мен басынан кешкен қуаныш-қайғысынан бейтарап өмір сүрсең, ертеңіне ет жүрегің елжіремесе, онда сенің жер басып адам болып жүргенің кімге керек? Театр – маған халықтың қазір нені айтып, нені көргісі келетінін алдын ала анық бағамдап, бағытбағдар сілтеп отыратын алдаспан алаңы тәріздес.

– Актер мен көрерменнің арасына тығыз байланыс орнату үшін режиссер не істеуі керек?

– Актер мен көрермен эмоционалдық байланыста болуы үшін актер өзінің рөлін шынайы ойнауы керек. Режиссер әрине, өз тарапынан соны жүзеге асырудың барлық амал-шарғысын ойлап-табуға тырысып бағады. Актерді кейде бұл үшін залдағы көрерменге жақындатады. Алған демін сездіртеді. Томаға-тұйықтықтан бездіртеді. Сазбен көркемдейді. Көзі мен сөзі үйлескен жанның соңынан көрермен ботадай жетектеледі. Өнерге жаны арбалған кісінің сахнадан безгенін көргенім жоқ. Өнер иесінің сұлбасын сан түрлі қырынан самаладай жарқыратып айшықтайтын жарықтың өзінің атқаратын қызметі мұнда үлкен мәнге ие. Алайда сайып келгенде, бәрібір соңғы нәтижеге – актердің рөлін барынша шеберлікпен ойнай алуына байланысты. Әдетте сахналық шығарма негізінен сөз бен іс-қимылға құрылады деген пайымдар алға оза береді. Олай болса, актердің жантәнімен тебірене шалқып тұрған сәтіндегі болмысын, оқиғаға орай сан құбылып, алуан реңге түрленетін бет-пішінін, қара сөздің құдіретімен ойнақшып, ұшқын шашатын көздегі отын қайда қоясыз?! Кейіпкердің қуанып-шаттанған, қайғырып, жапа шеккен тұсындағы ішкі жан-дүние арпалысы мен сезім серенадасынан адамға ғаламат энергия таралады. Театрға кісі сол үшін келеді. Әркім өзіне жетпей жүрген мейірім мен жылуды содан табады. Осыны көрерменіне бере алған актер бақытты.

– Ешкімге ұқсамайтын ерекше бейнелерді қайдан іздеп табасыз?

– Жылда актерлік шеберлікке түрлі өңірден балалар келіп, емтихан тапсырады. Құм мен асыл тасты електің көзінен өткізіп, қылдай қиянат жасамауға тырысамыз-ау... Сондайда кейде «Құдай-ау, неге біз мұншалық ұсақталып кеткенбіз?» деген өкініштің өзекті отша шарпитыны рас. Не тілі, не тісі мүкіс. Он баланың ішінен іліп алар бір-ақ адам, ал 20 баладан үшеу-төртеу ғана сынақтан өтеді. Бірақ мен көбіне адам тағдырына мән беремін. Жапалды ойнаған актер өмір бойы неге осы рөлді сомдап, қартаюы керек? Кезінде ұлы Мұхтар Әуезовтің өзі Мұқатай Бұлановтың Жапалына риза болып: «Пәлі, мынау соның өзі ғой. Мен көрген Жапал нақ осындай еді! Ол зарлағанда күллі Шыңғыстау жылап тұратын. Мына Мұқатай сол философияны іліп әкетіпті. Даладағы жетім баланың тағдырын дәл, шыншыл шеберлікпен ашыпты», деп баға бергенін ағалардың айтуынан естіп жүрміз. Алайда бәрі осы айтылғандай, шығарманың шырқына шырай, отты сезім ұшқындарын дарыта ала ма? Жалғыз Жапал жағалай бәріне қайдан жетсін, тәйірі?

– Сонда кісінің сыртқы пішіні мен бет-рәпатына көп нәрсе байланысты ма? Маңыздысы – адамның жан сұлулығы емес пе?

– Сахна өнері – эстетиканың мектебі ғой. Әрине труппаға қабылданып жатқан жастарға сырттай: «Мынау Төлегенді ойнаса, ал мынада Қодардың бейнесін кескіндеуге лайық түр-сипат бар екен» деп ә, дегеннен еншілеп, сырттай топшылап, әр актердің сыртқы тұрпатына айрықша мән берілетіні рас. Шіркін, баяғыда майталман аға-апаларымыз ауыл-ауылды жаяу аралап, тотыққан қара сирақтардың ішінен таланттарды маңдайынан шертіп жүріп таңдайтын. Қазір сол дәстүрді қайта жаңғыртсақ, жаман ба? Өйткені тауып та, қауып та сөйлейтін, нағыз от ауызды, орақ тілді шешендер сонда. Ана тіліміздің байлығына айыз қанып айбарланар арнамыз – ауыл. Біз сорласақ, осы тілге шорқақтығымыздан шоқалақтап қалдық. Ауылды араласақ, әлі де небір Төлеген мен Шегені, Қодар мен Бекежанды, Қарагөз бен Баянды сомдайтын тұнық бұлақтың мөлдіреген көздері бұрқақтай бұлқынарына еш күмәнім жоқ.

– Кейіпкерді ойнатуда, ойлантуда әр режиссердің өзіне тән стилі, ерекшелігі бар десек, бұл орайда жұртшылық өзіңіздің тарихи тұлғалардың көркем бейнесін сахнаға алып шыққан орасан зор еңбегіңізді жоғары бағалайды. Әйткенмен бүгінгі репертуардағы шығармалар өмір талабына сай, көрушілердің айызын қандыратын туынды деп айта аласыз ба?

– Драматургиялық жанр бағының жанатын жалғыз жері – театр. Қаламгердің бәрі әттең, Әуезов емес. Мысалы, ұлы жазушы шығармасындағы кейіпкердің бірін қалдырмай өзі тамаша баяндап береді. Яғни пьесадағы кейіпкерлер бейнесін сол қалпында ашып көрсететін қосымша түсінік бар деген сөз. Режиссерге керек қорек осы – ремарка. Әрбірінің сыртқы кескінкелбетін бейнелей суреттегенде, әлгі тұлғалардың сахналық сымбаты шайқап піскен майдай оп-оңай жұтыла кетеді. Адамның мінез-құлқын ажырықсыз айқын жеткізеді. Небір жауһар, кәусар теңеулер көктемгі құрақтай үлбіреп жан баурайды. Мұндайда режиссер ойдан ештеңе қоса алмайды, әбігерге түспейді. Әуезовтің нәрлі ойын шашаусыз сіңіріп, кітаптағыны дәптерге мүлтіксіз көшіргендей шығарманы сахна әдебімен мүдірмей, мүлгімей жеткізе алса – алтын артылған атанды аударып алмай, шатқалдан аман алып өту деген сол.

Ал біздің кейбір драматургтеріміз осы жағын ескере бермейді. Ал шалажансар драматургия шарасыз, шалт әрекетке итермелейді. Жаңқадан жарма түйгендей әрлеусіз жалаң ойды жамапжасқауға жанталасқан пенденің күйін кешесіз. Құрғақ баяндауға құрылған дүмбілез дүние күлдіреуіші сынған үйдің құлдыраған сұлбасы секілді еңсеңді төмен тартады. Тәуір драматургия оқиғаны көз алдыңа елестетіп отырып жазылуы керек. Қазіргі кейбір шығармаларды шыңыраудан шырқырап алып шығарда мойнымыздың қыл арқанға қиылып кете жаздайтыны сондай себептерге байланысты. Режиссерге кейіпкердің жүріс-тұрысын, сөйлеу мәнерін, әдепәдетін, мінез-құлқы мен сырт сымбатын оқиғаның желісінен, автордың идеясынан алшақтап кетпей әрі сахна сиқына нұқсан келтірмей сырлы сазбен сығымдап сыйғызу қоса артылады. Сөйтіп әдеби шығармаға автормен қосарланып өзі де қызмет етуіне тура келеді. Тірі пендеге тән қасиеттің бәрін режиссер ой елегінен, сүзгі-тереңінен өткізеді. Себебі адам баласының бәрі әдемі сөйлеп, әдепті әңгіме айта бермейді ғой. Режиссер соны жаба тоқып жамай салмай, қиялға ерік беріп, қырмызы қияға қымсынбай беттейтін қисынды жол іздейді.

– Қазіргі драматургияға тән ортақ кемшілік неде?

– Кезіндегі Әкім Тарази, Қалтай Мұхамеджанов, Дулат Исабеков... т.с.с. майталман аға буынның шығармалары керемет емес пе еді! Қазір тәуелсіздік алған жылдардан бері қолына қалам ұстағанның дені драматургиямен айналысып кеткен сияқты әсер қалдырады. Көп драмалардың бір қайнауы ішінде, шикі болатын себебі, науқаншылдық белең алып кетті. «Ойбай, ана тұлғаның туғанына 200 жыл толды, мына кісінің 300 жылдығы» деген түрлі даталы дақпырттың жетегінде кетіп қалып жатады. Соған пьеса жазу керек деген пәрменді құлағы шалысымен, жан-жақтан жамырай жөнеледі. Науқаншылдықтың қарқынын қазір қайтармасақ, бара-бара дәстүрге айналып кететін түрі бар. Мен мысалы, еліміздің тәуелсіздігі бір күн, болмаса бір жыл айналысқаннан кейін ұмытылып, жаңадан басқа тақырыпқа ойысып кете баратын дүние деп есептемеймін. Бұл бүгін, ертең, бүрсігүні қойсаң да, тіпті пәленбай жылдан кейін де маңыздылығы төмендемейтін, мәні кемімейтін ұлы ұғым ғой...

– Өзіңізге реніш білдірген авторлар бар ма? Шығарманы өзгертуге режиссер қаншалықты құқылы?

– Белгілі орыс сыншысы В.Белинский: «...ақындық өнерде Шекспирмен үзеңгі қағысар адам бар деп айту батылдық болар еді, бірақ драматургияда оған шендесер әлі ешкім жоқ, сол күйі жеке-дара жалғыз келе жатыр» деген екен. Сол айтпақшы, әуелі қосалқы кішігірім кейіпкерлеріне дейін әлсіз, осал сезілмейтін, «бір-бір философияның жібін есіп жүретін» Шекспир шыңына қаншалықты жақындадық? Жақындасақ, таудың қай қырқасынан аса алдық? Әлемдік деңгейдегі классиктің кейіпкерімен шендесетін, иық тірестіретін кіміміз бар, деп кеңістікке көз тігеміз. М.Әуезов пен Ғ.Мүсірепов драматургиясынан ғана осы сарынға сай ізді аңғарамыз, сол сияқты қай елдің болсын ұлылы-кішілі санаткерлерінің Шекспир ұлағатынан сая іздемегені кемде-кем...

Ал пьесаны қою – түпнұсқаны тікелей көшіру емес. Сондықтан өзім сахналаған дүниелердің бәрі дерлік азды-көпті өзгертілді. Ақселеу ағаның «Күзеуде» повесінен инсценировка жасадым. Сонда өзімнің біраз ойларымды қостым. 5-6 жыл бұрын Шерхан Мұртаза ағамыздың «Текебұрқақ», «Бір кем дүниесін» сахна заңдылығына икемдеп, драматургиялық нұсқасын ұсындым. Шерағанда жоқ диалогтерді енгіздім. Қабдеш Жұмаділовтің оралмандар туралы «Ажалдан қашқан періште» повесінен инсценировка жасадым, онда да кейіпкерлердің аузына сөз салдым. Әр шығарманы қою режиссер үшін бұғанасының бекіп, есеюіне, белгілі бір белеске көтеріліп, адам жанының шытырман қайшылығын, адал махаббатты, ар-ұжданды, кесір-қисапатты, қорлық-зорлықты танып-білуіне әділ нұсқаушы һәм шежірелі құрал тәрізді. Бұлар шығармадағы көркем шындықтың жұтаңдығынан, яки болмаса өз дәуірінің ұлы жыршысы бола алмауынан емес. Қан-сөлін бойында сақтап, қалыбын бұзбай, әлемін әдеппен барлай білсең, қақпасы қатты әдебиет жоқ, мұндағы қазыналы қатпарлар режиссура үшін толағай табыстың көзі саналады. Әзірге сыналап енгізген ойларымды қораш санап, қапыл-қателікке бой ұрдың деген сыни ескертпе естігенім жоқ. Екінші жағынан, ойды түгел қамтуға мұршаң келмейді. Уақыт шектеулі. Сахна көсіле көлбеңдейтін сайын сахара емес. Мен өзіме ұнаған идеяны ғана нысанаға аламын. Басқа жаққа бұра тартып кетпеймін. Автордың ең басты ойын басқаша форматта, кейде кеңейтіп, ал енді кейбірін көрерменге тезірек жететін тәсілмен жеткізуге тырысамын.

– Бастан-аяқ диалогке құрылған спектакль кісіні жалықтырады, көрерменді аяғына дейін тапжылтпай ұстап отыру үшін қойылымда динамикаға, әрекетке басымдық берілуі тиіс деген тұжырым дұрыс па?

– Жалпы театрдың негізгі діңгегі ежелден драматургия болып саналады. Мұнымен таза мамандар айналысуы керек. Кәсіби білікті драматург онсыз да мұндай көпсөзділікке ұрынбайды. Тәптіштеп суреттеп тұрмайды. Болатын оқиғаны екі актердің диалогі арқылы сарқа жеткізіп қоятын жағдайлардың кездесетіні рас, әрине. Бірақ мен осы театрда М. Әуезовтің «Еңлік-Кебегін» сахналадым. Сонда Еспембет пен Көбейдің айтысатын тұсы бар. Әрқайсысы сөйлегенде әжептеуір ұзаққа сілтейді. Бірақ ондағы шіркін, сөздің құдіреті қандай! Өткен ғасырдың басында жазылған «Еңлік-Кебектің» өміршең болу сыры неде? Қара қылды қақ жарған осы ата-бабаларымыздың қасиетті тілінің сарынында. Бір басталып кеткен сәтінен әрі қарай үзбей үздігіп тыңдай бергің келеді. Мұндай шұрайлы тіл өрнегін қысқартуға қай пақырдың дәті барады. Әуезді тілді кесу – әуелгі қиянат. Сондықтан көпсөзділіктен арылу керек екен деп, жағалай жағаға жармаса беретін ұр да жық қылықты құптамаймын. Әрине екі адамның сахнаның ортасында қақшиып, бос әңгімеге жол беруіне қарсымын. Бүгінгі көрермен әсірешіл емес, әсершіл, көнбіс, көнтері емес, реакцияшыл. Сол үшін қимылэрекетке басымдық берілгенмен, сөздің демі бітелген жоқ. Өйткені сөйлеп тұрған актердің өзі үнемі қозғалыста болмай ма?

– Сахнаның тірегі тіл дейсіз бе?

– Төле мен Қаз дауысты Қазыбек биді, Әйтеке би мен Қожамбердіні, Абай мен Жамбылды, Әлихан мен Мұхтарды, әлі де сондай талай марқасқа тұлғаларды атқан таңдай алға оздыра беретін киелі мұрамыз – асыл тіліміздің өмірден гөрі әуелі сахнадағы саф күйіне аландап, ақ жауыннан кейінгі дүр-дүния дидары тәрізді түрленіп, құбыла құлпыруын аңсаймын. Сонау Сыр мен Арқаның, Атырау мен Алтайдың арасы, түстігі мен теріскейі, шығысы мен батысы ғаламат шақырымға созылған қазақ даласының бірлік-бітімі жік-шекарасыз, шұрайлы көркем тілінің өзімен-ақ өзгеден үстем тұрғанын мақтан тұтуға әбден лайық. Әйтпесе неміс шығыстанушысы Юлиус Клапрот: «Қазақтардың диалектісіз сөйлейтініне көзім жетті» дей ме?

Қазір сахна неше түрлі шоулардан шаршады. Кино өнерінің элементтерін араластырады, түрлі жарықпен құбылтады, бірақ көрерменнің жүрегіне, эмоциясына әсер етпесе, «еңбегің – еш, тұзың – сор, артың – соқпақ, алдың – тор» күйге түсесің. Көрермен спектакльді бір көргеннен кейін көңілі құлазып, көпке дейін театрға бас сұқпай қоюы мүмкін. Кейіпкерін сағынып келіп отыруы керек олар. Бір емес, он рет айналып соғатындай деңгейге жеткізу керек. Қазір заманауи озық технологияның дамыған заманы. Бұдан ат-тоныңды ала қашу – надандық. Бірақ жұрттың жүрегіне барлық уақытта әрекет, болмаса сөз арқылы ғана жол табылады екен дей де алмайсыз. Өйткені Еуропада, тіпті Ресейдің өзінде эмоция, пластика, пантомима театрлары бар. Бұларда сөз, мәтін атымен жоқ, тілсіз театрлар, бірақ оқиғаны қандай керемет қимылмен, эмоциямен, көз жасымен, бет-әлпет арқылы жеткізе сипаттайды. Актермен бірге спектакльдің ішіне ентіге еніп кете жаздайсыз. Сөзді де қажет етпейтін осындай жас жанрлар дүниеге келіп жатқанда, қол қусырып отыру – тағы ұят.

– Ондай театрларды Қазақстанда қолға алуға не кедергі болып отыр?

– Ол үшін әуелі актерлерді даярлайтын арнайы мектеп, кәсіби білікті мамандар қажет. Мұнсыз спектакльдің көркемдік құны көтерілмейді. Бұлшық еттер адамның дене салмағының бестен екі бөлігіне дейін мөлшерді құрайды екен. Демек эмоция тек бет-әлпеттегі қуанып-мұңаю белгілері арқылы ғана емес, актердің бүкіл дене мүшесінің, бұлшық еттерінің оқиғаға орай қозғалысымен беріледі. Сол себепті бұл мәселені сәл кейінге шегере тұруға мәжбүрміз. Бірақ қолбайлау болған асау өзен-дариялар жүгенделіп, болашақта бұйыртса, кекілі желбіреген кенже жанр да дамып, өзіне тән сипатта көрініс табар деп үміттенемін.

– Қандай жағдайда шығарманы қоюдан бас тартасыз?

– Қоғам үшін маңызсыз, тәрбиелік мәні жоқ дүниелерден бас тартамын. Біреулер тікелей білікті сынап-мінеген дүниесін әкеліп оқытады. Не нәрсені болсын талғамсыз өңешке тықпалап өткізудің, жазылғанның бәрі қойыла беруі керек деген түсініктің дәуірі ескіріп, дәурені тайғалы қашан. Тіпті білікті балағаттаған кісі осы заманның сұмдық қаһарманы болып шыға келетін жағдайға тап болдық. Мен олардан: «Мына шығарманың қай жері өнер?» деп сұраймын. Кейбірі уәжіңе дес бермей: «Мұндай пьесаны қоюға қорқасыңдар ма?» деп айбат шегіп, көз алартады. Балағаттап, баса-көктеп, тұрған жерінде турай жаздайды. Ашынған, адасқан пенденің жүрегінің шыңырауында не тұншығып жатқанын кім білсін? Алайда өнердің өзі қайшылықсыз қарға адым ілгері баспасы мәлім. Сондықтан сахна әлемінің томаға-тұйықтыққа салынбай, алуан сипатты алапат арпалысты бастан кешіп жатуы – дамып, алға ұмтылуының тағы бір жарқын белгісі.

– Өткенге өкінетін кезіңіз бар ма?

– Кейбір қысқартқан тұстарымды кейін қалдырмағаныма өкінемін. Адамның тағдыры сияқты бұлар да өмір белесінде түрлі тепершіті бастан өткізеді. Жұмыр басты әр пенденің иығына Құдай тағала заманына лайық миссия арқалатады. Мезгілінен ерте туып қойса да, дүниеге кеш келсе де – соры. Сахналық қойылым да солай. Мұндай жағдай менің спектакльдерімнің басында да бар.

– Өзіңізге орынсыз айтылған сын-ескертпелерді қалай қабылдайсыз?

– Осыдан 13 жыл бұрын Ермек Аманшаевтың «Үзілген бесік жыры» пьесасын алып, заманауи жаңа үлгіде сахналадым. Шығарманың негізгі айтар ойы: бір адамның екі бейнеге айналып кетуі, екі түрлі өмір сүруі, екіжүзділігі. Ол кезде Әбіш ағамыз (Кекілбаев) бен Фариза апамыздың (Оңғарсынова) көзі тірі. Сондай зиялы қауым өкілдері тамашалап, жылы тілектерін білдірген болатын. Спектакльден кейін автор да риза болған еді. Қызылорда облысында өткен театрлар байқауына сол қойылымды алып бардық. Сонда қазылар алқасының мүшелері «сауатсыз қойылған» деген сыңайда бірінен соң бірі жарыса сөз сөйледі. Марқұм Әшірбек Сығай ағамыздың: «Не болды сендерге жамырап?» деген бір ауыз сөзіне де тоқтай қоймады. Қай шығармамды да ешкімді қайталамай, өз жотамда жорғалатқым келеді... Сонда ішім удай ашыды. Сол картина әлі көз алдымнан кетпейді... Мұны әдейі түсінбей қалулары да мүмкін-ау, ә деген де ой келіп еді сонда.

– Қазақ хандарының бейнесін сахналауда көп тер төгіп жүрген режиссерсіз. Спектакльдеріңіздің ұзын-ырғасы қанша?

– Шамамен 40 шақты-ау. Елордаға келгеніме 21 жылдай болды. Көрерменге жылына кейде біреу, ал кейде үш спектакль ұсынамын. «Мұқағали» спектаклі 15 жылдан бері репертуардан түскен емес. «Кеш» спектаклі де солай, он жылға жуық көрерменмен қоян-қолтық өмір сүріп келеді. Тапсырыспен Өскемен, Көкшетау, Тараз, Талдықорған, Қостанай, Орал, тағы да бірталай қалаларда қойылым әзірледім. Мұны тағы әрі қарай жалғастырмақ ойым бар. Жаныма тарихи тұлғалар жақын болғандықтан басқаға қарағанда, соған көбірек мән беремін. Қай спектакльді қолға алсам да алдымен, халыққа, ұрпаққа пайдасы тиюі керек деген ұстанымға бағынамын. Болмаса заманауи үлгідегі шығармаларды мен де қоя аламын. Бірақ менің бағытым ол емес. Қазақ тарихында елеулі орны бар Абылай хан, Кенесары хан сияқты ірі тұлғаларды, драматург Думан Рамазанмен шығармашылық байланыстың нәтижесінде Өскемен театрында «Керей-Жәнібекті» сахналадым. Елбасы қатысқан мемлекеттік шаралардан бөлек, Ахмет, Әлихан, Сұлтанмахмұт, Мұстафа сынды Алаш арыстарының бейнелерін тірілтіп, театрландырылған қойылымдар әзірледім.

– Өмір мен өнердің мәні неде деп ойлайсыз?

– Асылында өнер иесінің тағдырында ерекше орын алатын нәрсе, ол – сенім. Өмір шындығымен, заман тілегімен мақсат-мүддесі ұштасқан кісінің сенімі тағдырдың соқтықпалы-соқпақты небір иірімінен сан соқтырмай алып шығатын серігі екен. Біздер сахнадағы өнердің арзандап, ақсауына ешқашан жол бермеуіміз керек, өйткені ол екінің бірінің қолжаулығына айналып кетсе, өнердің мәні жоғалады. Сахнада шалажансар дүниелер қойылса, өнерге сенім азаяды. Сенім жоқ жерде, не мән бар? Өмірдің мәні – Жаратқанның саған сыйлаған жарық сәулесі. Біреуден сатқындық, озбырлық көруің мүмкін. Арыз жазып, опасыздық жасайды. Бірақ әлгінде айтқанымдай, халықтың сеніміне ие жанның табанын тағылық пиғыл тайдыра алмайды. «...Өнер адамдары біздің емес, біз өнер адамдарының қолынан сүюге міндеттіміз» депті жарықтық Мұстафа Кемал Ататүрік. Осы керемет ұлы сенім ғой!

– Шекспир шығармасын сахнаға қою әрбір режиссер үшін үлкен мәртебе саналады. Осы туралы пікіріңізді ортаға сала кетсеңіз.

– Мен Шекспирдің «Гамлетін» сахналадым. Сан-сапат үлгіде 400 жылдан бері жүріп келе жатқан мәңгілік туынды ғой. Ал мен Шекспир шындарына өзімше көз тіге келіп, «бірін-бірі алдап-арбаған, сыбайлас жемқорлық, екіжүзділік жайлаған қоғамда мынадай таза адам өмір сүре ала ма?» деген сыни соқпаққа өз тұрғымнан жол іздедім. Не ол ана топқа өз ықтиярымен қосылуы керек, не мына өмірден кетуі керек. Мұны режиссерлер неше түрлі трактовкамен қойған. Біреулер әкесінің кегін алушы десе, енді бірі Гамлетті философ ретінде таныды және т.б. Мен оны мына фәни жалғанның иесі емес, кіршіксіз таза жүрекпен анадай қоғамда өмір сүре алмайды, деген қорытынды жасадым. Негізгі күрес оның ішкі жан дүниесінде... Құндылықтар құны өзгерген қазіргі заманда, әсіресе кейінгі өскелең ұрпақ үшін мұның беретін тәрбиелік мәні өте жоғары деп ойлаймын.

– Қазір немен айналысып жүрсіз?

– Қойшығара Салғараұлы ағамыз біздің даламызда Тұмар патшайымға дейін өмір сүрген әйел патшайым Заринаның өмірі, ерлігі туралы жазған болатын. Зарина – «зор ене», «зор ана» деген мағынаны білдіреді екен. Қойшығара ағадан осы шығарманың драмалық нұсқасын жасап беруді өтіндім. Келесі жылы, Құдай қаласа, соны репертуарға кіргізгім келеді. Тағы бір сахнаға шығуы тиіс өзекті мәселе – шекараның ар жағындағы, атамекенін аңсап жүрген қандастарымыздың тағдыр-талайы. Бір ұлттың екі жақта қалып қоюы сұмдық трагедия ғой. Мұнан соң Бейімбет Майлин драматургиясын сахнаға әкелгім келеді... Театрдан тыс уақытта фильмдерге түсіп жүрмін. Жақсы ұсыныстар болса неге түспеске деп ойладым.

– Өнерде кімді ұстаз тұтасыз?

– Өнерге Асқар аға Тоқпановтың арқасында келдім. Ол кісі менен емтиханды өзі алды. «Абай жолынан» үзінді оқыдым. Асқар ағаның ең жақсы көретін шығармасы екен. «Түсіп кетсең, оқисың ба?» деді. «Иә», дедім. «Жалқау емессің бе?» Жоқ... Әй, осыдан түбінде бірдеңе шығады-ау деп ойлаған болса керек. Түстім. Аға үмітін ақтаған шығармыз. «Актер болсаң бол, болмасаң қой, бірақ адам ғып шығару менің міндетім» дейтін еді жарықтық.

Фарида Шәріпова мен Ыдырыс Ноғайбаев сияқты қазақ өнерінің саңлақтарынан дәріс алдым.

Әңгімелескен
Қарашаш ТОҚСАНБАЙ,
«Егемен Қазақстан»

«ХАТ ҚОРЖЫН»

ОҚЫРМАН

...ризашылығын жеткізеді

Ауылына қайырымдылық жасады

Құрғақ жерде дән өспейді, құрғақ сөзден ештеңе өнбейді. Бір азаматымыз өзінің азын-аулақ несібесінен бөліп, ауылының жиынтой өткізуіне жағдай жасау мақсатында Екібастұз қаласынан 10 биік үстел, әрбір үстел басына 12 адамнан отыратын орындық, үлкен киім ілгіш жасаттырып және газ плита балондарын әкеліп ауылдың клубына табыстады.

Бұны өз несиесіне жасатқан және көлік жалдап ауылға әкелген ауылымыздың молдасы болған Ғұбайдолла атамыздың немересі Есенгелді Байдырахманұлы болатын. Ол өзі Астанада тұрады, зейнеткер. Бұндай жақсылық біреулерге қарлығаштың өрт сөндіруге қанатымен су сепкендей болып көрінуі мүмкін. Ал бұл Әбжан ауылының тұрғындары үшін үлкен жақсылық. Өйткені бұрын той жасауға адамдар бүкіл ауылдан үстел, төсеніш, ошақ, қазандық тасып бір күн уақыттарын өткізетін. Міне, нағыз патриот деп осындай азаматтарды айтар болар.

Қайыргелді МАШЫРЫҚҰЛЫ

**Павлодар облысы,
Ақтоғай ауданы**

...сүйінішін білдіреді

Құлақ құрышын қандырады

Бұрынғыдай емес, зейнетке шыққалы бері бос уақытым молайып, газет пен журнал, кітаптар оқып, радио тыңдауға көбірек мүмкіндік туды. Ұлт мұратын ұлықтаған Қазақ радиосын тәулік бойы тыңдайтындардың санатынанмын. Жас кезімізден ермегіміз радио болатын.

Қазір транзисторлы радиоқабылдағыш ұстайтын болдық. Кейіннен үйдегі жапонның «Сони» әмбебап радиоқабылдағышы тұрақты серігімізге айналды. Осылайша оған әбден бауыр басып кеттік. Күн демей, түн демей қалаған уақытыңда түймесін басып қалсаңыз болды, құлақтың құрышын қандырады.

Ұйқыдан ояна салысымен «Көңілді нотадан» қалаған әніңізді тыңдайсыз. «Сырласу» клубының хабарлары жүрек қылын шертеді. «Ән салайықта» жанды дауыспен айтатын әншімен қосылып шырқай аласыз. Сыршыл ақын Қалқаман Сарин жүргізетін бір сағаттық «Қауырсын қалам» хабарының қалай өтіп кеткенін де білмей қаласыз. Ал ақын қызымыз Нәзира Бердалының «Поэзия сағаты» мен журналистер Эльмира Әлімсарының, Ғалия Есқұлованың арнайы хабарлары көңіл көкжиегіңді кеңейтіп, ғажап әсерге бөлейді. Жексенбі сайын берілетін «Көңіл көзі» хабарының әсері тіпті ғажап. Қысқасы, Қазақ радиосын тыңдаңыз, еш өкінбейсіз, ағайын.

Кәрібай ӘМЗЕҰЛЫ,
зейнеткер

Түркістан облысы

...сақтандырады

Есті сөз ескірмейді

Ауылдағы базары мол, бақытты балалық шаққа не жетсін. Таңның атысы, күннің батысы ойын қуып қана қоймай, қолымыздан келгенше үй шаруасына да көмектестік. Есіміз кетіп, есіріп жүргенде есте қаларлық сәттер де мол болды.

Заман өзгерді, аузынан ана сүті кеппеген, белінен бесік табы кетпегендердің өзі қазір компьютер мен ұялы телефонға, бір сөзбен айтқанда гаджеттерге үйір. Қызық көріп, оларды осыған үйретіп жүрген де өзіміз емес пе деген ой келеді. Балалы үй базар емес пе еді. У-шу қалды, тып-тыныш, тіпті немерелеріміз сөйлеуден қалды десе де болады.

Мамандардың айтуынша, бос уақытын тек гаджеттермен өткізетін балалардың көру қабілетінің нашарлауына, тілінің дамуына, сабақ үлгерімінің төмендеуіне, жүйкенің жұқаруына, әлеуметтік бейімделмеуіне, әртүрлі ауруларға шалдығуына себепкер болады екен...

Француз ойшылы Жан-Жак Руссо кезінде «Балаң ақылды әрі есті болсын десең, дені сау, мықты етіп өсір. Ол жұмыс істесін, әрекеттенсін, жүгірсін, айқайласын, тынымсыз қимыл үстінде болсын», дейді. Есті сөз әманда ескірмейді.

Совет ХАМИТҰЛЫ,
еңбек ардагері

КӨКШЕТАУ

...әсерімен бөліседі

Жастар жинағы жарыққа шықты

«Рухани қазына» бағдарламасының «Туған жер» арнайы жобасы аясында Ақтөбе облысы әкімінің бастамасымен, мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен, өңірдегі жас таланттардың «Ақ айдын» жыр жинағының тұсауы кесілді. Жинақты құрастырған С.Жиенбаев атындағы жасөспірімдер кітапханасы. Ұзын саны 62 автордан прозалық және поэзиялық шығармалар келіп түсті. Оларды өлкелік белгілі ақын-жазушылар іріктеп, 50 автордың шығармаларын таңдап алды.

Жас талапкер ақындардан Есенбек Жұмағалиев, Ақтолқын Назарбаева, Ақілгек Мырзабай, Қазыбек Аманжолұлы, Михаил Дудник, Жомарт Баймұхан, Айнабек Жеткірбаев, Ақниет Жеткірбай, Жангүл Сембаева, Нұрсерік Тәуекелов, Айымгүл Шаки, Қуаныш Төлеулиев секілді өрендер жинақта жарияланған өз шығармаларын жұртшылыққа оқып берді.

Кітапханада тұрақты түрде жасақталатын, жергілікті ақындардың шығармалары қойылған «Өлең кернеп барады жүрегімді» атты кітап көрмесі ашылып, жас ақындардың шығармалары насихатталады.

Ұржан ҚҰРМАНҚЫЗЫ,
С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы директорының орынбасары

АҚТӨБЕ

...ой қозғайды

Балаларды қуанта білейік

Балалар үйі кәдімгі мемлекеттік мекеме. Киім-кешек, азық-түлікке бөлінетін қаражат жеткілікті әрі сапалы заттармен қамтамасыз етілген. Сондықтан балалар үйіне киім-кешек, азық-түлік әкелудің қажеті жоқ. Әкелсеңіз олар жоқ болып кетуі әбден мүмкін. Мереке кездерінде мұндай дүниелер тіпті көбейеді. Ал оның бәрі ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетеді. Сауап – тамақ берумен, киіндірумен шектелмейді.

Балалар үйіне қайырымдылық жасағыңыз келсе, оларды тек қуантыңыз. Мүмкіндік болса кинотеатрға апарып мультфильм көрсетіңіз, болмаса мейрамханаға апарып тамақтандырыңыз да арнайы жерлерге апарып ойнатыңыз. Әрине бұл көпшілікпен бірігіп жасалатын іс. Тіпті болмаса, келіп концерттік іс-шара ұйымдастырып беріңіздер. Жақсы көңіл күй сыйлау – оларға үлкен қуаныш. Басқа көп ештеңе қажет емес.

Ал мынау қоғамда қаншама тұрмысы төмен отбасы бар. Олар көңіл күй, қуанышқа кенде емес, керісінше материалдық қажеттіліктер жетіспейді. Азық-түлікті осындай отбасыларға берсеңіздер, қуаныш пен шын ықыласты ала аласыз. Бір орта қуаныш пен көңіл күйді қалайды, бір орта шын көмекті қалайды. Соны ажырата білейікші...

Нұрбол ХАНАҒАТ

АЛМАТЫ

Жастар – жаңалық жаршысы

Кеше Астанадағы Назарбаев орталығында Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры мен Тұңғыш Президент – Елбасы қоры арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылып, «KazRoboProject-2018» робот техникасы бойынша ғылыми-зерттеу және шығармашылық жобалар байқауының жеңімпаздары анықталды.



Мирас АСАН,
«Егемен Қазақстан»

Меморандумға Біріккен Ұлттар Ұйымы Балалар қорының (ЮНИСЕФ) Қазақстандағы өкілі Юрий Оксамитный және Тұңғыш Президент – Елбасы Қорының атқарушы директорының орынбасары Сұлтан Айтжанов қол қойды. Меморандумға сәйкес екі тарап та еліміздегі балалардың құқықтарын қорғау мақсатында қоғам ішінде қажет ақпарат беру саласында тығыз жұмыс істемек.

Юрий Оксамитный атап өткендей, балалық шақ – адамның дамуындағы ең маңызды кезең. Саламатты, табысты және бақытты өмірдің іргетасы қаланатын кезеңде жас жеткіншектердің жалындаған отты идеяларын ел игілігіне жарата білуіміз қажет. «Біздің қор Қазақстандағы әр баланың денсаулығына, тамақтануына, қорғанысына және білім алуына құқықтарын жүзеге асыру үшін қызмет атқарады. Тұңғыш Президент – Елбасы қорымен тығыз қарым-қатынасымыздың арқасында балаларды кішкентай кезінен дамыту, үлгілі ата-ана болу, жастар тәрбиесі, инклюзивті білім беру мәселелеріне қоғамның назарын аудара аламыз деген сенімдемін», дейді Ю.Оксамитный.

Ал Сұлтан Айтжановтың айтуынша қор балалар мен жасөспірімдердің интеллектуалды және шығармашылық әлеуетін ашуға көмектесетін әртүрлі жобаларды жүзеге асырып келеді. Жас дарындарды қолдау – жалпыұлттық маңызы бар іс-шара. Әлеуметтік жобалар, соның ішінде балалар үйлері мен интернаттармен жыл сайын белсенді жұмыс атқарылып келеді. Сонымен қатар инклюзивті білім беру саласында жұмыс істеуде. Республикалық балалар паралимпиадалық старттары, «Мейірім» инклюзивті балалар шығармашылығы байқауы, «Аман келешек» фестивалі ерекше қажеттіліктері бар балаларды қоғамда әлеуметтік бейімдеуге бағытталған.

«Бұдан бұрын Тұңғыш Президент қоры ЮНИСЕФ және басқа да ұйымдармен бірлесіп, балалар күніне арналған әлеуметтік бейнеролик жариялаған болатын. Болашақта ЮНИСЕФ-пен бірлескен жобаларды шығармақ және әлеуметтік науқандарды қолдауды жоспарлы түрде жүзеге асырып отырады», дейді С.Айтжанов.

Меморандумға қол қойылғаннан кейін «KazRoboProject-2018» 10-21 жас аралығындағы балалар мен жастар арасында білім беру робот техникасы бойынша республикалық ғылыми-зерттеу және шығармашылық жобалар байқауы ашылды.

Байқау Қазақстанда балалар мен жасөспірімдер арасында білім беру мен спортты, робот техникасын дамытуды көздейді. Іс-шараның ұйымдастырушылары алға қойған міндеттерге сәйкес, өңірлердегі үздік жобаларды анықтау және республикалық конкурсқа қатысу үшін үздік командаларды қалыптастыру, сондай-ақ дарынды мектеп оқушыларына профильдік университеттер мен компаниялардың назарын аудару – басты бағдар.

29 мамыр – 9 маусым аралығында еліміздің 16 аймағында байқаудың іріктеу кезеңдері өтіп, оған 200-ге жуық жоба ұсынылған. Байқау екі жас категориясы бойынша, яғни бірінші топта 10-15 жасар балалар, екінші топта 16-21 жас арасындағы жеткіншектер өзара бақ сынасқан. Еркін тақырыптағы жобаға қатысушыларға қойылған басты шарт – жоба қоғам үшін пайдалы болуы тиіс.

Айта кетейік, байқауды қазақстандық білім беру және спорттық робот техникасы «Казроботикс» федерациясы ұйымдастырды. Іс-шараның бас серіктесі – ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының қоры, сондай-ақ байқаудың шешуші кезеңінің ресми серіктесі «Инфокоммуникациялық технологияларды дамыту қоры» екенін айта кеткен жөн.

Жалпы өңірлер бойынша іріктеу кезеңдері барысында «Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» жастар қанаты, «Қазпошта» АҚ, «Зерде» ұлттық инфокоммуникация холдингі» АҚ, ««Астана EXPO-2017» ұлттық компаниясы» АҚ қолдау көрсетті.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың Сенім білдірілген тұлғасы төмендегі мүлікке сауда-саттық жариялайды:

Лот №	Автокөлік сипаттамасы	Бастапқы баға	Сауда-саттық әдісі	Кепілдік жарна (3%)
1	Камаз 5410, м/н H762FPM, 1992 ш.ж., Шанақ 2000530 (м/н H298NHM)	1 102 000	Голланд	33 060
2	Тіркеме, м/н 4369 НА, 1989 ш.ж., Шанақ H0000805	743 000	Голланд	22 290
3	МАЗ 9397, м/н 5822 НА, 1986 ш.ж., Шанақ 01272	638 000	Голланд	19 140
4	Одаз 9370, м/н 59 42 НА, 1989 ш.ж., Шанақ 0001204	743 000	Голланд	22 290
5	Камаз 5410, м/н H154FZM, 1989 ш.ж., Шанақ 202379	952 000	Голланд	28 560
6	Камаз 5320, м/н H403HKM, 1985 ш.ж., Шанақ 227749 (м/н H261NBM)	1 237 00	Голланд	37 110
7	МАЗ тіркемесі 9397, м/н 0987НА, 1987 ш.ж., Шанақ 871438	726 000	Голланд	21 780
8	МАЗ 64227, м/н H388HKM, 1987 ш.ж., Шанақ 579	795 000	Голланд	23 850
9	Камаз 5410, м/н H306HKM, 1985 ш.ж., Шанақ 133088	1 029 000	Голланд	30 870

Кепілдік жарна бастапқы бағаның 3%-ын құрайды.

Бастапқы бағаның 3% мөлшеріндегі кепілдік жарна «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың сенім білдірілген тұлғасының шотына енгізілуі тиіс, төменде көрсетілген деректемелер бойынша.

Сауда-саттыққа қатысуға өтінімдер 2018 жылғы 9 шілдеде сағат 18.00-ге дейін мына мекенжайда қабылданады: Тараз қ., Жамбыл д-лы, 145.

Сауда-саттыққа қатысу үшін қажетті құжаттардың тізімін алу үшін Сенім білдірілген тұлғаға хабарласу қажет.

Сауда-саттық голланд әдісімен 2018 жылғы 10 шілдеде сағат 10.00-де мына мекенжайда болады: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Жамбыл д-лы, 145 үй.

Сауда-саттық аяқталғаннан кейін түпкілікті баға ұсынған сауда-саттық қатысушысы банктің чек түріндегі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа қолма-қол ақшаның толық көлемінде сатып алу сомасын бес жұмыс күні ішінде есеп айырысу тәсілімен енгізуі қажет.

Сенім білдірілген тұлғаның деректемелері: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың сенім білдірілген тұлғасы Абзал Мұратұлы Сейдалиев, Тараз қ., Жамбыл д-лы, 145-үй, шот KZ456010001286000005, БИК HSBKKZKX, БСН 940140000385, Кбе 14.

Сауда-саттық өткізу мәселесі бойынша анықтама алу телефондары: 8 (727) 330 17 83, 330 17 57.

22 июня 2018 года Акимат города Астаны, в лице ГУ «Управление топливно-энергетического комплекса и коммунального хозяйства города Астаны», 010000, Республика Казахстан, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11 объявляет о проведении конкурса по выбору частных партнеров по проекту государственно-частного партнерства «Создание и эксплуатация умного уличного освещения в городе Астане»

Объект проекта ГЧП:

Система умного уличного освещения в городе Астане, создание и эксплуатация которой предусматривается конкурсной документацией.

К конкурсу допускаются все потенциальные участники, отвечающие квалификационным требованиям, указанным в ст. 32 Закона Республики Казахстан «О государственно-частном партнерстве» и конкурсной документации по выбору частного партнера.

Перечень необходимых документов и требования к потенциальным участникам для участия и предоставления организатору конкурса, указаны в конкурсной документации.

Пакет копии конкурсной документации можно получить с 8.30 до 13.00 часов и с 14.30 до 18.00 по адресу: Республика Казахстан, г.Астана, ул. Кошкарбаева, 1/2, каб. 302, ТОО «Городской центр развития инвестиций «AstanaInvest» с момента опубликования настоящего объявления о проведении конкурса.

Пакет копии конкурсной документации предоставляется бесплатно.

Конкурсные заявки на участие в конкурсе, а также документы для квалификационного отбора, запечатанные в конверты, представляются потенциальными участниками нарочным в ГУ «Управление топливно-энергетического комплекса и коммунального хозяйства города Астаны» по адресу: Республика Казахстан, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11, кабинет № 611.

Срок представления документов, подтверждающих соответствие потенциального частного партнера предъявляемым квалификационным требованиям – до 15.00 часов включительно по времени г. Астаны 13 июля 2018 г.

Окончательный срок представления конкурсных заявок на участие в конкурсе – до 11.00 часов включительно по времени г.Астаны 31 июля 2018 г.

Вскрытие конвертов с конкурсными заявками будет осуществлено в 15.00 часов по времени г. Астаны 31 июля 2018 г., по адресу Республика Казахстан, г. Астана, ул. Бейбитшилик 11, кабинет № 611.

Справочную информацию можно получить в ТОО «Городской центр развития инвестиций «AstanaInvest» по телефону 8 (7172) 64 72 07, +77052925719.

Астана қаласы әкімдігі, 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11 мекенжайында орналасқан «Астана қаласының отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ атынан «Астана қаласының көшелерін ақылды жарықтандыруды құру және пайдалану» жобасы бойынша 2018 жылғы 22 маусымда жарияланған жеке әріптес таңдау конкурсы туралы хабарлайды

МЖӘ жобасының объектісі:

Астана қаласының көшелерін ақылды жарықтандыруды құру және пайдалану.

Конкурсқа Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңының 32-бабында көрсетілген біліктілік талаптарына және жеке әріптес таңдау жөніндегі конкурстық құжаттамаға жауап беретін барлық әлеуетті қатысушылар жіберіледі.

Конкурсқа қатысу үшін конкурсты ұйымдастырушыға ұсынылатын қажетті құжаттар тізімдемесі және әлеуетті қатысушыларға қойылатын талаптар конкурстық құжаттамада көрсетілген.

Төмендегі көрсетілген мекенжай бойынша: конкурс өткізу туралы осы хабарландыру жарияланған кезден бастап, сағат 8.30-дан 13.00-ге және 14.30-ден 18.00-ге дейін Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қошқарбаев көшесі, 1/2, «AstanaInvest» қалалық инвестицияларды дамыту орталығы» ЖШС №302 кабинеттен конкурстық құжаттама көшірмесінің пакетін алуға болады.

Конкурстық құжаттама көшірмесінің пакеті тегін беріледі.

Әлеуетті қатысушыларға конкурсқа қатысуға арналған конвертке жапсырылған конкурстық өтінімді Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11-үй, № 611 кабинет «Астана қаласының отын-энергетикалық кешені және коммуналды шаруашылық басқармасы» ММ мекенжайына қолма-қол тапсырады.

Біліктілік талаптарына сай жеке әріптестік әлеуетті растайтын құжаттарды ұсынудың соңғы мерзімі 2018 жылғы 13 шілде, Астана қаласының уақыты бойынша 15.00-ге дейін.

Конкурсқа қатысуға арналған конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2018 жылғы 31 шілде, Астана қаласының уақыты бойынша 11.00-ге дейін.

Конкурстық өтінім салынған конверттерді ашу Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11-үй, 611-кабинет мекенжайында 2018 жылғы 31 шілдеде Астана қаласының уақыты бойынша 15.00-де жүзеге асырылады.

Анықтамалық ақпаратты «AstanaInvest» Қалалық инвестицияларды дамыту орталығы» ЖШС 8 (7172) 647207, +77052925719 телефондары бойынша алуға болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ШЖҚ «Қазақ онкология және радиология ғылыми зерттеу институты» РМК мына мамандықтар бойынша 2018-2020 жылдарға резидентураға қабылдау жөнінде конкурс жариялайды:

«Онкология»
«Сәулелік диагностика»
«Сәулелік терапия»

Құжаттарды қабылдау мерзімі 2018 ж. 10 шілдеден 30 шілдеге дейін мына мекенжай бойынша: 050022, Алматы қ., Абай д-лы, 91, дипломнан кейінгі білім беру орталығының меңгерушісі, тел. 292-75-73.

Түсу емтихандары 2018 ж. 10 тамыздан 20 тамызға дейін өткізілетін болады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Төралқасы С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің ректоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор Талғат Сейтжанұлы Нұрғожинге ұлы

Санжар ТАЛҒАТҰЛЫНЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты орны толмас ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Төралқасы геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Қазақ технология және бизнес университетінің ректоры

Мұрат Шөкейұлы ӨМІРСЕРІКОВТІҢ

қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ұжымы М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор Серік Мәуленұлы Өмірбаевқа әпкесі

Сәуле Мәуленқызы ӨМІРБАЕВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ұжымы Қазақ технология және бизнес университетінің ректоры

Мұрат Шөкейұлы ӨМІРСЕРІКОВТІҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ұжымы С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетінің ректоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор Талғат Сейітжанұлы Нұрғожинге ұлы

Санжар Талғатұлы СЕЙІТЖАНОВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты орны толмас ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

FIFA WORLD CUP RUSSIA 2018

Бәсі қызып тұрған футболдың басты біріншілігінде көш бастаған құрамалардың есімдері белгілі бола бастады. Плей-офф сатысына өткен командалар белгілі. Уругвай мен жарыс қожайыны Ресей өз қарсыластарын күтеді. Жақын арада бұл тізімге тағы да екі команда қосылуы тиіс.

36 миллион адам тамашалаған ойын

Ермұхамед МӘУЛЕН,
«Егемен Қазақстан»

Ресейдің жеңісті жолын Уругвай жалғастырды. Әлемнің екі дүркін чемпионы Уругвай Сауд Арабиясын жеңіп, келесі кезеңге жолдама алды. Екі ойынды да жеңген ұжымдар «В» тобының серкелері Португалия мен Испанияны күтеді. Олар да өздерінің екінші ойындарында 3 ұпайдан еншіледі. Деңгейі жоғары футболшылар Пиреней түбегінің аяқдопты зор меңгергенін көрсетті. Бір гол соғып, қорғанысты мықтап бекіткен екеуі плей-оффқа бір табан жақындады. Дегенмен Испания-Иран арасындағы ойында Парсы шығанағының шеберлері Пиреней түбегінің футболшыларынан еш қаймықпады. Тіпті жауапты голды да соқты. Алайда азиялық ойыншылар тәртіп бұзып алыпты. Әйтпегенде, «қызылбастар» елінің аяқдопшылары қоржындарына 1 ұпай салып қайтар ма еді?

Уругвай болса күшін аяп, бар ынтасын көрсетпеді. Саудиялықтар өз мүмкіндігін пайдалана алмай, біріншілікпен ерте қоштасты. Топтан шығатын еш мүмкіндік қалмады. Мысыр, Сауд Арабиясы, Марокко командалары топтық кезеңнен әрі өте алмайды. Енді олар үшінші матчтарын тек абырой үшін ғана ойнайды.

Ресей құрамасын жер-жебіріне жеткізіп сынаған жергілікті баспасөз қазір орыс ойыншыларын қолды-аяққа тұрғызбай мақтап жатыр. «Головин шын талант», «бапкеріміз дарын иесі» деп асыра мақтап та жазды. Чемпионат алдында сын садағына іліп, құрамаларын құрдымға жіберіп отырған жазарманның енді бұлайша құбылуының сыры неде? Футбол сарапшылары бұл әрекетті шамамен тұспалдап, «алдын ала жасалған жоспарлы шаруа» деп баға берді. Бұл шамамен «өзіміз жасаған тойда, мақтаулы қыздың күйін кешпейік» деген қам-қарекет секілді көрінеді. Ресейдің басты командасы өз тобынан шыға алмаған жағдайда масқараның көкесі болар еді. Енді бір сыннан мүдірмеген көршілеріміз плей-оффтың ауыр өткелінен өтуді көздейді. Себебі осы жеткеніміздің өзі қаһармандық деп, Португалия немесе Испанияға қарсы ойында «тисе терекке, тимесе бұтаққа» дегелі отыр. Мойындарынан ауыр жүк түскен соң – ал шауып көр. Ресейлік ойыншылар шын мәнісінде қазір жасыл алаңда шапқылап жүр. Футболды жіктжігімен талдайтын агенттіктер сараптама беріп, сандарды сөйлетті. Ресей ойыншысы Александр Головин осы чемпионатта әзірге ең көп жүгірген футболшы. Ол Сауд Арабиясына қарсы өткен ойында 12 шақырымнан астам қашықтыққа жүгіріп тастапты. Өзге құрамалардан қарар болсақ, бұл тізімнен Кристиан Эриксенді көзіміз шалады. Дат футболшысы алаңда 12 шақырымға жетеқабыл жүгіріпті.

Халықаралық футбол тойларында атой салып үйреніп қалған Криштиану Роналду да тағы бір рекорд жаңартты. Ол 12 ірі жарыста гол соққан футболшы. Марокко қақпасына баспен гол соққан атақты ойыншы қазір біріншіліктің басты сұрмергені. Оның еншісінде 4 гол. Бұл жағдайдан Испания шабуылшысы Диего Коста Иран қақпасына доп соғып қалысар емес. Тегі бразилиялық болғанымен, жүрегі Испания деп соғатын адуынды шабуылшының есебінде 3 гол бар. Шамасы, екеуінің текетіресі ұзаққа созылады-ау.

Соңғы күндері футбол тойында жапониялықтар жайлы көп айтылды. Жапония-Колумбия арасындағы ойынды Күншығыс елінде бүкіл халықтың 63,79 пайызы көріпті. Одан бөлек те елдердің жалпылама рейтингін есептегенде бұл матчты 36,62 миллион адам тамашалаған. Бұл әзірге Әлем чемпионатындағы ең жоғарғы көрсеткіш. Әрине егер Жапонияның орнында Қытай немесе Үндістан ойнағанда рейтинг одан да жоғары болар ма еді? Себебі өз құрама командасының ойынын әр мемлекет түгелімен тамашалауға тырысуда. Футболмен тыныстайтын Бразилия билігі тіпті Неймарлар жасыл алаңға шығатын күнді демалыс етіп жариялап, кейбір аудандары жұмыс күнін қысқартып тастады.

«Алтын буынның» сыналар сәті

Төрткүл дүние көз тіккен дүбірлі доданың басталғанына да бірнеше күн өтті. Топтық кезеңнің бірінші туры аяқталып, үздіктері көшбасшы орындарға жайғасты. Солардың бірі – Бельгия ұлттық құрамасы алғашқы ойынын сәтті өткізгені белгілі. Ал әрі қарай жағдай қалай өрбуі мүмкін?! Эден Азар бастаған құраманың қауқары қандай? Біз осы туралы сөз қозғайтын боламыз.

Аян ӘБДУӘЛИ,
«Егемен Қазақстан»

Бельгия доп додасына 13-рет қатысып отыр. Бұл құрама о баста дүйім жұртқа «Қызыл сойқандар» деген лақап атпен танылған екен. Иә, бұл атау жұрт білетін «Манчестер Юнайтедке» емес, дәл осы Бельгия ұжымына тиесілі болатын. Ресми деректерге жүгінсек оны 1906 жылы Бельгияның Франция мен Нидерландыны жеңіп, сенсация жасағанынан кейін журналист Пьер Валькьер ойлап тауыпты. Оның үстіне команданың жейдесі қызыл түсті болғаны да бұл атауға мұрындық болған көрінеді.

Бельгия биылғы әлем чемпионатының фавориттерінің бірі екені даусыз. Құрама ойыншыларына көз жүгіртсек әрқайсысы қарт құрлықтың мен деген клубтарында өнер көрсетеді. Эден Азар, Ромелу Лукаку, Кевин Де Брюйне, Миши Батшуайи, Венсан Компани, Тибо Куртуа... Айта берсек кете береді. Бельгияның «алтын буыны» пісіп жетілген шақ.

2014 жылғы доп додасында тәжірибесінің аздығынан Аргентина құрамасына есе жібергені белгілі. Сол тұстағы ойыншыларға мән берсек, Эден Азар 23 жаста, Ромелу Лукаку 21-ден енді асқан, Куртуа 22-де, Батшуайи тіпті әлем чемпионатына шақырту алмаған. Ал бұл жолғы «қызыл сойқандардың» жөні мүлдем бөлек. Кемелденген шағына жеткен, әрқайсысы «сен тұр, мен атайын» деген жігіттер. Негізгі құрамдағылардың бірі жарақат алып қалса, орнын жоқтатпайтын ойыншылар жетерлік. Білікті ойыншыларының көптігі сондай, тіпті Раджа Найнгголан секілді орталық жартылай қорғаныста ойқастайтын маңызды ойыншысын әлем біріншілігіне алмай кетті. Осыған қарап-ақ Роберто Мартинес шәкірттерінің әлеуетін аңғаруға болатындай.

Бельгия құрамасының тізімі:

• ***қақпашылар:*** *Кун Кастельс («Вольфсбург»), Тибо Куртуа («Челси»), Симон Миньоле («Ливерпуль»);*

• ***қорғаушылар:*** *Тоби Алдервейрелд («Тоттенхэм»), Дедрик Боята («Манчестер Сити»), Леандер Дендонкер («Андерлехт»), Венсан Компани («Манчестер Сити»), Тома Менье («ПСЖ»), Томас Вермален («Барселона»), Ян Вертонген («Тоттенхэм»);*

• ***жартылай қорғаушылар:*** *Янник Феррейра Карраско («Далянь Ифан»), Насер Шадли («Вест Бромвич»), Кевин де Брюйне («Манчестер Сити»), Муса Дембеле («Тоттенхэм»), Маруан Феллайни («Манчестер Юнайтед»), Эден Азар («Челси»), Торган Азар («Боруссия» Менхенгладбах), Аднан Янузай («Реал Сосьедад»), Юри Тилеманс («Монако»), Аксель Витцель («Тяньцзинь Цюаньцзянь»);*

• ***шабуылшылар:*** *Миши Батшуайи («Челси»), Ромелу Лукаку («Манчестер Юнайтед»), Дрис Мертенс («Наполи»).*

«Алтын буынның» сыналар сын сағаты келіп жетті. «Қызыл сойқандар» чемпиондық атаққа басты үміткерлердің бірі екенін жоққа шығару мүмкін емес, бірақ оларға Аргентина, Бразилия, Германия ұжымдары секілді үлкен қысым көрсетілмейді. Қысымның аздығын ұтымды пайдаланып, алысқа шабуға мүмкіндік бар. Бірақ осыған дейінгі әлем, Еуропа біріншіліктеріндегідей ширек финалға жетіп тоқмейілсуге болмайды. Үздіктерден құралған құрамаға жанкүйер тарапы кем дегенде үздік үштікке енуді міндеттейтіні анық.

«Алтын буын» демекші, бір кездері Англия құрамасы да небір таланттарға толы еді. Бірақ Дэвид Бекхэм, Майкл Оуэн, Фрэнк Лэмпард, Стивен Джерард секілді марқасқаларға толы ұжым ешбір додада жарытып нәтиже көрсете алмады. 2002 жылдан бергі әлем, Еуропа чемпионаттарында ширек финалдан асып әріге бара алған емес. Бельгия да әзірге дәл осы ағылшындардың сәтсіз жолымен келеді. 2014 жылғы әлем чемпионатында да, 2016 жылғы құрлық додасында да ширек финалда сүрінді.

Бельгия топтық кезеңнің алғашқы кездесуін 18 маусым күні Панама құрамасына қарсы өткізіп, 3:0 есебімен жеңіске жетті. Матчта Дрис Мертенс 47-минутта есеп ашса, «Манчестер Юнайтед» шабуылшысы Ромелу Лукаку 69, 75-минуттарда басымдықты арттырды. Енді топтық кезеңдегі келесі матчын осы айдың 23 күні Туниске қарсы өткізеді. Ал соңғы болып 29 маусым күні ағылшындарға қарсы кездесу күтіп тұр.

ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Стадионға қыздардың кіруіне рұқсат етілді

Иран билігі 1979 жылдан кейін алғаш рет нәзік жандылардың ер адамдармен бірге стадионда футбол көруіне рұқсат берді.

Әлем чемпионатының топтық кезеңіндегі Иран-Испания матчы алдында Тегерандағы «Азади» стадионына арнайы экран қойылып, жанкүйер қауымның өз елін қолдауына мүмкіндік берілді. Стадионға 10 мың адам жиналып, футбол тамашалаған. Негізі мұндай шешім Мароккоға қарсы ойын алдында қабылдануы тиіс болатын. Алайда матч басталуына бірнеше сағат қалғанда билік ашық алаңдардағы трансляцияға тыйым салған-ды.

Айта кетейік, мұндай тыйым осыған дейін Сауд Арабиясында да болған. Бірақ өткен жылдың соңына таман саудиялық билік әйелдердің стадионнан матчтарды тамашалауына мүмкіндік беретін заң қабылдады.

Сондерс 15 қыркүйекте жекпе-жек өткізеді

Орта салмақта WBO тұжырымы бойынша әлем чемпионы британиялық Билли Джо Сондерс (26-0, 12 KO) екінші орта салмақ дәрежесіне көтеріліп (76,2 кг), IBF белдігі бар Джеймс Дигейлмен (24-2-1, 14 KO) жекпе-жек өткізбек.

Бұл туралы Сондерстің промоутері Фрэнк Уоррен айтты. Оның айтуынша, егер боксшылар айқасқа келісе алса, жекпе-жек 15 қыркүйекте Лондондағы O2 аренасында өтеді. «Егер бәрі дұрыс болып жатса, Сондерске аздап салмақ қосу керек болады. Уақыттың алдына түскіміз келмейді, бірақ бізде бірнеше нұсқа бар. Дегенмен күзде үлкен бокс шоуын өткізуге тырысып, жанкүйерлерге керемет бокс кешін сыйлауға барымызды саламыз», дейді промоутер.

Сондерс 23 маусымда отандасы Мартин Мюрреймен (36-4-1, 17 KO) жұдырықтасып, WBO белдігін қорғауы қажет еді. Бірақ Биллидің жарақатына байланысты жекпе-жек өтпей қалды.

Алғашқы трансфер – 49 млн еуро

Италияның «Наполи» клубының жартылай қорғаушысы Жоржиньо жақын күндері «Манчестер Сити» сапына қосылады. Бұл туралы Sky Sports тілшісі Фабрицио Романо өзінің туиттер парақшасында мәлімдеді.

Шетелдік БАҚ өкілдері таратқан ақпаратқа қарағанда «қалалықтар» 26 жастағы футболшы үшін Италия вице-чемпионына 49 млн еуро төлейді. Бірақ бұл сома бірқатар бонустардың есебінен алынуы мүмкін. Мәлімет орнына айта кетейік, Жоржиньо өткен маусымда «Наполи» клубы сапында 39 матчқа шығып, 4 гол соққан.

Дайындаған
Әли БИТӨРЕ,
«Егемен Қазақстан»

БОКС

Намысты тоғыз оғлан қорғайды

20-31 тамыз аралығында Венгрияның бас шаһары Будапеште бокстан жастар арасындағы әлем біріншілігінің жалауы желбірейді. Қазақстан құрамасының аға жаттықтырушысы Ғалым Кенжебаевтың айтуынша, осы жарыста ел намысын 9 былғары қолғап шебері қорғайды. Олар – Махмуд Сабырхан (49 кило), Бейбарс Жексен (56 кило), Рахат Сейітжанов (60 кило), Талғат Шәйкен (64 кило), Ермахан Жақпеков (69 кило), Нұрбек Оралбай (75 кило), Сағындық Туғамбаев (81 кило), Айбек Оралбай (91 кило) және Дамир Тойбай (+ 91 кило).

Ғалым СҮЛЕЙМЕН,
«Егемен Қазақстан»

Жастар буыны арасындағы жарыстардың талайында Қазақстанның өрендері жасындай жарқырап, толағай табыстарға қол жеткізді. Бүгінгі таңда мемлекетіміздің мақтанышына айналып отырған гүрзі жұдырықты жігіттеріміздің дені дәл осы бәсекелерде ысылып, әр жылдары жеңіс тұғырына көтерілді. Алысқа бармай-ақ, соңғы бес әлем біріншілігінің нәтижелеріне зер салсақ та жеткілікті деген ойдамыз. Мәселен, 2008 жылы Мехикода ұйымдастырылған жарыста Данияр Елеусінов (60 кило) пен Иван Дычко (91 кило) күміс медальді мойындарында жарқыратты. Данияр ирландиялық Рей Мойлетке, ал Иван кубалық Эрисланди Савонға ұтылды. Екі ретінде де бәсеке тағдырын екі ұпай ғана шешкен еді.

2010 және 2012 жылдары Баку мен Ереванда өткен жарыстың нәтижесіне көңіліміз толмады. Әзербайжанда бірде-бір боксшымыз жүлдегерлер санатына қосыла алмаса, Арменияда Дәулет Байғабатовтың (75 кило) жалғыз қола медалін қанағат тұтуға тура келді.

Есесіне 2014 жылы Болгарияның бас шаһары Софияда төрт жерлесіміз ақтық сында айқасып, төрткүл дүние жанкүйерлерінің назарын өздеріне аударды. Атап айтсақ, қарсы келгендердің барлығын қоғадай жапырған Шалқар Ақшабай (49 кило) мен Абылайхан Жүсіпов (60 кило) алтын тұғырдан қол бұлғады. Финалда Шалқар өзбекстандық Сулейман Латиповті жеңсе, Абылайхан румыниялық Арсен Мұстафадан айласын асырды. Шешуші сәтте ғана ұтылған Сұлтан Зәуірбек (56 кило) пен Владимир Казаков (81 кило) күміс жүлдеге қол жеткізді.

Осы көрсеткіштің арқасында Қазақстанның жастар құрамасы өз тарихында тұңғыш рет әлем біріншілігінің жалпы есебінде бас жүлдені олжалады.

2016 жылғы доданы Ресейдің Санкт-Петербург қаласы қабылдады. Нева жағалауында асқан шеберлік танытқан Садриддин Ахмедов (69 кило) бас жүлдені қанжығасына байлады. Финалда ол украиналық Павел Гулаға адым аштырған жоқ. Ақтық айқаста қарсыластарына бір ғана ұпай айырмашылығымен есе жіберген Саматәлі Төлтаев (56 кило) пен Бек Нұрмағамбет (75 кило) күміс медальді мойындарында жарқыратты. Ал Бекзат Нұрдәулетов (81 кило) қолаға қол созды. Жарыстың жалпы есебінде Куба мен АҚШ құрамаларын ғана алға жіберген Қазақстанның былғары қолғап шеберлері үшінші орынға тұрақтады.

Міне, енді бізді Будапештегі әлем біріншілігі күтіп тұр. Бұл жарыста кімдердің бақ сынайтынын жоғарыда айттық. Бұл жігіттердің барлығының да түрлі халықаралық додаларда жүлде алып жүргенін жанкүйерлер жақсы біледі. Оның үстіне үстіміздегі жылдың сәуір айында Бангкокта жалауы желбіреген Азия біріншілігінде 6 алтын, 1 күміс және 1 қола медальді иеленген отандастарымыз командалық есепте бас жүлдені олжалаған еді. Енді әлемдік додада да өзіміздің мықтылығымызды дәлелдеуге тиіспіз.

АЛМАТЫ

КӨРМЕ

Суретпен ғана шектелмейтін қалам



Суретші – сусыған уақытты, тарихтың бір сәтін қылқалам құдіретімен тоқтатқан шебер. Көзімен көргенді жүректен өткізіп, көрерменге ұсынады. Сондай ерекше жандардың бірі – суретші Жұмат Әнесұлының «Алматы және оның аңыз адамдары» атты жеке сурет көрмесі Алматы музейінде ашылды. Көрмеге қылқалам шеберінің пейзаж, портрет, натюрморт, кескіндеме жанрларында жазылған 50-ден астам туындысы қойылған.

«Жұмат Әнесұлының шығармашылығы суретпен ғана шектелмейді. Проза, публицистика жанрындағы еңбектері елге танылса, ақындық жүрегімен салған суреттері – көрерменге енді жол тартып, өз бағасын алары сөзсіз», деді кеш қонағы әрі суретшінің кейіпкері, ақын Марфуға Айтқожина.

Шебердің қолынан шыққан «Ботаникалық бақ», «Төле би көшесіндегі аллея», «Ескі алаң», «Қызыл үй» картиналары Алматының өзіне ғана тән атмосферасын шебер жеткізсе, өмірлері Алатау баурайындағы әсем қаламен біте қайнасқан Ахмет Байтұрсынов, Айгүл Үлкенбаева, Шөмішбай Сариев, Аян Нысаналин, Марфуға Айтқожина, Кеңшілік Мырзахметов сынды тұлғалардың портреттік галереясы терең психологизммен ерекшеленеді.

«Сурет – адамзат тарихындағы ең ежелгі өнер саласы. Тасқа қашап сурет салған бабаларымыздан бастау алған киелі өнердің қазақ дүниетанымында да алар орны ерекше. Қазақ бояуға, түске терең мән берген халық. Киіз үй жасауларының, тұрмыстық заттардың қанық бояуы, табиғат түстері баланың қиялын дамытып, көңіл көкжиегін кеңейтетінін ата-бабаларымыз ертедеақ байқаған. Сондай тәрбиеге қанып өскен Жұмат Әнесұлының шығармашылығы да экспрессияға бай, портреттері кейіпкер мінезін дәл беруге ұмтылған», деп атап өтті көрменің ашылуында сөз алған «Алматы қаласы музейлер бірлестігі»КМҚК директорының орынбасары Қайрат Тарбаев.

Толғанай МАХАМБЕТӘЛИ,
Алматы музейінің қызметкері

АЛМАТЫ

ӨНЕР

Шырқа, шарықта, Түркістан!

Астананы жыр-думанға бөлеген Түркістан облысының мәдени күндерінің нүктесі өткен сәрсенбінің сәтінде қойылды.

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан»

Суретті түсірген ***Орынбай БАЛМҰРАТ,*** *«ЕҚ»*

Маңызды шараның түйіні есебінде «Этноауыл» ұлттық мәдени кешенінде ұйымдастырылған түркістандық өнер тарландарының мерекелік концерті көпшіліктің көңілінен шықты.

«Шырқа, шарықта, Түркістан» деп Арқаны әнмен тербеген қорытынды концертке облысқа есімі танымал 150-ге жуық мәдениет және өнер шеберлері қатысты. Думанды кеш қазақтың «Қара жорға» биімен басталып, Түркістан тумасы әйгілі композитор Ш.Қалдаяқовтың және аймаққа аты мәлім Е.Серікбаев, Ә.Ботағараев сынды танымал сазгерлер қаламынан туған патриоттық, лирикалық әндер шырқалды.

Сонымен қатар өңір мәдениетіне өзіндік үлесін қосып жүрген өнер майталмандары елімізге еңбек сіңірген әртіс Сәбираш Абдрайымова, халықаралық, республикалық байқаулардың лауреаты Әлден Жақсыбеков, дәстүрлі әнші Ақмарал Биназарова және «Қазына» би тобы мен «Тұмар» фольклорлық ансамблі қатысып, бас қала тұрғындарын ән-жырмен сусындатты. Бұлардан басқа көне тұрандық байырғы сарынды жаңғыртып жүрген «Сарын», «Ретро» топтары да көрермен ықыласына бөленді.

Облыстық мәдени мекемелеріне жауапты баспасөз өкілі Мәдина Әйтпенбетованың алдын ала таныстырған мәліметіне жүгінсек, дәл қазір облыс көлеміндегі 736 мәдениет және өнер мекемесінде 5 мыңға жуық адам абыройлы еңбек етіп жүр. Сонымен қатар өңірдің рухани-мәдени ахуалы жылдан жылға даму үстінде, бұл үрдіс жаңадан құрылып жатқан аймақтың руханиятын ақсатпай алып кетуге тиіс. Дана халқымыз «алтын шыққан жерді белден қаз» дегеніндей бұған дейін Түркістан төрінен түлеп ұшқан Гүлнар Сиқымбаева, Сәкен Майғазиев, Жұбаныш Жексенұлы, Алтынай Жорабаева сынды дүлдүлдер көп. Бұлардың ізін жалғаған қаншама жас дарындар өсіп келе жатыр. Болашақта түркістандықтардың абыройын өрге сүйрейтін осылар болады, дейді шараны ұйымдастырушылар.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Батыр атындағы саябақ қайта жаңғыртылады

Бүгінде Әулиеата жерінде саябақтарды қайта жаңғырту жұмыстары қарқынды жүргізіліп келеді. Нақты айтсақ, осы уақытқа дейін Тараз қаласындағы Бауыржан Момышұлы атындағы «Жеңіс» саябағы қайта жаңғыртудан өтіп, Жеңіс мерекесі қарсаңында ел игілігіне берілген болатын.

Хамит ЕСАМАН,
«Егемен Қазақстан»

Сол сияқты жуырда ғана тарихи шаһар орталығындағы Халық Қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков атындағы саябақты қайта жаңғырту жұмыстары басталды. Бүгінгі таңда жалпы көлемі 6 гектарды құрайтын саябақты демонтаждау ісі жүзеге асырылу үстінде. Батыр атындағы саябақтан алдағы уақытта жастарға арналған музей, балалар ойын алаңдары, субұрқақтар мен демалыс орындары салынады. Сонымен қатар қымызхана құрылысы жүргізіліп, бұл жерде ұлттық сусынымыз насихатталатын болады. Ал кеспе тастардан төселген арнайы жолдар саябақ көркін арттыра түсетіні сөзсіз. Сондай-ақ саябақтағы Қайрат Рысқұлбеков ескерткіші жаңа сәулеттік үлгіде қайтадан жасалады.

Халық Қаһарманы атындағы саябақ Тараз қаласының Төле би даңғылында орналасқан. Бұл көне шаһардағы негізгі көше болғандықтан, мұнда жүретін халықтың да қарасы қалың. Облыс әкімдігінің хабарлауынша, Төле би даңғылы бойында, яғни Тәуке хан көшесінен Сыпатай батыр көшесіне дейін түнгі жарықтандыру шамдарын заманауи шамдармен ауыстыру жұмыстары да басталған. Осы уақытқа дейін 10 шақырымдық желілер бойында 286 ескі электр бағаны мен түнгі жарықтандыру шамдары да ауыстырылған. Енді электр сымдары жерастын үңгірлеу арқылы өткізілетін болады. Сонымен қатар жерде электр бағандары үстімен жүргізілген электр сымдары жойылып, жаңа жарық диодты шамдармен шахматты түрде ауыстырылады. Олар әрбір 30 метр сайын орналастырылмақ.

Жамбыл облысы

КӨНЕ ТАРИХ КӨМБЕСІ

Жас археологтар – Бесоба қорымында

Бүгінде республикалық экспедиция құрамындағы археологтар Бесоба қорымында қазба жұмыстарын жүргізуде. Оқу жылы аяқталысымен осы сапқа Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің студенттері де қосылды.

Темір ҚҰСАЙЫН,
«Егемен Қазақстан»

Олар қорым басында археологияның тылсым сырларына қанықпақ. Мәртөк ауданының Родниковка ауылы маңында еңбек етіп жүрген жастардың археологияға деген ынтызарлығы өте жоғары. Студенттердің ғалымдармен қазба жұмыстарын бірлесе жүргізуінің екі жақты пайдасы бар. Біріншіден, болашақ мамандар белгілі ғалымдардан көп ілім үйренсе, екіншіден, ғалымдардың да қолы ұзарады. Ең бастысы, ортақ іс нәтижелі. Айталық, университеттің биылғы түлегі Қуандық Самрат археологиялық қазба жұмыстарына араласқан төрт жылдың ішінде көңіліне көп дүние түйді. «Осы уақыт аралығында археологияның синтездік, яғни бірнеше мамандықтың түйісетін арнасы екенін аңғардым. Археология сонысымен де тұңғиығына тарта түсті», дейді ол.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің ректоры Бауыржан Ердембеков студенттердің қазба жұмыстарын жүргізуіне қолдау көрсетіліп отырғанын, олардың жұмыс істеуі мен демалуы үшін арнайы шатырлар тігілгенін, қолданатын құрал-саймандарын жаңғырту ісі қолға алынғанын айтады. Сондай-ақ университетте далалық тәжірибеге бөлінетін сағаттар саны қайта қарастырылмақ. Ал тарих-археология мамандығын бітірген түлектердің әрі қарай білімін магистратурада жалғастыруына жол ашық.

«Студенттер өздері жүргізген қазба жұмыстарының негізінде түрлі ғылыми сипаттағы материалдар жазып, жариялап жүр. Жоғары оқу орнында мамандандырылған археологиялық зертхана ашудың қажеттілігі осында. Өйткені ғылыми жұмыстарды сүзгіден өткізу жас зерттеушілердің зерттеу аясын кеңейте түседі. Бұл студенттерді ғылыми-археологиялық талдау жасауға да құлшындырады. Яғни, аталған жобалар Мемлекет басшысының «Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы «Туған жер» бағытын байыпты түрде орындаудың көрінісі болмақ», дейді Б.Ердембеков.

Ақтөбе облысы

ҚАЗ-ҚАЛПЫНДА

Атамның кебісі

Нұрғали ОРАЗ,
«Егемен Қазақстан»

Сәті түсіп Сарыағашқа бара қалсаңыз, Ташкентте пісіп жатқан палаудың иісі мұрныңызға келеді. Себебі екі қаланың арасы таяқ тастам жер ғой. Былайша айтқанда, «тиіп тұр» десек те болады.

Алла қаласа, Ташкент жаққа өтіп, әлемге әйгілі телемұнараның жанындағы Палау орталығынан дәм татып қайтсақ па деп, кеден бекетінде кезек күтіп тұрмыз. Кенет орта жастар шамасындағы бір ала топылы ағайын бізге жымия қарап:

– Иә, Тәшкенге қандай шаруамен бара жатырсыздар? – деп сұрады. Ежелден көрші отырған ел болған соң, қазақ көрсе – өзбектің, өзбек көрсе – қазақтың тілі қышып қоя береді емес пе? Қысылтаяң жерде тұрсақ та қалжыңдап:

– Атамның кебісін іздеп келе жатырмын, – дедім езу тартып.

– Түсінбедім, – деп ол басын шайқады.

– Е-е, онда тыңдаңыз!

Сөйттім де: «Баяғыда-а, елуінші жылдардың басында біздің ауылдың бір топ ақсақалы Тәшкенге өтіп, өзбек тамырларының қорасына аттарын байлап, ал енді, Алай базарға қалай барамыз деп тұрса, ала топылы ағайындардың бірі оларға трамваймен жетіп алуға кеңес беріпті», деп бастадым өткен ғасырда болған бір оқиғаны есіме алып.

Содан әлгі кісілер аялдамаға келіп, өздері бұрын-соңды көрмеген «шайтан арбаны» күтеді ғой. Әне-міне дегенше ол да бір бұрылыстан зыр етіп шығады. Ол кезде елдің көзі енді-енді үйрене бастаған трамвай өте құрметті көлік болса керек. Сондықтан да ішіне қып-қызыл «дорожка», яки біздің ауылдың тілімен айтқанда, кілемше төсеп қояды екен.

Трамвай аялдамаға келіп тоқтап, сарт етіп есік ашылған кезде ақсақалдар абдырап қалыпты. Әсіресе ең алдында тұрған атамыз қып-қызыл кілемді көргенде асып-сасып: «Әуп, бісміллә!» деп кебісін шешкен де, мәсішең күйі ішке еніп кеткен ғой.

Сол сол-ақ екен, оның артындағылар да түгел кебістерін аялдамаға шешіп қалдырып, тап бір қонаққа келгендей бір-бір орындыққа жайғасып отыра қалады. Сөйтіп... трамвай әй-шайға қарамай жүреді де кетеді. Ал біздің аталарымыздың кебісі көшедегі жұртты аң-таң қалдырып, аялдамада үйіліп қала береді...

Мұны естігенде ала топылы ағайынның екі иығы селкілдеп, көзінен жас аққанша күлгені бар емес пе.

– Е-е, шу-ү гәлөштерді енді іздеп келеді екенсіз дә,.. – деп риза болғандай менің иығымнан қағып-қағып қояды. Осы сәтте біздің кезегіміз де келіп жеткен екен. Кеден рәсіміне байланысты бір-екі құжатты толтырып, Өзбекстан жеріне өткенімізде әлгі ала топылы ағайын:

– Қош келдіңіздер! – деді оң қолын кеудесіне қойып. – Қане енді, жүріңіздер, баламның машинасымен сіздерді палауханаға дейін жеткізіп салайын!



EGEMEN QAZAQSTAN
Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады

МЕНШІК ИЕСІ:
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы
Дархан ҚЫДЫРӘЛІ

Басқарма төрағасының орынбасары – бас редактор
Айбын ШАҒАЛАҚ

Басқарма төрағасының орынбасары
Ерболат ҚАМЕН

Бас редактордың орынбасарлары
Қамбар АХМЕТ
Сейфолла ШАЙЫНҒАЗЫ
Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ

Жауапты хатшы
Самат МҰСА

Саясат және құқық бөлімі
Жолдыбай БАЗАР

Экономика бөлімі
Арнұр АСҚАР

Әлеумет және білім бөлімі
Думан АНАШ

Мәдениет және руханият бөлімі
Талғат БАТЫРХАН

Спорт бөлімі
Ермұхамед МӘУЛЕН

Интернет-редакция бөлімі
Дархан ӨМІРБЕК

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Астана – astana@egemen.kz
Ақтау – mangystau@egemen.kz
Ақтөбе – aqtobe@egemen.kz
Талдықорған – 7su@egemen.kz
Атырау – atyrau@egemen.kz
Көкшетау – kokshe@egemen.kz
Қарағанды – qaragandy@egemen.kz
Қызылорда – qyzylorda@egemen.kz
Қостанай – qostanai@egemen.kz
Орал – bqo@egemen.kz
Өскемен – shygys@egemen.kz
Павлодар – pavlodar@egemen.kz
Тараз – taraz@egemen.kz
Шымкент – oqo@egemen.kz
Петропавл – sqo@egemen.kz

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010008 АСТАНА, «Егемен Қазақстан» газеті» көшесі, 5/13 050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а
АНЫҚТАМА ҮШІН:
Астанада: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87;
Электронды пошта: info@egemen.kz
Интернет-редакция: portal@egemen.kz
Алматыда: 8 (727) 273-07-87,
факс 8 (727) 273-07-87;
Электронды пошта: almaty@egemen.kz
МАРКЕТИНГ БӨЛІМІ:
Астанада – 8 (717 2) 37-60-49, 37-64-48,
advert@egemen.kz
Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26,
adv@egemen.kz

Индекс **65392.** Аптасына **5** рет шығады.
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Көлемі 14 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді.
«Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газетті есепке қою туралы
№01-Г куәлікті 2018 жылғы 23 сәуірде Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген.
«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009
Сапа менеджменті жүйесі.
Талаптар талаптарына сәйкес сертификатталған.

Ⓐ Материалдың жариялану ақысы төленген.
Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: **1499 («Қазпошта» АҚ)**
ТАРАЛЫМЫ 206 459 дана

ISSN 1999-9720
9 771999 972005

Нөмірдің кезекші редакторлары
Думан АНАШ, Мәдина ЖӘЛЕЛҚЫЗЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 16 мамыр №188 Астана қаласы

Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ашық деректер тізбесін бекіту туралы

«Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 15) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ашық деректер тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Техникалық қамсыздандыру және ақпараттық қауіпсіздік департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмесінің баспа және электрондық түрде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберілуін;

4) осы бұйрықтың ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі С.Қ. Жақыповаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі М.ӘБІЛҚАСЫМОВА

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі
________________ Д. Абаев
2018 жылғы 29 мамыр

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 16 мамырдағы №188 бұйрығымен бекітілген

Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ашық деректер тізбесі

Р/с №	Ашық деректер жиынтығының атауы	Өзектендіру кезеңі	Ұсыну мерзімі	Дереккөз (ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы немесе мемлекеттік органдардың АР1 жүйелері арқылы)	Жауапты тұлға
1	Ұйымдық құрылым	Жарты жылда 1 рет	Есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 күніне қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ҚҚБ
2	ҚР Еңбекминінде бар бос лауазымдар туралы мәліметтер	Қажеттілікке қарай	Бос лауазымдардың пайда болуына қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ҚҚБ
3	ҚР Еңбекминінің ведомстволық бағынысты ұйымдарының, аумақтық департаменттерінің тізбесі	Жылына 1 рет	Есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 күніне қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ҚҚБ
4	ҚР Еңбекмині басшыларының азаматтарды қабылдау графигі	Тоқсан сайын	Есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 күніне қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ӘЖД
5	ҚР Еңбекмині басшылығының атына Қазақстан Республикасының азаматтарынан келіп түсетін өтініштер бойынша статистикалық деректер	Тоқсан сайын	Есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 күніне қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ӘЖД
6	ҚР Еңбекмині ақпараттық жүйелерінің тізбесі	Жылына 1 рет	Жыл аяқталғанда	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ТҚАҚД
7	Еңбек және әлеуметтік қамсыздандыру салаларындағы ең төменгі әлеуметтік стандарттар	Жылына 1 рет	Есепті кезеңнен кейінгі айдың 15 күніне қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	СДД
8	МӘСҚ-дан төленетін еңбек ету қабілетінен айырылу бойынша әлеуметтік төлемдердің орташа мөлшері	Жылына 1 рет	Қаңтар	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ӘҚӘСД
9	МӘСҚ-дан төленетін асыраушысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлемдердің орташа мөлшері	Жылына 1 рет	Қаңтар	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ӘҚӘСД
10	Жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамтылған жұмыс істейтін халықтың үлесі	Жылына 1 рет	Ақпан	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ӘҚӘСД
11	Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесімен қамтылған жұмыс істейтін халықтың үлесі	Жылына 1 рет	Ақпан	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ӘҚӘСД
12	Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа мөлшері	Жылына 1 рет	Қаңтар	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ӘҚӘСД
13	Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа мөлшері	Жылына 1 рет	Қаңтар	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ӘҚӘСД
14	Жасына байланысты берілетін зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы мәліметтер	Тоқсан сайын	Есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 күніне қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ЕӘҚКК
15	Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау туралы мәліметтер	Тоқсан сайын	Есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 күніне қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ЕӘҚКК
16	МӘСҚ-дан төленетін бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты әлеуметтік төлемдердің орташа мөлшері	Жылына 1 рет	Қаңтар	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ӘҚӘСД
17	Зейнетақы және әлеуметтік аударымдардың мөлшерлемелері	Қажеттілікке қарай	Келесі есептік тоқсаннан айдың 10-күніне дейін	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ӘҚӘСД
18	МӘСҚ-дан әлеуметтік қатерлер болған жағдайда тағайындалған әлеуметтік төлемдер туралы мәліметтер	Жылына 1 рет	Қаңтар-ақпан	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ӘҚӘСД
19	Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерінің саны туралы мәліметтер	Тоқсан сайын	Есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 күніне қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ӘКД
20	Арнаулы мемлекеттік жәрдемақының орташа мөлшері	Жылына 1 рет	Қаңтар	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ӘКД
21	РБ-дан төленетін бала тууға және бала күтімі бойынша жәрдемақылардың мөлшері	Жылына 1 рет	Қаңтар	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ӘКД
22	Бір жасқа дейінгі балаларды әлеуметтік қолдау жүйесімен қамтылған балалардың үлес салмағы (тиісті жылы туған балалар санына қатысты)	Жылына 1 рет	Наурыз	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ӘКД, ӘҚӘСД
23	Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін бір жарым есе мөлшерде тағайындауға еңбек өтілін жеңілдікпен есептеу үшін сот-медициналық сараптаманы және патологиялық-анатомиялық диагностиканы жүзеге асыратын ұйымдардағы жұмыстар тізбесі	Жылына 1 рет	Ақпан	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ӘҚӘСД
24	Кедейлік шегінің мөлшерлері	Тоқсан сайын	Ресми статистикалық деректердің ұсынылуына қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ӘКД
25	Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетумен қамтылған адамдардың үлес салмағы (оларды алуға мұқтаж адамдардың жалпы санында)	Жылына 1 рет	Ақпан	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ӘКД
26	Қазақстан Республикасы бойынша мүгедектігі бар адамдар саны	Жарты жылда 1 рет	Есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 күніне қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ӘКД
27	Кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі бар адамдар	Жарты жылда 1 рет	Есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 күніне қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ӘКД
28	Атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны туралы мәліметтер	Тоқсан сайын	Есепті кезеңнен кейінгі айдың 20 күніне қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ӘКД
29	РБ-дан зейнетақы және әлеуметтік төлемдер, МӘСҚ-дан әлеуметтік төлемдер алушылар саны мен сомасы туралы деректер	Тоқсан сайын	Есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 күніне қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	РБ-дан қаржыландыру – ҚД; МӘСҚ-дан қаржыландыру - ӘҚӘСД
30	Жұмыссыздық деңгейі	Тоқсан сайын	Ресми статистикалық деректердің ұсынылуына қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ХЖЕНДД
31	Әйелдер арасындағы жұмыссыздық деңгейі	Тоқсан сайын	Ресми статистикалық деректердің ұсынылуына қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ХЖЕНДД
32	Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі (15-28 жас)	Тоқсан сайын	Ресми статистикалық деректердің ұсынылуына қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ХЖЕНДД
33	Кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға, біліктілікті арттыруға жіберілген жұмыссыздардың саны	Тоқсан сайын	Ресми есептік деректердің ұсынылуына қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ХЖЕНДД
34	Әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілген жұмыссыздардың саны	Тоқсан сайын	Ресми есептік деректердің ұсынылуына қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ХЖЕНДД
35	Жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтар саны	Тоқсан сайын	Ресми есептік деректердің ұсынылуына қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ХЖЕНДД
36	Жұмыс берушілерге жергілікті атқарушы органдардың әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағына шетелдік жұмыс күшін тартуға берген қолданыстағы рұқсаттарының есепті кезеңнің соңындағы саны	Тоқсан сайын	Есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 күніне қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ЕӘҚКК
37	Оларда жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімі, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесі, сондай-ақ оларды беру тәртібі	Жылына 1 рет	Желтоқсан	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ЕӘӘД
38	Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы	Қажеттілікке қарай	Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығының бекітілуіне қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ЕӘӘД
39	Он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімі, он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің ауыр заттарды тасуы мен қозғалтуының шекті нормалары және әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімі, әйелдердің ауыр заттарды қолмен көтеруінің және жылжытуының шекті нормалары	Қажеттілікке қарай	Он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімі, он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің ауыр заттарды тасуы мен қозғалтуының шекті нормалары және әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімі, әйелдердің ауыр заттарды қолмен көтеруінің және жылжытуының шекті нормаларының бекітілуіне қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ЕӘӘД, ЕӘҚКК
40	Өндірістердің, жұмыстардың, пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер меншікті қаражаты есебінен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыратын, еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын жұмыскерлер кәсіптерінің тізбесі	Жылына 1 рет	Желтоқсан	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ЕӘӘД
41	Толық маусым ішіндегі жұмыс жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін бір жылғы жұмыс өтіліне есепке алынатын өнеркәсіптің маусымдық салаларының тізімі	Жылына 1 рет	Желтоқсан	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ӘҚӘСД
42	Жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары	Қажеттілікке қарай	Жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларының бекітілуіне қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ЕӘӘД
43	Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы	Қажеттілікке қарай	Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығының бекітілуіне қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ЕӘӘД
44	Мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар мамандарының барлық қызмет салалары үшін ортақ жекелеген лауазымдарының біліктілік сипаттамалары	Қажеттілікке қарай	Мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар мамандарының барлық қызмет салалары үшін ортақ жекелеген лауазымдарының біліктілік сипаттамаларының бекітілуіне қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ЕӘӘД
45	Бюджеттің атқарылуы туралы ақпарат	Жылына 1 рет	Ақпан	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ҚД
46	Көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізбесі	Жылына 1 рет	Желтоқсан	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	СДД
47	Қоғамдық кеңеске қатысушылардың тізімі (қызмет түрін, байланыс деректерін көрсетіп)	Жылына 1 рет	Жыл сайын, 31 қаңтарға дейін	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	СДД
48	Қоғамдық кеңестің жұмыс жоспары	Жылына 1 рет	Есепті кезеңнен кейінгі айдың 20 күніне қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	СДД
49	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың тізбесі және оларды іске асыру	Жылына 1 рет	Желтоқсан	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ҚД
50	Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) деңгейінде жасалған тіркелген салалық және өңірлік келісімдер	Жылына 1 рет	Желтоқсан	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ЕӘӘД
51	Әкімшілік персоналға жататын қызметкерлер лауазымдары атауларының тізбесі	Жылына 1 рет	Желтоқсан	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ЕӘӘД
52	Алуан түрлі экономикалық қызмет ұйымдарының жұмыскерлеріне арнайы киім және басқа да жеке қорғаныш құралдарын беру нормалары	Жылына 1 рет	Желтоқсан	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ЕӘӘД
53	Жұмыскерлерге сүт немесе оған теңестірілген тамақ өнімдерін, емдік-профилактикалық тағам беру нормалары	Жылына 1 рет	Желтоқсан	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	ЕӘӘД

Ескертпе: Аббревиатуралардың толық жазылуы:
АЖО – Автоматты жұмыс орны
ӘЖД - Әкімшілік жұмыс департаменті
ӘКД - Әлеуметтік көмек департаменті
ӘҚӘСД - Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру департаменті
ӘҚД - Әлеуметтік қызметтер департаменті
ЕӘӘД - Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті
ЕӘҚКК - Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті
ҚҚБ - Кадр қызметі басқармасы
ҚД - Қаржы департаменті
ҚР Еңбекмині – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
МӘСҚ – Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры РБ - Республикалық бюджет
СДД - Стратегиялық даму департаменті
ТҚАҚД - Техникалық қамсыздандыру және ақпараттық қауіпсіздік департаменті
ХЖЕНДД - Халықты жұмыспен қамту және еңбек нарығын дамыту департаменті

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 14 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №17073 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 18 мамыр №193 Астана қаласы

Кадрлардағы жергілікті қамту үлесін есептеу әдістемесін бекіту туралы

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 28-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Кадрлардағы жергілікті қамту үлесін есептеу әдістемесі бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Н.Б. Әлтаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2018 жылғы 29 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі М.ӘБІЛҚАСЫМОВА

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі
____________________ Ж. Қасымбек
2018 жылғы 22 мамыр

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі
____________________ Қ. Бозымбаев
2018 жылғы 25 мамыр

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің төрағасы ____________________ Н. Айдапкелов
2018 жылғы 23 мамыр

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 18 мамырдағы №193 бұйрығымен бекітілген

Кадрлардағы жергілікті қамтудың үлесін есептеу әдістемесі

1. Кадрлардағы жергілікті қамтудың үлесін есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес әзірленді.

2. Әдістеме жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындауына мониторинг жүргізуді және бақылауды жүзеге асыру мақсатында жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарда кадрлардағы жергілікті қамтудың үлесін есептеуге, сондай-ақ өтінім берушілердің жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурстық ұсыныстарды даярлауына арналған.

3. Кадрлардағы жергілікті қамту жұмыскерлердің әр санаты бойынша бөле отырып, келісімшартты орындауға жұмылдырылған персоналдың жалпы санында қазақстандық кадрлардың пайыздық қамтуылуын мәнін айқындау негізінде белгіленеді.

4. Қазақстандық кадрлардың пайыздық қамтылуы мынадай санаттар бойынша айқындалады:

1) бірінші санат – басшылар мен олардың орынбасарлары;
2) екінші санат – құрылымдық бөлімшелердің басшылары;
3) үшінші санат – мамандар;
4) төртінші санат – білікті жұмысшылар.

Бірінші санатқа басшылар мен олардың орынбасарлары жатады.

Екінші санатқа 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде (бұдан әрі – Еңбек кодексі) белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін құрылымдық бөлімшелердің басшылары жатады.

Үшінші санатқа Еңбек кодексіне сәйкес белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін мамандар жатады.

Төртінші санатқа Еңбек кодексінде сәйкес белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін білікті жұмысшылар жатады.

5. Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта үш санат бөлінісінде қазақстандық кадрлардағы жергілікті қамту бойынша міндетемелер болған жағдайда, қазақстандық кадрлардың пайыздық қамтылуы мынадай санаттар бойынша айқындалады:

1) бірінші санат – басқарушы құрам;
2) екінші санат – жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандар;
3) үшінші санат – білікті жұмысшылар.

Бірінші санатқа жер қойнауын пайдаланушының және (немесе) оператордың ағымдағы қызметін басқаруды жүзеге асыратын атқарушы органның құрамына кіретін адамдар, олардың орынбасарлары, филиалдардың басшылары, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушының және (немесе) оператордың жекелеген бағыттағы қызметін басқаруды, құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіру мен бақылауды қоса жүзеге асыратын адамдар жатады.

Екінші санатқа жер қойнауын пайдаланушының және (немесе) оператордың құрылымдық бөлімшелерін басқаратын және жер қойнауын пайдаланушының қызмет процесіне тікелей басшылықты жүзеге асыратын қызметкерлер, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушының және (немесе) оператордың штатында тұратын, арнайы білімі және жұмыс дағдысы, тәжірибесі бар қызметкерлер жатады.

Үшінші санатқа 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес біліктілік талаптарына сай келетін білікті жұмысшылар жатады.

6. Тиісті санаттар бойынша қазақстандық кадрлардың пайыздық қамтылуын мынадай формула бойынша айқындалады:

$$h = \frac{VKC}{Vo} \times 100\ \%,$$ мұндағы:

- h – кадрлардағы жергілікті қамтудың үлесі;
- VKC – тиісті санаттағы қазақстандық кадрлардың саны;
- V_o – келісімшартты орындауға жұмылдырылған тиісті санаттағы персоналдың жалпы саны.

Есептеу мысалы:

Екінші санат бойынша қазақстандық кадрлардың пайыздық қамтылуын есептеу үшін бастапқы деректер:

(V_o) – жер қойнауын пайдаланушының келісімшартты орындауға жұмылдырылған екінші санаттағы персоналының жалпы саны 1200 адамды құрайды;

(VKC) – тиісті санаттағы қазақстандық кадрлардың саны 1000 адамды құрайды.

Осы санаттағы қазақстандық кадрлардың пайыздық қамтуылуы:

$$h = \frac{1000}{1200} \times 100\ \% = 83\ \%$$ - ды құрайды.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 18 мамырдағы №193 бұйрығына қосымша

Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. «Кадрлардағы жергілікті қамтуды есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 320-ө бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6618 болып тіркелген, 2011 жылғы 14 қаңтардағы № 9-10 (26412) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған);

2. «Кадрлардағы жергілікті қамтудың ең аз санын есептеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 319-ө бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6553 болып тіркелген, 2010 жылғы 9 қарашадағы № 461-468 (26311) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған);

3. «Кадрдағы қазақстандық үлесті есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 320-ө бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 23 ақпандағы № 58-ө-м бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 24 сәуірде № 7599 болып тіркелген, 2012 жылғы 12 мамырдағы № 231-235 (27309) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған);

4. «Кадрлардағы қазақстандық қамтудың ең аз санын есептеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 319-ө бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 77-ө-м бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 9 сәуірде № 7531 болып тіркелген, 2012 жылғы 12 мамырдағы № 231- 235 (27309) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған);

5. «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 31 наурыздағы № 249 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 24 мамырда № 13729 болып тіркелген, 2016 жылғы 28 июня № 143 (28871) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған).

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 8 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №17021 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 15 наурыз №108 Астана қаласы

Бонустардың мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №939 қаулысымен бекітілген Пилоттық органдардың мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне бонустар төлеу, материалдық көмек көрсету, сондай-ақ «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің лауазымдық айлықақыларына үстемеақылар белгілеу қағидаларының 21-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Бонустардың мөлшерін есептеу әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік басқару жүйесін дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмесін ресми жариялауға мерзімді баспасөз басылымдарына, сондай-ақ ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Т.СҮЛЕЙМЕНОВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Астана қаласының әкімі
______________ Ә.Исекешев
2018 жылғы 20 наурыз

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Әділет министрі
______________ М.Бекетаев

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
міндетін атқарушы
______________ Н. Пан
2018 жылғы 18 мамыр

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы
______________ А.Шпекбаев
2018 жылғы 5 мамыр

«КЕЛІСІЛДІ»
Маңғыстау облысының әкімі ______________ Е. Тоғжанов
2018 жылғы 28 наурыз

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 15 наурыздағы №108 бұйрығымен бекітілген

Бонустардың мөлшерін есептеу әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Бонустардың мөлшерін есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 939 қаулысымен бекітілген Пилоттық органдардың мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне бонустар төлеу, материалдық көмек көрсету, сондай-ақ «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің лауазымдық айлықақыларына үстемеақылар белгілеу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 21-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Осы Әдістеме «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге пилоттық режимде еңбекақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №939 қаулысының 1-қосымшасында белгіленген пилоттық органдардың мемлекеттік әкімшілік қызметшілері бонустарының мөлшерін айқындау үшін қолданылады.

3. Осы Әдістемеде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

басымдықтар – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2018 жылғы 16 қаңтардағы № 13 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16299 болып тіркелген) бекітілген «А» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесіне (бұдан әрі – «А» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесі) сәйкес осы тұлға үшін Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы белгілейтін орталық атқарушы органның жауапты хатшысының басымдықтары;

бонус – мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша белгіленетін ақшалай төлем;

есепті кезең – бағалау жылының бірінші қаңтарынан бастап отыз бірінші желтоқсанын қоса алғанда, он екі айды құрайтын күнтізбелік жылға тең мемлекеттік қызметші жұмысының нәтижелерін бағалау кезеңі;

мемлекеттік органның нысаналы индикаторлары – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Астана қаласының әкімі, Маңғыстау облысының әкімі, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Басшысы мен Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы арасында жасалған меморандумда белгіленген пилоттық органның нысаналы индикаторлары;

нысаналы бонус – «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге пилоттық режимде еңбекақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №939 қаулысының 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес мөлшерде көзделген мемлекеттік әкімшілік қызметшінің бонусы;

нысаналы бонус қоры – бекітілген штат саны лимиттеріне сәйкес осы пилоттық органның әрбір мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің нысаналы бонустарынан қалыптастырылған пилоттық органның бонус қоры;

түзетілген бонус – тиісті мемлекеттік әкімшілік қызметшінің нысаналы индикаторларға қол жеткізу нәтижелері бойынша нысаналы бонусты түзетуден кейінгі мемлекеттік әкімшілік қызметшінің бонусы;

түзетілген бонус қоры – пилоттық органның нысаналы индикаторларына қол жеткізу нәтижелері бойынша пилоттық органның нысаналы бонус қорын түзетуден кейінгі пилоттық органның бонус қоры;

түйінді нысаналы индикаторлар (бұдан әрі – ТНИ) – қол жеткізу олардың қызметінің тиімділігін көрсететін, саяси қызметшінің меморандумына/«А» корпусы қызметшісінің келісіміне сәйкес не «Б» корпусы қызметшісі қызметінің ерекшелігін негізге ала отырып белгіленетін көрсеткіштер.

2-тарау. Бонустардың мөлшерін есептеу

4. Пилоттық органның «А» және «Б» корпустарының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің түзетілген бонус қоры пилоттық органның «А» және «Б» корпустарының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің нысаналы бонус қорын түзету нәтижесінде айқындалады. Есепті кезеңдегі мемлекеттік органның нысаналы индикаторларына қол жеткізуді ескере отырып, пилоттық органның «А» және «Б» корпустарының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің бонустар мөлшерін есептеу үшін мына формула пайдаланылады:

$$C_{fa} = O_{fa} \times D,$$
$$C_{fb} = O_{fb} \times D,$$

мұнда:

C_{fa} – пилоттық органның «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері үшін көзделген пилоттық органның түзетілген бонус қоры;

C_{fb} – пилоттық органның «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері үшін көзделген пилоттық органның түзетілген бонус қоры;

O_{fa} – пилоттық органның «А» корпусының әрбір мемлекеттік әкімшілік қызметшісіне көзделген пилоттық органның нысаналы бонус қоры;

O_{fb} – пилоттық органның «Б» корпусының әрбір мемлекеттік әкімшілік қызметшісіне көзделген пилоттық органның нысаналы бонус қоры;

D – пилоттық орган меморандумдарының есепті кезең үшін қойылған нысаналы индикаторларына орташа арифметикалық қол жеткізу.

Пилоттық органның есепті кезең үшін қойылған нысаналы индикаторларына орташа арифметикалық қол жеткізу мына формула бойынша айқындалады:

$$D = \frac{\sum_n (P_{vp})}{n},$$

мұнда:

P_{vp} – пилоттық органның әрбір нысаналы индикаторын орындау пайызы;

n – пилоттық органның нысаналы индикаторларының саны.

5. Бағалау жүргізу кезінде ресми деректер болмаған жағдайда пилоттық органдардың алдын ала деректері есепке алынады.

6. «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің түзетілген бонусы пилоттық органның нысаналы индикаторларға және есепті кезеңдегі ТНИ-ге/басымдықтарға қол жеткізуіне байланысты болады.

Пилоттық органның «А» корпусының тиісті мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің түзетілген бонусы мына формула бойынша айқындалады:

$$C_{ba_f} = C_{fa} \times \frac{OR_{ba_f} \times b_p \times T_f}{\sum_n \left(OR_{ba_f} \times b_p \times T_f\right)},$$

мұнда:

$C_{ba\,f}$ – пилоттық органның «А» корпусының тиісті мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің түзетілген бонусы;

C_{fa} – пилоттық органның «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері үшін көзделген пилоттық органның түзетілген бонус қоры;

b_p – ТНИ/басымдықтарға қол жеткізудің пайызбен есептегендегі орташа қорытынды бағасы;

$OR_{ba\,f}$ – пилоттық органның «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің есепті кезеңдегі нысаналы бонусы;

n – «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің саны;

T_f – «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің пайызбен есептегендегі нақты еңбегі сіңген уақыты.

ТНИ/басымдықтарға қол жеткізудің пайызбен есептегендегі орташа қорытынды бағасы () мына формула бойынша айқындалады:

$$b_p = \frac{b \times 100\%}{5},$$

мұнда:

b – «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалатын, ТНИ/басымдықтарға қол жеткізудің қорытынды бағаларының орташа арифметикалық мәні (индикаторлар санына бөлінген барлық қорытынды бағалар сомасы).

Егер ТНИ/басымдықтарға қол жеткізудің пайызбен есептегендегі орташа қорытынды бағасының ең көбі 60%-ды құраса, бонустар төлеу жүргізілмейді.

7. «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің түзетілген бонустарының мөлшері пилоттық органның персоналды басқару қызметімен бірлесіп қаржы-экономикалық қызметі толтыратын «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері бонустарының мөлшерін есептеу кестесі бойынша осы Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептеледі.

8. Пилоттық органның тиісті құрылымдық бөлімшесінің түзетілген бонус қоры мына формула бойынша айқындалады:

$$Csp_f = C_{fb} \times \frac{Osp_f \times Drsp_f}{\sum_n \left(Osp_f \times Drsp_f\right)},$$

мұнда:

Csp_f – пилоттық органның тиісті құрылымдық бөлімшесінің түзетілген бонус қоры;

C_{fb} – пилоттық органның «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері үшін көзделген пилоттық органның түзетілген бонус қоры;

Osp_f – пилоттық органның тиісті құрылымдық бөлімшесінің нысаналы бонус қоры;

$Drsp_f$ – пилоттық органның тиісті құрылымдық бөлімшесінің (стратегиялық жоспардың көрсеткіштері не пилоттық органның құрылымдық бөлімшесі басшысының ТНИ-і) есепті кезеңде қойылған ТНИ-ді орындау пайызы;

n – пилоттық органның құрылымдық бөлімшелерінің саны.

Пилоттық органның құрылымдық бөлімшесінің есепті кезеңде қойылған ТНИ-ді орындау пайызы мына қағидат бойынша айқындалады:

құрылымдық бөлімшенің бес ТНИ-іне () қол жеткізген кезде, құрылымдық бөлімше ТНИ-інің 100% деңгейінде орындалуы белгіленеді;

құрылымдық бөлімшенің бес ТНИ-інің () төртеуіне қол жеткізген кезде, құрылымдық бөлімше ТНИ-інің 80% деңгейінде орындалуы белгіленеді;

құрылымдық бөлімшенің бес ТНИ-інің () үшеуіне қол жеткізген кезде, құрылымдық бөлімше ТНИ-інің 60% деңгейінде орындалуы белгіленеді.

9. Пилоттық органның құрылымдық бөлімшесінің түзетілген бонус қорының мөлшері пилоттық органның персоналды басқару қызметімен бірлесіп қаржы-экономикалық қызметі толтыратын Пилоттық органның құрылымдық бөлімшесі бонус қорының мөлшерін есептеу кестесі бойынша осы Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептеледі.

10. «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің түзетілген бонусы пилоттық органның нысаналы индикаторларға, құрылымдық бөлімшенің ТНИ-ге және «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің есепті кезеңдегі өз ТНИ-іне қол жеткізуіне байланысты болады және мына формула бойынша айқындалады:

$$Cgs_f = Csp_f \times \frac{Ogs_f \times Dgs_f \times T_f}{\sum_n \left(Ogs_f \times Dgs_f \times T_f\right)},$$

мұнда:

Cgs_f – «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің түзетілген бонусы;

Csp_f – тиісті құрылымдық бөлімшенің түзетілген бонус қоры;

Ogs_f – «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің нысаналы бонусы;

Dgs_f – «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің есепті кезеңде қойылған ТНИ-ді орындау пайызы;

n – тиісті құрылымдық бөлімшенің «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің саны;

T_f – «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің пайызбен есептегендегі нақты еңбегі сіңген уақыты.

Есепті кезеңде () қойылған ТНИ-ді орындау пайызы мына қағидат бойынша айқындалады:

Барлық ТНИ-ге қол жеткізу кезінде ТНИ-ді 100% деңгейінде орындау белгіленеді;

Бес ТНИ-дің төртеуіне қол жеткізу кезінде ТНИ-ді 80% деңгейінде орындау белгіленеді;

Бес ТНИ-дің үшеуіне қол жеткізу кезінде ТНИ-ді/ 60% деңгейінде орындау белгіленеді.

11. «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің қойылған ТНИ-нің орындалуына бағалау жүргізу үшін «Б» корпусы қызметшісін мемлекеттік лауазымға тағайындауға және мемлекеттік лауазымнан босатуға құқығы бар лауазымды тұлға (бұдан әрі – уәкілетті тұлға) персоналды басқару қызметі жұмыс органы болып табылатын Бағалау жөніндегі комиссияны (бұдан әрі – Комиссия) құрады.

Комиссияның құрамын уәкілетті тұлға айқындайды. Комиссия мүшелерінің саны кемінде 5 адамды құрайды.

12. «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің түзетілген бонус мөлшері пилоттық органның персоналды басқару қызметімен бірлесіп қаржы-экономикалық қызметі толтыратын «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері бонустарының мөлшерін есептеу кестесі бойынша осы Әдістемеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептеледі.

13. Егер «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісі есепті кезеңнің бір бөлігінде пилоттық органның бір лауазымында, ал осы есепті кезеңнің басқа бөлігінде осы немесе басқа пилоттық органның не өзге мемлекеттік органның басқа лауазымында жұмыс істесе, онда бонус мөлшері осы лауазымда нақты еңбегі сіңген уақыты ескеріле отырып, пилоттық органның әрбір лауазымында есептелген бонустарының сомасы ретінде мына формула бойынша есептеледі:

$$C_{ba_f} = C_{fa1} \times \frac{OR_{ba_{f1}} \times b_{p1} \times T_{f1}}{\sum_n \left(OR_{ba_f} \times b_p \times T_f\right)} + C_{fa2} \times \frac{OR_{ba_{f2}} \times b_{p2} \times T_{f2}}{\sum_n \left(OR_{ba_f} \times b_p \times T_f\right)},$$

мұнда:

$C_{ba\,f}$ – пилоттық органның «А» корпусының тиісті мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің түзетілген бонусы;

C_{fa1} – пилоттық органның «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері үшін бұрын атқарған лауазымында көзделген пилоттық органның түзетілген бонус қоры;

b_{p1} – бұрын атқарған лауазымдағы ТНИ/басымдықтарға қол жеткізудің орташа қорытынды бағасы;

OR_{baf1} – пилоттық органның «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің бұрын атқарған лауазымындағы есепті кезеңдегі нысаналы бонусы;

n – «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің бұрын атқарған лауазымындағы саны;

T_{f1} – «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің бұрын атқарған лауазымындағы пайызбен есептегендегі нақты еңбегі сіңген уақыты;

C_{fa2} – пилоттық органның «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері үшін жаңадан орналасатын лауазымында көзделген пилоттық органның түзетілген бонус қоры;

b_{p2} – жаңадан орналасатын лауазымдағы ТНИ/басымдықтарға қол жеткізудің орташа қорытынды бағасы;

OR_{baf2} – пилоттық органның «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің жаңадан орналасатын лауазымындағы есепті кезеңдегі нысаналы бонусы;

n – «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің жаңадан орналасатын лауазымындағы саны;

T_{f2} – «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің жаңадан орналасатын лауазымындағы пайызбен есептегендегі нақты еңбегі сіңген уақыты.

Аталған тұлғаларға бонустар төлеуді ол жұмыс істеген пилоттық орган, пилоттық орган қызметін бағалау нәтижелері бекітілгеннен кейін бір ай ішінде жүргізеді.

14. Егер «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісі есепті кезеңнің бір бөлігінде пилоттық органның бір лауазымында, ал осы есепті кезеңнің басқа бөлігінде осы немесе басқа пилоттық органның не өзге мемлекеттік органның басқа лауазымында жұмыс істесе, онда бонус мөлшері осы лауазымда нақты еңбегі сіңген уақыты ескеріле отырып, пилоттық органның әрбір лауазымында есептелген бонустарының сомасы ретінде мына формула бойынша есептеледі:

$$Cgs_f = Csp_{f1} \times \frac{Ogs_{f1} \times Dgs_{f1} \times T_{f1}}{\sum_n \left(Ogs_f \times Dgs_f \times T_f\right)} + Csp_{f2} \times \frac{Ogs_{f2} \times Dgs_{f2} \times T_{f2}}{\sum_n \left(Ogs_f \times Dgs_f \times T_f\right)},$$

мұнда:

Cgs_f – «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің түзетілген бонусы;

Csp_{f1} – бұрын атқарған лауазымындағы тиісті құрылымдық бөлімшенің түзетілген бонус қоры;

Ogs_{f1} – «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің бұрын атқарған лауазымындағы нысаналы бонусы;

Dgs_{f1} – «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің бұрын атқарған лауазымында есепті кезеңде қойылған ТНИ-ді орындау пайызы (нақты пайызы);

n – бұрын атқарған лауазымындағы тиісті құрылымдық бөлімшенің «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің саны;

T_{f1} – «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің бұрын атқарған лауазымындағы пайызбен есептегендегі нақты еңбегі сіңген уақыты;

Csp_{f2} – жаңадан орналасатын лауазымындағы тиісті құрылымдық бөлімшенің түзетілген бонус қоры;

Ogs_{f2} – «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің жаңадан орналасатын лауазымындағы нысаналы бонусы;

Dgs_{f2} – «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің жаңадан орналасатын лауазымында есепті кезеңде қойылған ТНИ-ді орындау пайызы (нақты пайызы);

n – жаңадан орналасатын лауазымындағы тиісті құрылымдық бөлімшенің «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің саны;

T_{f2} – «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің жаңадан орналасатын лауазымындағы пайызбен есептегендегі нақты еңбегі сіңген уақыты.

Аталған тұлғаларға бонустар төлеуді ол жұмыс істеген пилоттық орган, пилоттық орган қызметін бағалау нәтижелері бекітілгеннен кейін бір ай ішінде жүргізеді.

15. Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің нақты еңбегі сіңген уақыты (T_f) мына формула бойынша айқындалады:

$$T_f = \frac{A_i}{W} \times 100\%,$$

мұнда:

A_i – есепті кезеңде еңбек сіңген нақты жұмыс күндерінің саны;

W– өндірістік күнтізбеге сәйкес бір жылдағы жұмыс күндерінің саны.

Есепті кезеңде еңбек сіңген нақты жұмыс күндерінің санына:

1) жыл сайынғы кезекті ақы төленетін демалыста болу уақыты;
2) қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарында болған кезеңі;
3) іссапарда болған кезеңі;
4) мемлекеттік әкімшілік қызметші еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты, бірақ есепті кезеңдегі күнтізбелік 20 күннен аспайтын нақты жұмыс істемеген уақыт;
5) жалақысы сақталмайтын демалыста болу, бірақ есепті кезеңдегі күнтізбелік 5 күннен аспайтын уақыт кіреді.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің нақты еңбегі сіңген уақытын есептеуді пилоттық органның персоналды басқару қызметі жүзеге асырады.

(Соңы 18-бетте)

(Соңы. Басы 19-бетте)

Бонустар мөлшерін есептеу әдістемесіне 1-қосымша

нысан

«А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері бонустарының мөлшерін есептеу кестесі

№	«А» корпусының әрбір мемлекеттік әкімшілік қызметшісі үшін көзделген пилоттық органның нысаналы бонус қоры, (мың теңге), Ofa	Пилоттық орган меморандумының есепті кезең үшін қойылған нысаналы индикаторларына орташа арифметикалық қол жеткізу (%), D	«А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері үшін көзделген пилоттық органның түзетілген бонус қоры, (мың теңге) (2-баған * 3-баған), Cfa	Бюджетке қайтаруға жататын бонус қорының қалдығы (мың теңге)	«А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісі (тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)	«А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің нысаналы бонусы, (мың теңге), Ofaf	ТНИ/басымдықтарға қол жеткізу орташа қорытынды бағасы (%), Dfa	Нақты еңбек сіңірген уақыт (%), Tf	Пилоттық органның «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің түзетілген бонусы (мың теңге) (7-баған * 8-баған * 9-баған)	Пилоттық органның нысаналы индикаторларын орындалуына пилоттық органның бонус қоры түзетілгеннен кейінгі пилоттық органның «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің бонусы (мың теңге) ((10-баған * 4-баған)/Σ10-баған) Cbaf
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Бонустар мөлшерін есептеу әдістемесіне 2-қосымша

нысан

Пилоттық органның құрылымдық бөлімшесі бонус қорының мөлшерін есептеу кестесі

№	«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері үшін көзделген пилоттық органның нысаналы бонус қоры, (мың теңге), Ofb	Пилоттық орган меморандумының есепті кезең үшін қойылған нысаналы индикаторларына орташа арифметикалық қол жеткізу (%), D	«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері үшін көзделген пилоттық органның түзетілген бонус қоры, (мың теңге) (2-баған * 3-баған), Cfb	Бюджетке қайтаруға жататын бонус қорының қалдығы (мың теңге)	Пилоттық органның құрылымдық бөлімшесі	Пилоттық органның құрылымдық бөлімшесінің нысаналы бонус қоры (мың теңге), Ospf	Пилоттық органның құрылымдық бөлімшесінің ТНИ-інің орындалуы (%), Drspf	Пилоттық органның құрылымдық бөлімшесінің ТНИ-інің орындалуына түзетілгеннен кейінгі пилоттық органның құрылымдық бөлімшесінің түзетілген бонус қоры (мың теңге) (7-баған * 8-баған)	Пилоттық органның нысаналы индикаторының орындалуына пилоттық органның бонус қоры түзетілгеннен кейінгі пилоттық органның құрылымдық бөлімшесінің түзетілген бонус қоры (мың теңге) ((9-баған * 4-баған)/Σ9-баған) Cspf
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Бонустар мөлшерін есептеу әдістемесіне 3-қосымша

нысан

«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері бонустарының мөлшерін есептеу кестесі

№	Пилоттық органның құрылымдық бөлімшесінің нысаналы бонус қоры (мың теңге), Ospf	Пилоттық органның құрылымдық бөлімшесінің ТНИ-інің орындалуы (%), Drspf	Құрылымдық бөлімшенің түзетілген бонус қоры, (мың теңге) (2-баған * 3-баған), Cspf	«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісі (тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)	«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің нысаналы бонусы, (мың теңге), Ogsf	«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің ТНИ-інің орындалуы (%), Dgsf	Нақты еңбек сіңірген уақыт, (%), Tf	Пилоттық органның «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің түзетілген бонусы, (мың теңге) (6-баған * -7-баған * 8-баған)	Пилоттық органның нысаналы индикаторының орындалуына пилоттық органның құрылымдық бөлімшесінің бонус қоры түзетілгеннен кейінгі пилоттық органның «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің бонусы, (мың теңге) ((9-баған * 4-баған)/Σ9-баған), Cgsf	Тәртіптік жаза болған жағдайд «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің бонусы, (мың теңге) (10-баған * 50%)*
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

*Ескертпе: «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінде тәртіптік жаза болған жағдайда пилоттық органның құрылымдық бөлімшесінің басшысы оған «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің түзетілген бонусының 50% мөлшерінде бонус белгілейді.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 5 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16998 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 11 сәуір №147 Астана қаласы

«Қалаларда кредит беру/микрокредит беру қағидаларын және Қалаларда микроқаржы ұйымдары/екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер/микрокредиттер бойынша кепілдік беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы № 33 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Қалаларда кредит беру/микрокредит беру қағидаларын және Қалаларда микроқаржы ұйымдары/екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер/микрокредиттер бойынша кепілдік беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы № 33 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14856 болып тіркелген, 2017 жылғы 9 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қалаларда кредит беру/микрокредит беру қағидаларында:

2-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Бағдарламаға қатысушылар – кредит/микрокредит беру туралы шарт бойынша кредит/микрокредит алушылар болып табылатын халықты жұмыспен қамту орталықтарында тіркелуіне қарамастан жұмыссыздар және кәсіпкерлік әлеуеті бар өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, ісін жаңа бастаған және жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер, ауыл шаруашылығы кооперативтері және олардың мүшелері, шаруашылық және фермерлік қожалықтар, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағымен бекітілген зейнеткерлік жасқа толмаған қысқартылған жұмыскер;»;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) жұмыс істеп тұрған кәсіпкер – дара кәсіпкер немесе заңды тұлға ретінде кредит/микрокредит алу үшін екінші деңгейдегі банктерге/микроқаржы ұйымдарына жүгінген кезде мемлекеттік тіркеу мерзімі үш жылдан асатын кәсіпкер;»;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«14) бастапқы бизнес (стартап жобалар) – заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелу/дара кәсіпкер мәртебесін ресімдеу мерзімі кредиторға кредит/микрокредит алу үшін жүгінген кезде бір жылдан кем уақытты құрайтын Бағдарламаға қатысушылардың бизнес-жобалары;»;

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) бюджеттік кредиттің нысаналы мақсаты – Қазақстан Республикасының қалаларында, моноқалаларында жобаларды іске асыратын немесе іске асыруды жоспарлайтын Бағдарламаға қатысушыларды одан әрі қаржыландыруға арналған қаражатты кредиторларға орналастыру;»;

4-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) қарыз Бағдарламаға қатысушылардың жобаларын, оның ішінде Қазақстан Республикасының қалаларында, моноқалаларында іске асыруға жоспарланатын және/немесе іске асырылатын ісін жаңа бастаған кәсіпкерлердің, жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлердің жобаларын нысаналы мақсатпен қаржыландыру жылдық 1%-бен 7 (жеті) жылдан астам мерзімге беріледі;»;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) кредиторлардың орналастырылған қаражатты игеру мерзімі кредиттік келісім жасалған күннен бастап 6 (алты) ай;»

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) кредиторлар орналастырылатын қаражатты мақсатты пайдаланбаған, толық немесе жартылай игермеген жағдайларда, және/немесе кредиттік келісімде көзделген өзге де жағдайлар орын алған кезде, микрокредит беру ұйымы кредиттік келісім шарттарына сәйкес кредиторларға қатысты шаралар қолданады, оның ішішде кредиттік келісімді мерзімінен бұрын бұзу және (немесе) оларды одан әрі басқа кредиторлар арасында қайта бөле отырып, орналастырылған қаражатты қайтарып алу мәселесіне бастамашылық жасауға құқылы. Қайтарылған, сондай-ақ кредиторлар мерзімінен бұрын өтеген қаражатты қайта бөлу қайта бөлінетін қаражат бастапқыда қаражат бөлінген өңірлерде пайдалануға тиіс болған жағдайда микрокредит беру ұйымының шешімі негізінде кредиторлар арасында жүзеге асырылады;»;

5, 6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Кредиттер/микрокредиттерді шағын қалалардан басқа, Қазақстан Республикасының қалаларында, моноқалаларында жобаларын іске асырып жатқан немесе іске асыруды жоспарлап отырған Бағдарламаға қатысушыларға, оның ішінде ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге, жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлерге олардың шағын кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелген жерін есепке алмай, кредиторлар береді.

6. Ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге арналған кредиттер/микрокредиттер «Бастау Бизнес» жобасы шеңберінде кәсіпкерлік негіздеріне не Бағдарламаның бірінші бағыты шеңберінде кәсіпкерлік негіздеріне оқыту курстарынан өту шеңберінде бизнес-жобаларды қорғағаннан кейін не Бағдарламаға қатысушылар кредит/микрокредит алуға жүгінген күннің алдында сертификат алған күннен бастап соңғы 24 ай ішінде басқа бағдарламалар шеңберінде кәсіпкерлік негіздеріне оқыту курстарынан өткендігі туралы сертификаты бар болған кезде беріледі.

7. Бағдарламаға қатысушыларға (ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерді қоспағанда) арналған кредиттер/микрокредиттер жаңа тұрақты жұмыс орындары құрылған жағдайда беріледі. Кредиторлар кредит/микрокредит беру туралы шартта Бағдарламаға қатысушының жаңа тұрақты жұмыс орындарын құруы жөніндегі шартты міндетті түрде көрсетеді.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Кредиторлар кредиттік келісім сомасының кемінде 20%-ын бастапқы бизнесті (стартап жобаны) қаржыландыруға жібереді.»;

11-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) құрылтайшылары (оның ішінде қатысушылары, акционерлері) мемлекеттік кәсіпорындар/мекемелер, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық компаниялар және акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке, ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға (әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияны, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы шарт шеңберінде құрылған кәсіпкерлерді қоспағанда) тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдар болып табылатын ұйымдар, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдар;»;

2) тармақша алып тасталсын;

12-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Бағдарламаға қатысушы жер учаскелерінің/жылжымайтын тұрғын үй мүлкінің нысаналы бағыты кредит/микрокредит беру туралы шарт жасасқан күннен бастап бір жыл ішінде бизнес мақсаттарға өзгертетін жағдайларды қоспағанда, жылжымайтын тұрғын үйді, жер учаскелерін (нысаналы бағыты кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес) сатып алуға және салуға.»;

17 және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Халықты жұмыспен қамту орталығы берген жолдаманың болуы Бағдарламаға қатысушылардың (жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлерді қоспағанда) кредит/микрокредит алуы үшін міндетті шарт болып табылады. Бағдарламаға қатысушылар жолдама алу үшін мынадай құжаттарды: жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін, болған жағдайда кәсіпкерлік негіздеріне оқығаны (куәлік, сертификат) туралы құжаттың көшірмесін ұсынады.

Бұл ретте «Еңбек нарығы» автоматтандырылған ақпараттық жүйсіндегі тексерулердің нәтижелері бойынша халықты жұмыспен қамту орталықтары 2 жұмыс күні ішінде Бағдарламаға қатысушыларға кәсіпкерлік бастамаларды қолдау шараларына қатысу үшін жолдама береді.

Бағдарламаға қатысушылар жобаның бизнес-жоспарын әзірлейді және кредитті/микрокредитті алуға арналған өтініммен халықты жұмыспен қамту орталығының жолдамасы мен кәсіпкерлік негіздеріне оқыған (ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге арналған) сертификаттарын қоса бере отырып, кредиторға жүгінеді.

18. Кредиторлар әлеуетті бизнес-жобаға бағалау жүргізеді, қорытынды береді және кредитті/микрокредитті берудің мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы шешім қабылдайды. Бұл ретте өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, жұмыссыздар, ауыл шаруашылығы кооперативтері және олардың мүшелері, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағымен белгіленген зейнеткерлік жасқа толмаған қысқартылған жұмыскер кредитті/микрокредитті алуға өтініш бергенге дейін шағын кәсіпкерлік, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектісінің мәртебесіне ие болады.»;

20 және 21-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Кредиторлар ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырма) күніне дейін берілген кредиттер/микрокредиттер бойынша ақпаратты микрокредит беру ұйымына ұсынады.

21. Микрокредит беру ұйымы ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 25 (жиырма бес) күніне дейінгі мерзімде жергілікті атқарушы органдарға және уәкілетті органға берілген кредиттер/микрокредиттер бойынша ақпарат береді.

Уәкілетті орган халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға берілген кредиттер/микрокредиттер бойынша ақпаратты ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 5 (бес) күніне дейін береді.»;

22-тармақ алып тасталсын;

23-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«26. Кредиторлар қаражаттың игерілуі туралы есептерді ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырма) күніне дейінгі мерзімде микрокредит беру ұйымдарына жібереді. Есепті берудің нысаны мен мерзімдері тиісті кредиттік келісімде көрсетіледі.».

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялауға мерзімді баспасөз басылымдарына, сондай-ақ ресми жариялауға және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі Т.СҮЛЕЙМЕНОВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі ____________ М. Әбілқасымова
« » 2018 жылғы

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 4 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16861 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 28 сәуір №166 Астана қаласы

«Табиғи монополияларды реттеу саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 245 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Табиғи монополияларды реттеу саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 245 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11019 болып тіркелген, 2015 жылғы 20 мамырда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтың 7-1) тармақшасындағы «Табиғи монополиялар субъектілерін Мемлекеттік тіркелімге енгізу және одан шығару» мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары бекітілсін» деген сөздер «Табиғи монополиялар субъектілерін Мемлекеттік тіркелімге енгізу және одан шығару» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7-2) тармақшамен толықтырылсын:

«7-2) осы бұйрыққа 7-2-қосымшаға сәйкес «Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекіту» мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары бекітілсін.»;

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 7-2-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі Т.СҮЛЕЙМЕНОВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі ___________ Д. Абаев
2018 жылғы 2 мамыр

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 28 сәуірдегі №166 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 20 наурыздағы №245 бұйрығына 7-2-қосымша

«Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекіту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

«Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекіту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

Мемлекеттік қызметті Министрліктің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін), инвестициялық тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және оларға тарифтік сметаларды, оның ішінде сараланған тарифтерді бекітуге өтінім берген кезде – күнтізбелік 55 (елу бес) күн ішінде;

төтенше реттеуші шара ретінде тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекітуге өтінім берген кезде – күнтізбелік 10 (он) күннен асырмай;

есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар санының азаюына байланысты көрсетілген қызметтердің көлемі өзгерген кезде, жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге есептеу аспаптарының болуына немесе болмауына қарай сараланған тарифтерді, оның ішінде тарифтер деңгейін өзгертпей бекітуге – күнтізбелік 20 (жиырма) күннен асырмай.

2) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды оңайлатылған тәртіппен бекітуге өтінім берген кезде – күнтізбелік 30 (отыз) күннен асырмай;

3) қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілері тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекітуге өтінім берген кезде – күнтізбелік 30 (отыз) күннен асырмай;

қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілері төтенше реттеуші шара ретінде тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекітуге өтінім берген кезде – күнтізбелік 10 (он) күннен асырмай;

Көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 15 минут;

Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 15 минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекіту туралы бұйрық немесе табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекітуден бас тарту туралы бұйрық.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

Көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес сенбі, жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден – 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден – 17.30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін), инвестициялық тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және оларға тарифттік сметаларды, оның ішінде сараланған тарифтерді, төтенше реттеуші шара ретінде тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекітуге өтінімге осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес құжаттар қоса беріледі;

2) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды оңайлатылған тәртіппен бекітуге өтінімге осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес құжаттар қоса беріледі;

3) қуаттылығы аз табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды төтенше реттеуші шара ретінде бекітуге өтінімге осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес құжаттар қоса беріледі;

10. Мемлекеттік қызметті көрсетулен бас тарту үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) ондағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған, мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажет материалдардың Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы негіз болып табылады.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданған жағдайда, шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не Министрліктің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті (бұдан әрі – Комитет) басшысының атына осы Стандарттың 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша беріледі.

Шағымның қабылданғанын растау шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Комитеттің немесе Министрліктің кеңсесінде оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) болып табылады.

Заңды тұлғаның шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі, өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Комитеттің немесе Министрліктің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қараудың нәтижелері туралы дәлелді жауап пошта арқылы көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Комитеттің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген жағдайда, шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414, 88000807777 телефондары бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінен», көрсетілетін Комитетпен өтінішті өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым бере алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің www.economy.gov.kz интернет-ресурсында «Комитеттер» бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің мәртебесі жөніндегі ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметі, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.

15. Анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Министрліктің www.economy.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 88000807777.

«Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекіту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

Тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін), инвестициялық тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін), оның ішінде сараланған тарифтерді, төтенше реттеуші шара ретінде тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекітуге өтініміне қоса берілетін құжаттардың тізбесі

1. Тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемлерін) бекітуге өтінімдерге келесі құжаттар қоса беріледі:

1) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту қажеттігі туралы түсіндірме жазба;

2) тарифтің (баға, алым мөлшерлемесінің) жобасы;

3) «Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 шілдедегі № 215-НҚ бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8642 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тарифтерді бекіту қағидалары) 3-33-қосымшаларда көрсетілген нысандар бойынша Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 130-НҚ бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8480 болып тіркелген) Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібінің (бұдан әрі – Ерекше тәртіп) 6-тармағының талаптарына сәйкес тарифтік сметалардың жобасы;

4) «Жария мүдделі ұйымдардың (қаржы ұйымдарынан басқа) жариялау үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15384 болып тіркелген) (бұдан әрі – Жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандары) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік баланс (бұдан әрі – Жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандары);

5) Жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кірістер және шығындар туралы есеп ;

6) Жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарына 4 және 5-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп (тікелей және жанама әдіс);

7) Жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша капиталдағы өзгерістер туралы есеп;

8) осы тармағының 4)-7) тармақшаларында көзделген қаржылық есептілікке түсіндірме жазба;

9) «Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 14 қарашадағы № 171 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16052 болып тіркелген) 3-қосымшаға сәйкес статистикалық нысан бойынша еңбек бойынша есеп (коды 251103139, индексі 1-Т, мерзімділігі тоқсандық);

10) «Құрылымдық статистика бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 10 қарашадағы № 165 бұйрығына 1-қосымшаға сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16038 болып тіркелген) нысан бойынша кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп (коды 271112130, индексі 1-ПФ мерзімділігі жылдық);

11) Тарифтерді бекіту қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерін) жобасын есептеу арналған жиынтық деректер;

12) тарифтік смета бойынша өзге және басқа шығыстардың толық жазылуы (табиғи монополия субъектілер қызметін жүзеге асыру үшін талап етілетін осы шығындардың қажеттілігін негіздей отырып тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сатып алынуын растайтын құжаттар);

13) қабылданған шешімнің нөмірі мен күнін көрсете отырып, бекітілген инвестициялық бағдарламаның (жобаның) болуын растайтын құжат;

14) негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін, ағымдағы және күрделі жөндеулерге және басқа да жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына бағытталған шығындардың жылдық сметасы;

15) есепке алу саясаты (ол болған жағдайда);

16) тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтердің негізінде жасалған персонал саны, шикізат, материалдар, отын, энергия қажеттіліктерінің есептеулері мен техникалық шығындардың есептеулері;

17) пайдалану мерзімдері көрсетілген, инвестициялық бағдарлама (жоба) іске асырылғанға дейін пайдаланылатын және жылдар бойынша бөле отырып, инвестициялық бағдарлама (жоба) ұзақ мерзімді кезеңде іске асырылған кезде пайдалануға берілетін негізгі құралдарға арналған амортизациялық аударымдардың есептеулері;

18) реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) жоспарланған көлемін растайтын құжаттар (ниет хаттамалары, шарттар, табиғи монополия субъектісінің жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндеті мен мүмкіндіктеріне, тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) деңгейін сақтау немесе өсіру мақсатында көлемдердің төмендеуіне жол берілмеуін негізге ала отырып, тауар өндіру көлемінің есептеулері), тұтынушы сұранысын маркетингтік зерттеулер материалдары);

19) табиғи монополия субъектісінің жобалық қуаты туралы және оның іс жүзінде пайдаланылуы туралы деректер;

20) амортизациялық аударымдардың пайдаланылуы туралы ақпарат.

2. Инвестициялық тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) бекітуге өтінімге мыналар:

1) қабылданған шешімінің нөмірі мен күнін көрсете отырып бекітілген инвестициялық бағдарламаның (жобаның) болуын растайтын құжат;

2) қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына пайданың есебі;

3) пайданы бөлу туралы ақпарат;

4) құзыретті орган растаған ұсынылатын қызметтердің жоспарланып отырған көлемдері;

5) табиғи монополия субъектісінің жобалық қуаты туралы деректер;

6) ақша ағысын бөлу туралы ақпарат;

7) инвестициялық тарифтің (бағаның, алым ставкасының) жобасы;

8) Ерекше тәртіптің талаптарына сәйкес Тарифтерді бекіту қағидаларына 3-33-қосымшаларға сай нысан бойынша тарифтік сметаның жобасы қоса беріледі.

3. Тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны төтенше реттеуші шаралар ретінде бекітуге арналған өтінімге:

1) табиғи монополия субъектісінің қызметін тұрақтандыру және азаматтардың өмірін, денсаулығын, жеке және заңды тұлғалардың мүлкін, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мақсатында төтенше реттеуші шаралар ретінде тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны бекітудің себептері көрсетілген түсіндірме жазба;

2) Ерекше тәртіптің талаптарына сәйкес Тарифтерді бекіту қағидаларына 34-қосымшаға сай нысан бойынша тарифтік сметаның жобасы қоса беріледі. Бұл ретте стратегиялық тауарлардың құнын арттырған жағдайда, тарифтік сметадағы стратегиялық тауарларды пайдалануды қамтитын шығын бабы ғана түзетіледі;

3) табиғи монополия субъектісінің қызметін тұрақтандыру және азаматтардың өмірін, денсаулығын, жеке және заңды тұлғалардың мүлкін, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мақсатында төтенше реттеуші шаралар ретінде тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны бекіту қажеттігін растайтын құжаттар қоса беріледі.

Стратегиялық тауарлардың құнын арттырған жағдайда, төтенше реттеуші шаралар ретінде тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны бекіту қажеттігін растайтын құжаттар ретінде өтінімге конкурстық құжаттама, конкурстық (тендерлік) комиссиялардың тауарларды сатып алу жөніндегі шешімдері, шарттар, шот-фактуралар, шығындар деңгейінің есептері, сондай-ақ тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгі нормалар мен нормативтердің негізінде жасалған техникалық ысыраптардың есептері, құнының өзгеруі төтенше реттеуші шара ретінде тарифті бекітуге өтінімді ұсынуға себеп болып табылатын стратегиялық тауар шығысының нормалары қоса беріледі.

Сумен жабдықтау саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге тұтынушылардың топтары бойынша сараланған тарифтерді бекітуге өтінімге:

1) осы Тізбенің 9-тармағында көрсетілген құжаттар;

2) өтінім берер алдындағы төрт тоқсанда немесе өткен күнтізбелік жылда тұтынушылар топтарының бөлінісінде (оның ішінде халық, бюджеттік ұйымдар, жылу энергетика саласындағы кәсіпорындар, өзге заңды тұлғалар) текше метрде (м3) суды тұтыну көлемі бойынша ақпарат;

3) өтінім берер алдындағы төрт тоқсанда немесе өткен күнтізбелік жылда текше метрде (м3) суды тұтыну көлемі және азаматтарды тіркеу кітабында тіркелген адамдар саны бойынша, жеке есепке алу аспабы жоқ абонент үшін – әрбір абонент бойынша ақпарат;

4) өтінім берер алдындағы төрт тоқсанда немесе өткен күнтізбелік жылда текше метрде (м3) суды тұтыну көлемі және азаматтарды тіркеу кітабында тіркелген адамдар саны бойынша, жеке есепке алу аспабы бар абонент үшін – әрбір абонент бойынша ақпарат қоса беріледі.

Есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар санының азаюына байланысты көрсетілген қызметтер көлемінің өзгеруі кезінде табиғи монополия субъектісі жылу энергиясымен жабдықтау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты, оның ішінде Тарифтерді бекіту қағидаларының 8-10-тармақтарына сәйкес бекітілген тарифтердің деңгейлерін өзгертпей сараланған тарифті бекітуге өтінімге мыналарды қоса береді:

1) есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты, оның ішінде Тарифтерді бекіту қағидаларының 8-10-тармақтарына сәйкес бекітілген тарифтердің деңгейлерін өзгертпей сараланған тарифтерді бекіту қажеттілігі туралы түсіндірме жазба;

2) есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты сараланған тарифтердің есебі;

3) негіздейтін материалдарды қоса бере отырып, халықтың тобына жататын тұтынушылардың, оның ішінде үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар және аспаптары жоқ (үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатудың техникалық мүмкіндігі жоқ тозған, авариялық тұрғын үй-жайларда, барак үлгідегі үйлерде тұрып жатқан халық тобына жататын жеке тұлға тұтынушыларды қоспағанда) тұтынушыларды бөліп көрсете отырып, жылу энергиясын тұтынуының жоспарланған жылдық көлемі туралы ақпарат;

4) басқа да тұтынушылардың, оның ішінде үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар және аспаптары жоқ (үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатудың техникалық мүмкіндігі жоқ тозған, авариялық үй-жайларда, барак үлгідегі үйлерде орналасқан халық тобына жататын жеке тұлға тұтынушыларды қоспағанда) тұтынушыларды көрсете отырып, жылу энергиясын тұтынуының жоспарланған жылдық көлемі туралы ақпарат;

5) үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатудың техникалық мүмкіндігі жоқ тозған, авариялық тұрғын үй-жайларда, барак үлгідегі үйлерде тұрып жатқан немесе орналасқан тұтынушылардың (оның ішінде жеке тұлғаларға және басқа тұтынушыларға бөліп көрсете отырып) жылу энергиясын тұтынуының жоспарланған жылдық көлемі туралы ақпарат;

6) үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатудың техникалық мүмкіндігі жоқ тозған, авариялық үй-жайлардың, барак үлгідегі үйлердің тізбесі.

«Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекіту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

Тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды оңайлатылған тәртіппен бекітуге өтінімге қоса берілетін құжаттардың тізбесі

1. Тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды оңайлатылған тәртіппен бекітуге өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) прейскурант түріндегі тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) және тарифтік сметаның жобасы;

2) жобалық қуат туралы деректер;

3) таратып жазу қосымшасымен несиелік және дебиторлық берешектің бары немесе жоқтығы туралы деректер;

4) сан нормативінің есебі;

5) салалық техникалық және технологиялық нормалардың, сондай-ақ нормативтік техникалық ысыраптардың есебі;

6) негізгі құралдарды пайдалану мерзімін көрсетіп амортизациялық аударымдар есебі;

7) негізгі өндірістік қорларды жұмыс жағдайында ұстау үшін қажетті шығын сметасының жобасы;

8) «Тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) оңайлатылған тәртіппен бекіту ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 19 наурыздағы № 80-НҚ бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2237 болып тіркелген) нысандар бойынша тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) және тарифтік сметаның жобасын есептеу үшін тарифтік сметаның жобасы;

9) еңбек ақы қорын және басшылардың лауазымдық қызметақысын белгілеу туралы мемлекеттік мүлікті немесе мемлекеттік кәсіпорынды басқару жөніндегі орган шешімі (мемлекеттік кәсіпорындарға немесе мемлекеттің үлесін иеленуші кәсіпорындарға);

10) реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) мемлекеттік органдар өз құзыретінің шегінде белгілеген ұсынылатын реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасына қойылатын талаптарға сәйкес жалпыға бірдей қызмет көрсету міндеттерден және табиғи монополиялар субъектісінің мүмкіндіктерінен шыға отырып жоспарланған көлемін растайтын құжаттар (ниеттер хаттамалары, шарттар, тауарларды өндіру көлемдерінің есептері).

«Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекіту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымша

Тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін), тарифтік сметаны тұтынушылық бағалар индексінен асып түсетін шамаға өзгертуге, тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) төтенше реттеуші шара ретінде бекітуге арналған өтінімге қоса берілетін құжаттардың тізбесі

1. Реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін), тарифтік сметаны тұтынушылық бағалар индексінен асып түсетін шамаға өзгертуге* арналған өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту қажеттілігін ашатын және реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша жылдар бөлінісінде тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) соңғы бекіту сәтінен өткен кезең ішіндегі субъектінің қызметіне қаржы-шаруашылық талдауды қамтитын түсіндірме жазба;

2) «Қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін оңайлатылған мемлекеттік реттеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 176 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10512 болып тіркелген) (бұдан әрі – Қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу қағидалары) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтік сметаны орындау туралы есеп;

3) Қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) және тарифтік сметаның жобасы;

4) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес қаржылық есептілік;

5) персонал саны, шикізат, материалдар, отын, энергия қажеттілігінің есептері және тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгі нормалар мен нормативтердің негізінде жасалған техникалық ысыраптардың есептері;

6) субъектінің негізгі құралдар құнының өсуіне әкелмейтін ағымдағы және күрделі жөндеуге және басқа да жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына бағытталатын шығындардың жылдық сметаларының жобасы;

7) негізгі құралдар құнының өсуіне әкелетін күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге бағытталатын шығындардың жылдық сметалары;

8) негізгі құралдарды пайдалану мерзімдерін көрсете отырып, амортизациялық аударымдардың есебі;

9) субъекіт желілерінің (жабдығының) жобалық қуаты және оны іс жүзінде пайдалану туралы деректер;

10) реттеліп көрсетілетін қызметтердің жоспарлы көлемін растайтын құжаттар (ниет хаттамалары, шарттар);

11) тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу бағаларын растайтын құжаттар (болған жағдайда);

12) негізгі құралдарды соңғы қайта бағалау (болған жағдайда) нәтижелері туралы мәліметтер қоса беріледі.

2. Тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны төтенше реттеуші шара ретінде бекітуге өтінімге мыналар қоса беріледі:

1) табиғи монополия субъектісінің қызметін тұрақтандыру және азаматтардың өмірін, денсаулығын, жеке және заңды тұлғалардың мүлкін, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мақсатында төтенше реттеуші шара ретінде тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны бекіту себептерін көрсете отырып, түсіндірме жазба;

2) Қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу қағидаларына 2-қосымшада көрсетілген нысан бойынша шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібінің талаптарына сәйкес тарифтік сметаның жобасы. Бұл ретте стратегиялық тауарлардың құны ұлғайған жағдайда, тарифтік сметада стратегиялық тауарларды пайдалануды қамтитын шығындардың баптары ғана түзетіледі;

3) табиғи монополия субъектісінің қызметін тұрақтандыру және азаматтардың өмірін, денсаулығын, жеке және заңды тұлғалардың мүлкін, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мақсатында төтенше реттеуші шара ретінде тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны бекіту қажеттілігін растайтын құжаттар.

Стратегиялық тауарлардың құны ұлғайған жағдайда төтенше реттеуші шара ретінде тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны бекіту қажеттілігін растайтын құжаттар ретінде тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) бекітуге арналған өтінімге конкурстық құжаттама, тауарларды сатып алу жөніндегі конкурстық (тендерлік) комиссиялардың шешімдері, шарттар, шот-фактуралар, шығындар деңгейінің, сондай-ақ тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгі нормалар мен нормативтердің негізінде жасалған есептемелері, нормативтік техникалық ысыраптардың, құнының өзгеруі тарифті төтенше реттеуші шара ретінде бекітуге өтінім беруге себеп болып табылатын стратегиялық тауар шығысының нормалары қоса беріледі.

Ескертпе:

* «Табиғи монополиялар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 3-тармағына сәйкес қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілерінің қызметіне уәкілетті орган бекітетін мемлекеттік реттеудің оңайлатылған тәртібі қолданылады.

Бұл ретте, қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілері реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін), тарифтік сметаларды алдыңғы күнтізбелік жылдағы факт бойынша тұтынушылық бағалар индексінен аспайтын шамаға жылына бір рет дербес өзгертуге құқылы.

Реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін), тарифтік сметаны тұтыну бағаларының индексінен асып түсетін шамаға өзгерту қажет болған кезде, қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектісі уәкілетті органның ведомствосына тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін), тарифтік сметаны Қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу қағидаларында белгіленген тәртіппен қайта қарау үшін ол қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей өтініммен жүгінеді.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 16 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16889 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 4 мамыр №172 Астана қаласы

«Табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның кейбір кемсітпейтін әдістемелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2014 жылғы 20 қаңтардағы №13-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның кейбір кемсітпейтін әдістемелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2014 жылғы 20 қаңтардағы № 13-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9302 болып тіркелген, 2014 жылғы 23 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Табиғи монополиялар субъектілерінің мұнайды магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Табиғи монополиялар субъектілерінің тауарлық газды сақтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемесі;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Табиғи монополиялар субъектілерінің тауарлық газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемесі;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Табиғи монополиялар субъектілерінің суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемесі бекітілсін.»;

4 және 5-қосымшалардың жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2014 жылғы 20 қаңтардағы № 13-НҚ бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2014 жылғы 20 қаңтардағы № 13-НҚ бұйрығына 3-қосымша»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі Т.СҮЛЕЙМЕНОВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі _______________ Ө. Шөкеев
2018 жылғы 15 мамыр

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Энергетика министрі _______________ Қ. Бозымбаев
2018 жылғы 5 мамыр

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 4 мамырдағы №172 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2014 жылғы 20 қаңтардағы №13-НҚ бұйрығына 4-қосымша

Табиғи монополиялар субъектілерінің суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Табиғи монополиялар субъектілерінің суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) «Табиғи монополиялар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, «Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 130-НҚ бұйрығына (бұдан әрі – Ерекше тәртіп) (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8480 болып тіркелген) сәйкес әзірленген.

2. Осы Әдістеме табиғи монополиялар субъектілерінің суды магистральдық құбыржолдары арқылы беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) есептеу тетігін анықтайды.

3. Осы Әдістеменің мақсаты үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

арна – су ресурстарын басқару, су ресурстарын пайдалану, су тұтынушыларға су беру, сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын жасанды гидротехникалық құрылыс;

магистральдық құбыржолы – суды бас тоғаннан таратушыларға дейін тартуға (магистральдық құбыржолынан және (немесе) арнадан су пайдаланушылары топтарына суды тартуға) арналған гидротехникалық құрылыстар кешені;

су берудің механикаландырылған тәсілі – су көздерінен су көтеру механизмдері (сорғылар) немесе машиналық (механикалық көтеру) арқылы су берілетін тәсіл;

су берудің өзағар тәсілі – су көтеру (сорғыларды) немесе машиналық механизмдерін (механикалық көтеру) қолданусыз гравитациялық күштерді пайдалану негізінде су алу мен таратуға мүмкіндік беретін жүйелер бойынша су беру;

суармалау нормалары – вегетациялық кезеңде суармалау алаңының гектарына берілетін су көлемі (текше метр/га);

су беру тәсілі – өзағар, механикаландырылған;

тарифтік учаске – шекарасында тұтынушылардың бір тобының шегінде суды беруге арналған бірыңғай тариф бекітілетін және қолданылатын магистральдық құбыржолының және (немесе) арнаның учаскесі;

(Соңы 19-бетте)

(Соңы. Басы 18-бетте)

тұтынушылар топтары – осы Әдістемені қолдану мақсатында суды пайдалану қажеттілігіне байланысты топтастырылған, магистральдық және (немесе) арналар арқылы су беру қызметтерінің тұтынушылары;

Осы Әдістемеде қолданылатын өзге ұғымдар мен терминдер 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне және Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.

4. Егер суды магистральдық құбыржолдары арқылы беру қызметтерін көрсету кезінде магистральдық құбыржолдарының жүйесінде жекелеген тарифтік учаскелері белгіленбеген және қызметтер екі және одан да көп облыстардың аумағына көрсетілген жағдайда, бірыңғай тариф және тарифтік смета тұтастай барлық жүйеге есептеледі.

5. Егер магистральдық құбыржолдарының және (немесе) арналарының жүйесінде жекелеген тарифтік учаскелер белгіленген жағдайда, тариф әрбір тарифтік учаскеге есептеледі.

6. Егер суды арналар арқылы беру қызметтерін көрсету кезінде қызметтер бірнеше облыстардың аумағында көрсетілген жағдайда, тариф және тарифтік смета тұтынушылар топтарына және осы Әдістемеге сәйкес арналар арқылы су беру тәсіліне саралауды қолданумен тұтастай алғанда көрсетілетін қызметке есептеледі.

7. Суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру қызметтерін көрсету көлемі нормативтік техникалық ысыраптардың және субъектінің өзінің мұқтаждарына суды жеткізу көлемінің (суды беру қызметтерін көрсету үшін қажетті) минусімен суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру көлеміне сүйене отырып айқындалады.

Ауыл шаруашылығын суландыру үшін тұтынылатын судың көлемі аумақтардың ылғалдылығын, биоклиматтық жағдайларын, су шаруашылығы бассейндері бойынша топырақты-мелиоративтік және гидрогеологиялық жағдайларын, суарылатын ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлерін, ауыл шаруашылығы дақылдарының суарылатын алаңын және басқаларды ескере отырып Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 545 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 14827 болып тіркелген) Су тұтынудың және су бұрудың үлестік нормаларын әзірлеу жөніндегі әдістемеге сәйкес есептелетін су тұтынудың үлестік нормаларынан шыға келе анықталады.

Суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру бойынша көрсетілетін қызметтердің көлемін субъекті негіздеуші құжаттармен (субъектінің сапалық қызмет көрсету міндеттерінен және мүмкіндіктерінен шыға келе ниет хаттамалары, шарттар, көлемді есептеу) растайды.

Көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуін субъекті төмендеуді негіздейтін құжаттармен (шарттар, шот-фактуралар, орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер/суды қабылдау-беру) растайды.

8. Суды беру қызметтерін ұсынуға қажетті экономикалық негізделген шығындар Ерекше тәртіптің талаптарына сәйкес қалыптастырылады.

Экономикалық негізделген шығындар егер субъект қызметтерді бірнеше облыс немесе учаске аумағында көрсетсе, субъектінің аумақтық филиалдарының немесе егер субъект қызметтерді облыс/қала/аудан аумағында көрсетсе учаскелердің шығындарынан қалыптастырылады.

Табиғи монополиялар субъектісінің құрамында екіден астам өндірістік аумақтық филиал болған жағдайда, жиынтық шығындар мына формула бойынша есептеледі:

$$З_{общ} = З_{фил} + З_{центр},$$

мұндағы:

$З_{общ}$ – субъектінің жалпы экономикалық негізделген шығындары, теңге;

$З_{фил}$ – қызметтер көлеміне есептелген субъектінің аумақтық филиалдарының жиынтық экономикалық негізделген шығындары, теңге;

$З_{центр}$ – субъектінің орталық аппаратының шығындары, теңге.

2-тарау. Суды магистральдық құбыржолдары арқылы беру қызметтеріне тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) есептеу

9. Суды магистральдық құбыржолдары арқылы беру қызметтеріне тариф мына формула бойынша есептеледі:

$$T_n = \frac{Z_n + ДУП_n}{V_n},$$

мұндағы:

n –тарифтің қолданылу кезеңі (бір жылға немесе барлық кезеңге);

T_n – тарифтің қолданылу кезеңіне 1 текше мерт үшін суды магистральдық құбыржолдары арқылы беру қызметтеріне тариф, теңге;

Z_n – Ерекше тәртіптің талаптарын ескере отырып қабылданған, тарифтің қолданылу кезеңіне экономикалық негізделген шығындар, мың теңге;

$ДУП_n$ – тарифтің қолданылу кезеңіне салық салынғанға дейін пайданың ұйғарынды деңгейі, мың теңге;

V_n – тарифтің қолданылу кезеңіне көрсетілген қызметтердің көлемі, мың текше метр.

10. Егер магистральдық құбыржолдары жүйесінің бірнеше тарифтік учаскелері болған жағдайда, су беру қызметтеріне әрбір тарифтік учаскеде беруге арналған тариф мына формула бойынша есептеледі:

$$T_{in} = \frac{Z_{in} + ДУП_{in}}{V_{in}},$$

мұндағы:

i – тарифтік учаскенің нөмірі;

T_{in} – тарифтің қолданылу кезеңіне су беру қызметтеріне i тарифтік учаске бойынша беруге арналған тариф, 1 текше метр үшін теңге;

Z_{in} – тарифтің қолданылу кезеңіне i тарифтік учаске бойынша экономикалық негізделген шығындар, теңге;

$ДУП_{in}$ – тарифтің қолданылу кезеңіне i тарифтік учаске бойынша салық салынғанға дейін пайданың ұйғарынды деңгейі, теңге;

V_{in} – тарифтің қолданылу кезеңіне i тарифтік учаске бойынша суды беру жөнінде көрсетілетін қызметтердің көлемі, текше метр.

11. Тарифтерді тарифтік учаске бойынша саралау қажет болған жағдайда, саралау тұтынушылардың топтары бойынша жүргізіледі.

12. Жеке тұтынушы үшін суды магистральдық құбыржолдары арқылы беру құны мына формула бойынша есептеледі:

$$C_n = V_n * \sum T_{in},$$

мұндағы:

C_n – тарифтің қолданылу кезеңіне жеке тұтынушы үшін суды магистральдық құбыржолдары арқылы беру құны,теңге;

i – олар арқылы осы тұтынушы үшін су бірізділікпен берілетін тарифтік учаскелердің нөмірлері;

V_n – тарифтің қолданылу кезеңіне осы тұтынушы үшін суды беру жөнінде көрсетілетін қызметтердің көлемі, текше метр;

T_{in} – тарифтің қолданылу кезеңіне су беру қызметтеріне i тарифтік учаске бойынша беруге арналған тариф, 1 текше метр үшін теңге.

3-тарау. Суды магистральдық құбыржолдары арқылы беру кезінде жекелеген учаскелер бойынша тұтынушылардың топтары бойынша тарифтерді есептеу

13. Тұтынушылардың топтары бойынша тарифтерді саралау тұтынушылардың өндірістік-технологиялық процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында табиғи монополия субъектісінің негізгі құралдарын жөндеуге және оларды жаңғыртуға, реконструкциялауға мен жаңартуға күрделі салымдарға қажеттілік дәрежесінің негізінде жүргізіледі.

14. Тұтынушылар мынадай топтарға жіктеледі:

1) халық, бюджеттік және коммерциялық емес, ұйымдарға коммуналдық қызметтер көрсететін басқа да кәсіпорындар;

2) ауыл шаруашылығының тауар өндірушілері;

3) өнеркәсіптік кәсіпорындар мен басқа да коммерциялық ұйымдар;

4) мұнай-газ өндіруші кәсіпорындар.

15. i учаскесіндегі тұтынушылардың тобы «халық, бюджеттік және коммерциялық емес ұйымдарға коммуналдық қызметтер көрсететін басқа да кәсіпорындар» (1-топ) үшін тариф мына формула бойынша есептеледі:

$$T_{in1} = \frac{Z_{in} - M_{in} - P_{in}}{V_{in}},$$

мұндағы:

n – тарифтің қолданылу кезеңі (бір жылға немесе барлық кезеңге);

T_{in1} - тарифтің қолданылу кезеңіне i учаскесінде тұтынушылардың 1-тобы үшін тариф, 1 текше метр үшін теңге;

Z_{in} – тарифтің қолданылу кезеңіне i учаскесінде экономикалық негізделген шығындар, теңге;

M_{in} – тарифтің қолданылу кезеңіне i учаскесіндегі амортизациялық аударымдар, теңге;

P_{in} – тарифтің қолданылу кезеңіне i учаскесіндегі жөндеу шығыстары, теңге;

V_{in} – тарифтің қолданылу кезеңіне i учаскесіндегі тұтынушылардың барлық топтары үшін суды магистральдық құбыржолдары арқылы беру жөнінде көрсетілетін қызметтердің жиынтық көлемі, текше метр.

16. i учаскесінде жөндеуге арналған шығыстар учаскелер бойынша негізгі құралдардың құнындағы әрбір учаскенің үлесіне барабар бөлінген магистральдық құбыржолдарының тұтастай барлық жүйесі бойынша жөндеудің жалпы жиынтығына сүйене отырып есептеледі.

17. i учаскесіндегі тұтынушылардың тобы «ауыл шаруашылығының тауар өндірушілері» (2-топ) үшін тариф мына формула бойынша есептеледі:

$$T_{in2} = \frac{Z_{in}}{V_{in}},$$

мұндағы:

T_{in2} – тарифтің қолданылу кезеңіне i учаскесіндегі тұтынушылардың 2-тобы үшін тариф, 1 текше метр үшін теңге;

Z_{in} – тарифтің қолданылу кезеңіне i учаскесіндегі экономикалық негізделген шығындар, теңге;

V_{in} – тарифтің қолданылу кезеңіне i учаскесіндегі тұтынушылардың барлық топтары үшін суды магистральдық құбыржолдары арқылы беру жөнінде көрсетілетін қызметтердің жиынтық көлемі, текше метр.

18. i учаскесіндегі тұтынушылардың тобы «өнеркәсіптік кәсіпорындар мен басқа да коммерциялық ұйымдар» (3-топ) үшін тариф мына формула бойынша есептеледі:

$$T_{in3} = \frac{Z_{in} + ДУП_{in}}{V_{in}},$$

мұндағы:

T_{in3} – тарифтің қолданылу кезеңіне i учаскесіндегі тұтынушылардың 3-тобы үшін тариф, 1 текше метр үшін теңге;

Z_{in} – тарифтің қолданылу кезеңіне i учаскесіндегі экономикалық негізделген шығындар, теңге;

$ДУП_{in}$ – тарифтің қолданылу кезеңіне i учаскесіндегі салық салынғанға дейін пайданың ұйғарынды деңгейі, теңге;

V_{in} – тарифтің қолданылу кезеңіне i учаскесіндегі тұтынушылардың барлық топтары үшін суды магистральдық құбыржолдары арқылы беру жөнінде көрсетілетін қызметтердің жиынтық көлемі, текше метр.

19. i учаскесіндегі тұтынушылардың тобы «мұнай-газ өндіруші кәсіпорындар» (4-топ) үшін тариф мына формула бойынша есептеледі:

$$T_{in4} = \frac{Z_{in} + ДУП_{in}}{V_{in}} + \frac{(M_{in} + P_{in}) * V_{in1}}{V_{in4} * V_{in}} + \frac{ДУП_{in} * V_{in1}}{V_{in4} * V_{in}} + \frac{ДУП_{in} * V_{in2}}{V_{in4} * V_{in}},$$

мұндағы:

T_{in4} - тарифтің қолданылу кезеңіне i учаскесіндегі тұтынушылардың 4-тобы үшін тариф, 1 текше метр үшін теңге;

V_{in1} – тарифтің қолданылу кезеңіне i учаскесіндегі тұтынушылардың 1-тобы үшін суды беру жөнінде көрсетілетін қызметтердің көлемі, текше метр;

V_{in2} – тарифтің қолданылу кезеңіне i учаскесіндегі тұтынушылардың 2-тобы үшін суды беру жөнінде көрсетілетін қызметтердің көлемі, текше метр;

V_{in4} – тарифтің қолданылу кезеңіне i учаскесіндегі тұтынушылардың 4-тобы үшін суды беру жөнінде көрсетілетін қызметтердің көлемі, текше метр.

Ескертпе. i учаскесіндегі 1-топтың тұтынушыларына суды беру жөнінде көрсетілетін қызметтердің V_{in1} көлеміне халық, бюджеттік және коммерциялық емес ұйымдар, сондай-ақ халыққа, бюджеттік және коммерциялық емес ұйымдарға коммуналдық қызметтер көрсететін басқа да кәсіпорындар тікелей тұтынатын көлемдер ғана жатады.

4-тарау. Суды арналар арқылы беру қызметтеріне тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) есептеу

20. Суды арналар арқылы беру қызметтеріне тариф мына формула бойынша есептеледі:

$$T_n = \frac{Z_n + ДУП_n}{V_n},$$

мұндағы:

n – тарифтің қолданылу кезеңі (бір жылға немесе барлық кезеңге);

T_n – тарифтің қолданылу кезеңіне 1 текше метр үшін су беру қызметтеріне тариф, теңге;

Z_n – тарифтің қолданылу кезеңіне Ерекше тәртіптің талаптарын ескере отырып, қабылданған экономикалық негізделген шығындар, мың теңге;

$ДУП_n$ – тарифтің қолданылу кезеңіне салық салынғанға дейін пайданың ұйғарынды деңгейі, мың теңге;

V_n – тарифтің қолданылу кезеңіне көрсетілген қызметтер көлемі, мың текше метр.

21. Егер бірнеше тарифтік учаске болған жағдайда, суды арналар арқылы беру қызметтерін тұтынушылар үшін тариф мына формула бойынша есептеледі:

$$T_{in} = \frac{Z_{in} + ДУП_{in}}{V_{in}},$$

мұндағы:

i – тарифтік учаскенің нөмірі;

T_{in} – тарифтің қолданылу кезеңіне i тарифтік учаске бойынша су беру қызметтеріне тариф, 1 текше метр үшін теңге;

Z_{in} – тарифтің қолданылу кезеңіне i тарифтік учаске бойынша экономикалық негізделген шығындар, мың теңге;

$ДУП_{in}$ – тарифтің қолданылу кезеңіне i тарифтік учаске бойынша салық салынғанға дейін пайданың ұйғарынды деңгейі, мың теңге;

V_{in} – тарифтің қолданылу кезеңіне i тарифтік учаскесіндегі су беру жөнінде көрсетілетін қызметтердің көлемі, мың текше метр.

22. Тарифтерді тарифтік учаскелер бойынша саралау қажет болған жағдайда, саралау тұтынушылар тобы бойынша жүргізіледі.

5-тарау. Суды арналар арқылы беру жөнінде көрсетілетін қызметтерге су беру тәсілдері және тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) есептеу

23. Тарифтерді тұтынушылар топтары бойынша саралау суды арналар арқылы беру бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсету кезінде суды тұтынушыға дейін беру екі тәсілмен (механикаландырылған және өзағар) жүзеге асырылатын технологиялық ерекшеліктің негізінде және судың қандай мұқтаждарға пайдаланылуына қарай жүргізіледі.

24. Тұтынушылар мынадай топтарға жіктеледі:

1) ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері;

2) су арналары, бюджеттік ұйымдар;

3) электр энергиясын өндіретін кәсіпорындар;

4) су бөлу орны (табиғат қорғау, өтемдік, санитарлық-экологиялық);

5) өнеркәсіптік кәсіпорындар, өзге де коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар.

25. Тарифтің қолданылу кезеңіне суды арналар арқылы беру жөніндегі қызметтерге орташа босату есептеу тарифі мына формула бойынша есептеледі:

$$T_n = \frac{Z_n + ДУП_n}{V_n},$$

мұндағы :

n – тарифтің қолданылу кезеңі (бір жылға немесе барлық кезеңге);

T_n – тарифтің қолданылу кезеңіне орташа босату есептеу тарифі, 1 текше метр үшін теңге;

Z_n – тарифтің қолданылу кезеңіне Ерекше тәртіптің талаптарын ескере отырып қабылданған экономикалық негізделген шығындар, мың теңге;

$ДУП_n$ – тарифтің қолданылу кезеңіне салық салынғанға дейін пайданың ұйғарынды деңгейі, мың теңге;

V_n – тарифтің қолданылу кезеңіне көрсетілетін қызметтердің көлемі, мың текше метр.

26. Су беру тәсіліне қарай тұтынушылардың әрбір тобы үшін суды арналар арқылы беру жөнінде көрсетілетін қызметтерге есептік тариф мына формула бойынша есептеледі:

1) Су берудің механикаландырылған тәсілі үшін:

$$T_{nмi\ расчет} = T_n * V_{факт} / D_{факт} * (D_{мi\ факт} / V_{мi\ факт}),$$

мұндағы:

i – тұтынушылар тобы;

$T_{nмi\ расчет}$ – тарифтің қолданылу кезеңіне тұтынушылардың i тобы үшін су берудің механикаландырылған тәсілі үшін есепті тариф, текше метр үшін теңге;

$D_{факт}$ – өткен аяқталған күнтізбелік жыл үшін көрсетілген қызметтердің іс жүзіндегі кірісі, мың теңге;

$V_{факт}$ – өткен аяқталған күнтізбелік жыл үшін көрсетілген қызметтердің іс жүзіндегі көлемі, мың текше метр;

$D_{мi\ факт}$ – өткен аяқталған күнтізбелік жыл үшін тұтынушылардың i тобы үшін механикаландырылған су беруден іс жүзіндегі кіріс, мың теңге;

$V_{мi\ факт}$ – өткен аяқталған күнтізбелік жыл үшін тұтынушылардың i тобы үшін механикаландырылған су берудің іс жүзіндегі көлемі, мың текше метр;

2) Суды өзағар тәсілімен беру үшін:

$$T_{nci\ расчет} = T_n * V_{факт} / D_{факт} * (D_{ci\ факт} / V_{ci\ факт}),$$

мұндағы:

i – тұтынушылар тобы;

$T_{nci\ расчет}$ – тарифтің қолданылу кезеңіне тұтынушылардың i тобы үшін су берудің өзағар тәсілі үшін есептік тариф, 1 текше метр үшін теңге;

$D_{факт}$ – өткен аяқталған күнтізбелік жыл үшін көрсетілген қызметтердің іс жүзіндегі кірісі, мың теңге;

$V_{факт}$ – өткен аяқталған күнтізбелік жыл үшін көрсетілген қызметтердің іс жүзіндегі көлемі, мың текше метр;

$D_{ci\ факт}$ – өткен аяқталған күнтізбелік жыл үшін тұтынушылардың i тобы үшін су берудің өзағар тәсілінен іс жүзіндегі кіріс, мың теңге;

$V_{ci\ факт}$ – өткен аяқталған күнтізбелік жыл үшін тұтынушылардың i тобы үшін суды өзағар тәсілімен берудің іс жүзіндегі көлемі, мың текше метр;

27. Тұтынушылардың әрбір тобы үшін есептік тарифтерді және тарифтің қолданылу кезеңіне көрсетілетін қызметтердің болжамды көлемін ескере отырып, орташа өлшенген есептік тариф мына формула бойынша есептеледі:

$$T_{n\ ср\ расчет} = \frac{\sum_{ci} T_{nci\ расчет} * V_{nci} + \sum_{мi} T_{nmi\ расчет} * V_{nmi}}{V_n},$$

мұндағы:

n – тарифтің қолданылу кезеңі (бір жылға немесе барлық кезеңге);

i – тұтынушылар тобы;

$T_{n\ ср.расчет}$ – тарифтің қолданылу кезеңіне орташа өлшенген есептік тариф, 1 текше метр үшін теңге;

V_{nci} – тарифтің қолданылу кезеңіне тұтынушылардың i тобы үшін суды өзағар тәсілімен беру көлемі, мың текше метр;

$V_{nмi}$ – тарифтің қолданылу кезеңіне тұтынушылардың i тобы үшін механикаландырылған су беру көлемі, мың текше метр;

∑ci – тарифтің қолданылу кезеңіне тұтынушылардың i тобы үшін суды өзағар тәсілімен беру көлеміне тариф көбейтіндісінің сомасы, мың теңге;

∑мi – тарифтің қолданылу кезеңіне тұтынушылардың i тобы үшін суды механикалық тәсілмен беру бойынша көлемге тариф көбейтіндісінің сомасы, мың теңге.

28. Көрсетілетін қызметтердің болжамды көлемдері өзгерген кезде орташа босату есептік тарифтен орташа өлшенген есептік тарифтің ауытқуын анықтау үшін мына формула бойынша есептелетін түзету коэффициенті қолданылады:

$$K_{n\ поправ} = T_n / (T_{n\ ср.расчет}),$$

мұндағы:

$K_{n\ поправ}$ – тарифтің қолданылу кезеңіне кірістің жинамдылық дәрежесін сипаттайтын түзету коэффициенті, бұл ретте коэффициенттің мәні мынаны білдіреді:

$K_{n\ поправ} < 1$ – тарифтің қолданылу кезеңіне есептік кіріс тарифтің қолданылу кезеңіне тарифтік кірістен асып түседі; $K_{n\ поправ} = 1$ – тарифтің қолданылу кезеңіне есептік және тарифтік кірістер тең; $K_{n\ поправ} > 1$ – тарифтің қолданылу кезеңіне есептік кіріс тарифтің қолданылу кезеңіне қажетті тарифтік кірістен аз;

29. Тарифтің қолданылу кезеңіне су беру тәсіліне қарай әрбір тұтынушылар тобы үшін тариф мына формулалар бойынша анықталады:

1) Суды механикаландырылған тәсілмен беру үшін:

$$T_{nмi} = T_{nмi\ расчет} * K_{n\ поправ}$$

2) Суды өзағар тәсілімен беру үшін:

$$T_{nci} = T_{nci\ расчет} * K_{n\ поправ}$$

мұндағы:

Tnmi – тарифтің қолданылу кезеңіне суды механикаландырылған тәсілмен берген кезде тұтынушылардың i тобы үшін тариф, 1 текше метр үшін теңге;

Tnci – тарифтің қолданылу кезеңіне суды өзағар тәсілімен берген кезде тұтынушылардың i тобы үшін тариф, 1 текше метр үшін теңге.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16974 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 4 мамыр №173 Астана қаласы

Монополиялық жоғары (төмен) бағаны анықтау жөніндегі әдістемені бекіту туралы

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 90-6-бабының 19) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Монополиялық жоғары (төмен) бағаны анықтау жөніндегі әдістеме бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) «Монополиялық жоғары бағаны анықтау жөніндегі әдістемені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 24 қарашадағы № 486 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14552 болып тіркелген, 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

2) «Монополиялық төмен бағаны анықтау жөніндегі әдістемені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 302 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10719 болып тіркелген, 2015 жылғы 29 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Т.СҮЛЕЙМЕНОВ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 4 мамырдағы №173 бұйрығымен бекітілген

Монополиялық жоғары (төмен) бағаны анықтау жөніндегі әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Әдістеме 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 90-6-бабының 19) тармақшасына сәйкес әзірленді және уәкілетті органның ведомствосы мен уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісі (бұдан әрі – Субъект) белгілейтін монополиялық жоғары (монополиялық төмен) бағаны анықтау кезінде қолданады.

2. Осы Әдістемеде Қазақстан Республикасының Кодексі мен заңдарында айқындалатын ұғымдар, сондай-ақ мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

1) салыстырмалы тауар нарығы – тауарды сатып алу немесе сату мақсаттары негізге алына отырып айқындалатын сатылатын тауар көлемі, тауарды сатып алушылар немесе сатушылар (берушілер) құрамы және тауар нарығына кіру шарттары бойынша салыстырылатын басқа тауар нарығы;

2) тауар – азаматтық айналым объектісі болып табылатын тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет;

3) уәкілетті орган – бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

4) уәкілетті органның ведомствосы – бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосы;

5) уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі – бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі.

3. Үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісі белгілеген баға, егер:

1) осы баға нақ сол тауар нарығында бәсекелестік жағдайында үстем жағдайға ие нарық субъектісімен бір тұлғалар тобына кірмейтін нарық субъектісі белгілейтін ең жоғары бағадан асып кетсе немесе салыстырмалы тауар нарығында бәсекелестік жағдайында қалыптасқан бағадан асып кетсе;

2) осы баға осындай тауарды өндіру және өткізу үшін қажет шығыстар мен пайда сомасынан асып кетсе, тауардың монополиялық жоғары бағасы деп түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес нарық субъектісіне белгіленген тауардың бағасы монополиялық жоғары болып танылмайды.

4. Үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісі белгілеген баға, егер:

1) осы баға нақ сол тауар нарығында бәсекелестік жағдайында үстем жағдайға ие нарық субъектісімен бір тұлғалар тобына кірмейтін нарық субъектісі белгілейтін ең жоғары бағадан асып кетсе немесе салыстырмалы тауар нарығында бәсекелестік жағдайында қалыптасқан бағадан асып кетсе;

2) осы баға осындай тауарды өндіру және өткізу үшін қажет шығыстар мен пайда сомасынан асып кетсе, тауардың монополиялық жоғары бағасы болып табылады.

Егер тауар бағасы осы тармақта көрсетілген өлшемшарттардың ең кемінде біріне сәйкес келмесе монополиялық төмен болып танылмайды. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес нарық субъектісіне белгіленген тауардың бағасы монополиялық төмен болып танылмайды.

2-тарау. Монополиялық жоғары (төмен) бағаны анықтау

5. Нарық субъектісінің үстем немесе монополиялық жағдайын анықтау мақсатында уәкілетті органның ведомствосы немесе уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі тергеп-тексеруді жүргізгенге дейін Кодекстің 90-6-бабының 11) тармақшасына сәйкес тауар нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізеді.

6. Монополияға қарсы органның ведомствосы немесе уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісінің тауарға монополиялық жоғары бағаны белгілеуінен көрінетін, Кодекстің 174-бабының 1) тармақшасында көзделген бұзушылық белгілерінің болуын көрсететін деректерді анықтау мақсатында тауар нарығындағы тауар өндіру (өткізу) бағасының және көлемдерінің серпініне, оның ішінде:

1) Субъектінің жағдайы үстем деп танылған тауардың бағасын Субъектінің тиісті немесе салыстырмалы тауар нарығында басқа нарық субъектілерінің сондай тауар бағасынан асатын етіп белгілеуіне;

2) тиісті немесе салыстырмалы тауар нарығында баға өсуінің тиісті қарқындарымен салыстырғанда Субъектінің жағдайы үстем деп танылған тауар бағасының өсу қарқынының артуына;

3) физикалық сипатын (мысалы, тауар бірлігінің салмағын) төмендету арқылы Субъектінің жағдайы үстем деп танылған тауар бағасының көтерілуіне;

4) өндіру немесе беру мүмкіндігі болған кезде тұтынушылардың сұранысы немесе тапсырыстары бар тауарларды өндіру және (немесе) беру көлемін негізсіз қысқартуға немесе өндіруді және (немесе) беруді тоқтатуға талдау жүргізеді.

7. Монополияға қарсы органның ведомствосы немесе уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісінің тауарға монополиялық төмен бағаны белгілеуінен көрінетін Кодекстің 174-бабының 1) тармақшасында көзделген бұзушылық белгілерінің болуын көрсететін деректерді анықтау мақсатында тауар нарығындағы тауар өндіру (өткізу) бағасының және көлемдерінің серпініне, оның ішінде:

1) Субъектінің жағдайы үстем деп танылған тауардың бағасын Субъектінің тиісті немесе салыстырмалы тауар нарығында басқа нарық субъектілерінің сондай тауар бағасынан төмен етіп белгілеуіне;

2) тиісті немесе салыстырмалы тауар нарығында баға өсуінің тиісті қарқындарымен салыстырғанда Субъектінің жағдайы үстем деп танылған тауар бағасының төмендеу қарқынының артуына талдау жүргізеді.

8. Нарық субъектісінің іс-әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісінің тауарға монополиялық жоғары (төмен) баға белгілеуінен көрінетін Кодекстің 174-бабының 1) тармақшасында көзделген бұзушылықтардың белгілері болған жағдайда, монополияға қарсы органның ведомствосы және (немесе) уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі тергеп-тексеру жүргізу туралы бұйрық шығарады. Тергеп-тексеру жүргізу кезінде Субъектінің монополиялық жоғары (төмен) бағаны белгілеу жөніндегі әрекеттерін растайтын фактілердің болуы анықталады.

9. Монополиялық жоғары бағаны анықтау үшін монополияға қарсы органның ведомствосы тиісті тауар нарығындағы тауардың бәсекелес бағасын айқындайды.

Тауардың бәсекелес бағасы Субъектімен бір тұлғалар тобына кірмейтін нарық субъектісі белгілейтін бәсекелестік жағдайдағы осы және салыстырмалы тауар нарығына арналған тауардың ең жоғары бағасы болып табылады. Бұл ретте, дербес жасаған әрекеттері тиісті тауар нарығындағы тауарлар айналысының жалпы жағдайына олардың әрқайсысының біржақты ықпал ету мүмкіндігін тиімді шектейтін нарық субъектілерінің жарыспалылығы шартына сәйкес келетін нарық субъектілері ескеріледі.

Бәсекелестік бағаны айқындау кезінде тауардың сапалық параметрлері ескеріледі.

Нақ сол тауар нарығындағы бәсекелестік бағаны белгілеу мүмкін болмаған жағдайда, салыстырмалы тауар нарығындағы, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі салыстырмалы тауар нарығындағы тауар бағасымен салыстыру жүргізіледі.

Салыстырмалы тауар нарығын анықтау Кодекстің 175-бабы 3-тармағының бірінші бөлігінде көзделген өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады. Тергеп-тексеру объектісі тауарының бағасына Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі салыстырмалы тауар нарығындағы бәсекелестік жағдайында қалыптасқан тауардың бағасымен салыстыру жүргізу монополияға қарсы орган басшысының немесе оның орынбасарының тапсырмасы бойынша жүргізіледі.

Салыстырмалы тауар нарығында бәсекелестік жағдайында қалыптасқан бағаны не салыстырмалы тауар нарығын, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде айқындау мүмкін болмаған жағдайда, нарық субъектісінің шығыстары мен пайдасына талдау жүргізіледі және негізделген баға айқындалады.

Егер Субъект белгілеген баға бәсекелестік бағадан асып түсетін болса немесе бәсекелестік бағаны анықтау мүмкін болмаса, монополияға қарсы органның ведомствосы осындай тауарды өндіру мен өткізу қажеттілігін, шығыстар мен пайданы бағалау мақсатында Субъектінің шығыстары мен пайдасына талдау жүргізеді.

10. Монополиялық төмен бағаны анықтау үшін монополияға қарсы органның ведомствосы тиісті тауар нарығында Субъектімен бір тұлғалар тобына кірмейтін нарық субъектілері белгілейтін тауар бағасының деңгейін талдайды. Бағаларды талдау кезінде тауардың сапалық параметрлері ескеріледі.

Субъект белгілеген баға нақ сол тауар нарығында Субъектімен бір тұлғалар тобына кірмейтін нарық субъектілері белгілеген бағадан жоғары болған жағдайда, онда Субъектінің бағасы монополиялық төмен болып табылмайды.

Егер Субъект белгілеген баға нақ сол тауар нарығында Субъектімен бір тұлғалар тобына кірмейтін, нарық субъектілері белгілейтін бағадан төмен болса, монополияға қарсы орган ведомствосы Субъектінің осындай тауарды өндіру және өткізудің нақты шығыстарына талдау жүргізеді және Субъектінің жағдайы үстем деп танылған тауарға Субъектінің төмен баға белгілеуінің мән-жайын анықтайды.

11. Монополиялық жоғары бағаны анықтау кезінде шешім қабылдау үшін монополияға қарсы органның ведомствосы мыналарға:

1) субъектінің қаржылық-шаруашылық қызметін;

2) тауардың өндірістік және толық өзіндік құнының серпінін, сондай-ақ тауар бағасының серпінін (оның ішінде өндірістік және толық өзіндік өсу (төмендеу) қарқынын бағаның өсуі (төмендеуі) қарқынымен салыстыру);

3) өндірістік қуаттарды есепке ала отырып тауарды өндіру (өткізу) көлемінің серпінін;

4) нәтижесінде тауар бағасы тікелей немесе жанама қалыптастырылатын шарттарды;

5) бағалардың әртүрлі түрлерінің серпінін (мысалы, орташа өлшенген, тұтынушылардың әртүрлі топтары үшін);

6) кезең және өндірістік өзіндік құнның шығыстарын, оның ішінде әкімшілік персоналдың жалақысының өсуі (төмендеуі) қарқынын өндірістік персоналдың жалақысының өсуі (төмендеуі) қарқынымен салыстыруды;

7) субъектінің жағдайы үстем деп танылатын тауардан субъект алған пайданы;

8) субъектінің инвестициялық бағдарламасына;

9) кредиторлар мен қаржы ұйымдары алдындағы міндеттемелерін талдауды қолданады;

Монополиялық төмен бағаны анықтау кезінде шешім қабылдау үшін монополияға қарсы органның ведомствосы осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 5), 6) тармақшаларын талдауды қолданады.

12. Монополиялық жоғары бағаны анықтау кезінде тауар өндірумен (өткізумен) байланысты қажетті шығындар мен пайда мыналар ескеріле отырып айқындалады:

1) өзіндік құнға кіретін материалдық шығыстар растайтын құжаттарда (шарттар, шот-фактуралар) көзделген бағаларды және материалдық ресурстардың физикалық көлемін негізге ала отырып, тауардың бір бірлігін шығаруға арналған шикізат, материалдар, отын, материалдық ресурстар энергиясы шығысының қолданылатын нормаларынан және жылдық нормаларынан шыға келе айқындалады;

2) еңбек жағдайлары үшін 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі) сәйкес еңбекақы төлеу жүйесінде көзделген қосымша ақылар мен үстемеақылар төлеуді қоса алғанда, персоналға еңбекақы төлеуге жұмсалған шығыстар;

3) субъектінің есепке алу саясатында көзделген әдісті пайдалана отырып айқындалатын амортизациялық аударымдар;

4) қарыз қаражаттары үшін сыйақы төлеуге арналған шығыстар;

5) Субъектінің тауар өндіруіне (өткізуіне) тікелей қатысты басқа да шығыстар;

6) кәсіпорынның тиімді жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ететін пайда деңгейі.

Субъектінің тауардың бір бірлігіне қажетті шығындары мен пайдасын бағалау кезінде қажет болған кезде тиісті немесе салыстырмалы тауар нарығындағы басқа нарық субъектілерінің ұқсас шығындары мен пайдасын салыстырмалы талдау әдісі қолданылады.

Монополиялық төмен бағаны анықтау кезінде осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 5) тармақшаларын ескере отырып, тауарды өндірумен (өткізумен) байланысты нақты шығыстар айқындалады.

13. Пайда тауарды өндіруден (өткізуден) алынған табыс және тауарды өндіру және өткізу үшін қажетті негізделген шығыстар мен нақты төленген салықтар арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Субъектінің дамуы үшін талап етілетін қажетті пайданың шамасы өндірілетін (өткізілетін) тауардың өзгешелігін, тауар нарығының ерекшелігін және Субъектінің жұмыс істеу шарттарын көрсетеді, сондай-ақ:

жаңа активтерді құруға, қолда бар активтерді кеңейтуге, жаңартуға, реконструкциялауға және техникалық қайта жарақтандыруға инвестицияларды;

тәуекел деңгейін (өндірудің немесе тұтынудың маусымдық сипаты, климаттық факторларға жоғары тәуелділік);

Еңбек кодексіне сәйкес ұжымдық шарттарда, Бас, салалық және өңірлік келісімдерде көзделген міндеттемелерді;

жекешелендіру және концессия шарттарында, лицензиялық келісімдерде, инвестициялық шарттарда және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен, оның ішінде әлеуметтік жауапкершілік бойынша өзге де келісімдерде көзделген міндеттемелерді;

Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін айыппұл санкцияларынан басқа, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де төлемдерді ескереді.

14. Монополиялық жоғары бағаны анықтау кезінде қосымша негіздеме қажет болған кезде Субъектінің жағдайы үстем деп танылған тауар бағасының, өзіндік құнының (шығындардың жекелеген баптары) және рентабельділік деңгейінің өсу қарқыны басқа нарық субъектілерімен салыстырылады.

Айталық, егер осы бойынша Субъектінің жағдайы үстем деп танылған тауар бағасының, өзіндік құнының, пайдасы мен рентабельділіктің өсу қарқыны басқа нарық субъектілерінің осы көрсеткіштерінің өсу қарқынынан айтарлықтай асатын болса, бұл монополиялық жоғары бағаларды белгілеу бөлігінде үстем жағдайды ықтимал теріс пайдалану қосымша растайды.

15. Субъектінің өндірілетін (өткізілетін) тауарға төмен бағаны белгілеуінің мән-жайын талдау кезінде монополиялық төмен бағаны белгілеуден көрінетін, Субъектінің іс-әрекеттері үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдалану деп танылмайтын мынадай мән-жайлар ескеріледі:

1) тез бұзылатын тауарларды өткізу;

2) тауарды сақтау мүмкіндігінің болмауы;

3) тауар өндірудің (өткізудің) маусымдылығы;

4) ақауы немесе бүлінуі салдарынан тауар бағасын арзандату;

5) бәсекелестікті шектеуге әкеп соқпайтын жарнамалық немесе қайырымдылық акцияларын өткізу;

6) Субъектінің осы тауарды өндіруді (өткізуді) тоқтатуына байланысты жаппай сатуды жүргізу;

7) сыртқы факторлардан туындаған нарықта бағаның жалпы төмендеуі.

16. Уәкілетті орган ведомствосы немесе уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі:

1) бұл ретте мынадай шарттар орындалса:

тауарды өндіру және өткізу үшін қажетті шығыстар өзгеріссіз қалса немесе оларды өзгерту тауардың бағасын өзгертуге сәйкес келмесе;

тауарды сатушылар немесе сатып алушылардың құрамы өзгеріссіз қалса немесе тауарды сатушылар немесе сатып алушылар құрамының өзгеруі елеусіз болып табылса;

салық салуды, кедендік-тарифтік реттеуді қоса алғанда, тауар нарығындағы, оның ішінде мемлекеттік реттеу шараларымен негізделген тауар айналымының жағдайлары өзгеріссіз қалса немесе оларды өзгерту тауардың бағасының өзгертуімен сәйкес келмесе, тауардың бұрын белгіленген бағасын өсіру;

2) егер бұл ретте мынадай шарттар орындалса:

тауарды өндіру және өткізу үшін қажетті шығыстар айтарлықтай төмендесе;

тауарды сатушылар немесе сатып алушылар құрамы тауар бағасын азаю жағына өзгерту мүмкіндігіне негізделсе;

салық салуды, кедендік-тарифтік реттеуді қоса алғанда, тауар нарығындағы, оның ішінде мемлекеттік реттеу шараларымен негізделген тауар айналымының жағдайлары тауар бағасын азаю жағына өзгерту мүмкіндігін қамтамасыз етсе, тауардың бұрын белгіленген бағасын ұстап тұру немесе төмендетпеу арқылы үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісі белгілейтін бағаны тауардың монополиялық жоғары бағасы деп таниды.

17. Уәкілетті орган ведомствосы немесе уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі:

1) бұл ретте мынадай шарттар орындалса:

тауарды өндіру және өткізу үшін қажетті шығыстар өзгеріссіз қалса немесе оларды өзгерту тауардың бағасын өзгертуге сәйкес келмесе;

тауарды сатушылар немесе сатып алушылардың құрамы өзгеріссіз қалса немесе тауарды сатушылар немесе сатып алушылар құрамының өзгеруі елеусіз болып табылса;

салық салуды, кедендік-тарифтік реттеуді қоса алғанда, тауар нарығындағы, оның ішінде мемлекеттік реттеу шараларымен негізделген тауар айналымының жағдайлары өзгеріссіз қалса немесе оларды өзгерту тауардың бағасының өзгертуімен сәйкес келмесе, тауардың бұрын белгіленген бағасын төмендету;

2) егер бұл ретте мынадай шарттар орындалса:

тауарды өндіру және өткізу үшін қажетті шығыстар айтарлықтай өссе;

тауарды сатушылар немесе сатып алушылар құрамы тауар бағасын ұлғаю жағына өзгерту мүмкіндігіне негізделсе;

салық салуды, кедендік-тарифтік реттеуді қоса алғанда, тауар нарығындағы, оның ішінде мемлекеттік реттеу шараларымен негізделген тауар айналымының жағдайлары тауар бағасын ұлғаю жағына өзгерту мүмкіндігін қамтамасыз етсе, тауардың бұрын белгіленген бағасын ұстап тұру немесе төмендетпеу арқылы үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісі белгілейтін бағаны тауардың монополиялық төмен бағасы деп таниды.

18. Егер қаралатын тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісінде талданатын тауарлар бөлінісінде шығындар баптары мен пайданың есебі болмаған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі нақ сол тауар нарығында бәсекелестік жағдайында үстем жағдайға ие нарық субъектісімен бір тұлғалар тобына кірмейтін нарық субъектісі белгілейтін, бәсекелестік жағдайда қалыптасқан ең жоғары (ең төмен) бағаны негізделген баға ретінде таниды.

19. Тергеп-тексеру нәтижелері бойынша тергеп-тексеру жүргізуге уәкілеттік берілген уәкілетті орган ведомствосының немесе уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы (лауазымды адамдары) Кодекстің 221-бабына сәйкес қорытынды әзірлейді.

20. Монополиялық жоғары (төмен) баға белгіленген жағдайда, монополияға қарсы органның ведомствосы Кодекстің 225-бабына сәйкес монополиялық кірісті айқындайды.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 23 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16916 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 4 мамыр №175 Астана қаласы

Сумен жабдықтаудың және (немесе) суды бұрудың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін есептеудің кемсітпейтін әдістемесін бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген Сумен жабдықтаудың және (немесе) суды бұрудың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін есептеудің кемсітпейтін әдістемесі бекітілсін.

2. «Сумен жабдықтаудың және (немесе) суды бұрудың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне сараланған тарифтерді есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 1 қазандағы 297-НҚ бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8886 болып тіркелген, 2014 жылғы 22 сәуірдегі № 77 (28301) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмесін қағаз және электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Т.СҮЛЕЙМЕНОВ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығына қосымша

Сумен жабдықтаудың және (немесе) суды бұрудың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін есептеудің кемсітпейтін әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сумен жабдықтаудың және (немесе) суды бұрудың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін есептеудің кемсітпейтін әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) «Табиғи монополиялар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 13-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 130-НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8480 болып тіркелген) бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібіне (бұдан әрі – Ерекше тәртіп) және сумен жабдықтаудың және (немесе) суды бұрудың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне сараланған тарифтерді есептеу қағидаттары мен тетіктерін айқындайды.

2. Әдістеменің қағидаттары мыналар:

1) тұтынушыларды ауыз суды үнемдеп пайдалануға және ресурс үнемдеуші технологияларды пайдалануға ынталандыру;

2) сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтерін көрсетуге байланысты шығындарды өтеу болып табылады.

3. Әдістемеде мынадай ұғымдар қолданылады:

су шаруашылығы ұйымдары – қызметі суларды реттеумен, жеткізумен, ұдайы молайтумен, сумен жабдықтаумен, су бұрумен және су объектілерін пайдаланумен байланысты заңды тұлғалар;

сумен жабдықтау – суды тұтынушыларға сумен жабдықтау жүйелері арқылы суды алуды, сақтауды, дайындауды, беру мен таратуды қамтамасыз ететін іс-шаралардың жиынтығы;

суды бұру – сарқынды суларды суды бұру жүйелері арқылы су объектілеріне және (немесе) жердің бедерлеріне алуды, тасымалдауды, тазалауды және бұруды қамтамасыз ететін іс-шаралардың жиынтығы;

тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігі – тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаларды бекіту кезінде ескерілетін, өндірістік шығыстар мен кезең шығыстарынан тұратын табиғи монополия субъектісінің қызметтерді (жұмыстарды) көрсетуіне байланысты шығындарының жиынтығы.

Осы Әдістемеде пайдаланылатын өзге ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына және Су кодексіне сәйкес қолданылады.

4. Тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшермелерін) қалыптастыру реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебінің негізінде жүзеге асырылады.

сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтердің сараланған тарифтерін қалыптастыру кезінде шығындар Ерекше тәртіптің талаптары ескеріле отырып енгізіледі.

сумен жабдықтау және суды бұру қызметтеріне арналған тарифтерді тұтынушылардың топтары бойынша саралау кезінде тұтынушылардың топтары үшін тарифтер:

сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін көрсетуге байланысты шығындарды өтеу;

тиісті өңір халқының төлем қабілеттілігінің деңгейі;

инфляцияға әсері;

сумен жабдықтауды және суды бұруды тұтыну құрылымдары;

кәсіпкерлік субъектілерін дамытудың деңгейі.

2-тарау. Тұтынушылардың топтарын айқындау

5. Сараланған тарифтерді белгілеу мақсатында тұтынушылар мынадай топтарға бөлінеді:

1-топ:

жеке тұлғалар (халық);

2-топ:

ыстық сумен жабдықтау қызметтерін көрсету кезінде (ыстық сумен жабдықтау жүйесі анық болған кезде) үстемелеп толтыру көлемдерінің және жылу энергиясын өндіру процесінде өз мұқтажына суды тұтыну көлемдерінің шегінде жылу энергиясын өндірумен айналысатын кәсіпорындар;

бекітілген нормативтік техникалық ысыраптар көлемдерінің шегінде жылу энергиясын берумен және таратумен айналысатын кәсіпорындар.

3-топ:

бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар;

тұтынушылардың бірінші және екінші топтарына кірмейтін өзге де тұтынушылар.

3-тарау. Тұтынушылардың әрбір тобы үшін тарифтерді есептеу тәртібі

6. Сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтеріне тарифтерді уәкілетті органның ведомствосы және қажетті шығындар мен пайданың негізінде сумен жабдықтайтын және (немесе) суды бұратын әрбір ұйым үшін бөлек бекітеді.

7. Бірінші топ үшін сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтеріне тарифтердің деңгейі пайдалану шығындарының деңгейінде белгіленеді, олар мынадай шығыстарды қамтиды:

1) материалдық шығындар, оның ішінде:

шикізат пен материалдар; сатып алынатын су (суды өндіру);

отын; энергия; жанар-жағар май материалдары;

2) өндіріс персоналының еңбегіне ақы төлеу шығыстары, оның ішінде:

өндіріс персоналының жалақысы; әлеуметтік аударымдар;

міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары.

3) жөндеу, оның ішінде негізгі құралдар құнының ұлғаюына алып келмейтін ағымдағы және күрделі жөндеулер.

8. Сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтеріне тарифті есептеу үшін мына формула қолданылады:

$$P_1 = \frac{Z_1}{V},$$

мұндағы:

P_1 – тұтынушылардың бірінші тобына арналған бір текше метр ($м^3$) үшін сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтерінің тарифі, теңгемен;

Z_1 – шығындар осы әдістеменің 7-тармағына сәйкес;

V – барлық тұтынушылардың сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтерін тұтыну көлемі, текше метрмен ($м^3$).

9. Екінші топ үшін тарифтің деңгейі қарыз қаражаттары бойынша сыйақы төлеу шығыстары мен амортизациялық аударымдардан басқа барлық шығыстарды жабады (оның ішінде осы Әдістеменің 7-тармағында көрсетілген пайдалануға арналған шығындар):

$$P_2 = \frac{Z_{шығын\ бөлігі} - Z_{сыйақы,амор}}{V},$$

мұндағы:

P_2 – тұтынушылардың екінші тобына арналған бір текше метр ($м^3$) үшін сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтерінің тарифі, теңгемен;

$Z_{шығын\ бөлігі}$ – тарифтің шығын бөлігі (бағалар, алымдар мөлшерлемелер);

$Z_{сыйақы,амор}$ – қарыз қаражаттары бойынша сыйақы төлеуге арналған шығыстар мен амортизациялық аударымдар, теңгемен;

V – барлық тұтынушылардың сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтерін тұтыну көлемі, текше метрмен ($м^3$).

10. Үшінші топқа арналған тарифтің деңгейі бүкіл шығыстарды жабады (оның ішінде тұтынушылардың бірінші және екінші топтары жаппаған шығындардың бір бөлігін өтейді) және инвестициялық қажеттіліктерді жабу үшін жеткілікті болатын пайданың қолжетімді деңгейін қамтамасыз етеді:

$$P_3 = \frac{Z_{шығын\ бөлігі} - Z_1}{V} x \frac{V_1}{V_3} + \frac{Z_{возн.амор}}{V} x \frac{V_2}{V_3} + \frac{Z_{шығын\ бөлігі}}{V} + \frac{I}{V_3},$$

мұндағы:

P_3 – тұтынушылардың үшінші тобына арналған бір текше метр ($м^3$) үшін сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтерінің тарифі, теңгемен;

$Z_{шығын\ бөлігі}$ – тарифтің шығын бөлігі (бағалар, алымдар мөлшерлемелер);

Z_1 – шығындар осы әдістеменің 7-тармағына сәйкес;

$Z_{сыйақы,амор}$ – қарыз қаражаттары бойынша сыйақы төлеу мен амортизациялық аударымдар шығыстары, теңгемен;

V – барлық тұтынушылардың сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтерін тұтыну көлемі, текше метр ($м^3$);

V_1 – тұтынушылардың бірінші тобының сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтерін тұтыну көлемі, текше метр ($м^3$);

V_2 – тұтынушылардың екінші тобының сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтерін тұтыну көлемі, текше метр ($м^3$);

V_3 – тұтынушылардың үшінші тобының сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтерін тұтыну көлемі, текше метр ($м^3$);

I – Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 27 қаңтардағы № 17-НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2154 болып тіркелген) бекітілген Су шаруашылығы және (немесе) канализациялық жүйелерге және энергетика секторындағы табиғи монополия субъектілеріне қызмет көрсететін табиғи монополия субъектілері үшін іске қосылған активтердің реттелетін базасына арналған пайда (таза табыс) ставкаларын есептеу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес есептелген пайданың жол берілетін деңгейі, теңгемен.

11. Егер сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтерін көрсеткен кезде бірнеше кәсіпорындар таратылған жағдайда, топтар бойынша тарифтер деңгейін есептеген кезде тиісті шығындар қызмет көрсетуге тартылған әр кәсіпорынның тарифтік сметаларынан қалыптасады.

Сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтеріне тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифтерді есептеудің және төлеудің бақылау үлгісі осы Әдістемеге қосымшада келтірілген.

Сумен жабдықтаудың және (немесе) суды бұрудың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін есептеудің кемсітпейтін әдістемесіне қосымша

Сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтеріне тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифтерді есептеу мен төлеудің бақылау үлгісі

Тарифтерді есептеу үшін мынадай ақпарат сұратылды:

1. Z_1 – шығындар осы әдістеменің 7-тармағына сәйкес.

2. $Z_{шығын\ бөлігі}$ – тарифтің шығын бөлігі (бағалар, алымдар мөлшерлемелер).

3. I – сумен жабдықтау қызметі бойынша пайданың рұқсат етілген деңгейі.

4. V – соңғы аяқталған күнтізбелік жылдағы барлық тұтынушылардың қызметті тұтыну көлемі, текше метрмен ($м^3$).

5. Тұтынушылар топтарының бөлінісінде соңғы аяқталған күнтізбелік жылғы су тұтыну көлемі туралы ақпарат.

Суды тұтыну көлемі туралы деректер 1-кестеге сәйкес ұсынылған.

1-кесте

№	Барлық тұтынушылардың тұтыну көлемі, $м^3$	31 105 996
1	1-топтың тұтыну көлемі: жеке тұлғалар (халық)	4 620 978
2	2-топтың тұтыну көлемі, оның ішінде:	5 914 408
	ыстық сумен жабдықтау қызметтерін көрсету кезінде (ыстық сумен жабдықтау жүйесі анық болған кезде) үстемелеп толтыру көлемдерінің және жылу энергиясын өндіру процесінде өз мұқтажына суды тұтыну көлемдерінің шегінде жылу энергиясын өндірумен айналысатын кәсіпорындар	2 345 126
	бекітілген нормативтік техникалық ысырап көлемдері шегінде жылу энергиясын берумен және таратумен айналысатын кәсіпорындар	3 569 282
3	3-топтың тұтыну көлемі, оның ішінде:	20 570 610
	бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар	8 965 230
	тұтынушылардың 1 және 2-топтарына кірмейтін өзге де тұтынушылар	11 605 380

(Соңы 20-бетте)

(Соңы. Басы 19-бетте)

Нәтижесінде, тұтынушылар топтары бойынша суды тұтыну көлемдері 2-кестеге сәйкес ұсынылған.

2-кесте

Тұтынудың жалпы көлемі (м³), оның ішінде:	31 105 996
1 - топтың тұтыну көлемдері (V_1)	4 620 978
2 - топтың тұтыну көлемдері (V_2)	5 914 408
3 - топтың тұтыну көлемдері (V_3)	20 570 610

Сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру ұйымдарының шығындары бойынша деректер 3-кестеге сәйкес ұсынылған.

3-кесте

Z_1			
№	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі, мың теңге	Тарифтік сметаның нақты көрсеткіштері, барлығы
1	Материалдық шығындар:	мың теңге	270 237
1.1	шикізат және материалдар	мың теңге	151 084
1.2	сатып алынатын су	мың теңге	6 388
1.3	отын	мың теңге	1 056
1.4	энергия	мың теңге	98 610
1.5	жанар – жағармай материалдары	мың теңге	13 099
2	Өндірістік персоналдың еңбегіне ақы төлеу шығыстары:	мың теңге	353 196
2.1	өндіріс персоналының жалақысы	мың теңге	325 740
2.2	әлеуметтік салық	мың теңге	19 544
2.3	міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары		7 912
3	Жөндеу, оның ішінде	мың теңге	14 200
3.1	ағымдағы жөндеулер	мың теңге	4 200
3.2	негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін күрделі жөндеулер	мың теңге	10 000
	шығындар сомасының ЖИЫНЫ (Z_1)	мың теңге	637 633

1	Ерекше тәртіптің талаптары ескеріле отырып қабылданған қарыз қаражаттары бойынша сыйақы төлеу шығыстары мен амортизациялық аударымдарды есептемегендегі толық өзіндік құн, мың теңге	828 078
2	Қарыз қаражаттары бойынша сыйақы төлеу мен амортизациялық аударымдарға арналған шығыстар, мың теңге	65 615,6
3	Сумен жабдықтау қызметі бойынша пайданың қажетті көлемі, мың теңге.	100 000

Әдістемеге сәйкес:

$$P_1 = \frac{Z_1}{V},$$

мұндағы:

P_1 – тұтынушылардың бірінші тобына арналған бір текше метр (м³) үшін сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтеріне тарифі, теңгемен;

Z_1 – шығындар осы әдістеменің 7-тармағына сәйкес;

V – барлық тұтынушылардың сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтерін тұтыну көлемі, текше метрмен (м³).

Осылайша,

$$P_1 = \frac{Z_{эк}}{V} = \frac{637633000}{31105996} = теңге:$$

Екінші топқа арналған тариф деңгейі барлық шығыстарды жабады (оның ішінде осы Әдістеменің 8-тармағында көрсетілген пайдалануға арналған шығындар):

P_2 – тұтынушылардың екінші тобына арналған бір текше метр (м³) үшін сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтерінің тарифі, теңгемен;

$Z_{шығын\ бөлігі}$ – тарифтің шығын бөлігі (бағалар, алымдар мөлшерлемелер);

$Z_{сыйақы,амор}$ – қарыз қаражаттары бойынша сыйақы төлеуге арналған шығыстар мен амортизациялық аударымдар, теңгемен;

V – барлық тұтынушылардың сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтерін тұтыну көлемі, текше метрмен (м³).

Осылайша,

$$P_2 = \frac{Z_{шығын\ бөлігі} - Z_{сыйақы,амор}}{V} = \frac{828078000}{31105996} = 26{,}6\ теңге:$$

Үшінші топқа арналған тариф деңгейі барлық шығыстарды жабады (оның ішінде тұтынушылардың бірінші және екінші топтары жаппаған шығындардың бір бөлігін өтеуге) және инвестициялық қажеттіліктерді жабу үшін жеткілікті болатын пайданың қажетті деңгейін қамтамасыз етеді:

$$P_3 = \frac{Z_{шығынбөлігі}\ Z_1}{V} \cdot \frac{V_1}{V_3} + \frac{Z_{сыақы,амор}}{V} \cdot \frac{V_2}{V_3} + \frac{Z_{шығын\ бөлігі}}{V} + \frac{I}{V_3},$$

мұндағы:

P_3 – тұтынушылардың үшінші тобына арналған бір текше метр (м³) үшін сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтеріне арналған тариф, теңгемен;

$Z_{шығын\ бөлігі}$ – тарифтің шығын бөлігі (бағалар, алымдар мөлшерлемелер);

Z_1 – шығындар осы әдістеменің 7-тармағына сәйкес;

$Z_{сыйақы,амор}$ – қарыз қаражаттары бойынша сыйақы төлеуге арналған шығыстар мен амортизациялық аударымдар, теңгемен;

V – барлық тұтынушылардың сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтерін тұтыну көлемі, текше метрмен (м³);

I – пайданың рұқсат етілген деңгейі, теңгемен;

V_1 – тұтынушылардың бірінші тобының сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтерін тұтыну көлемі, текше метрмен (м³);

V_2 – тұтынушылардың екінші тобының сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтерін тұтыну көлемі, текше метрмен (м³);

V_3 – тұтынушылардың үшінші тобының сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтерін тұтыну көлемі, текше метр (м³).

Осылайша,

$$P_3 = \frac{Z_{шығын\ бөлігі} - Z_{эк}}{V} \cdot \frac{V_1}{V_3} + \frac{Z_{сыйақы,амор}}{V} \cdot \frac{V_2}{V_3} + \frac{Z_{шығын\ бөлігі}}{V} + \frac{I}{V_3}$$

$$= \frac{828078000 + 65615600 - 637633000}{31105996} \cdot \frac{4620978}{20570610} + \frac{65615600}{31105996} \cdot \frac{5914408}{20570610}$$

$$+ \frac{828078000 + 65615600}{31105996} + \frac{100000000}{20570610} = 36{,}1\ теңге:$$

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 24 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16921 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 4 мамыр №176 Астана қаласы

Суды магистральдық труба құбырлары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алым мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту қағидаларын және Суды магистральдық труба құбырлары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алым мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициентінің деңгейін есептеу әдістемесін бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-1-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына және 13-бабы 1-тармағының 4-11) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бекітілсін:

1) Суды магистральдық труба құбырлары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алым мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту ережесі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) Суды магистральдық труба құбырлары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алым мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициентінің деңгейін есептеу әдістемесі осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) «Суды магистральдық труба құбырлары және (немесе) арналар арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алым мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 23 наурыздағы № 93-НҚ бұйрығының (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3536 болып тіркелген);

2) «Суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алым мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 23 наурыздағы № 93-НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2010 жылғы 28 сәуірдегі №127-НҚ бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6264 болып тіркелген, 2011 жылғы 31 наурыздағы № 116-119 (26521) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне бұйрықтың осы тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі Т.СҮЛЕЙМЕНОВ

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі
____________ Ө. Шөкеев
2018 жылғы 17 мамыр

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 4 мамырдағы №176 бұйрығына 1-қосымша

Суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алымдар мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алымдар мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Табиғи монополиялар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 14-1-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алымдар мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициенттерін бекітудің тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) құзыретті орган – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті;

2) мерзімі өткен кредиттік берешек – тұтынушының су жүргізу ұйымының алдындағы белгіленген мерзімде атқарылмаған қаржылық міндеттемелерінің, ақшалай қарыздарының сомасы;

3) өтеу кестесі – тұтынушының және су жүргізу ұйымы басшысының қолдарымен расталған, тұтынушының су жүргізу ұйымының алдындағы мерзімі өткен кредиттік берешегін өтеу кестесі;

4) өтінім – су жүргізу ұйымының не тұтынушының уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық бөлімшесіне суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифіне (бағасына, алым мөлшерлемесіне) уақытша төмендету коэффициенттерін оның жоспарланған деңгейін көрсете отырып бекітуге (еркін нысандағы) жазбаша өтініші;

5) өтініш беруші – су жүргізу ұйымы, тұтынушы;

6) салалық мемлекеттік орган – уәкілетті және құзыретті органдарды қоспағанда тұтынушы қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік басқару саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы;

7) су жүргізу ұйымы – суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөнінде қызмет көрсететін табиғи монополия субъектісі;

8) тұтынушы – табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) пайдаланатын немесе пайдалануға ниеті бар жеке немесе заңды тұлға;

9) уәкілетті органның ведомствосы – табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосы.

Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер қолданыстағы Заңға және 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес қолданылады.

2-тарау. Суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алымдар мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициенттерін бекітудің қағидаттары

3. Уақытша төмендету коэффициенттерін, оны мемлекет, су жүргізу ұйымы мен тұтынушы үшін қолданудың экономикалық тиімділігі мен мақсаттылығын есептеудің негізінде өтініш берушінің берген өтінімі бойынша уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі бекітеді.

Уақытша төмендету коэффициенттерін бекітудің экономикалық тиімділігі суды магистралдық және (немесе) арналар арқылы беру жөнінде су жүргізу ұйымы көрсететін қызметтердің көлемін арттырумен, оның ішінде су жүргізу ұйымының іске қосылмаған өндірістік қуаттарын пайдалану мүмкіндігімен айқындалады.

4. Уақытша төмендету коэффициенттері өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтерді тұтыну көлемдерін арттырған кезде, егер өтінімде көрсетілген жоспарланған жылдық көлем мыналардан:

1) өткен жылдың осындай кезеңінде суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтерді осы тұтынушының тұтыну іс жүзіндегі көлемінен;

2) көрсетілген қызметтерді су жүргізу ұйымының қолданыстағы тарифінде (бағасында, алым мөлшерлемесінде) көзделген осы тұтынушының тұтыну көлемінен асып түскен жағдайда бекітіледі.

5. Су жүргізу ұйымының уақытша төмендету коэффициенттерін қолдану кезінде алған табысы тұтынушыға суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге қажетті шығындарды жабуды қамтамасыз етеді.

6. Реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушы үшін уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту ағымдағы міндеттемелерді 100 (бір жүз) пайыз төлеген, су жүргізу ұйымының алдында мерзімі өткен кредиторлық берешегі болмаған жағдайда және кредиттік берешекті өтеу кестесіне сәйкес өтеген жағдайда жүргізіледі.

7. Уақытша төмендету коэффициенттері белгілі бір, бірақ күнтізбелік 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңге бекітіледі және олар бекітілгеннен кейінгі айдың бірінші күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

8. Су жүргізу ұйымы су жүргізу ұйымы мен тұтынушының арасында жасалған шартқа өзгерістің және (немесе) толықтырудың негізінде уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі бекіткен уақытша төмендету коэффициенттерін қолданады, онда уақытша төмендету коэффициенттерінің қолданылу кезеңі және тұтынушының көрсетілетін қызметті тұтынуының іс жүзінде орындалған көлемінің тарифін (бағасын, алым мөлшерлемесін) уақыттың тиісті кезеңі үшін уақытша төмендету коэффициенттерін қолданбастан қайта есептеу түріндегі су жүргізу ұйымының реттеліп көрсетілетін қызметін тұтынудың мәлімделген көлемінің орындалмағаны үшін жауапкершілігі көзделеді.

Шартқа жоғарыда көрсетілген өзгеріс және (немесе) толықтыру уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалады.

3-тарау. Суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алымдар мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту тәртібі

9. Уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің өтінімі бойынша осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифіне (бағасына, алым мөлшерлемесіне) уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту үшін өтініш беруші ұсынатын негіздеуші құжаттарды қоса бере отырып жүргізіледі.

Бұл ретте, негіздеуші құжаттардың әрбір парағына су жүргізу ұйымының бірінші басшысы немесе тұтынушы, ал қаржы құжаттарына бірінші басшы мен бас бухгалтер (бар болған жағдайда) қол қояды. Факсимильді қол қоюды пайдалануға жол берілмейді.

10. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруді уақытша төмендету коэффициенттерін бекітуге берілген өтінім түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады және өтініш берушіні өтінімнің қарауға қабылданғаны немесе қабылдаудан бас тартылғаны туралы жазбаша нысанда хабардар етеді.

11. Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес тиісті құжаттарды ұсынбау немесе толық емес көлемде ұсыну, сондай-ақ өтініш беруші ұсынған құжаттардың осы Қағидалардың 9-тармағының талаптарына сәйкес келмеуі өтінімді қарауға қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі өтінімді қарауға қабылдаудан бас тартқан жағдайда, табиғи монополия субъектісі осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес өтінімді қайта ұсына алады.

12. Өтінімнің қарауға қабылданғаны туралы уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық бөлімшесінің хабарламасын алғаннан кейін, өтініш беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі ұсынған өтінімнің көшірмесін хабарламаны қоса бере отырып, құзыретті органға және салалық мемлекеттік органға қарау үшін жібереді.

Егер өтініш беруші тұтынушы болған жағдайда, өтінім осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде су жүргізу ұйымына да жіберіледі.

13. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі өтініш берушіден Заңның 14-бабының 9) тармақшасына сәйкес қосымша ақпаратты, бірақ 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын оны ұсыну мерзімдерін көрсете отырып сұрата алады.

Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі қосымша ақпарат беру туралы сұрау салуды жіберген жағдайда, шешім қабылдау мерзімі талап етілетін ақпарат берілгенге дейін тоқтатыла тұрады.

Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі, құзыретті орган, салалық орган, су жүргізу ұйымы және тұтынушы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге құпияларды құрайтын мәліметтердің жарияланбауын қамтамасыз етеді.

14. Құзыретті орган, салалық мемлекеттік орган, сондай-ақ егер өтініш беруші тұтынушы болып табылған жағдайда су жүргізу ұйымы өтініш берушіден өтінім алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық бөлімшесіне уақытша төмендету коэффициенттерін бекітудің мақсаттылығы не мақсатсыздығы туралы қорытындыны осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады.

Су жүргізу ұйымы, құзыретті орган, салалық мемлекеттік орган тұтынушының өтініміне негіздей отырып, уақытша төмендету коэффициенттерін бекітудің мақсаттылығы не мақсатсыздығы туралы қорытындыға:

1) өтінімге сәйкес кезеңдер бөлінісінде тұтынылатын қызметтердің жоспарлы көлемдерін;

2) уақытша төмендету коэффициенттерінің ұсынылып отырған деңгейінің есептеу-негіздемесін;

3) түсіндірме жазбаны қоса береді.

15. Тұтынушының бастамасы бойынша немесе мемлекеттік органдардың өтініші бойынша берілген қосымша ақпарат алынған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі өтінімді қарауды бес жұмыс күніне ұзартады.

16. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі өтініш беруші ұсынған құжаттарға және құзыретті орган, салалық мемлекеттік орган, су жүргізу ұйымы ұсынған қорытындыларға, егер өтініш беруші тұтынушы болып табылған жағдайда, өтінім қарауға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде сараптама жүргізеді.

Уақытша төмендету коэффициенттерін есептеу осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алымдар мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициентінің деңгейін есептеу әдістемесінің негізінде жүргізіледі.

17. Жүргізілген сараптама нәтижелері бойынша уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту не оны бекітуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Құзыретті органның, салалық мемлекеттік органның, су жүргізу ұйымының уақытша төмендету коэффициенттерін бекітудің мақсаттылығы туралы қорытындылары алынған жағдайда, уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту туралы шешім тұтынушының өтінімінің мерзіміне байланысты көрсетілетін қызметтердің көлемі айлар, немесе тоқсан, немесе жартыжылдық, немесе тұтас бір жыл бөлігінде көрсетіле отырып қабылданады.

Уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту туралы бұйрықтың көшірмесі тұтынушыға, су жүргізу ұйымына, құзыретті органға және салалық мемлекеттік органға, оған қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жіберіледі.

18. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі уақытша төмендету коэффициенттерін бекітуден мына жағдайларда:

1) құзыретті органнан, салалық мемлекеттік органнан, сондай-ақ егер өтініш беруші тұтынушы болған жағдайда су жүргізу ұйымының уақытша төмендету коэффициенттерін бекітудің мақсатсыздығы туралы бір немесе одан көп қорытындылары алынған;

2) құзыретті орган, салалық мемлекеттік орган, сондай-ақ егер өтініш беруші тұтынушы болған жағдайда су жүргізу ұйымы уақытша төмендету коэффициенттерін бекітудің мақсаттылығы не мақсатсыздығы туралы қорытындыны белгіленген мерзімдерде бермеген;

3) егер су жүргізу ұйымының реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тариф (баға, алып мөлшерлемесін) бекіту кезінде уақытша төмендету коэффициенттерін алуға ниет ететін және Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес тұтынушы суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тұтыну көлемін негізсіз төмендеткені анықталса;

4) өтініш беруші талап етілетін ақпаратты осы Қағидалардың 13-тармағында белгіленген мерзімде бермеген немесе оны толық көлемде бермеген жағдайда бас тартады.

Уақытша төмендету коэффициенттерін бекітуден бас тартылған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі тиісті дәлелді қорытынды шығарады, ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде тұтынушыға, су жүргізу ұйымына, құзыретті органға және салалық мемлекеттік органға жіберіледі.

19. Уақытша төмендету коэффициенттерінің қолданылуы белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін, сондай-ақ уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі су жүргізу ұйымы суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметке жаңа тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) бекіткен кезден бастап тоқтатылады.

20. Бекітілген уақытша төмендету коэффициентін белгіленген мерзім аяқталғанға дейін уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі мынадай жағдайлардың бірі болған жағдайда:

1) уақытша төмендету коэффициенттерін одан әрі қолданудың экономикалық мақсаттылығы болмаған;

2) тұтынушының су жүргізу ұйымының алдында мерзімі өткен кредиторлық берешегі туындаған немесе өтеу кестесі орындалмаған;

3) уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық бөлімшесінің уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту туралы бұйрығында, сондай-ақ осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес жасалған шартқа өзгерісте және (немесе) толықтыруда көзделген талаптар орындалмаған;

4) осы Қағидалардың 4-тармағына тұтынушы сәйкес келмеген жағдайда алып тастайды.

21. Осы Қағидалардың 20-тармағында көрсетілген талаптар туындаған жағдайда, су жүргізу ұйымы уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық бөлімшесіне және тұтынушыға уақытша төмендету коэффициенттерінің қолданылуын жою туралы ұсыныспен тиісті ақпаратты ұсынады.

Уақытша төмендету коэффициенттерін алып тастау туралы шешімді қабылдау үшін уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі су жүргізу ұйымының тиісті ақпараты келіп түскен кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде құзыретті органға, салалық мемлекеттік органға және су жүргізу ұйымына уақытша төмендету коэффициенттерін алып тастаудың мақсаттылығы не мақсатсыздығы туралы қорытындыларды жіберуге сұрау салу жолдайды, сондай-ақ тұтынушыдан ақпарат сұратады.

Құзыретті орган, салалық мемлекеттік орган және су жүргізу ұйымы 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша негіздеуші материалдарды қоса бере отырып, уақытша төмендету коэффициенттерін алып тастаудың мақсаттылығы не мақсатсыздығы туралы қорытындыларды жібереді.

22. Құзыретті орган, салалық мемлекеттік орган, су жүргізу ұйымы уақытша төмендету коэффициенттерін алып тастаудың мақсаттылығы не мақсатсыздығы туралы қорытындыларды белгіленген мерзімдерде ұсынбаған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі бекітілген уақытша төмендету коэффициенттерін алып тастау жөніндегі негіздеуші құжаттарға қолда бар қорытындыларды ескере отырып сараптама жүргізеді.

23. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі уақытша төмендету коэффициенттерін алып тастау туралы шешімді су жүргізу ұйымы ақпаратты енгізген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде қабылдайды.

24. Уақытша төмендету коэффициенттерін алып тастау туралы шешім тұтынушыға, су жүргізу ұйымына, құзыретті органға, салалық мемлекеттік органға шешім қабылдаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жіберіледі.

25. Қағидалардың 20-тармағында көрсетілген шарттар расталмаған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі уақытша төмендету коэффициенттерінің қолданылуын жою туралы ұсынысты қабылдамайды және осындай ұсыныспен өтініш жасаған адамға осындай шешім қабылданғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жолданатын қорытынды шығарады.

Суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алымдар мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициентін бекіту ережесіне 1-қосымша

Нысан

Кімге ____________________________
(уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі, салалық мемлекеттік орган және (немесе) су жүргізу ұйымы)

Суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алымдар мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициентін бекітуге арналған өтінім

1. Өтініш берушінің толық атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда):
____

2. Қағидалардың 4-тармағына сәйкес уақытша төмендету коэффициенттерін бекітудің негіздемесі:
____

3. Өтініш жасалған уақытша төмендету коэффициенттерінің деңгейі:
____

4. Өтініш жасалған уақытша төмендету коэффициенттерінің қолданылу кезеңі:
____

Суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алымдар мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициентін бекіту ережесіне 2-қосымша

Өтініш беруші суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифіне (бағасына, алым мөлшерлемесіне) уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту үшін ұсынатын құжаттар

1) суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі әрбір қызметке уақытша төмендету коэффициенттерінің деңгейі мен бекіту мерзімін көрсете отырып уақытша төмендету коэффициенттерін бекітуге арналған өтінім;

2) құрылтай құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

3) экономикалық мақсаттылығын есептеуді қоса алғанда, уақытша төмендету коэффициентін бекіту қажеттілігінің анықтама-негіздемесі және уақытша төмендету коэффициенттерін қолданудан күтілетін нәтижелерді көрсете отырып және оның сұралатын деңгейін есептеу. Экономикалық мақсаттылықты және уақытша төмендету коэффициенттерінің сұралатын деңгейін есептеу мәтіндік түрдегі түсіндірулермен қоса беріледі;

4) суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифіне (бағасына, алым мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициенттері нәтижесінде бюджет алдында салық міндеттемелерінің сақталуы немесе артуы туралы анықтама-негіздеме.

5) өтінім берудің күнтізбелік жыл, өткен жыл үшін қаржылық есептілігі (бухгалтерлік теңгерім, табыстар мен шығындар туралы есеп, ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп, түсіндірме жазба, еңбек жөніндегі есеп), сондай-ақ өткен кезең үшін қаржылық-шаруашылық қызметті талдау (тоқсан, жартыжылдық, 9 ай, немесе жыл – өтінімнің берілген уақытына байланысты), сондай-ақ оларға мәтіндік нысанда берілген түсіндірме жазба;

6) су жүргізу ұйымының алдындағы берешектің жай-күйі (ағымдағы айдың бірінші күніне арналған өзара есеп айырысулардың салыстыру актісі, берешек болған жағдайда тұтынушы мен су жүргізу ұйымы басшысының қолдары қойылған су жүргізу ұйымы алдындағы тұтынушының берешегін өтеу кестесі);

7) суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің нақты (өткен төрт тоқсан және өткен күнтізбелік жыл үшін) және өтініш жасалған көлемі және төлем сомасы;

8) шығарылатын өнімнің атауы, шығындар баптары бойынша бөле отырып шығарылатын өнімнің өзіндік құны (оның ішінде су сатып алуға, суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметті төлеуге арналған шығындар).

Суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алымдар мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициентін бекіту ережесіне 3-қосымша

Нысан

Суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алымдар мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициенттерін бекітудің мақсаттылығы не мақсатсыздығы туралы қорытынды

1. Тұтынушы:
____

2. Тұтынушы қызметін жүзеге асыратын сала:
____

3. Уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту ұсынылып отырған реттеліп көрсетілетін қызметтің атауы:
____

4. Ұсынылып отырған уақытша төмендету коэффициенттерінің деңгейі (жоспарлық көлемдер және есеп негіздемелер осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес қоса беріледі):
____

5. Уақытша төмендету коэффициенттерін бекітудің мақсаттылығы не мақсатсыздығы (негіздеуші материалдар қоса беріледі):
____

6. Өтінім берген тұтынушы немесе өтініш беруші үшін уақытша төмендету коэффициентін бекітудің тиімділігін бағалау (бағалауды салалық орган жүргізеді):
____

7. Уақытша төмендету коэффициенттерін бекітудің тұтынушы қызметін жүзеге асыратын салаға әсерін бағалау (бағалауды салалық мемлекеттік орган жүргізеді):
____

8. Мемлекет үшін уақытша төмендету коэффициенттерін бекітудің тиімділігін бағалау (бағалауды салалық мемлекеттік орган жүргізеді):
____

9. Уақытша төмендету коэффициенттері бекітілмеген жағдайда салдарларды бағалау (салалық мемлекеттік орган толтырады):
____

10. Уақытша төмендету коэффициенттерін бекітудің су жүргізу ұйымының қызметіне әсерін бағалау (құзыретті мемлекеттік орган толтырады):
____

Суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алымдар мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициентін бекіту қағидаларына 4-қосымша

Нысан

Суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алымдар мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициенттерін алып тастаудың мақсаттылығы не мақсатсыздығы туралы қорытынды

1. Тұтынушы:
____

2. Тұтынушы қызметін жүзеге асыратын сала:
____

3. Уақытша төмендету коэффициенттерін алып тастау ұсынылып отырған реттеліп көрсетілетін қызметтің атауы:
____

4. Уақытша төмендету коэффициенттерінің бекітілген деңгейі:
____

5. Уақытша төмендету коэффициенттерін алып тастаудың мақсаттылығы не мақсатсыздығының негіздемесі (негіздеуші материалдар қоса беріледі):
____

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 4 мамырдағы №176 бұйрығына 2-қосымша

Суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алымдар мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициентінің деңгейін есептеу әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алымдар мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициентінің деңгейін есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) «Табиғи монополиялар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 13-бабы 1-тармағының 4-11) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Әдістеме суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алымдар мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициентінің деңгейін есептеудің тетігін анықтайды.

3. Суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алымдар мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициентінің деңгейін есептеуді уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі мәлімделген мерзімге жүргізеді, бірақ күнтізбелік 1 (бір) жылдан аспауға тиіс.

4. Әдістемеде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) қызметті тұтынудың мәлімделген көлемі – тұтынушының немесе су жүргізу ұйымының уақытша төмендету коэффициентін бекітуге арналған өтінімінде көрсетілген су жүргізу ұйымы қызметінің тұтыну көлемі;

2) қызметті тұтынудың нақты көлемі – өтінім берілген кезеңге ұқсас өткен жыл кезеңіндегі су жүргізу ұйымы қызметінің тұтыну көлемі;

3) өтінім берілген кезең – тұтынушының немесе су жүргізу ұйымының өтінімінде көрсетілген уақытша төмендету коэффициентін бекіту кезеңі;

4) су жүргізу ұйымы – суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөнінде қызмет көрсететін табиғи монополия субъектісі;

5) тұтынушы – табиғи монополия және реттелетін нарық субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) пайдаланатын немесе пайдалануға ниеті бар жеке немесе заңды тұлға;

6) шартты-айнымалы шығындар – қызмет тұтынудың өтінім берілген көлемінің қызметті нақты қолданумен салыстырғандағы өсімімен байланысты шығындар.

Әдістемеде пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер қолданыстағы Заңға және 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес қолданылады.

2-тарау. Уақытша төмендету коэффициентінің деңгейін есептеу

5. Су жүргізу ұйымының қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алымдар мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициентінің деңгейін есептеу мына формула бойынша жүргізіледі:

$$К_п = \frac{Т_1}{Т}, \quad (1)$$

мұндағы:

$К_п$ – қызметке уақытша төмендету коэффициенті;

$Т$ – қызметтің бірлігіне уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тариф (баға, алым мөлшерлемесі);

$Т_1$ – қызмет тұтынудың өтінім берілген көлем бірлігіне есептік тариф (баға, алым мөлшерлемесі), ол мына формуламен анықталады:

$$Т_1 = \frac{(Т \times V + Т_2 \times (V_1 - V))}{V_1}, \quad (2)$$

мұндағы:

V – қызмет тұтынудың нақты көлемі;

V_1 – қызмет тұтынудың өтінім берілген көлемі;

$Т_2$ – қызмет тұтынудың өтінім берілген көлемінің қызметті нақты қолданумен салыстырғандағы өсімі бірлігіне есептік тариф (баға, алым мөлшерлемесі), ол мына формуламен анықталады:

$$Т_2 = \frac{дельтаЗ}{V_1 - V} + П, \quad (3)$$

мұндағы:

$П$ – қолданыстағы тарифтегі (бағадағы, алым мөлшерлемесіндегі) қызметтің бірлігіне шаққандағы пайда;

$дельтаЗ$ – шартты-айнымалы шығындар.

6. Су жүргізу ұйымының қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алымдар мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициентінің деңгейін есептеудің мысалы осы Әдістемеге қосымшада келтірілген.

Суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алымдар мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициентінің деңгейін есептеу әдістемесіне қосымша

Суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифтеріне уақытша төмендету коэффициентінің деңгейін есептеудің мысалы

1. Суды магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтердің тарифтеріне уақытша төмендету коэффициентінің деңгейін есептеуде қолданылатын шартты мәндер:

тұтынушы – «Адал су» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын;

көрсетілетін қызмет түрі – суды магистральдық құбыржолдары (немесе) арналар арқылы беру;

су жүргізу ұйымы қызметінің бірлігіне бекітілген тариф (Т) – 1 кубтық метрге (бұдан әрі – м³) 28,42 теңге;

қолданыстағы тарифтегі су жүргізу ұйымы қызметінің бірлігіне шаққандағы пайда ($П$) – 2,1 теңге/м³;

көрсетілетін қызметті тұтынудың мәлімделген көлемі (V_1) – 49651 м³;

көрсетілетін қызметті тұтынудың нақты көлемі (V) – 45000 м³;

шартты-айнымалы шығындар ($дельтаЗ$) – 32623,63 теңге.

2. Көрсетілетін қызметті тұтынудың өтінім берілген көлемінің қызметті нақты қолданумен салыстырғандағы өсімі бірлігіне есептік тариф айқындалады (3):

$$Т_2 = \frac{32623_{теңге}}{49651_{м^3} - 45000_{м^3}} + 2{,}1_{теңге/м^3} = 9{,}11_{теңге/м^3}.$$

3. Көрсетілетін қызметті тұтынудың мәлімделген көлем бірлігіне есептік тариф айқындалады (2):

$$Т_1 = \frac{(28{,}42_{теңге/м^3} \times 45000_{м^3} + 9{,}11_{теңге/м^3} \times (49651_{м^3} - 45000_{м^3}))}{49651_{м^3}} = 26{,}64_{теңге/м^3}$$

4. Көрсетілетін қызмет тарифіне уақытша төмендету коэффициентінің деңгейі айқындалады (1):

$$К_п = \frac{26{,}64_{теңге/м^3}}{28{,}42_{теңге/м^3}} = 0{,}937_{теңге/м^3}.$$

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16968 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 4 мамыр №184 Астана қаласы

«Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме дайындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің 2014 жылғы 4 сәуірдегі №104-Ө бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме дайындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің 2014 жылғы 4 сәуірдегі № 104-Ө бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9307 болып тіркелген, 2014 жылғы 14 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме дайындау қағидаларында:

көрсетілген Қағидаларға Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын есепке алу және аулауға жол берілетін көлемін есептеу әдістемесінде:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 35) және 36) тармақшалармен толықтырылсын:

«35) MSY тұжырымдамасы – бұл қорды басқару және оның жабайы гидробионттар таралымдарын кәсіпшілік пайдаланудағы негізгі мақсаты орташа көпжылдық ауланымды барынша арттыру болып табылады;

36) L_{C50} – таралымдағы балықтардың 50 пайызы кәсіпшілікпен алынатын балық ұзындығы.

L_{M50} – таралымдағы балықтардың 50 пайызы жыныстық жасқа жететін ұзындық.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Жануарларды алудың шекті жол берілетін көлемін есептеу жануарлар дүниесін пайдаланушы үшін жануарлардың санын есепке ала отыра, таралым серпіні үрдісін зерттеудің объективті көпжылдық деректері және биологиялық әртүрлілікке тигізетін ықтимал залалын ескере отырып, тіршілік ету ортасының өзгерісі негізінде бөлек жүргізіледі.

Жануарлар дүниесі объектілерін алудың шекті жол берілетін көлемін есептеу кезінде қорларының жай-күйі қауіпті дәрежеде деп бағаланатын балықтар таралымдары (түрлері) үшін балықтардың биологиялық көрсеткіштері бойынша қордың шекті бағдарлары пайдаланылады, жалпы өлім-жітім коэффициентінің 0,5 қорды алу коэффициенті қолданылады.»;

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«37. Биологиялық талдауды және жас мөлшерін анықтау мақсатында кездейсоқ емес, стратифицирленген іріктеу алынады. Кездейсоқ іріктеу балық денесінің ұзындығы ғана тіркелетін оны жаппай өлшеу кезінде таңдалады. Жаппай өлшеу деректері бойынша өлшемдік құрамды жас құрамына ауыстыру үшін осы әдістеме пайдаланылады. Матрица құрылып, оған 12 кестедегі деректер бойынша алынған өлшемдік топтар пайыздар бойынша жас топтарына бөлініп қойылады. Таралымның шынайы жас құрамына барынша жақын табылады (13-кесте).

Кіші жас топтарындағы (жыныстық жасқа толғандардан кіші) балықтардың санын анықтау үшін деректер қатарын теңестіру нәтижесінде алынған функция (құрылған тренд қатары) пайдаланылады. Осылай алынған деректер балықтардың тиісті жас топтары санының кестесіне енгізіледі.»;

112-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«112. Жылдың соңында балықтардың абсолютті санының, ихтиомассаның, ата-ана үйірінің абсолютті санының мәндері кәсіпшілік ұтымды пайдаланып отырған таралым үшін негізінде жыл басындағы осы мәндерден кем болмауға тиіс. Бірақ түр таралымының биологиялық жай-күйіне, кәсіпшіліктің осының алдындағы жылдардағы қарқындылығына, перспективада кәсіпшілік ихтиофауна қалыптастырудың мақсатты бағдарларына байланысты бұл мәндер әртүрлі болуы мүмкін.

Табиғи өлім-жітім шамасы туралы деректер болмаған жағдайда, кәсіпшіліктің қарқындылығы бойынша мақсатты бағдардың жақын мәнін таралымның өсімталдығының әртүрлі сапада болу тұжырымдамасының негізінде есептеп шығаруға болады, оған сәйкес балықтар таралымдары санының көбею жылдамдығы олардың пісіп-жетілу жасына және өмір сүруі кезінде қайталама ұрпақ беру санына байланысты болады.

Бұл ретте жеке өсімталдықтың екінші дәрежелі маңызы болады. Кәсіпшілік өлім-жітімді жылдық шығын коэффициентінің терминдерімен білдіре отырып, аналықтарының жыныстық жетілу жасымен ерекшеленетін түрлер үшін осы коэффициенттің биологиялық қолайлы мәндерін алады.

Жылдық шығынды бағалауды дұрыс түсіндіру үшін ескеру керек мынадай екі маңызды мәселе бар:

1) кәсіпшілік алудың рұқсат етілетін үлесі қор санына пайызбен көрсетілген, сондықтан ауланымды бағалау да сан бірліктерімен беріледі, масса бірліктерінде рұқсат етілетін ауланым көлемін табу үшін алынған бағалауды қордың жас құрамын және орташа салмағын ескере отырып қайта есептеу қажет;

2) кәсіпшілік алудың рұқсат етілген үлесі болжамды жылдың бас кезіндегі қордың кәсіпшілік бөлігіне жатады.

Балық аулауды басқару барынша орнықты ауланым тұжырымдамасына (MSY) негізделуі тиіс. Кәсіпшілік қорды алу коэффициенттері MSY өлшемшарттарына сәйкес келуі тұрғысынан тексеріледі. Сәйкес келмеген жағдайда, кәсіпшілік қорды алудың басқа коэффициенттерінің есептемесі жасалады.»;

2 тарауы мынадай мазмұндағы 6 және 7-параграфтармен толықтырылсын:

«6-параграф. Балықтардың биологиялық көрсеткіштері бойынша қорларды сақтықпен басқару стратегиясын әзірлеу үшін қордың шекті бағдарларын анықтау әдісі

208. Балық түрі таралымдарының қоры жай-күйінің көрсеткіштері L_{C50} және L_{M50} өлшемшарттары болып табылады.

$L_{C50}=L_{M50}$ өлшемшарттары мәндерінің тепе-теңдігі су айдынындағы белгілі бір балық түрі қоры жай-күйінің шекті бағдары болып табылады.

$L_{C50} \leq L_{M50}$ жағдайында осы түрдің ШАМ-ын есептеу кезінде осы балық түріне төмендетілген алу коэффициенттері пайдаланылады, келесі күнтізбелік жылы алу коэффициенттері ағымдағы жылғыдан кем болуы тиіс.

$L_{C50} \geq L_{M50}$ жағдайында ШАМ-ды есептеу кезіне балық қорларын басқару шараларын (алу коэффициентін төмендету) қолдану қажет емес.

7-параграф. Балық аулауға сақтықпен қарау кезінде балық алу коэффициенттерін есептеу әдісі

209. Таралымның жай-күйі орнықты болған кезде есептеме жалпыға ортақ әдістерге сәйкес жүргізіледі, бұл орайда «Тюрин, Зыков әдістері, Малкин таралымдардың әртектілігі тұжырымдамасы» және басқалар пайдаланылады.

Балықтардың биологиялық көрсеткіштері бойынша қордың $L_{M50} = L_{C50}$ шекті бағдарларына қол жеткізілгенде Z = 2F формуласы қолданылады, яғни F алу коэффициенті Z жалпы өлім-жітім коэффициентінен 0,5 коэффициентпен есептеледі.

Балықтардың нақты түрі бойынша қордың шекті бағдарларына қол жеткізілгенде осы түр үшін алу коэффициенті ауланымдағы (іріктелген) осы балық түрінің Т шекті жасына сүйене отырып белгіленеді.

210. 60-кестеде жалпы өлім-жітім коэффициентінің (Z) және жағдайлардың әртүрлі мәндері кезінде балықтардың шекті жасының теориялық мәндерінің есептемелері келтірілген, онда балықтардың ең аз саны шамамен 0,01 (1%) мөлшерді құрайды.

Ауланымдағы балықтардың шекті жасы бойынша аулау коэффициентін есептеу үшін қосалқы 61-кестені пайдалану қажет. Мысалы, ауланымдағы (іріктелген) осы түр балықтарының шекті жасы 5 жас болған жағдайда, алу коэффициенті F = 0,3 болып белгіленеді. Шекті жасы 13 жыл болған кезде алу коэффициенті F = 0,15 болып белгіленеді.»;

көрсетілген Әдістемеге 1-қосымшада:

мынадай мазмұндағы 60 және 61-кестелермен толықтырылсын:

«60-кесте – Жалпы өлім-жітім (жылдық шығын) коэффициентіне байланысты балықтар таралымының саны (мәні 0-ден 1-ге дейін)

Жасы, жыл	Z жылдық шығын коэффициенті									
	0,275	0,3	0,325	0,35	0,375	0,4	0,45	0,5	0,55	0,6
0+	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
1	0,725	0,7	0,675	0,65	0,625	0,6	0,55	0,5	0,45	0,4
2	0,526	0,49	0,456	0,423	0,391	0,36	0,303	0,25	0,203	0,16
3	0,381	0,343	0,308	0,275	0,244	0,216	0,166	0,125	0,091	0,064
4	0,276	0,24	0,208	0,179	0,153	0,13	0,092	0,0625	0,041	0,0256
5	0,2	0,168	0,14	0,116	0,095	0,078	0,05	0,031	0,018	0,01
6	0,145	0,118	0,095	0,075	0,059	0,047	0,028	0,016	0,008	
7	0,105	0,082	0,064	0,049	0,037	0,028	0,015	0,008		
8	0,076	0,057	0,043	0,032	0,023	0,017	0,008			
9	0,055	0,04	0,029	0,021	0,014	0,01				
10	0,04	0,028	0,02	0,013	0,009					
11	0,029	0,02	0,013	0,009						
12	0,021	0,014	0,009							
13	0,015	0,01								
14	0,011									

61-кесте – Ауланымдардағы (іріктеудегі) балықтардың шекті жасының бақыланып жүрген мәндеріне сүйене отырып, Z жалпы өлім-жітім (жылдық шығын) коэффициенттері және қордың шекті бағдарларына қол жеткізілгенде ұсынылатын F алу коэффиценттері

Коэффициенттер	Т (ауланымдағы шекті жас)									
	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
Z	0,6	0,55	0,5	0,45	0,4	0,375	0,35	0,325	0,3	0,275
F	0,3	0,275	0,25	0,225	0,2	0,188	0,175	0,163	0,15	0,138

».

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Ө.ШӨКЕЕВ

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 4 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16924 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 15 мамыр №199 Астана қаласы

«Балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 8 шілдедегі №304 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 8 шілдедегі № 304 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14117 болып тіркелген, 2016 жылғы тамызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама нысаны осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Ө.ШӨКЕЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі
____________Д. Абаев
2018 жылғы _____ __________

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі
____________Ж. Қасымбек
2018 жылғы ______ __________

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
____________ Т. Сүлейменов
2018 жылғы ______ __________

(Соңы 21-бетте)

(Соңы. Басы 20-бетте)

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 15 мамырдағы №199 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 8 шілдедегі №304 бұйрығымен бекітілген

Нысан

____

(уәкілетті органның ведомствосы)

____

(уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің атауы)

Балықтың қайдан ауланғаны туралы №______ анықтама

____

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тегі немесе заңды тұлғаның атауы)

____ берілді

(басшысының аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тегі)

Табиғи мекендеу ортасынан ауланған/жасанды жағдайларда өсірілген балықтар/басқа да су жануарлары үшін (қажеттінің астын сызу керек)

№	Аулану орнының (су айдынының, учаскенің) атауы	Балықтардың немесе басқа су жануарларының түрлері	20_ жылғы 15 ақпаннан 20_ жылғы 15 ақпанға дейін белгіленген квота/лимит (тонна) (табиғи ортадағы балықтар немесе басқа су жануарлары үшін)	Жасанды өсірумен айналысатын ұйымның жобалық қуаты (тонна)	20__ жылғы «__» ______ жағдай бойынша өтініш жасалған күнге мәлімделген ауланатын көлем (тонна)	20__ жылғы «__» ______ жағдай бойынша қалған қалдық (тонна)
1	2	3	4	5	6	7

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі балықтардың/басқа су жануарларының табиғи ортадан ауланғанын/жасанды жағдайларда өсірілгенін растайды (қажеттінің астын сызу керек):

№	Балықтардың немесе басқа су жануарларының түрі	Балықтардың және басқа су жануарларының расталатын көлемі (тонна)
Жиыны:		

Ескертпе* Қайдан ауланғаны туралы анықтама берілген күнінен бастап бір жыл бойы қолданылады

Берілген күні 20 ___ жылғы «____» _____________

____

(уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі басшысының, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тегі, қолы)

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 13 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №17047 болып енгізілді.

БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

2018 жылғы 16 мамыр №266 Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ

2018 жылғы 28 сәуір №287 Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

2018 жылғы 2 мамыр №500 Астана қаласы

Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестікті растау, шартты түрде шығарылған тауарларға қатысты техникалық реттеу бөлігінде тыйым салулар мен шектеулерді сақтау қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 202-бабының 10-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестікті растау, шартты түрде шығарылған тауарларға қатысты техникалық реттеу бөлігінде тыйым салулар мен шектеулерді сақтау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі ______________ Е. Біртанов

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі ______________ Ж.Қасымбек

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі ______________ Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 16 мамырдағы №266, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 28 сәуірдегі №287 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 2 мамырдағы №500 бірлескен бұйрығымен бекітілген

Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестікті растау, шартты түрде шығарылған тауарларға қатысты техникалық реттеу бөлігінде тыйым салулар мен шектеулерді сақтау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестікті растау, шартты түрде шығарылған тауарларға қатысты техникалық реттеу бөлігінде тыйым салулар мен шектеулерді сақтау қағидалары мен мерзімдері (бұдан әрі - Қағидалар), «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 202-бабының 10-тармағына сәйкес әзірленді және техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестікті растау, шартты түрде шығарылған тауарларға қатысты техникалық реттеу бөлігінде тыйым салулар мен шектеулерді сақтау тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

2-тарау. Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестікті растау, шартты түрде шығарылған тауарларға қатысты техникалық реттеу бөлігінде тыйым салулар мен шектеулерді сақтау тәртібі

2. Шартты түрде шығаруға тауарларға арналған декларацияны тіркеген күні техникалық регламенттердің талаптарына тауарлардың сәйкестігін растайтын құжаттары жоқ, ішкі тұтыну үшін шығарылған кедендік рәсімнен өтуге орналастыруға мәлімделген төмендегі тауарлар орналастырылады:

Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 620 шешімімен бекітілген бірыңғай құжаттарды бере отырып, Кеден одағы шеңберінде сәйкестікті міндетті түрде бағалауға (растауға) жататын өнімдердің бірыңғай тізбесіндегі өнімдер (тауарлар);

«Қазақстан Республикасында өнімдердің сәйкестігін міндетті түрде растау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 сәуірдегі № 367 қаулысымен бекітілген міндетті түрде сертификаттауға жататын өнімдер мен қызметтердің тізбесіндегі өнімдер (тауарлар);

Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптары қолданылатын тауарлар;

Қазақстан Республикасының техникалық регламенттерінің талаптары қолданылатын тауарлар.

3. Шартты түрде шығарылған тауарлардың техникалық регламенттері талаптарына сәйкестігін растау үшін декларант сәйкестікті растау жөніндегі органдарға және (немесе) сынақ зертханаларына Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 ақпандағы № 90 қаулысымен бекітілген «Сәйкестікті растау рәсімдері» техникалық регламентіне 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сертификаттау жүргізуге арналған өтінімді береді.

Шартты түрде шығарылған тауардың сәйкестігін растау рәсімінің нәтижелері бойынша сәйкестікті растау жөніндегі органдар және (немесе) сынақ зертханалары шартты түрде шығарылған тауардың сәйкестігі туралы құжатты (бұдан әрі - құжат) беру туралы немесе оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Құжатты беру туралы шешім қабылданған жағдайда, аккредиттелген сәйкестікті растау жөніндегі органдар және (немесе) сынақ зертханалары Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 294 шешімімен бекітілген Кеден одағы шеңберінде оларға қатысты міндетті талаптар белгіленетін Кеден одағының кедендік аумағына өнімді (тауарды) әкелу тәртібі туралы ереженің 3-тармағына сәйкес құжатты береді.

4. Техникалық регалементтер талаптарына сәйкестікті, техникалық реттеу бөлігіндегі тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растау оларға қатысты тыйым салулар мен шектеулер 2014 жылғы 14 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауарлар шығарылғаннан кейін расталатын, тауарларды ішкі тұтыну үшін шығаруға (шартты түрде шығару) кедендік рәсімнен өтуге орналастырылған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде жүзеге асырылады.

5. Техникалық регламенттер талаптарына сәйкестікті, техникалық реттеу бөлігінде шартты түрде шығарылған тауарларға тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растау үшін декларант кеден ісі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне (бұдан әрі - аумақтық бөлімше) құжаттарды ұсынады.

Құжаттарды тіркегеннен кейін аумақтық бөлімше декларант ұсынған құжатты осы Қағидалардың 2-тармағының екінші және төртінші абзацтарында көрсетілген тауарлар үшін Сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың бірыңғай тізілімімен (Еуразиялық экономикалық комиссиясы Алқасының 2017 жылғы 26 қыркүйектегі №127 шешімімен бекітілген Берілген сәйкестік сертификаттары мен тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібінің талаптары бойынша қалыптастырылған) және осы Қағидалардың 2-тармағының үшінші және бесінші абзацтарында белгіленген тауарлар үшін Қазақстан Республикасының сәйкестік сертификаттарының және сәйкестік туралы декларациялар тізілімімен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6396 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2010 жылғы 19 шілдедегі № 169 бұйрығымен бекітілген Сәйкестік туралы тіркелген декларациялар, берілген сәйкестік сертификаттары туралы, сертификаттаудан бас тарту туралы деректердің электрондық есебін және оларды беруді жүзеге асыру қағидаларынының талаптары бойынша қалыптастырылған) салыстырады.

Тізілімдегі осындай құжаттар туралы (дан) мәліметтер болған кезде аумақтық бөлімше көрсетілген тауарларға арналған декларацияға мәліметтерді өзгертуді және (немесе) толықтыруды енгізу жолымен шартты түрде шығарылған тауарларға қатысты техникалық реттеу бөлігінде тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растайды. Шартты түрде шығарылған тауарлар тауарға арналған декларацияға түзетулерді тіркеген күннен бастап Еуразиялық экономикалық одақтың тауары мәртебесін алады.

6. Осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген тауарлар шартты түрде шығаруға орналастырылған жағдайда, декларант осы Қағидалардың 4-тармағында белгіленген мерзімде шартты түрде шығарылған тауарларға арналған сәйкестікті растау туралы құжатты ұсыну туралы міндеттемені еркін нысанда аумақтық бөлімшеге ұсынады.

7. Сәйкестікті растау жөніндегі органдар және (немесе) сынақ зертханалары шартты түрде шығарылған тауарлардың түрлерін ескере отырып, техникалық регламенттерде белгіленген мерзімдерде сәйкестікті растау рәсімдерін жүргізеді.

8. Аумақтық бөлімше техникалық регалементтер талаптарына сәйкестігін техникалық реттеу бөлігінде тауарларды шығарғаннан кейін тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растайтын құжаттардың ұсыну мерзімін ұзартады.

Осы үшін декларант осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін аумақтық бөлімшеге тауарларды сәйкестікке бағалауды жүзеге асыратын сәйкестікті растау жөніндегі органдардан және (немесе) сынақ зертханаларынан техникалық ретету бөлігінде тауарларды шығарғаннан кейін тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растайтын құжаттарды ұсыну мерзімінің күнтізбелік күнінің санын және/немесе аяқталған күнін көрсете отырып, мерзімін ұзарту қажеттілігі туралы хатты жолдайды.

Аумақтық бөлімше ұсынған хаттардың деректерін кеден ісі саласындағы уәкілетті органға жібереді.

9. Кеден ісі саласындағы уәкілетті орган одан әрі техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органға және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестікті бағалау мерзімдерін ұзарту туралы хаттар ұсынған адамдар туралы мәліметтерді, сондай-ақ осы Қағидалардың 4-тармағында белгіленген мерзімдерді бұзған адамдар туралы мәліметтерді жібереді.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 4 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16977 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 26 сәуір №141 Астана қаласы

Көмірсутектерді барлау мен өндіру және уран өндіру кезінде жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану бойынша талаптардың бұзылуы салдарынан келтірілген залалдың мөлшерін айқындау қағидаларын бекіту туралы

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі 122-бабының 5-тармағына және 174-бабының 5-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Көмірсутектерді барлау мен өндіру және уран өндіру кезінде жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану бойынша талаптардың бұзылуы салдарынан келтірілген залалдың мөлшерін айқындау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекция департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2018 жылғы 29 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Қ.БОЗЫМБАЕВ

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі ______________ Ө. Шөкеев
2018 жылғы 28 мамыр

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі ______________ Ж. Қасымбек
2018 жылғы 14 мамыр

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі ______________ Т. Сулейменов
2018 жылғы 11 мамыр

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 26 сәуірдегі №141 бұйрығымен бекітілген

Көмірсутектерді барлау мен өндіру және уран өндіру кезінде жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану бойынша талаптардың бұзылуы салдарынан келтірілген залалдың мөлшерін айқындау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Көмірсутектерді барлау мен өндіру және уран өндіру кезінде жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану бойынша талаптардың бұзылуы салдарынан келтірілген залалдың мөлшерін айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі 122-бабының 5-тармағына және 174-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленген және көмірсутектерді барлау мен өндіру және уран өндіру кезінде жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану бойынша талаптардың бұзылуы салдарынан келтірілген залалдың мөлшерін айқындау тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) залал – көмірсутектердің немесе уранның нормаланған ысыраптарынан асатын көмірсутектердің қорларын игеру және бастапқы өңдеу кезінде нақты ысырап көлемін негізге ала отырып, айқындалатын мемлекет шеккен залал;

2) көмірсутектердің немесе уранның нормаланған ысыраптары – деңгейі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу үшін жобалық құжаттардағы техникалық-экономикалық есептеулермен негізделген көмірсутектер немесе уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу жүйелерімен және қабылданған тәсілдерімен технологиялық жағынан байланысты көмірсутектер немесе уранның ысыраптары;

3) нақты ысыраптар – залалды есептеу сәтіндегі айқындалған ысырыптар.

3. Осы Қағидалар меншік нысанына қарамастан, көмірсутектер және (немесе) уран өндіру бойынша барлық жер қойнауын пайдаланушыларға, соның ішінде жер қойнауын пайдалану келісімшарты бойынша операторларға, сенімгерлік басқарушыларға (бұдан әрі – жер қойнауын пайдаланушы) қолданылады.

4. Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану бойынша талаптарды бұзу салдарынан келтірілген залал мөлшерін айқындауды:

көмірсутектерді барлау мен өндіру кезінде көмірсутектер саласындағы уәкілетті органы;

уран өндіру кезінде уран өндіру саласындағы уәкілетті органы залалды анықтау фактісі бойынша жүзеге асырады.

5. Залалдың мөлшерін айқындауға байланысты туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

2-тарау. Көмірсутектерді барлау мен өндіру және уранды өндіру кезінде жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану бойынша талаптардың бұзылуы салдарынан келтірілген залалдың мөлшерін айқындау тәртібі

6. Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану бойынша талаптардың бұзылуы салдарынан келтірілген залалдың мөлшері нормаланған ысыраптан асып түсетін көмірсутектер немесе уран қорларын игеру және (немесе) бастапқы өңдеу кезіндегі нақты ысыраптың көлемін негізге ала отырып айқындалады және жер қойнауын пайдаланушының тексеру кезеңіне өнімді сатудың орташа бағасы бойынша құндық мәнде белгіленеді.

7. Жер қойнауын пайдаланушы есепті кезеңде өнімді сатпаған жағдайда, өнімнің құны мұндай сату орын алған өткен жыл сатуының орташа бағасы негізге алынып айқындалады. Бағаның ресми белгіленімі бар болған жағдайда, осы белгіленімдерге сәйкес есепті кезеңдегі олардың орташа құны қолданылады.

8. Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану бойынша талаптардың бұзылуы салдарынан келтірілген залал мөлшері осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нормадан тыс ысырабы үшін залал мөлшерін айқындау мысалдарына сай белгіленеді.

9. Көмірсутектер немесе уран қорларын игеру және (немесе) бастапқы өңдеу кезіндегі нақты ысыраптың нормаланған ысыраптан асып түсуі (бұдан әрі - нормадан тыс ысыраптар) мынадай көлемдерден туындайды:

көмірсутектердің немесе уранның баланстық қорлары дұрыс есептелген және оларды жер қойнауынан өндіру толықтығын бастапқы есепке алу мүмкін болатын біртектес тау-кен-геологиялық жағдайлармен бір жүйеде игерілетін көмірсутектердің баланстық қорлары жер қойнауының әрбір бөлігі бойынша белгіленген ысыраптардан немесе уранның баланстық қорларының кен орын бойынша белгіленген ысыраптардан тыс ысыраптар, сондай-ақ кез келген негізсіз ысыраптар;

базалық жобалау құжаты, әзірлеуді талдау немесе жер қойнауын ұтымды пайдалануды және бұзылулардан туындаған аварияларды ескере отырып, уран кен орындарын экономикалық рентабельді игеруді көздейтін Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін бекітілген базалық жобалау құжатын бұзудың нәтижесінде туындаған уранның баланстық қорының ысыраптары;

алудың коэффициентіне, қорларды уақтылы есептен шығармауға, көмірсутек қорларын алдын ала өтеуге қол жеткізбей, жер қойнауында қалған көмірсутектер немесе уран қорлары;

жер қойнауында суланудың, жанудың салдарынан туындаған көмірсутектердің баланстық қорларының немесе игеру (өндіру) бойынша талаптарды бұзу салдарынан туындаған өндірілген көмірсутектердің ысыраптары;

көмірсутектер кен орындарының оңай қол жеткізілетін учаскелерінде өндірудің салдарынан рентабельді өңдеу мүмкін емес болатын олардың баланстық қорларының ысыраптары;

кәсіпшілікте өндіру, жинау, тасымалдау және дайындау кезінде көмірсутектер ысыраптарынан нормадан тыс ысыраптары;

базалық жобалау құжатында, әзірлеуді талдауда немесе Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін бекітілген базалық жобалау құжатында көзделген кен орындарын игерудің технологиялық режимін сақтамаудың салдарынан, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын ұтымды пайдалану бойынша талаптарды бұзу салдарынан баған сыртындағы және бағанаралық кеңістік арқылы жоғары жатқан белдеулерге қатаралық ағылуының салдарынан Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясы бекіткен көмірсутектер немесе уранның алынатын қорларының ысыраптары;

базалық жобалау құжатын, әзірлеуді талдауды немесе Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін бекітілген базалық жобалау құжатын, оларды алу және кәдеге жаратуды сақтамағандықтан шикі газ, газ конденсатының ысыраптары;

төтенше жағдайлардың туындау қаупі немесе пайда болуы, персоналдың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіп төнген жағдайлардан басқа, көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның рұқсатынсыз алау етіп жағылатын шикі газ;

көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның жағуға рұқсат етілген көлемінен тыс жағылған шикі газы;

кен орынды толық игеру кезінде бекітілген жобалық көрсеткіштермен салыстырғанда қайта өңделетін шикізат сапасының өзгерістері мен ауытқуларына және қайта өңдеудің технологиялық тәртібінің бұзылуына байланысты базалық жобалау құжатында, әзірлеуді талдауда немесе Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін бекітілген базалық жобалау құжатында бекітілген нормаланған ысыраптардан асатын уранның және уранды бастапқы өңдеу кезіндегі олардың құрамындағы ілеспе компоненттердің, аралық өнімдердің (жартылай фабрикаттардың), байыту қалдықтарыныі, шөгінділердің, қождардың ысыраптары.

10. Мұнай-газ және газ конденсаты кен орындарын пайдалану кезінде мұнайдың, конденсат пен газдың, оның ішінде ілеспе (еріген) газдың нормадан тыс қабаттық ысыраптары жобалау құжаты, әзірлеуді талдау немесе Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін бекітілген базалық жобалау құжатында бекітілген алу коэффициентінен ауытқулармен анықталады.

11. Кен орнын өнеркәсіптік игеру кезеңінде шикі газды жағу кезіндегі нормадан тыс ысыраптар қорларды есептеген кезде қабылданған компоненттердің құрамы негізінде пайдалы қазбалардың мемлекеттік балансында тұрған газдың компоненттік құрамы бойынша анықталады.

12. Есепке алудың жеке аспаптары болмаған кезде жобалық ысыраптарды есептеу Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясы бекіткен кезде қабылданған өндірілетін пайдалы қазбада еріген газдың құрамы бойынша жүргізіледі.

13. Бастапқы қайта өңдеу үдерісінде жол берілген көмірсутектердің немесе уранның нормадан тыс ысыраптарының сандық мәні көмірсутектердің немесе уранның тиісті типі (сорты) үшін белгіленген алу көлемі мен оның тауарлық өнімге нақты қол жеткізілген алынуы арасындағы айырма бойынша анықталады.

Көмірсутектерді барлау мен өндіру және уран өндіру кезінде жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану бойынша талаптардың бұзылуы салдарынан келтірілген залалдың мөлшерін айқындау қағидаларына қосымша

Нормадан тыс ысырабы үшін залал мөлшерін айқындау мысалдары

1-мысал.

Жер қойнауын пайдаланушы есепті кезеңде 2658000 тонна мұнай өндірді.

Осы кезеңде мұнайдың нақты ысырабы 4442 тонна мұнайды, оның ішінде бекітілген нормативтік ысырап 1081 тонна мұнайды құрады.

Есепті кезеңде жер қойнауын пайдаланушының (бағалардың ресми белгіленімдері, Қазақстан Республикасының ішкі нарығындағы орташа құны) мұнайды сату кезіндегі орташа баға 50,49 АҚШ долларын құрады,

(4442 - 1081) х 50,49 = 169696,89 АҚШ доллары.

169696,89 х залал анықталған сәтте Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетелдік валютаға шаққандағы ресми бағамы = залал сомасы.

2-мысал.

Жер қойнауын пайдаланушы есепті кезеңде кен орнын өнеркәсіптік игеруді жүзеге асырған кезде 300 млн. $м^3$ көлемінде ілеспе өндірілетін мұнай газын жақты. Бұл ретте, газда Пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансында есепте тұрған компоненттерінің өнеркәсіптік құрамы бар. Қазақстан Республикасының Қорлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы бекіткен деректерге сәйкес әлеуетті құрамдастардың мәндері негізінде компоненттер мен құрғақ газдың (метанның) көлемін анықтаймыз. Әлеуетті жиынтық құрамы 1000 $м^3$ газға 500 кг болған кезде компоненттердің (этан, пропан, бутан) шығыны 150000 тоннаны құрайды. Құрамы 50 % болған кезде құрғақ газдың (метанның) ысырабы 150 млн. $м^3$ құрайды.

Есепті кезеңде жер қойнауын пайдаланушының (бағалардың ресми белгіленімдері, Қазақстан Республикасының ішкі нарығындағы орташа құны) құрғақ газды сатуы кезіндегі орташа баға 1000 $м^3$ үшін 80 АҚШ долларын, ал сұйытылған газдың (этан, пропан, бутан) 1 тоннасы үшін 350 АҚШ долларын құрады.

Залал сомасы:

құрғақ газ үшін: 150000000 $м^3$ х 80: 1000 = 12000000 АҚШ доллары;

компоненттер үшін: 150000 т х 350 = 52500000 АҚШ доллары;

барлығы: 64500000 АҚШ доллары.

64500000 х залал анықталған сәтте Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетелдік валютаға шаққандағы ресми бағамы = залал сомасы.

3-мысал.

Жер қойнауын пайдаланушы уран кен орнын игереді. Кен орынды толық игеру кезінде 61224 тонна уран сатты:

уранның нақты ысырабы 2024 тоннаны

нормаланған ысырап кезінде 1215 тоннаны құрады.

Есепті кезеңде жер қойнауын пайдаланушының (бағалардың ресми белгіленімдері, Қазақстан Республикасының ішкі нарығындағы орташа құны) уран сатуы кезіндегі орташа баға 228,03 АҚШ долларын құрады,

(2024 - 1215) х 228,03 = 184476,3 АҚШ доллары.

184476,3 х залал анықталған сәтте Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетелдік валютаға шаққандағы ресми бағамы = залал сомасы.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 11 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №17030 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 11 мамыр №168 Астана қаласы

Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына) және орта мерзімді (бес қаржы жылына) бағдарламаларының нысандарын және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Кодексінің 131-бабының 6-тармағына және 179-бабының 6-тармағына, сондай-ақ «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 16-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына) бағдарламаларының нысаны;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың орта мерзімді (бес қаржы жылына) бағдарламаларының нысаны;

3) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына) және орта мерзімді (бес қаржы жылына) бағдарламаларын көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органға ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жер қойнауын пайдалану департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін қағаз және электрондық нұсқада оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмесін жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде ресми жариялау үшін оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарына жіберуді;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2018 жылғы 29 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрі Қ.БОЗЫМБАЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Қаржы министрі ______________ Б. Сұлтанов
2018 жылғы 18 мамыр

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің төрағасы ______________ Н. Айдапкелов
2018 жылғы 22 мамыр

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің2018 жылғы 11 мамырдағы №168 бұйрығына 1-қосымша

Нысан

Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына) бағдарламасы

Индекс: 1-ЖСБ

Жиілігі: жыл сайын

Өкілдік ететін тұлғалар аясы: көмірсутектер және уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдаланушылар

Қайда ұсынылады: көмірсутектер және уран өндіру жөніндегі уәкілетті орган

Ұсыну мерзімі: сатып алу жүргізу үшін жоспарланған жылдың 1 (бірінші) ақпанынан кешіктірмей, немесе келісімшарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі	Сатып алынатын заттың коды	ӨСЖ бойынша ТЖҚ коды	Сатып алынатын ТЖҚ атауы мен қысқаша (қосымша) сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Заттай түрінде сатып алудың жоспарланған көлемі	ҚҚС қоспағанда, жоспарланған сатып алу сомасы, мың теңге	Сатып алу тәсілі	Сатып алуды өткізу мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8	9
			Тауарлар					
			Жұмыстар					
			Қызметтер					

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ТЖҚ - тауарлар, жұмыстар мен қызметтер

ӨСЖ - өнімнің статистикалық жіктеуіші

ҚҚС - қосылған құн салығы

Ескертпе: Осы нысанның қосымшасында нысанды толтыру бойынша түсініктеме келтірілген.

Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына) бағдарламасының нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме

«Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына) бағдарламасы»

1. 1-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі көрсетіледі;

1) «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) қолданысқа енгізілгенге дейін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты жасаған жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшартты мемлекеттік тіркеу актісінің тіркеу нөмірін көрсетеді;

2) Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты жасаған жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірін көрсетеді;

2. 2-бағанда Көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органға тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына) және орта мерзімді (бес қаржы жылына) бағдарламаларын ұсыну қағидаларының қосымшасына сәйкес Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу үшін жіктеу коды атты 1-кестеге сәйкес сатып алынатын заттың коды көрсетіледі;

3. 3-бағанда Өнімнің (тауарлардың және көрсетілетін қызметтердің) Үлгілік статистикалық жіктеуішіне сәйкес 10 белгі деңгейінде тауардың, жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің коды көрсетіледі;

4. 4-бағанда сатып алынатын тауардың, жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы (техникалық шарттары, қасиеттері және сипаттамалары) көрсетіледі;

5. 5-бағанда Мемлекетаралық өлшем бірлігі мен есеп жіктеуішіне сәйкес тауардың өлшем бірлігінің коды көрсетіледі. Жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша баған толтырылмайды;

6. 6-бағанда тауардың көрсетілген өлшем бірлігіне сәйкес заттай көрінісіндегі тауарды сатып алудың жоспарланатын көлемі көрсетіледі. Жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша баған толтырылмайды;

7. 7-бағанда қосылған құн салығын қоспағанда мың теңге (жүздік үлесімен бөлшек сан) құндық көрінісінде тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жоспарланатын сомасы көрсетіледі;

8. 8-бағанда тауарды, жұмысты немесе көрсетілетін қызметті сатып алу тәсілін:

1) Кодтардың 2-кестесіне сәйкес, тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді Кодекске сәйкес сатып алатын жер қойнауын пайдаланушылар;

2) Кодтардың 3-кестесіне сәйкес, жер қойнауын пайдалану құқығына ие, акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке (бұдан әрі – Қор) тиесілі заңды тұлғалар көрсетеді;

9. 9-бағанда Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне сәйкес тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алудың өткізу орны көрсетіледі;

10. 10-бағанда Кодтардың 4-кестесіне сәйкес, тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алуды өткізудің мерзімі көрсетіледі;

11. 11-бағанда Кодтардың 4-кестесіне сәйкес, тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді жеткізудің мерзімі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №168 бұйрығына 2-қосымша

Нысан

Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың орта мерзімді (бес қаржы жылына) бағдарламасы

Индекс: 1-ОСБ

Жиілігі: жыл сайын

Өкілдік ететін тұлғалар аясы: көмірсутектер және уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдаланушылар

Қайда ұсынылады: көмірсутектер және уран өндіру жөніндегі уәкілетті орган

Ұсыну мерзімі: жоспарланған бес жылдық кезеңнің бірінші жылының 1 (бірінші) ақпанынан кешіктірмей, немесе келісімшарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт нөмірі	Сатып алынатын заттың коды	ӨСЖ бойынша ТЖҚ коды	Сатып алынатын ТЖҚ атауы мен қысқаша (қосымша) сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Заттай түрінде сатып алудың жоспарланған көлемі	ҚҚС қоспағанда, жоспарланған сатып алу сомасы, мың теңге	Сатып алу тәсілі	Сатып алуды өткізу мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8	9
			Тауарлар					
			Жұмыстар					
			Қызметтер					

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ТЖҚ - тауарлар, жұмыстар мен қызметтер

ӨСЖ - өнімнің статистикалық жіктеуіші

ҚҚС - қосылған құн салығы

Ескертпе: Осы нысанның қосымшасында нысанды толтыру бойынша түсініктеме келтірілген.

Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың орта мерзімді (бес қаржы жылына) бағдарламаларының нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме

«Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың орта мерзімді (бес қаржы жылына) бағдарламасы»

1. 1-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі көрсетіледі;

1) «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) қолданысқа енгізілгенге дейін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты жасаған жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшартты мемлекеттік тіркеу актісінің тіркеу нөмірін көрсетеді;

2) Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты жасаған жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірін көрсетеді;

2. 2-бағанда Кодтардың 1-кестесіне сәйкес, сатып алу мәнінің коды көрсетіледі;

3. 3-бағанда Өнімнің (тауарлардың және көрсетілетін қызметтердің) Үлгілік статистикалық жіктеуішіне сәйкес 10 белгі деңгейінде тауардың, жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің коды көрсетіледі;

4. 4-бағанда сатып алынатын тауардың, жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы (техникалық шарттары, қасиеттері және сипаттамалары) көрсетіледі;

5. 5-бағанда Мемлекетаралық өлшем бірлігі мен есеп жіктеуішіне сәйкес тауардың өлшем бірлігінің коды көрсетіледі. Жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша баған толтырылмайды;

6. 6-бағанда тауардың көрсетілген өлшем бірлігіне сәйкес заттай көрінісіндегі тауарды сатып алудың жоспарланатын көлемі көрсетіледі. Жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша баған толтырылмайды;

7. 7-бағанда ҚҚС қоспағанда мың теңге (жүздік үлесімен бөлшек сан) құндық көрінісінде тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жоспарланатын сомасы көрсетіледі;

8. 8-бағанда тауарды, жұмысты немесе көрсетілетін қызметті сатып алу тәсілін:

1) Кодтардың 2-кестесіне сәйкес, тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді Кодекске сәйкес сатып алатын жер қойнауын пайдаланушылар;

2) Кодтардың 3-кестесіне сәйкес, жер қойнауын пайдалану құқығына ие, акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама түрде Қорға тиесілі заңды тұлғалар көрсетеді;

9. 9-бағанда Кодтардың 4-кестесіне сәйкес, тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алуды өткізудің жоспарлы жылы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №168 бұйрығына 3-қосымша

Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына) және орта мерзімді (бес қаржы жылына) бағдарламаларын көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органға ұсыну қағидалары

1. Осы Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына) және орта мерзімді (бес қаржы жылына) бағдарламаларын көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органға ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 131-бабының 6-тармағына және 179-бабының 6-тармағына, сондай-ақ «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 16-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленген және тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына), орта мерзімді (бес қаржы жылына) бағдарламаларын көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органға ұсыну тәртібін белгілейді.

Осы Қағидалар Кодекстің 277-бабының 3-тармағына сәйкес Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін және жасалған рұқсаттар, лицензиялар мен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша қарым-қатынастарға қолданылады.

2. Жер қойнауын пайдаланушы сатып алуды жүргізу үшін жоспарланатын жылдың 1 (бірінші) ақпанынан кешіктірмей немесе келісімшарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органға алдағы кезеңдерге арналған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына) бағдарламасын жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі арқылы ұсынады және оны бірінші басшының немесе уәкілеттік берілген тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырады.

3. Жер қойнауын пайдаланушы сатып алуды жүргізу үшін жоспарланатын жылдың 1 (бірінші) ақпанынан кешіктірмей немесе келісімшарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органға алдағы кезеңдерге арналған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың орта мерзімді (бес қаржы жылына) бағдарламасын жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі арқылы ұсынады және оны бірінші басшының немесе уәкілеттік берілген тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырады.

4. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу үшін жіктеу кодтары осы қағидалардың қосымшасында келтірілген.

Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына) және орта мерзімді (бес қаржы жылына) бағдарламаларын көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органға ұсыну қағидаларына қосымша

Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу үшін жіктеу кодтары

1-кесте

Сатып алынатын заттың коды	Атауы
0	Тауар
1	Жұмыс
2	Қызмет

2-кесте

Сатып алу тәсілінің коды	Атауы
101	Ашық конкурс
103	Бір көзден сатып алу
104	Тауарлық биржаларда
105	Төмендету әдісімен ашық конкурс (электрондық сауда-саттық)
112	Тәсілдерді қолданбай*

3-кесте

Сатып алу тәсілінің коды	Атауы
201	Ашық тендер
209	Жабық тендер
210	Екі кезеңді ашық тендер
211	Екі кезеңді жабық тендер
202	Баға ұсыныстарын сұрату
203	Бір көзден сатып алу
208	Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығы
204	Тауарлық биржалар арқылы
212	Қор қағидаларының нормаларын қолданбай**

4-кесте

Уақыт кезеңінің коды	Атауы
QAN1	1-тоқсан
QAN2	2-тоқсан
QAN3	3-тоқсан
QAN4	4-тоқсан
SAN1	1 жартыжылдық (1-2 тоқсандар)
SAN2	2 жартыжылдық (3-4 тоқсандар)
ANNгг	жыл***

Ескертпе: *Кодекстің 131-бабының 1-тармағының 1),2), 3), 4) тармақшаларында және 179-бабының 1-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген тәсілдерді қолданбай;

** «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандағы Заңының 19-бабының 2-тармағына сәйкес Ұлттық әл-ауқат қорының директорлар кеңесі бекітетін Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары;

*** жылды белгілеу кезінде ANN префиксі және жылдың соңғы екі саны қолданылады.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 7 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №17016 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

2018 жылғы 17 мамыр №211 Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ

2018 жылғы 15 мамыр №185 Астана қаласы

БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

Жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді және уранды өндіру кезеңінде қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі 129-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына және 178-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді және уранды өндіру кезеңінде қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жер қойнауын пайдалану департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық 2018 жылғы 29 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі __________ Е. Сағадиев

Қазақстан Республикасының Энергетика министрі __________ Қ. Бозымбаев

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының Қаржы министрі ______________ Б. Сұлтанов
2018 жылғы 24 мамыр

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 17 мамырдағы №211 және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 15 мамырдағы №185 бірлескен бұйрығымен бекітілген

Жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді және уранды өндіру кезеңінде қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді және уранды өндіру кезеңінде қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 129-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына және 178-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді және уранды өндіру кезеңінде қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру тәртібін айқындайды.

2. Жер қойнауын пайдаланушылардың қазақстандық кадрлардың оқуын қаржыландыру деп Қазақстан Республикасының азаматтарын оқыту, біліктілігін арттыру және қайта даярлау (бұдан әрі - оқыту) түсініледі.

3. Жер қойнауын пайдаланушы оқытуды қаржыландыруды өндіру кезеңі ішінде екінші жылдан бастап жыл сайын, алдыңғы жылдың қорытындысы бойынша жер қойнауын пайдаланушының өндіру үшін шеккен шығындарының 1 (бір) пайызы мөлшерінде жүзеге асырады.

4. Жер қойнауын пайдаланушы алдыңғы жылдың қорытындысы бойынша өндіру үшін шеккен шығындарының 1 (бір) пайызынан асатын оқытуды қаржыландыру көлемі жер қойнауын пайдаланушының келесі жылғы тиісті міндеттемелерін орындауы есебіне ескеріледі.

5. Оқытуды қаржыландыру жөніндегі міндеттемелерді есептеу мақсатында алдыңғы жылдың қорытындысы бойынша жер қойнауын пайдаланушы өндіру үшін шеккен шығындарды айқындау жер қойнауын пайдаланушы Кодекстің 132 және 180- баптарына сәйкес көмірсутектер және уран саласындағы уәкілетті органға олар бекітетін тәртіппен ұсынатын лицензиялық-келісімшарттық талаптардың орындалуы туралы есептің деректері негізінде жүзеге асырылады.

2-тарау. Қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру тәртібі

6. Кодекске және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру жөніндегі міндеттемелердің орындалуы ретінде жер қойнауын пайдаланушының мыналарға нақты жұмсалған шығыстары танылады:

1) жер қойнауын пайдаланушының қызметкерлері болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтарын жер қойнауын пайдаланушының өндірістік қызметімен байланысты мамандықтар бойынша оқытуға;

2) жер қойнауын пайдаланушының қызметкерлері болып табылмайтын Қазақстан Республикасының азаматтарын оқытуға;

3) Қазақстан Республикасының азаматтарын оқыту үшін мемлекеттік бюджетке аударылған ақшалай қаражат;

4) облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары ұсынған және көмірсутектер және уран саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумағында жер қойнауын пайдалану саласымен байланысты мамандықтар бойынша кадрларды даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының (оның ішінде қолданыстағы кен орындарында орналасқан оқу (тәжірибелік-зерттеу) полигондары объектілерінің) материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қажетті тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі бойынша сатып алу түріндегі жұмсаған нақты шығыстар.

7. Кодексте және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта белгіленген қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру жөніндегі міндеттемелердің мөлшері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушы осы Қағидалардың 6-тармағының 1) – 4) тармақшаларында көрсетілген бағыттар бойынша қаржыландыру көлемін дербес айқындауды жүзеге асырады.

8. Жер қойнауын пайдаланушы Кодексте және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта жер қойнауын пайдаланушының қызметкерлері болып табылмайтын Қазақстан Республикасы азаматтарының төменде көрсетілген санаттарын оқытуға белгіленген міндеттемелер мөлшерінің 30 % (пайызына) дейін оқытуды қаржыландыруды жүзеге асыруы мүмкін:

1) 1-ші, 2-ші және 3-ші топ мүгедектері;

2) жетім балалар және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, жиырма бір жасқа толмаған, кәмелет жасына дейін ата-анасынан айырылған балалар;

(Соңы 22-бетте)

(Соңы. Басы 21-бетте)

3) көпбалалы отбасылар;
4) толық емес отбасылар.
9. Осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген тұлғаларды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушының қызметкерлері болып табылмайтын Қазақстан Республикасының азаматтарын оқытуды қаржыландыру:
1) Энергетика саласына аса қажетті мамандықтар тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес. Тізбені көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті орган білім беру саласындағы уәкілетті органның келісуімен қалыптастырады және өзінің интернет-ресурсында орналастырады және оны тиісті жылдың 25 қаңтарына дейін жыл сайын өзектендіруге тиіс.
2) институционалдық немесе мамандандырылған аккредиттеуден өткен білім беру ұйымында немесе «Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы №8 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 5135 болып тіркелді) сәйкес білім туралы құжаттарды нострификациялау рәсімінен өткізу қажеттілігімен шетел оқу орындарында (оның филиалдарында) жүзеге асырылады.
10. Алдыңғы жылдың қорытындысы бойынша оқытуды қаржыландыру жөніндегі міндеттемелерді орындау шеңберінде қаражатты игермеу фактілері анықталған жағдайда, көмірсутектер және уран саласындағы уәкілетті орган жер қойнауын пайдаланушыны электрондық пошта және/немесе ресми хат арқылы аталған фактілер туралы хабардар етеді.
11. «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 1-тарауы 1-бабының 59) тармақшасына сәйкес төлем құжаттары және оқу орнына алыну туралы ресми құжаттың көшірмесі көмірсутектерді және уранды өндіру кезеңіндегі жер қойнауын пайдаланушылардың қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыруы жөніндегі міндеттемелерін орындауын растайтын құжаттар болып табылады.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 8 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №17020 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 31 мамыр №223 Астана қаласы

Жұмыс бағдарламасының мазмұны мен нысанын бекіту туралы

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексі 278-бабының 13-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**
1. Қоса беріліп отырған:
1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес көмірсутек шикізатын немесе уранды барлауға арналған келісімшартқа жұмыс бағдарламасының нысаны мен мазмұны;
2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес көмірсутек шикізатын немесе уранды өндіруге арналған келісімшартқа жұмыс бағдарламасының нысаны мен мазмұны;
3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес көмірсутек шикізатын немесе уранды барлау мен өндіруге арналған келісімшартқа жұмыс бағдарламасының нысаны мен мазмұны бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жер қойнауын пайдалану департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;
3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;
4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;
5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық 2018 жылғы 29 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі Қ.БОЗЫМБАЕВ

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 223 бұйрығына 1-қосымша

Нысан

Көмірсутек шикізатын немесе уранды барлауға арналған келісімшартқа жұмыс бағдарламасы
______________(пайдалы қазбаның түрі көрсетіледі) барлауға арналған келісімшарттың қолданылу мерзімі кезеңінде жер қойнауын пайдаланушы көрсетілген мерзімдерде келісімшарт аумағында мынадай жұмыс түрлерін орындауға міндеттенеді.

Бап атауы	Өлшем бірлігі шыршы километр (бұдан әрі – шаршы км), құма километр (бұдан әрі – құма км), метр (бұдан әрі – м), бригада/ауысым (бұдан әрі бр/а), миллион текше метр (бұдан әрі – млн. текше м)	барлығы	1-жыл	2-жыл	3-жыл
қаржылық міндеттемелер (ҚМ)	мың теңге				
инвестициялар, барлығы	мың теңге				
күрделі шығындар, барлығы	мың теңге				
оның ішінде: ғимараттар, құрылыстар	мың теңге				
жайластыру, қайта жаңарту	мың теңге				
машина, құрал-жабдықтар	мың теңге				
көлік құралдары	мың теңге				
қоршаған ортаны қорғауға/тазалық құрылғыларына жұмсалатын шығындар	мың теңге				
барлауға арналған шығындар, барлығы	мың теңге				
геологиялық түсіру жұмыстары	мың теңге				
	шаршы км				
литогеохимиялық жұмыстар	мың теңге				
	сынама				
тау-кен жұмыстары	мың теңге				
	текше метр				
геофизикалық жұмыстар, жиыны:	мың теңге				
оның ішінде сейсмикалық барлау (2 D және/немесе 3 D)	мың теңге				
	құма км				
	шаршы км				
сейсмикалық барлау деректерін өңдеу мен түсіндіру	мың теңге				
	құма км				
	шаршы км				
сейсмикалық барлау деректерін қайта өңдеу мен түсіндіру	мың теңге				
	құма км				
	шаршы км				
қиыршық тасты барлау және басқа да геофизикалық зерттеулердің түрлері	мың теңге				
	нүктелер/шаршы км				
электробарлау	мың теңге				
	құма км				
	шаршы км				
магниттік барлау	мың теңге				
	шаршы км				
ұңғымалардағы геофизикалық зерттеулер және ұңғымалық геофизика	мың теңге				
	м				
геофизикалық мәліметтерді өңдеу	мың теңге				
гидрогеологиялық жұмыстар	мың теңге				
	бр/а				
инженерлік-геологиялық жұмыстар	мың теңге				
	бр/а				
зертханалық және технологиялық зерттеулер	мың теңге				
бұрғылау жұмыстары	мың теңге				
	құма м				
	ұңғыма				
объектілерді сынау мен байқау	мың теңге				
	нысандар				
бастапқы өңдеу	мың теңге				
геологиялық барлау бойынша басқа да жұмыстар (көрсету) Оның ішінде:	мың теңге				
геологиялық барлау жұмыстарының қорытындысы бойынша есеп құрастыру	мың теңге				
жобалау	мың теңге				
ұңғыманы сынау немесе сынамалы пайдалану/ тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру кезіндегі (пайдалы қазбаны көрсету)	мың тонна/ млн.текше м/ мың текше м.				
айдалған судың көлемі	мың текше м.				
газдың көлемі	мың текше м				
іске асыру көлемі	мың тонна/ млн.текше м/ мың текше м				
жалпы жоба және өнім түрлері бойынша жиынтық табыс	мың теңге				
технологиялар сатып алу	мың теңге				
оның ішінде отандық технологиялар	мың теңге				
өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және оның инфрақұрылымдарын дамыту	мың теңге				
жер қойнауы жағдайының мониторингі	мың теңге				
тәуекелді сақтандыру, барлығы	мың теңге				
(негізгі түрлерін көрсету)	мың теңге				
тарату қорына жіберілетін аударымдар	мың теңге				
ҚР азаматтарын оқыту, біліктілігін жоғарылату, қайта даярлау	мың теңге				
ҒЗжТКЖ-ға шығындар	мың теңге				
келісімшарттық аумақты қайтару	%				
жұмыс істейтін қызметкерлер саны	адам				
оның ішінде Қазақстандық кадрлар	адам				
жанама шығыстар (негізгі баптарды көрсету)	мың теңге				
оның ішінде Қазақстан аумағында	мың теңге				
еңбекақы төлеу қоры	мың теңге				
келісімшарттық әрекеттерді орындау барысында салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, барлығы	мың теңге				
бонустар	мың теңге				
тарихи шығындар	мың теңге				
(Бюджетке төлеуге жататын барлық салықтар мен міндетті төлемдерді көрсету)	мың теңге				

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 223 бұйрығына 2-қосымша

Нысан

Көмірсутек шикізатын немесе уранды өндіруге арналған келісімшартқа жұмыс бағдарламасы
__________________(пайдалы қазбаның түрі көрсетіледі) өндіруге арналған келісімшарттың қолданылу мерзімі кезеңінде жер қойнауын пайдаланушы көрсетілген мерзімдерде келісімшарт аумағында мынадай жұмыс түрлерін орындауға міндеттенеді

Бап атауы	Өлшем бірлігі шыршы километр (бұдан әрі – шаршы км), құма километр (бұдан әрі – құма км), метр (бұдан әрі – м), бригада/ауысым (бұдан әрі бр/а), миллион текше метр (бұдан әрі – млн. текше м)	Барлығы	1-жыл	2-жыл	3-жыл
қаржылық міндеттемелер (ҚМ)	мың теңге				
инвестициялар, барлығы	мың теңге				
күрделі шығындар, барлығы	мың теңге				
оның ішінде: ғимараттар, құрылыстар, өндірістік нысандар	мың теңге				
жайластыру, қайта жаңарту, инфрақұрылымдық нысандар (нысандардың тізімін көрсету)	мың теңге				
машиналар, құрал-жабдықтар	мың теңге				
көлік құралдары	мың теңге				
қоршаған ортаны тазалық құрылғыларына/қорғауға жұмсалатын шығындар	мың теңге				
өндіру шығындары, барлығы	мың теңге				
тау-кен дайындық жұмыстары	құма м				
	мың текше м				
күрделі тау жұмыстары	құма м				
	мың текше м				
пайдалану мақсатындағы барлау жұмыстары	құма м				
	мың текше м				
сынау	сынама				
пайдалану мақсатындағы бұрғылау	мың теңге				
	құма м				
	ұңғыма				
өндіру жөніндегі өзге шығындар (қайтадан іске қосу, ұңғымаларды жөндеу)	мың теңге				
бастапқы өңдеу (жұмыстардың тізімін көрсете отырып)	мың теңге				
басқа да пайдалану шығындары (негізгі баптарды ашып көрсете отырып)	мың теңге				
өндіру көлемі: (пайдалы қазбаны көрсету)	мың тонна/млн текше м/ мың текше м				
айдалған судың көлемі	мың текше м				
газ көлемі	мың текше м				
іске асыру көлемі	мың тонна/млн текше м/ мың текше м				
жоба бойынша жалпы және өнім түрлері бойынша жиынтық табыс	мың теңге				
технологиялар сатып алу	мың теңге				
оның ішінде отандық технологиялар	мың теңге				
өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және оның инфрақұрылымдары дамыту	мың теңге				
жер қойнауы жай-күйінің мониторинг	мың теңге				
ҒЗжТКЖ-ға шығындар	мың теңге				
тәуекелдерді сақтандыру, барлығы	мың теңге				
(негізгі түрлерін көрсету)	мың теңге				
тарату қорына аударымдар	мың теңге				
ҚР азаматтарын оқыту, біліктілігін арттыру, қайта даярлау	мың теңге				
жұмыс істейтін қызметкерлердің саны	адам				
олардың ішінде Қазақстандық кадрлар	адам				
жанама шығыстар (негізгі баптарды көрсету)	мың теңге				
оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында	мың теңге				
оның ішінде еңбекақы төлеу қоры	мың теңге				
келісімшарттық әрекеттерді орындау барысында салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, барлығы	мың теңге				
қол қойылатын бонус	мың теңге				
тарихи шығындар	мың теңге				
коммерциялық табу бонусы	мың теңге				
(барлық салықтар мен бюджетке төлеуге жататын міндетті төлемдерді көрсету)	мың теңге				
салық салынатын пайда	мың теңге				
салық төленгеннен кейін кәсіпорынның иелігінде қалатын таза табыс	мың теңге				
жылдық ақша ағыны	мың теңге				
дисконттау ставкалары 10, 15 және 20 пайыздарға тең болған кездегі жобаның таза ағымдағы келтірілген құны;	мың теңге				
жоба бойынша жалпы жоба рентабельділігінің ішкі нормасы	%				

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 223 бұйрығына 3-қосымша

НЫСАН

Көмірсутек шикізатын немесе уранды барлау мен өндіруге арналған келісімшартқа жұмыс бағдарламасы
______________(пайдалы қазбаның түрі көрсетіледі) барлау мен өндіруге арналған келісімшарттың қолданылу мерзімі кезеңінде жер қойнауын пайдаланушы көрсетілген мерзімдерде келісімшарт аумағында келесі жұмыс түрлерін орындауға міндеттенеді

Бап атауы	Өлшем бірлігі шыршы километр (бұдан әрі – шаршы км), құма километр (бұдан әрі – құма км), метр (бұдан әрі – м), бригада/ауысым (бұдан әрі бр/а), миллион текше метр (бұдан әрі – млн. текше м)	барлығы	1-жыл	2-жыл	3-жыл
қаржылық міндеттемелер (ҚМ)	мың теңге				
инвестициялар, барлығы	мың теңге				
күрделі шығындар, барлығы	мың теңге				
оның ішінде: ғимарат, құрылыстар	мың теңге				
жайластыру, қайта жаңарту	мың теңге				
машиналар, құрал-жабдықтар	мың теңге				
көлік құралдары	мың теңге				
қоршаған ортаны қорғауға/ тазалық құрылғыларына жұмсалатын шығындар	мың теңге				
геологиялық барлауға арналған шығындар, барлығы	мың теңге				
геологиялық түсіру жұмыстары	мың теңге				
литогеохимиялық жұмыстар	мың теңге				
	сынама				
тау-кен жұмыстары	мың теңге				
	шаршы.м				
геофизикалық жұмыстар, барлығы:	мың теңге				
оның ішінде сейсмикалық барлау (2 D жеке/немесе 3 D)	мың теңге				
	құма км				
	шаршы км				
сейсмикалық барлау деректерін өңдеу мен түсіндіру	мың теңге				
	құма км				
	шаршы км				
сейсмикалық барлау деректерін қайта өңдей және қайта түсіндіру	мың теңге				
	құма км				
	шаршы км				
қиыршық тасты барлау және геофизикалық зерттеулердің басқа түрлері	мың теңге				
	нүкте/шаршы км				
электробарлау	мың теңге				
	құма км				
	шаршы км				
магниттік барлау	мың теңге				
	шаршы км				
ұңғымалардағы геофизикалық зерттеулер және ұңғымалық геофизика	мың теңге				
	м				
геофизикалық деректерді өңдеу	мың теңге				
гидрогеологиялық жұмыстар	мың теңге				
	бр/см				
инженерлік-геологиялық жұмыстар	мың теңге				
	бр/см				
зертханалық және технологиялық зерттеулер	мың теңге				
бұрғылау жұмыстары	мың теңге				
	құма м				
	ұңғыма				
объектілерді сынама алу мен сынақтан өткізу	мың теңге				
	нысан				
геологиялық барлау бойынша басқа да жұмыстар оның ішінде:	мың теңге				
жобалау	мың теңге				
геологиялық барлау жұмыстарының қорытындысы бойынша есеп құрастыру	мың теңге				
өндіруге арналған шығындар, барлығы	мың теңге				
тау-кен дайындық жұмыстары	құма м				
	мың текше м				
таудағы күрделі жұмыстар	құма м				
	мың текше м				
пайдалану мақсатындағы барлау жұмыстары	құма м				
	мың текше м				
сынау	сынама				
пайдалану мақсатындағы бұрғылау	мың теңге				
	құма м				
	ұңғыма				
өндіруге байланысты басқа да шығындар (қайтадан іске қосу, ұңғымаларды жөндеу)	мың теңге				
алғашқы өңдеу (жұмыстар тізбесін көрсетіңіз)	мың теңге				
басқа да пайдалану шығындары (негізгі баптарды ашып көрсете отырып)	мың теңге				
өндіру көлемі: (пайдалы қазбаны көрсету)	мың тонна/ млн. текше.м/ мың.текше.м				
айдалған судың көлемі	мың.текше.м				
газ көлемі	мың.текше.м				
жүзеге асыру көлемі	мың тонна/ млн. текше.м/ мың.текше.м				
жоба бойынша жалпы және өнім түрлері бойынша жиынтық табыс	мың теңге				
технологияларды сатып алу	мың теңге				
оның ішінде отандық технологиялар	мың теңге				
өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және оның инфрақұрылымдарының дамуы	мың теңге				
жер қойнауы жағдайының мониторингі	мың теңге				
тәуекелді сақтандыру, барлығы	мың теңге				
(негізгі түрлерін көрсету)	мың теңге				
тарату қорына жіберілетін аударымдар	мың теңге				
ҚР азаматтарын оқыту, біліктілігін жоғарылату, қайтадаярлау	мың теңге				
ҒЗ ж ТКЖ-ға арналған шығындар	мың теңге				
аумақты қайтару	мың теңге				
жұмыс істейтін қызметкерлердің саны	адам				
оның ішінде қазақстандық кадрлар	адам				
жанама шығыстар, барлығы	мың теңге				
оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында	мың теңге				
оның ішінде еңбекті төлеу қоры	мың теңге				
келісімшарт бойынша қызметті іске асыру шеңберінде салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер, барлығы	мың теңге				
қол қою бонусы	мың теңге				
тарихи шығындар	мың теңге				
коммерциялық табу бонусы	мың теңге				
(бюджетке төлеуге жататын барлық салықтар мен міндетті төлемдерді көрсету)	мың теңге				
салық салынатын кіріс	мың теңге				
салық төленгеннен кейін кәсіпорынның иелігінде қалатын таза кіріс	мың теңге				
жылдық ақша ағыны	мың теңге				
дисконттау ставкаларының 10%, 15% және 20% болған кездегі жобаның таза ағымдағы келтірілген құнының өлшемдері;	мың теңге				
жоба бойынша жалпы рентабельділігінің ішкі нормасының көрсеткіші	%				

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 13 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №17051 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 15 мамыр №205 Астана қаласы

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 6 қарашадағы №627 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:
1. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 6 қарашадағы № 627 бұйрығына Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12417 болып тіркелген, 2016 жылғы 2 наурызда нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, мынадай өзгерістер енгізілсін:
көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім департаменті (Н.Ж. Оспанова) заңнамада белгіленген тәртіппен:
1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;
3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2), және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі Е.САҒАДИЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі __________ Д. Абаев
2018 жылғы 30 мамыр

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 15 мамыр № 205 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 7 қарашадағы № 627 бұйрығына 2-қосымша

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).
2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.
3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.
Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:
1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;
2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы» (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:
1) орналасқан жері бойынша көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – 3 (үш) жұмыс күні, көрсетілетін қызметті берушінің орналасқан жерінде болмаса – 8 (сегіз) жұмыс күні.
Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі өткенге дейін кемінде бір тәулік бұрын жеткізуді қамтамасыз етеді;
2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут, Мемлекеттік корпорацияда – 15 (он бес) минут;
3) көрсетілген қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут, Мемлекеттік корпорацияда – 15 (он бес) минут.
5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз жүзінде.
6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 12 маусымдағы № 289 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5717 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру.
7. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.
8. Жұмыс кестесі:
1) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес;
2) Мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.
Құжаттарды қабылдау көрсетілетін қызмет алушының таңдауы бойынша «электронды» кезек тәртібінде, жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, портал арқылы электронды кезекті броньдаға болады.
9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:
көрсетілетін қызметті берушіге:
1) көрсетілетін қызметті алушының (не оның заңды өкілінің) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы басшысының атына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру туралы өтініші;
2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (түпнұсқасы сәйкестендіру үшін талап етіледі).
Құжаттардың қабылданғандығын растау осы мемлекеттік қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес құжаттарды қабылдаған тұлғаның аты-жөні, сондай-ақ мөрі, кіріс нөмірі мен күні көрсетілген қолхат беру болып табылады.
Мемлекеттік корпорацияға:
1) көрсетілетін қызметті алушының (не оның заңды өкілінің) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы басшысының атына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру туралы өтініші;
2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқасы сәйкестендіру үшін талап етіледі);
Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметті Мемлекеттік корпорацияның қызметкері «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады және оны көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды.
Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші мен Мемлекеттік корпорация қызметкері көрсетілетін қызметті алушының ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімін алады.
Құжаттар Мемлекеттік корпорация арқылы қабылданған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.
Мемлекеттік корпорацияға жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде (немесе нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі) дайын құжаттарды беру тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.
Мемлекеттік корпорация мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін бір ай ішінде сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін оларды одан әрі сақтау үшін көрсетілген қызметті берушіге тапсырады. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткен соң жүгінген жағдайда Мемлекеттік корпорацияның сұранысы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға дайын құжаттарды жібереді.
10. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың дұрыс еместігі анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.
Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда:
көрсетілетін қызметті беруші еркін нысанда құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді;
Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

3-тарау. Орталық мемлекеттік органның, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым жазбаша түрде:
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын адамның атына;
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.
Шағымның қабылдануын растау шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оның Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелуі (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.
Мемлекеттік корпорация қызметкерінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша Мемлекеттік корпорацияның басшысына жіберіледі.
Мемлекеттік корпорацияға қолма-қол, сол сияқты поштамен түскен шағымның қабылдануын растауоның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.
Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияға түскен көрсетілетін қызмет алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижесі туралы дәлелді жауап пошта арқылы немесе көрсетілетін қызмет берушінің кеңсесінде немесе Мемлекеттік корпорацияда қолма-қол беріледі.
Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.
Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.
Шағымдар портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» мемлекеттік қызметті берушінің шағымды өңдеу барысында (жеткені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылатын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.
12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Заңнамада белгіленген тәртіппен өз-өзіне қызмет көрсетуді, өздігінен қозғалуды, бағдар жасауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе жартылай жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылардан 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар қабылдауды көрсетілетін қызметті алушының тұратын жеріне бара отырып, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері жүргізеді.
14. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:
1) Министрліктің www.edu.gov.kz;
2) Мемлекеттік корпорацияның www.con.gov4c.kz интернет-ресурсында орналастырылған.
15. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады.
16. Көрсетілетін қызметті берушінің байланыс телефондары Министрліктің www.edu.gov.kz және бірыңғай байланыс орталығының www.egov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

____
Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
______________________________курстың
______________________________тобының
______________________________мамандығы бойынша
______________________________оқу нысанында
______________________________оқуға түскен
____________________оқудан шығарылған көрсетілетін қызмет алушы ______________________________
тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) толық
____
тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) өзгерген жағдайда
____
____
көрсетілетін қызметті алушының байланыс деректері

Нысан

Өтініш

Маған______________________________
себебін көрсету
____

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді аяқтамағаным туралы анықтама беруді сұраймын.
Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, ақпараттық жүйелерде қамтылған мәліметтерді пайдалануға келісемін.
«____»______________20__ ж. ____________________
/қолы/

Ескертпе: мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес баспа әріптермен толтырылады

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

(көрсетілетін қызметті алушының
Т.А.Ә (болған жағдайда)
немесе ұйымның атауы)
____
____
(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

Нысан

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы филиалының №__ бөлімі (мекенжайын көрсету) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбауыңызға байланысты мемлекеттік қызмет көрсетуге (мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес көрсету) құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:
Жоқ құжаттардың атауы:
1) ______________________________;
2) ______________________________.
Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден 2 (екі) данада жасалды.
______________________________ __________________
(Т.А.Ә. (болған жағдайда)
Мемлекеттік корпорацияның
қызметкері) (қолы)
Орындаушы: Т.А.Ә. (болған жағдайда)
Телефоны ____________
Алдым: Т.А.Ә. (болған жағдайда) / көрсетілетін қызметті алушының қолы
«___» _________ 20__ ж.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 12 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №17040 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 16 мамыр №209 Астана қаласы

«Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:
1. «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8565 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2013 жылғы 21 тамыздағы № 194 (28133) санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:
көрсетілген бұйрықпен бекітілген Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларында:
1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«1-тарау. Жалпы ережелер»;
4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«4. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының түрлеріне:
1) мектепке дейінгі дамыту кешені (орталықтар, академиялар);
2) оқушылар сарайы (үйілері, орталықтары, кешендері, балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталықтары);
3) жас натуралистер станциясы (балалар экологиялық орталықтары, биологиялық орталықтар, экобиоорталықтар);
4) жас техниктер станциясы (орталықтар, балалар және жасөспірімдер техникалық шығармашылық мектептері);
5) жас туристер станциясы (балалар-жасөспірімдер туризм орталықтары);
6) балалар аула клубы, балалар әскери патриоттық клубы (клубтық демалыс ұйымдары);
7) балалар өнер мектебі (балалар музыка мектептері, балалар көркемөнер мектептері, балалар өнер мектептері, көркем-эстетикалық бағыттағы мектептер);
8) балалар сауықтыру лагері (орталықтары, кешендері, қала сыртындағы сауықтыру лагерьлері және күндізгі уақытта ұйымдастырылатын лагерьлер, палаталық, киіз үй лагерьлері);
9) балалар-жасөспірімдер спорттық мектебі;
10) олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі;
11) балалар қызығушылығы мен жұмыстары бағыты бойынша ұйымдар;
12) балаларға арналған қосымша білім беретін оқу-әдістемелік және ғылыми-практикалық орталықтар.»;
2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«2-тарау. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің тәртібі»;
9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«9. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының білім беру және тәрбиелеу процесіне қатысушылар балалар, педагог қызметкерлер және білім алушылардың заңды өкілдері болып табылады.»;
мынадай мазмұндағы 22-1-тармақпен толықтырылсын:
«22-1. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен балаларға арналған сауықтыру лагеріне «Білім туралы» Заңының 8-бабының 4-тармағына сәйкес әлеуметтік көмекке мұқтаж балалар санаты қабылданады.».
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (Н.А. Оршубеков) заңнамада белгіленген тәртіппен:
1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;
3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;
4) осы бұйрық ресми жарияланған кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
5) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Б.А. Асыловаға жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі Е.САҒАДИЕВ

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16967 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 18 мамыр №212 Астана қаласы

«Техникалық және кәсіптік білім беру саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №200 бұйрығына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:
1. «Техникалық және кәсіптік білім беру саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 200 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11220 болып тіркелген, «Әділет» нормативтік-құқықтық актілердің ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 19 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер және толықтырулар енгізілсін:
1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:
«1. Қоса беріліп отырған:
1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;
2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;
3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес «Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.»;
көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдарға құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты:
мынадай мазмұндағы 9-1 тармақпен толықтырылсын:
«9-1. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден мынадай негіздер бойынша бас тартады:
1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігінің анықталуы;
2) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 130 қаулысымен бекітілген Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 қаңтардағы № 174 қаулысымен бекітілген Орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.
Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартқан кезде көрсетілетін қызметті алушыға бас тартудың себептерін көрсете отырып, жауап жібереді.
Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында белгіленген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушының қайта жүгінуіне болады.»;
мынадай мазмұндағы 9-2 тармақпен толықтырылсын:
«9-2 Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген Тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.»;
13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.»;
14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«14. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің www.edu.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған және Бірыңғай байланыс орталығы:
8-800-080-7777, 1414.»;

(Соңы 23-бетте)

(Соңы. Басы 22-бетте)

мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты 3 қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

«Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

«1. «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

«4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушылар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – 10 жұмыс күні;

2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

«6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жатақхана беру туралы жолдама.»;

мынадай мазмұндағы 9-1 тармақпен толықтырылсын:

«9-1. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден мынадай негіздер бойынша бас тартады:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №13487 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларында белгіленген талаптарына сәйкес келмеуі.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тартқан кезде көрсетілетін қызметті алушыға бас тартудың себептерін көрсете отырып жауап жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда, белгіленген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушының қайта жүгінуіне болады.»;

мынадай мазмұндағы 9-2 тармақпен толықтырылсын:

«9-2. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген Тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.»;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің www.edu.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған және Бірыңғай байланыс орталығы:

8-800-080-7777, 1414.»;

көрсетілген стандартқа 1-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

«Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша»;

көрсетілген стандартқа 2-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

«Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша»;

көрсетілген стандартқа 3-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

«Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымша»;

мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты 4 қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

«3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы» (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден мынадай негіздер бойынша бас тартады:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10348 болып тіркелген) бекітілген Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

Көрсетілетін қызметті беруші немесе Мемлекеттік корпорация қызметкері мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартқан жағдайда осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тартылғаны туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетілетін мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушының қайта жүгінуіне болады.»;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Министрліктің www.edu.gov.kz;

2) Мемлекеттік корпорацияның www.con.gov.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.»;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.»;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің www.edu.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған және Бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.».

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Техникалық және кәсіптік білім департаменті (Н.Ж. Оспанова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін мерзімді баспа басылымдарына жіберуді;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі Е.САҒАДИЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ақпарат және
коммуникациялар министрі __________ Д. Абаев
2018 жылғы 30 мамыр

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 13 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №17055 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 23 мамыр №222 Астана қаласы

«Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 229 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 44-5) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 229 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 8544 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2013 жылғы 4 қыркүйектегі № 203 (28142) санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшада:

Балалар үйлері қызметінің үлгілік қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 2-1 тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Балалар үйлері жинақталмаған жағдайда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 8390 болып тіркелген) бекітілген білім беру ұйымдары түрлері номенклатурасының 9-тармағында көрсетілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының бір түріне қайта құрылуы мүмкін.»;

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымшада:

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған балалар үйлері қызметінің үлгілік қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 2-1 тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Балалар үйлері жинақталмаған жағдайда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 8390 болып тіркелген) бекітілген білім беру ұйымдары түрлері номенклатурасының 9-тармағында көрсетілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының бір түріне қайта құрылуы мүмкін.»;

көрсетілген бұйрыққа 3-қосымшада:

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттар қызметінің үлгілік қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 2-1 тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Мектеп-интернаттары жинақталмаған жағдайда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 8390 болып тіркелген) бекітілген білім беру ұйымдары түрлері номенклатурасының 9-тармағында көрсетілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының бір түріне қайта құрылуы мүмкін.»;

көрсетілген бұйрыққа 4-қосымшада:

Пана үйі қызметінің үлгілік қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 3-1 тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Паналар жинақталмаған жағдайда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 8390 болып тіркелген) бекітілген білім беру ұйымдары түрлері номенклатурасының 9-тармағында көрсетілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының бір түріне қайта құрылуы мүмкін.»;

көрсетілген бұйрыққа 5-қосымшада:

Отбасы үлгісіндегі балалар үйлері қызметінің үлгілік қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 2-1 тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Балалар үйлері жинақталмаған жағдайда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 8390 болып тіркелген) бекітілген білім беру ұйымдары түрлері номенклатурасының 9-тармағында көрсетілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының бір түріне қайта құрылуы мүмкін.»;

көрсетілген бұйрыққа 6-қосымшада:

Кәмелетке толмағандардың бейімдеу орталықтары қызметінің үлгілік қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 1-1 тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Орталықтар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 8390 болып тіркелген) бекітілген білім беру ұйымдары түрлері номенклатурасының 9-тармағында көрсетілген жинақталмаған жағдайда жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының бір түріне қайта құрылуы мүмкін.»;

көрсетілген бұйрыққа 7-қосымшада:

Өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталықтары қызметінің үлгілік қағидалаларында:

6-тармақ алып тасталсын:

мынадай мазмұндағы 6-1, 6-2 және 6-3 тармақтарымен толықтырылсын:

«6-1. Орталықтар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 8390 болып тіркелген) бекітілген білім беру ұйымдары түрлері номенклатурасының 9-тармағында көрсетілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының базасында құрылуы мүмкін.

6-2. Түнгі уақытта, демалыс немесе мереке күндері кәмелетке толмағандар осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша Орталыққа өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталықтарына кәмелетке толмағандарды қабылдау туралы актінің негізінде қабылданады.

6-3. Кәмелетке толмағандарды одан әрі күтіп бағу не орналастыру туралы мәселені шешу үшін Орталықтың қызметкерлері үш жұмыс күні ішінде қорғаншылық және қамқоршылық органдарына панасыздық, қадағалаусыздық белгілері болуын негіздейтін, қамқоршысыз қалғанын не болмаса баланың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнгені туралы ақпаратты ұсынады.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Орталыққа жолдама беруді отбасының (баланың) өмірлік қиын жағдайда жүргенін растайтын мемлекеттің қамқоршылық және қорғаншылық функцияларын жүзеге асыратын органының қорытындысы негізінде үш жұмыс күні ішінде облыстың, астананың және республикалық маңызы бар қаланың білім басқармасы жүзеге асырады.

Өз бетімен және ерікті түрде өтініш білдірген балалар мен олардың заңды өкілдеріне консультациялық көмек білім басқармасының жолдамасынсыз көрсетіледі.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Орталық мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар үшін құрылады.

Орталықта саны 15 адамнан аспайтын 3-тен 18 жасқа дейінгі балаларға арналған әртүрлі жастағы беске дейін топтар ұйымдастырылады.»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Кәмелетке толмағандар орталықта оларға көмек көрсету және одан әрі орналастыру мәселелерін шешу үшін алты айдан аспайтын мерзімде болады, отбасына тәрбиелеуге беру мүмкін болмаған жағдайда, кәмелет жасқа толғанға дейін.»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Тәрбиеленушілердің тұруын ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15681 болып тіркелді) бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» санитариялық қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.»;

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрыққа 8-қосымшада:

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған мектеп-интернаттар қызметінің үлгілік қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 2-1 тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Мектеп-интернаттар жинақталмаған жағдайда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 8390 болып тіркелген) бекітілген білім беру ұйымдары түрлері номенклатурасының 9-тармағында көрсетілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының бір түріне қайта құрылуы мүмкін.».

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (Н.Ә. Оршубеков) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін баспа және электронды түрде қазақ және орыс

тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмеін мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушы Б.АСЫЛОВА

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 23 мамырдағы №222 бұйрығына қосымша

Кәмелетке толмағандардың бейімдеу орталықтары қызметінің үлгілік қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Өмірлік қиын жағдайдағы балаларды
қолдау орталығына қабылдау актісі

20__ жылғы «___» _________ Қала, аудан__________

Мен,____
(лауазымы, атағы, тегі, әкесінің аты)

____
(орталықтың атауы)

____
(кәмелетке толмағанды жеткізген тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты

____
(бар болған жағдайда), жұмыс орны, лауазымы, мекенжайы, телефоны)

____
(кәмелетке толмағанды анықтаған орын, уақыт және жағдайлар)

_______________________анықталған, кәмелетке толмағанды жеткізгені туралы акт жасалады.

Кәмелетке толмағанның белгілері______________________________
(бойы, салмағы, жасы, сөйлей білуі ерекше

____
белгілері (меңдер, тыртықтар т.б.) денесіндегі жаңа жарақаттар,

____
зорлық әрекеттерінің белгілері)

Кәмелетке толмағаннан алынды____________________________
(шыққан кезде қайтарылуға жататын

____
заттар, бағалы заттар және құжаттар)

____
(кәмелетке толмағанның тегін, аты-жөнін, жасын, ата-аналарын немесе басқа заңды тұлғаларын, тұрғылықты жерін, жұмыс

____
орнын, ата-анасының лауазымын, маңызы бар басқада деректерді)
(сыртынан қарағанда кәмелетке толмағанның дені сау, ауру, дене жарақаты бар)

____ анықтау мүмкін болды

Қолы ____
(актіні толтырған лауазымды адамның лауазымы, атағы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

____
(кәмелетке толмағанды жеткізген тұлғаның тегі)

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 8 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №17024 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

2018 жылғы 19 сәуір №476 Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІ

2018 жылғы 20 сәуір №109 Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

2018 жылғы 10 сәуір №276 Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ

2018 жылғы 12 сәуір №11-11 Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІ

2018 жылғы 10 сәуір №30 Астана қаласы

«Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 892, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 565, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі бастығының 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 146, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 62, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 416 бірлескен бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. «Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 892, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 565, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі бастығының 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 146, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 62, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 416 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10027 болып тіркелген, 2014 жылғы 15 қаңтардағы № 8 (28490) "Егемен Қазақстан" газетінде ресми жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Ішкі істер министрлігі Криминалдық полиция департаменті (А.Х.Баймурзин) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін қағаз және электрондық түрде ресми жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімдік баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Қаржы вице-министріне, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі бастығының орынбасарына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасарына, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасарына, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бірінші орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
_______________Б. Сұлтанов
2018 жылғы 19 сәуір

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы
_______________А. Күреңбеков
2018 жылғы 12 сәуір

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері және
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігінің төрағасы
_______________А. Шпекбаев
2018 жылғы 20 сәуір

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
_______________Қ. Қасымов
2018 жылғы 10 сәуір

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік
комитетінің төрағасы
_______________К. Мәсімов
2018 жылғы 10 сәуір

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры
_____________ Қ. Қожамжаров
2018 жылғы 20 сәуір

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
Төрағасы _______________ Ж. Асанов
2018 жылғы 20 сәуір

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 сәуірдегі №476
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі бастығының 2018 жылғы 12 сәуірдегі № 11-11
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 109
Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2018 жылғы 10 сәуірдегі №30
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 10 сәуірдегі №276 бірлескен бұйрығына қосымша

Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы №892
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы №565
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2014 жылғы 12 желтоқсандағы №62
Мемлекеттік күзет қызметі бастығының 2014 жылғы 15 желтоқсандағы №146
Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2014 жылғы 18 желтоқсандағы №416 бірлескен бұйрығымен бекітілген

Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 232-бабына сәйкес әзірленді және пошта және өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылауды қоспағанда, жасырын тергеу әрекеттерін (бұдан әрі – ЖТӘ) жүргізу тәртібін анықтайды.

Пошта және өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылау ҚР ҚПК-ге сәйкес жүргізіледі.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органның уәкілетті бөлімшесі – (бұдан әрі – уәкілетті бөлімше) - сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін адамның ЖТӘ жүргізу туралы тапсырмасын орындайтын бөлімше (орындаушы бөлімше) және ЖТӘ жүзеге асыратын бөлімше (ЖТӘ бөлімшесі);

2) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін адам – сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру құқығы берілген, өндірісінде тергеудегі қылмыстық іс бар тергеуші, анықтаушы, анықтау органының лауазымды адамы.

2-тарау. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу тәртібі

1-параграф. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге тапсырмалар дайындау және жолдау

3. ҚПК-нің 232-бабына сәйкес жасырын тергеу әрекеттері пошта және өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылауды қоспағанда, 1-қосымшаға сәйкес жасалған жедел-іздестіру қызметінің нысандары мен әдістерін пайдалана отырып, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін органның тапсырмасы (бұдан әрі – тапсырма) бойынша жүргізіледі.

Тапсырма құпия болып табылады және жария етілуге жатпайды.

Тапсырма екі данада жасалады.

Бірінші данасы желімделген конвертте, адресатты көрсете отырып және «Жеке өзіне» деген белгі қойылып, құжаттамалық қамтамасыз ету жөніндегі функцияны жүзеге асыратын бөлімше (бұдан әрі – ҚҚЕ бөлімшесі) арқылы орындаушы бөлімшеге жіберіледі.

Конверттің сыртына құжаттың нақты қылмыстық іске тиесілігі туралы ақпаратты жазуға жол берілмейді.

Тапсырманың екінші данасы ЖТӘ жүргізу кезінде қылмыстық істің материалдарына тігілмейді және оның тізімдемесіне енгізілмейді. Аяқталған соң ЖТӘ сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін адамда тиісті номенклатуралық істе сақталады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін адам, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеруге ведомстволық бақылауды жүзеге асыратын адамдар ЖТӘ жүргізу туралы тапсырманы беру фактісінің құпиялығын қамтамасыз етеді.

ЖТӘ аяқталғанға дейін тапсырманың көшірмесін түсіруге жол берілмейді.

Конвертті ҚҚЕ бөлімшесінде тіркеу кезінде оның қылмыстық істі сәйкестендіруге мүмкіндік беретін нөмірі мен басқа да ақпаратты көрсетпей, конверттегі құжаттардың қылмыстық істің материалдары болып табылатыны көрсетіледі.

4. Тапсырма берген адам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның заңдылығы мен негізділігі үшін жауапты болады.

2-параграф. Жасырын тергеу әрекеттері бойынша тапсырма алу және орындау

5. Орындаушы бөлімшенің басшысы ЖТӘ жүргізу туралы тапсырманы алысымен оны орындау бойынша дереу шаралар қабылдайды және ЖТӘ жүргізуді уәкілетті бөлімшенің қызметкеріне тапсырады, ол жасырын тергеу әрекеттері ісін (бұдан әрі – ЖТӘІ) ресімдейді.

ЖТӘ жүргізу туралы тапсырманы алған уәкілетті бөлімшенің қызметкері осы Қағидаларға:

1) 2-қосымшаға сәйкес адамды немесе орынды жасырын аудио- және (немесе) бейне бақылау жүргізу туралы;

2) 3-қосымшаға сәйкес электр (телекоммуникация) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылауды, ұстап қалуды және түсіріп алуды жүргізу туралы;

3) 4-қосымшаға сәйкес абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу туралы;

4) 5-қосымшаға сәйкес компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты жасырын түсіріп алу туралы;

5) 6-қосымшаға сәйкес орынға жасырын кіру және (немесе) оны қарап-зерттеу туралы;

6) 7-қосымшаға сәйкес адамды немесе орынды жасырын қадағалау туралы;

7) 8-қосымшаға сәйкес жасырын бақыланатын сатып алуды жүргізу туралы;

8) 9-қосымшаға сәйкес жасырын ендіруді және (немесе) қылмыстық әрекетті имитациялауды жүргізу туралы екі данада тиісті қаулылар шығарады.

Оған қатысты ЖТӘ жүргізілетін объекті (не болмаса орын) туралы мәліметтердің таратылуын болдырмау қажет болған кезде прокурормен келісілген сауалнамалық деректерді (шартты атауын) өзгерту туралы қаулыға тергеп-тексеруді жүргізетін адам ЖТӘ жүргізу туралы қаулыны қоса ұсынады.

6. Тапсырмада ҚПК-нің 233-бабындағы тәртіпте қаулы шығару үшін қажетті мәліметтер болмаған жағдайда, орындаушы бөлімше бұл туралы тапсырманы алған сәтінен бастап 24 сағаттан аспайтын мерзімде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін адамға хабарлайды. Бұл ретте қаулы шығарылмайды.

7. ЖТӘ жүргізу тапсырылған уәкілетті бөлімшенің адамы шығарған ҚПК 231-бабының 1), 2), 3), 4), 6) тармақшаларында көзделген ЖТӘ-ні жүргізу туралы қаулыларды тергеу судьясы санкциялайды.

Уәкілетті бөлімшенің қызметкері қаулыны конвертке желімдейді, онда адресат көрсетіледі және «Жеке өзіне» деген белгі қойылады.

Конвертке құжаттардың нақты қылмыстық іске тиесілігі туралы ақпаратты жазуға жол берілмейді.

Қаулыларға «Мемлекеттік құпиялар туралы» 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына және құпиялауға жататын мәліметтердің ведомстволық (салалық) тізбелеріне сәйкес ақпарат енгізілген жағдайда мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге жатқызылады, қаулыларға тиісті құпиялылық белгісі қойылады.

Құпиялылық белгісі бар қаулыларды қолдану тәртібі Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасымен анықталады.

Судьяға қатысты ЖТӘ санкиялауды Астана қаласының тергеу судьясы Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен келісілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының қаулысы бойынша жүргізеді.

Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына қатысты ЖТӘ санкиялауды Астана қаласының тергеу судьясы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасарымен келісілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының қаулысы бойынша жүргізеді.

Санкция берген жағдайда санкцияланған қаулының бір данасы орындаушы бөлімшеге жіберіледі, қаулының екінші данасы тергеу судьясында қалады. Орындаушы бөлімше санкцияланған қаулының келіп түскен данасын орындау үшін ЖТӘ бөлімшесіне жібереді.

Шұғыл жағдайда қаулының екі данасы санкция алу үшін тергеу судьясына қолма қол ұсынылуы мүмкін.

Бұл жағдайда санкция алынған күннен бастап санкцияланған қаулының екініші данасын орындаушы бөлімше келесі жұмыс күнінен кешіктірмей тергеу судьясына ҚҚЕ бөлімшесі арқылы белгіленген тәртіппен кері қайтарады.

Санкциялау туралы шығарылған қаулы негізсіз болған жағдайда тергеу судьясы дәлелденген қаулымен санкциялаудан бас тартады.

ЖТӘ жүргізу мерзімін ұзарту туралы қаулыны сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін адам ЖТӘ-ні ұзарту мерзімі аяқталардан үш тәулік бұрын шығарады және санкция алу үшін тергеу судьясына ұсынады.

Санкция беруден бас тартылған жағдайда санкцияланбаған қаулының екі данасын уәкілетті бөлімше ЖТӘІ-ге тігеді, ол дереу тоқтатылады.

8. Жасырын тергеу әрекетін санкциялау барысында берілген ақпараттың шынайылығына күмән болған жағдайда тергеу судьясы қаулыны санкциялайды және жиырма төрт сағат ішінде прокурордың оның заңдылығын тексеруіне бастама көтереді.

Прокурор тергеу судьясының ЖТӘ заңдылығына тексеру жүргізу туралы хабарламасын алғаннан кейін тергеу әрекетінің құпиялығын қамтамасыз етеді және тергеу судьясының ЖТӘ жүргізу туралы қаулының заңдылығын тексеру туралы хабарламасын орындауға шаралар қабылдайды.

ҚПК 234-бабының 2-бөлігіне сәйкес прокурор бес тәулік ішінде тиісті тексеру жүргізеді және оның нәтижелері туралы жазбаша түрде тергеу судьясына хабарлайды.

Прокурордың жазбаша түрдегі тексеру нәтижелері конвертке желімделеді, мөрленеді, онда адресаттың – тергеу судьясының, ЖТӘ жүргізуге бастама көтерген орындаушы бөлімшенің деректері көрсетіледі және «Жеке өзіне» деген белгі қойылады.

9. ЖТӘ жүргізу туралы қаулыны орындау мүмкін болмаған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін адамға уәкілетті бөлімше басшысының қолымен себептерін көрсете отырып, дереу жазбаша хабарлама жіберіледі.

10. Қаулыда көрсетілген мерзімде ЖТӘ орындау мүмкін болмаған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін адамға орындаушы бөлімше басшысының қолымен ЖТӘ-ні анағұрлым кейінірек мерзімге ауыстыру туралы хабарлай отырып, жазбаша хабарлама жіберіледі.

11. ҚПК-нің 235-бабының 1-бөлігіне сәйкес кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда, тергеу судьясын жиырма төрт сағат ішінде жазбаша хабардар ете және кейіннен санкция ала отырып, санкциялауды талап ететін ЖТӘ жүргізуге жол беріледі.

Іс-шаралар аяқталған соң ЖТӘ бөлімшесі қаулыны шығарған адамға алынған материалдарды қаулымен бірге беруді дереу (жиырма төрт сағаттан кешіктірмей) жүзеге асырады.

Қаулыны шығарған адамдар ЖТӘ нәтижелерін алып, санкция алу үшін тергеу судьясына қажетті материалдарды ұсынады.

Кейінге қалдыруға болмайтын ЖТӘ-ні ұзарту қажет болған жағдайда тергеу судьясының санкциясын талап ететін жеке қаулы шығарылады.

ҚПК 235-бабының 2-бөлігіне сәйкес, тергеу судьясы ұсынылған материалдарды зерделей отырып, жүргізілген ЖТӘ кейінге қалдыруға болмайтынымен келіскен жағдайда, оның заңдылығы туралы қаулы шығара отырып, қаулыны санкциялайды. Келіспеген жағдайда оны тоқтату және нәтижелерді дәлелдемелер ретінде пайдалануға болмайтыны туралы қаулы шығарады.

ЖТӘ тоқтату және алынған нәтижелерді дәлелдемелер ретінде пайдалануға болмайтыны туралы қаулы ҚПК-нің 240-бабында көзделген мәселелер шешілгенге дейін оларды орындаушы бөлімшенің сақтауына негіз болып табылады.

12. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу туралы қаулыларды есепке алу осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қаулылар мен тапсырмаларды есепке алу журналында жүргізіледі.

13. ҚПК-нің 47-бабының 8-бөлігіне және 201-бабының 1-бөлігіне сәйкес құпия мәліметтерді жария ету тек прокурордың рұқсатымен, егер бұл тергеу мүддесіне қайшы келмейтін және басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзумен байланысты болмаса, мүмкін деп танылған көлемде берілуі мүмкін.

14. ЖТӘ мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімді сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін адам қабылдайды. ЖТӘ мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімнің қабылданғаны туралы орындаушы бөлімшеге хабарланады, ол өз кезегінде ЖТӘ бөлімшесін ЖТӘ жүргізудің тоқтатылғаны туралы хабардар етеді.

3-параграф. Жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін ұсыну, оларды зерттеу және бағалау

15. Дереу, бірақ ЖТӘ аяқталған кейін бес тәуліктен кешіктірмей оларды жүргізу барысында алынған барлық материалдарға құпиялауға жататын ведомстволық мәліметтер тізбесіне сәйкес құпиялылық белгісін қоя отырып, мөрленген түрде ЖТӘ бөлімшесі уәкілетті органның қызметкеріне жібереді, ол сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізген адамға береді. Материалдар адамға мемлекеттік құпиялар туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес құпиясыздандырылғаннан кейін ғана беріледі.

Материалдарға ЖТӘ жүргізу туралы қаулы қоса тігіледі.

ЖТӘ жүргізу барысында адамның тергеліп жатқан қылмысқа қатыстылығы, сондай-ақ қылмысты басқа адамдардың жасағаны туралы мәліметтер алынған кезде ол туралы қаулы шығарған адамға дереу хабарлайды, ол осы мәліметтерді сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізетін адамға жазбаша түрде хабарлайды.

ЖТӘ бойынша жүргізілетін қылмыстық іс өзге адамның өндірісіне берілген жағдайда, ол туралы ЖТӘ нәтижелерін беру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін ЖТӘ бөлімшесіне хабарланады.

Қаулыны орындаушы бөлімшенің лауазымды адамы шығарған жағдайда оның функциялары немесе өкілеттері басқа адамға берілген кезде ЖТӘ бөлімшесіне хабарланады.

16. ЖТӘ нәтижелері туралы орындаушы бөлімше уәкілетті прокурорға ол аяқталғаннан күннен бастап екі тәуліктен кешіктірмей хабарлайды.

17. Жазбаша хабарламада:

1) оның жасалған күні, орны мен уақыты;

2) ЖТӘ бойынша жүргізілген қылмыстық істің нөмірі;

3) қандай ЖТӘ және қандай мерзімдерде жүргізілгені;

4) ЖТӘ жүргізу туралы тапсырманы орындаған бөлімше;

5) тергеп-тексерілетін іске қатысы бар нақты деректердің алынған-алынбағаны, олардың қысқаша сипаттамасы және оған ЖТӘ нәтижелерінің берілген-берілмегені қамтылуы тиіс.

Хабарлама екі данада жасалады, оның біреуі желімделген конвертте, адресатты көрсете және «Жеке өзіне» деген белгі қоя отырып, Қазақстан Республикасындағы іс жүргізу талаптарына сәйкес ҚҚЕ бөлімшесі арқылы уәкілетті прокурорға жіберіледі.

18. ЖТӘ нәтижелелерін зерттеуді және бағалауды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін адам ЖТӘ аяқталысымен ҚПК-нің 238, 239-баптарында көзделген талаптарды сақтай отырып, дереу жүзеге асырады.

19. ҚПК 237-бабының көзделген және ЖТӘ-нің аралық нәтижелерін алу қажет болған жағдайларда қаулыны шығарған адам материалдарды беру үшін қажетті мерзімдер мен датаны көрсете отырып, ЖТӘ бөлімшесіне сұрау салуды ресімдейді.

Материалдарды беру құпиялық шараларын сақтай отырып, жүзеге асырылады.

Әрбір сұратылған жағдайда ЖТӘ нәтижелелерін сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін адам ҚПК-нің 238, 239-баптарында көзделген тәртіпте зерттейді.

20. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізген адам қылмыстық іс бойынша қорытынды шешім шығарған сәттен бастап алты айдан кешіктірмей ЖТӘ нәтижелерімен таныстырмай ЖТӘ жүргізілген адамға хабарлама жолдауы тиіс.

Жазбаша хабарламада жүргізілетін ЖТӘ-нің түрі және оны өткізу уақыты қамтылуы тиіс.

Бұл мерзімді тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының дәлелді өтінішхаты бойынша бір жылға дейін ұзартады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам ҚПК-нің 240-бабының 1-1-бөлігінде көзделген жағдайларда тергеу судьясының алдында оған қатысты жүргізілген жасырын тергеу әрекеттері туралы адамға хабарламау туралы өтініш білдіреді.

Тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының дәлелді өтініші бойынша оған қатысты жүргізілген жасырын тергеу әрекеттері туралы адамға:

1) террористік немесе экстремистік қылмыстар туралы қылмыстық іс бойынша;

2) қылмыстық топ жасаған қылмыстар туралы қылмыстық іс бойынша;

3) егер хабарлау мемлекеттік құпиялардың ашылуына қауіп тудырса;

4) егер хабарлау құпия негізде және астыртын нысанда қызметті жүзеге асыратын адамдардың және өзге де адамдардың қауіпсіздігіне қауіп төндірсе хабарламауды келісуі мүмкін.

Хабарлау мерзімін ұзарту қажеттілігі туындаған жағдайда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам хабарлау мерзімі аяқталардан үш тәулік бұрын мерзімді ұзарту туралы тергеу судьясына дәлелді өтініш дайындайды. Бұл ретте ұзарту мерзімі алты айдан аспауы тиіс.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жұмыстан босатылған, ауысқан, іссапарға жіберілген немесе еңбек демалысында болу кезінде оның тікелей басшысы оларға қатысты ЖТӘ жүргізілген адамдарға хабарлауға бағытталған шаралар қабылдайды.

Оған қатысты ЖТӘ жүргізілген адамға хабарлау (хабарламау) туралы шешім қабылданған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін адам уәкілетті бөлімшеге шешім туралы алдын ала хабарлайды.

Уәкілетті бөлімше бес жұмыс күні ішінде нақты негіздеме ұсына отырып, қандай да бір шешім қабылдаудың мақсатқа сайлығы туралы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін адамға хабарлайды.

Өтінішті қарау барысында оған қатысты ЖТӘ жүргізілген адамды ЖТӘІ-ге қоса тігілген материалдармен таныстыруға тыйым салынады.

Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуді заңсыз деп тану және келтірілген залалды өндіріп алу туралы арызды қылмыстық процесті жүргізетін органның орналасқан жері бойынша аудандық соттың тергеу судьясы құпиялықты сақтап, ҚПК-нің 106-бабының тәртібінде қарайды.

21. ЖТӘ жүргізудің ұйымдастырылуын көрсететін құжаттамалық материалдар және оған тігілмеген барлық нәтижелері әрбір нақты қылмыстық іс бойынша ЖТӘІ-де жүйеленеді.

ЖТӘІ орындаушы бөлімшеде болады және жедел есепке алу ісі болып табылмайды.

ЖТӘІ-ні жүргізу мерзімі және оны жою тәртібі Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 240-бабының талаптарына сәйкес регламенттеледі.

Орындаушы бөлімше сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамнан қылмыстық іс бойынша жасырын тергеу әрекеттерінің аяқталғаны туралы хат алғаннан кейін бес күннің ішінде баянат негізінде ЖТӘІ-ні тоқтатады, ол 240-баптың 1-1 және 6-бөліктерінде көзделген мәселелерді түбегейлі шешкенге дейін онымен бөтен адамдардың танысу мүмкіндігін болдырмайтын жағдайларда орындаушыда сақталады, одан кейін еркін түрде акт жасай отырып, жойылады. Қылмыстық істі қалпына келтіру және ЖТӘ-ні одан әрі жүргізу қажет болған кезде орындаушы бөлімше баянат бойынша ЖТӘІ-ні өндірісіне қабылдайды.

22. ЖТӘ-ні жүзеге асыру кезінде адамды құқыққа қарсы әрекеттер жасауға итермелейтін немесе арандататын әрекеттер (әрекетсіздік) жасауға жол берілмейді.

23. ЖТӘ жүргізу барысында бақыланатын аумақта (жергілікті учаскеде, үй-жайда) және (немесе) бақыланатын абоненттік қондырғы бойынша ЖТӘ санкцияланбаған адамның құқыққа қарсы әрекет жасағаны тіркелген кезде ЖТӘ бөлімшесі ЖТӘ жүргізу туралы қаулы шығарған адамға дереу хабарлайды, ол алынған нәтижелерді жиырма төрт сағат ішінде зерделейді.

Қаулы шығарған адам хабарламамен танысқаннан кейін қолданыстағы заңнамаға сәйкес ақпаратты тексеру бойынша шаралар қабылдайды.

24. ЖТӘ жүргізу кезінде заңдылықтың сақталуын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оған бағынысты прокурорлар жүзеге асырады.

25. Сот ЖТӘ жүргізу туралы қаулыны санкциялағаннан кейін орындаушы бөлімше 48 сағат ішінде Бас прокуратураның жедел-іздестіру қызметінің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыратын бөлімшесін немесе облыс прокурорын қадағалау тиесілігі бойынша жазбаша хабардар етуге міндетті.

Бас прокуратураның бөлімшесіне арнайы және құқық қорғау органдарының орталық аппараттары, облыс прокурорына осы мемлекеттік органдардың облыстық, қалалық және аудандық бөлімшелері хабарлайды.

Электр (телекоммуникация) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылауды, ұстап қалуды және түсіріп алуды жүргізу туралы хабарлама:

1) Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізбесінің нөмірін;

2) IMEI кодын;

3) қаулыны санкциялау күнін;

4) оған қатысты ЖТӘ жүргізілетін адамның анықтамалық деректерін;

5) тексеретін адамның телефон нөмірін;

6) ЖТӘ жүргізу кезеңін қамтиды.

ЖТӘ-нің басқа түрлері бойынша хабарламада СДТБТ нөмірі мен жүргізілетін ЖТӘ түрі көрсетіледі.

ЖТӘ жүргізу туралы хабарлама құпиялық немесе мемлекеттік құпиялар туралы заңнаманың талаптарын сақтай отырып, жіберіледі.

Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Жеке

________________________________ **бастығы**
(уәкілетті бөліністің атауы)

____
(тегі, аты-жөні)

Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу туралы
ТАПСЫРМА

20__ жылғы «___» ____ __________ қаласы

Менің іс жүргізуімде ____

____
(сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда))

белгілері бойынша 20__жылғы «____» _________ №___ болып Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне енгізілген қылмыстық іс бар.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру______________________________________
(қылмыстық іс фабуласының қысқаша баяндамасы, құқықтық саралау, ЖТӘ жүргізу

____
жоспарланып отырған адамға, орынға немесе затқа қатысты мәліметтер, талап етілетін фактілерді өзге

____
амалдармен ала алмау дәлелдерін қоса алғанда тапсырма беру үшін негіз болып табылатын нақты (себептер)

____ анықтады.

Баяндалғанды ескере отырып, Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 188, 232- баптарын басшылыққа ала отырып,

1. ____
(тапсырманы орындау жүктелетін уәкілетті бөлімше)

____ қатысты
(адам, орын немесе зат)

20___жылғы «__»________ бастап 20___жылғы «__»________ кезең аралығында ____ жүргізуді
(қандай жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қажет екені көрсетіледі)

тапсырамын.

2. ЖТӘ жүргізу кезінде алынған материалдар маған ұсынылсын.

____________ __________ ______________________________
(лауазымы) (қолы) (сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырушы адамның Т.А.Ә. (болған жағдайда))

Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларына 2-қосымша

Нысан

Жеке
Құпиялылық белгісі
(қажеттілігі болған жағдайда)

Адамды немесе орынды жасырын
аудио- және (немесе) бейнебақылау
20__ ж. «___» ____ бастап
20__ ж. «___» ____ дейін __ тәулік мерзімге

САНКЦИЯЛАЙМЫН
Судья
____
20__ жылғы «___» ____

Адамды немесе орынды жасырын
аудио- және (немесе) бейнебақылау жүргізу туралы
ҚАУЛЫ

20__ жылғы «___» ____ __________ қаласы

____
(құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік органның уәкілетті бөлінісі өкілінің

____
лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)

20__ жылғы «___» ____ №_________________қылмыстық іс бойынша –

____тапсырмасын қарап,
(сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда))

АНЫҚТАДЫ:

____
(қылмыстық іс фабуласының қысқаша сипаттамасы, ЖТӘ жүргізу қажеттілігінің негіздемесі)

____

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 233 және 242-баптарын басшылыққа ала отырып, -

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 20___жылғы «__»________ бастап 20___жылғы «__»________ кезең аралығында арнайы техникалық құралдарды пайдалана отырып, ________ жылы туған ______________________________ қатысты _________________
(Т.А.Ә.)
жасырын, аудио- және (немесе) бейнебақылау жүргізілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау__________________жүктелсін
(ЖТӘ бөлінісі)

3. Жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелері

____
(сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырушы адамның (бар жолған жағдайда) Т.А.Ә.)

____________ __________ ______________________________
(лауазымы) (қолы) (сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырушы адамның (бар жолған жағдайда) Т.А.Ә.)

Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларына 3-қосымша

Нысан

Жеке
Құпиялылық белгісі
(қажеттілігі болған жағдайда)

Электр (телекоммуникация) байланыс
желілері арқылы берілетін ақпаратты
жасырын бақылау, ұстап қалу және түсіріп алу
____
(абонент № не абонент терминалының
IMEI коды (байланыс операторы)
20__ ж. «___» ____ бастап
20__ ж. «___» ____ дейін __ тәулік мерзімге

САНКЦИЯЛАЙМЫН
Судья
____
20__ жылғы «___» ____

Электр (телекоммуникация) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылауды, ұстап қалуды және түсіріп алуды жүргізу туралы
ҚАУЛЫ

20__ жылғы «___» ____ __________ қаласы

____
(құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік органның уәкілетті бөлінісі өкілінің

____
лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)

20__ жылғы «___» ____ №_________________қылмыстық іс бойынша –

(Соңы 24-бетте)

(Соңы. Басы 23-бетте)

____тапсырмасын қарап,
(сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда))

АНЫҚТАДЫ:

____
(қылмыстық іс фабуласының қысқаша сипаттамасы, ЖТӘ жүргізу қажеттілігінің негіздемесі)
____

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 233 және 242-баптарын басшылыққа ала отырып, -

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 20___жылғы «__»________ бастап 20___жылғы «__»________ кезең аралығында арнайы техникалық құралдарды пайдалана отырып, ________ жылы туған ____________________ қатысты ________________
(Т.А.Ә.)
____
(абонент № не абонент терминалының IMEI коды (байланыс операторы)

берілетін ақпаратты жасырын бақылау, аудио- және (немесе) бейнебақылау жүргізілсін.

2. Осы қаулыны орындау ______________________ тапсырылсын.
(ЖТӘ бөлінісі)

3. Жасырын тергеу әрекетінің нәтижелері бар материалдық тасымалдауыш оралған, мөрленген түрде________________________________
____
(сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда))
ұсынылсын.

______________ ______________________________
(лауазамы) (қолы) (қаулыны енгізген адамның Т.А.Ә. (болған жағдайда))

Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларына 4-қосымша

Нысан

Жеке
Құпиялылық белгісі
(қажеттілігі болған жағдайда)

____
(абонент № не абонент терминалының IMEI коды (байланыс операторы)

Абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу

САНКЦИЯЛАЙМЫН
Судья
____
20__ жылғы «___» ____

Абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу туралы
ҚАУЛЫ

20__ жылғы «___» ____ __________ қаласы
____
(құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік органның уәкілетті бөлінісі өкілінің
____
лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)

20__ жылғы «___» ____ №________________қылмыстық іс бойынша –
____тапсырмасын қарап,
(сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда))

АНЫҚТАДЫ:

____
(қылмыстық іс фабуласының қысқаша сипаттамасы, ЖТӘ жүргізу қажеттілігінің негіздемесі)
____

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 233 және 244-баптарын басшылыққа ала отырып, -

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 20___жылғы «__»________ бастап 20___жылғы «__»________ кезең аралығында
____
(абонент № не абонент терминалының IMEI коды (байланыс операторы)

2. Осы қаулыны орындау ______________________ тапсырылсын.
(ЖТӘ бөлінісі)

3. Алынған ақпарат оралған, мөрленген түрде ________________
____
(сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда))
ұсынылсын.

______________ ______________________________
(лауазамы) (қолы) (қаулыны енгізген адамның (болған жағдайда) ТАӘ,)

Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларына 5-қосымша

Нысан

Жеке
Құпиялылық белгісі
(қажеттілігі болған жағдайда)

САНКЦИЯЛАЙМЫН
Судья
____
20__ жылғы «___» ____

Компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты жасырын түсіріп алу туралы
ҚАУЛЫ

20__ жылғы «___» ____ __________ қаласы
____
(құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік органның уәкілетті бөлінісі өкілінің
____
лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)

20__ жылғы «___» ____ №________________қылмыстық іс бойынша –
____тапсырмасын қарап,
(сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда))

АНЫҚТАДЫ:

____
(қылмыстық іс фабуласының қысқаша сипаттамасы, ЖТӘ жүргізу қажеттілігінің негіздемесі)
____.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 233 және 245-баптарын басшылыққа ала отырып, -

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. ________________________________ мекенжайы бойынша орналасқан компьютерден ақпаратты түсіріп алу жүргізілсін.

2. Осы қаулыны орындау ______________________ тапсырылсын.
(ЖТӘ бөлінісі)

3. Жасырын тергеу әрекетінің нәтижелері бар материалдық жеткізгіш оралған, мөрленген түрде ______________________________
____ ұсынылсын.
(сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда))

______________ ______________________________
(лауазамы) (қолы) (қаулыны енгізген адамның Т.А.Ә. (болған жағдайда))

Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларына 6-қосымша

Нысан

Жеке
Құпиялылық белгісі
(қажеттілігі болған жағдайда)

Орынға жасырын кіру және (немесе) оны қарап-зерттеу
20__ ж. «___» ____ бастап
20__ ж. «___» ____ дейін __ тәулік мерзімге

САНКЦИЯЛАЙМЫН
Судья
____
20__ жылғы «___» ____

Орынға жасырын кіру және (немесе) оны қарап-зерттеу туралы
ҚАУЛЫ

20__ жылғы «___» ____ __________ қаласы
____
(құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік органның уәкілетті бөлінісі өкілінің
____
лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)

20__ жылғы «___» ____ №________________қылмыстық іс бойынша –
____тапсырмасын қарап,
(сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда))

АНЫҚТАДЫ:

____
(қылмыстық іс фабуласының қысқаша сипаттамасы, ЖТӘ жүргізу қажеттілігінің негіздемесі)
____.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 233 және 247-баптарын басшылыққа ала отырып, -

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 20___жылғы «__»________ бастап 20___жылғы «__»________ кезең аралығында жасырын аудио- және бейнебақылау жүргізу туралы қаулының ____________________шеңберінде арнайы техникалық құралдармен
(Т.А.Ә.)
жабдықтау мақсатында ______________________________ мекенжайы бойынша орналасқан «________________________________» ММ ғимаратындағы № __________ қызметтік кабинетке кіру және оны қарап-зерттеу жүргізілсін.

2. Осы қаулыны орындау ______________________ тапсырылсын.
(ЖТӘ бөлінісі)

3. Алынған барлық материалдар оралған, мөрленген түрде
____ берілсін.
(сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда))

______________ ______________________________
(лауазамы) (қолы) (қаулыны енгізген адамның Т.А.Ә. (болған жағдайда))

Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларына 7-қосымша

Нысан

Жеке
Құпиялылық белгісі
(қажеттілігі болған жағдайда)

Адамды немесе орынды жасырын қадағалау туралы
ҚАУЛЫ

20__ жылғы «___» ____ __________ қаласы
____
(құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік органның уәкілетті бөлінісі өкілінің
____
лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)

20__ жылғы «___» ____ №________________қылмыстық іс бойынша –
____тапсырмасын қарап,
(сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда))

АНЫҚТАДЫ:

____
(қылмыстық іс фабуласының қысқаша сипаттамасы, ЖТӘ жүргізу қажеттілігінің негіздемесі)
____.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 233 және 248-баптарын басшылыққа ала отырып, -

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 20___жылғы «__»________ бастап 20___жылғы «__»________ кезең аралығында ___________ мерзімге бейне-, фотоаппаратураны, сондай-ақ байқауға алудың арнайы техникалық құралдарын пайдалана отырып,
____
(адамға не орынған, жүргізу мекенжайы)
______________________ жасырын байқауға алу жүргізілсін.

2. Осы қаулыны орындау ______________________ тапсырылсын.
(ЖТӘ бөлінісі)

3. Алынған барлық материалдар оралған, мөрленген түрде
____ берілсін.
(сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда))

______________ ______________________________
(лауазамы) (қолы) (қаулыны енгізген адамның Т.А.Ә. (болған жағдайда))

Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларына 8-қосымша

Нысан

Жеке
Құпиялылық белгісі
(қажеттілігі болған жағдайда)

Жасырын бақыланатын сатып алуды жүргізу туралы
ҚАУЛЫ

20__ жылғы «___» ____ __________ қаласы
____
(құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік органның уәкілетті бөлінісі өкілінің
____
лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)

20__ жылғы «___» ____ №________________қылмыстық іс бойынша –
____тапсырмасын қарап,
(сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда))

АНЫҚТАДЫ:

____
(қылмыстық іс фабуласының қысқаша сипаттамасы, ЖТӘ жүргізу қажеттілігінің негіздемесі)
____.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 233 және 250-баптарын басшылыққа ала отырып, -

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 20___жылғы «__»________ азамат ______________________
(Т.А.Ә.)
______________________ жасырын бақыланатын сатып алу жүргізілсін.
(заттың атауы)

2. Осы қаулыны орындау ______________________ тапсырылсын.
(ЖТӘ бөлінісі)

3. Алынған барлық материалдар оралған, мөрленген түрде
____ берілсін.
(сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда))

______________ ______________________________
(лауазамы) (қолы) (қаулыны енгізген адамның Т.А.Ә. (болған жағдайда))

Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларына 9-қосымша

Нысан

Жеке
Құпиялылық белгісі
(қажеттілігі болған жағдайда)

Жасырын ендіруді және (немесе) қылмыстық әрекетті имитациялауды жүргізу туралы
ҚАУЛЫ

20__ жылғы «___» ____ __________ қаласы
____
(құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік органның уәкілетті бөлінісі өкілінің
____
лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)

20__ жылғы «___» ____ №________________қылмыстық іс бойынша –
____тапсырмасын қарап,
(сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда))

АНЫҚТАДЫ:

____
(қылмыстық іс фабуласының қысқаша сипаттамасы, ЖТӘ жүргізу қажеттілігінің негіздемесі)
____.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 233 және 251-баптарын басшылыққа ала отырып, -

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. ________________________________ айналасына
((Т.А.Ә.) болған жағдайда не орын)
жасырын ендіру және қылмыстық әрекетті имитациялау жүзеге асырылсын.

2. Жасырын ендіруді жүргізу үшін жауапты болып
____басшылығы белгіленсін.
(құрылымдық бөліністің не уәкілетті органның аумақтық бөлінісінің атауы)

3. Ендірілетін адамға Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің ережелеріне сәйкес қажетті қорғану, қылмыс жасаған адамды ұстау, аса қажеттілік, негізді тәуекел ету жағдайларын қоспағанда, адамдардың өміріне, денсаулығына қауіп төндірумен ұштасқан әрекеттер (әрекетсіздік) жасауға тыйым салынатыны туралы түсіндірілсін.

4. Алынған барлық материалдар оралған, мөрленген түрде
____ берілсін.
(сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда))

______________ ______________________________
(лауазамы) (қолы) (қаулыны енгізген адамның Т.А.Ә. (болған жағдайда))

Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларына 10-қосымша

Нысан

Жасырын тергеу әрекеттері істерін есепке алу
ЖУРНАЛЫ

Реттік есепке алу нөмірі	ЖТӘ жүргізілетін қылмыстық істің нөмірі	Том нөмірі	Парақтар саны	Басталған күні	Аяқталған күні	Істі жүргізуге (сақтауға) жауапты, қолы және күні	Мұқамал нөмірі	Қайда, қашан және қандай нөмірмен жолданды, нөмірі және күні	Жою туралы актінің нөмірі және күні	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Құпиялылық белгісі

Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларына 11-қосымша

Нысан

____
(бөлімше атауы)
____
____

Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге арналған қаулылар мен тапсырмаларды есепке алу
ЖУРНАЛЫ №______

№______том

Басталды: 20___ж. «____»__________

Аяқталды: 20___ж. «____»__________

Мұрағаттық №________

№ р/р	*Қаулыны, тапсырманы тіркеу датасы*	*Іс-шара түрі, фигуранттың Т.А.Ә. жүргізу негізі (СДТБТ нөмірі, тергеуші тапсырмасының нөмірі)*	*саны*	
			Дана	*Данадағы парақтар*
1	2	3	4	

Т.А.Ә. және бастамашы бөлімше, құжатты алғаны туралы қолы және датасы	*ЖТӘ-ні санкциялаған тергеу судьясының Т.А.Ә.*	*Құжаттың тұрған орны, құжаттың бар-жоғы туралы белгі*	*Құжатты орындауға алған АІШБ қызметкерінің Т.А.Ә. және қолы*	*Ескерту*
5	6	7	8	9

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 27 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16828 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ДАМУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 12 қаңтар №27 Астана қаласы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің өнеркәсіп және экспорттық бақылау саласындағы кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің өнеркәсіп және экспорттық бақылау саласындағы өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықтыҚазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі Ж.ҚАСЫМБЕК

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі
________________ Д. Абаев
2018 жылғы 29 қаңтар

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары–
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
________________ Ө. Шөкеев
2018 жылғы 22 ақпан

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі
________________ Е. Сағадиев
2018 жылғы 20 ақпан

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
________________ Б. Сұлтанов
2018 жылғы 17 сәуір

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі
________________ С. Жасұзақов
2018 жылғы 28 наурыз

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі
________________Қ. Әбдірахманов
2018 жылғы 16 сәуір

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы
________________ К. Мәсімов
2018 жылғы 25 сәуір

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
________Т. Сүлейменов
2018жылғы 12 сәуір

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
________Қ. Қасымов
2018жылғы 24 қаңтар

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі
________Қ. Бозымбаев
2018жылғы 15 ақпан

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 12 қаңтардағы №27 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін өнеркәсіп және экспорттық бақылау саласындағы кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. «Импорттаушылардың (түпкі пайдаланушылардың) кепілдік міндеттемелерін ресімдеу және олардың орындалуын тексеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31наурыздағы № 418 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11006 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 8маусымда жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Импорттаушылардың (түпкі пайдаланушылардың) кепілдік міндеттемелерін ресімдеу және олардың орындалуын тексеру қағидаларында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Импорттаушының (түпкі пайдаланушының) кепілдік міндеттемесіне уәкілетті адам қол қояды және импорттаушының (түпкі пайдаланушының) мөрімен(бар болған жағдайда) куәландырылады.».

2. «Өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде өңдеуге рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31наурыздағы № 419 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11870 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 7қыркүйекте жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жердеөндеуге рұқсат беру қағидаларында:

6-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ұсынылған құжаттар көшірмелерінің әрбір парағы өтініш берушінің қолтаңбасымен және мөрімен (бар болған жағдайда) куәландырылған болуы тиіс не құжаттардың көшірмелері тігілген және олардың соңғы беттері өтініш берушінің қолтаңбасымен және мөрімен (бар болған жағдайда) куәландырылған болуы тиіс.».

3. «Өнімнің кері экспортына рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 539 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12450 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 21 желтоқсанда жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өнімнің кері экспортына рұқсат беру қағидаларында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Рұқсат алу үшін өтініш беруші немесе тиісті өкілеттікті жазбаша растауы бар оның өкілі уәкілетті органға мынадай құжаттар мен мәліметтерді ұсынады:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсат алуға өтініш;

2) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны;

3) түпкі пайдаланушы тарапынан алынатын өнімді мәлімделген мақсаттарда пайдаланылуы туралы ресми растамасы;

4) импортталатын өнімді мәлімделген мақсаттарда пайдалану және оны қазақстандық тараптың келісімінсіз үшінші елдерге кері экспорттауға жол бермеу туралы алушы елдің құзыретті органы берген алушы елдің кепілдік міндеттемесі(түпкі пайдаланушының сертификатының).

Алушы елдің кепілдік міндеттемесінің (түпкі пайдаланушының сертификатының) түпнұсқалылығын тексеруді Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады.

5) сыртқы сауда шартының (келісімшартының) көшірмесі, ал сыртқы сауда шарты (келісімшарты) болмаған жағдайда - тараптардың ниеттерін растайтын өзге құжаттың көшірмесі.

Ұсынылған құжаттар көшірмелерінің әрбір парағы өтініш берушінің қолтаңбасымен және мөрімен (бар болған жағдайда) куәландырылады немесе құжаттардың көшірмелері тігіледі және олардың соңғы беттері өтініш берушінің қолтаңбасымен және мөрімен(бар болған жағдайда) куәландырылады.

Осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген құжат «Құжаттарды заңдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 11-1-2/576 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16116 болып тіркелген), «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою тәртібі мен шарттары туралы Бірыңғай қағиданы бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 4 маусымдағы № 67 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1536 болып тіркелген) бұйрықтарына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес консулдық заңдастыру немесе апостиль қою туралы талаптары сақтала отырып ұсынылады.».

4. «Өнеркәсіп және экспорттық бақылау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 563 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11636 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 5 тамызда жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Тау-кен және химия өндірістерін пайдалану қызметін жүзеге асыруға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

«электрондық үкіметтің» www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.»;

4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Порталға жүгінген сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру - 15 (он бес) жұмыс күні;

қайта ресімделгенлицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру - 3 (үш) жұмыс күні;

көрсетілетін қызметті алушыны бөліп шығару немесе бөліну нысанында қайта ұйымдастырған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде - 15 (он бес) жұмыс күні;

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмауы фактісі белгіленген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартады.

5. Мемлекеттік қызметкөрсету нысаны – электрондық (толық автоматтандырылған) түрде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - тау-кен және химия өндірістерін пайдалану қызметін жүзеге асыруға арналған лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, қайта ресімделген лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрінде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесікөрсетілетін қызметті беруші уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.»;

7-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын;

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Порталдың жұмыс кестесі - жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш пен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушының (не оның өкілінің) порталға жүгінуі кезінде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) лицензия алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес заңды немесе жеке тұлға үшін өтініш;

ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны;

2)лицензияға қосымшаны алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес заңды немесе жеке тұлға үшін өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны;

3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4 және 5-қосымшаларға сәйкес заңды немесе жеке тұлға үшін өтініш;

ЭҮТШ арқылы ақысын төлеуді қоспағанда, лицензияларды қайта ресімдеуге лицензиялық алым төлегенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың электрондық көшірмесі.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, ЭҮТШ арқылы төленген туралы көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде - көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.»;

12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

13. Мемлекеттік қызметті көрсету мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің - www.comprom.mid.gov.kz интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Уларды өндіру, өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану, жою жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

«электрондық үкіметтің» www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.»;

4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Порталға жүгінген сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде - 15 (он бес) жұмыс күні;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде - 3 (үш) жұмыс күні;

көрсетілетін қызметті алушыны бөліп шығару немесе бөліну нысанында қайта ұйымдастырған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде - 15 (он бес) жұмыс күні;

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмауы фактісі белгіленген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартады.

5. Мемлекеттік қызметкөрсету нысаны – электрондық (толық автоматтандырылған) түрде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - тау-кен және химия өндірістерін пайдалану қызметін жүзеге асыруға арналған лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, қайта ресімделген лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесікөрсетілетін қызметті беруші уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.»;

7-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын;

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Порталдың жұмыс кестесі - жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш пен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушының (не оның өкілінің) порталға жүгінуі кезінде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) лицензия алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес заңды немесе жеке тұлға үшін өтініш;

ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны;

2)лицензияға қосымшаны алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес заңды немесе жеке тұлға үшін өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны;

3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4 және 5-қосымшаларға сәйкес заңды немесе жеке тұлға үшін өтініш;

ЭҮТШ арқылы ақысын төлеуді қоспағанда, лицензияларды қайта ресімдеуге лицензиялық алым төлегенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың электрондық көшірмесі.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, ЭҮТШ арқылы төленген туралы көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде - көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.»;

12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

13. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің - www.comprom.mid.gov.kz интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Жекелеген тауарлар түрлерінің импортына және (немесе) экспортына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

«электрондық үкіметтің» www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.»;

4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Порталға жүгінген сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

лицензиянырберу кезінде - 15 (он бес) жұмыс күні;

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмауы фактісі белгіленген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартады.

5. Мемлекеттік қызметкөрсету нысаны – электрондық (толық автоматтандырылған) түрде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі –жекелеген тауарлар түрлерінің импорты және (немесе) экспортына арналған лицензия не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесікөрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.»;

7-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын;

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Порталдың жұмыс кестесі - жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш пен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушының (не оның өкілінің) порталға жүгінуі кезінде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) лицензия алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес өтініштің электрондық көшірмесі;

сыртқы сауда шартының (келісімшартының), оған қосымша және (немесе) толықтырудың (бір жолғы лицензия үшін)электрондық көшірмесі, ал сыртқы сауда шарты (келісімшарты) болмаған жағдайда – тараптардың ниетін растайтын басқа құжаттың көшірмесі;

лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыруға арналған лицензияның немесеегер мұндай қызмет түрі оған қатысты Қазақстан Республикасының аумағында лицензиялау енгізілген тауарайналымымен байланысты болса лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыруға арналған лицензияның бар екендігі туралы мәліметтің электрондық көшірмесі;

ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы құжаттардың электрондық көшірмесі;

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, ЭҮТШ арқылы төленген туралы көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде - көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.»;

12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

13. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің - www.comprom.mid.gov.kz интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Экспорттық бақылауға жататын өнімді экспорттауға және импорттауға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

«электрондық үкіметтің» www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.»;

4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Порталға өтініш берілген сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

лицензияны беру кезінде - 30 (отыз) жұмыс күні;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде- 3 (үш) жұмыс күні;

көрсетілетін қызметті алушыны бөліп шығару немесе бөліну нысанында қайта ұйымдастырған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде - 30 (отыз) жұмыс күні;

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмауы фактісі белгіленген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартады.

5. Мемлекеттік қызметкөрсету нысаны – электрондық (толық автоматтандырылған) түрде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі –экспорттық бақылауға жататын өнімдердің экспорты және (немесе) импортына арналған лицензия, қайта ресімделген лицензия, не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрінде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесікөрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.»;

7-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын;

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Порталдың жұмыс кестесі - жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш пен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушының (не оның өкілінің) порталға жүгінуі кезінде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) лицензия алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес заңды немесе жеке тұлға үшін өтініш;

ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы құжаттардың электрондық көшірмесі;

2)лицензияны қайта ресімдеу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

ЭҮТШ арқылы ақысын төлеуді қоспағанда, лицензиялық алым төлегенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың электрондық көшірмесі.

Ұсынылған құжаттар көшірмелерінің әрбір парағы көрсетілетін қызметтіалушының қолтаңбасымен және мөрімен(бар болған жағдайда) куәландырылған болуы тиіс.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, ЭҮТШ арқылы төленгені туралы көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкіметтің» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде - көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.»;

12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

13. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің - www.comprom.mid.gov.kz интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.»;

1 және 2-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3-қосымшаның 1-тармағының бесінші абзацы мындай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасынан импортталатын өнімнің тек түпкі пайдаланушы елдің мұқтажы және қазақстандық тараптың келісімінсіз үшінші елдерге кері экспорттауға немесе беруге жол бермеу үшін ғана пайдаланылатыны туралы алушы елдің міндеттемелерін қамтитын алушы елдің уәкілетті мемлекеттік органы берген түпкі пайдаланушы сертификаты (экспорттық бақылауға жататын өнімді экспорттаған кезде).»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) «электрондық үкіметтің» www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.»;

4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап - 15 (он бес) жұмыс күні;

Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты - 15 (он бес) минут;

Мемлекеттік корпорациядақызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты - 15 (он бес) минут.

қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді;

2) порталға жүгінген кезде - 15 (он бес) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмауы фактісі белгіленген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (толық автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат, не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрде.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін қағаз тасығышта алу үшін жүгінген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі портал арқылы басып шығарылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің түпнұсқалылығын www.egov.kz порталында тексеруге болады.»;

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Жұмыс кестесі:

1) Мемлекеттік корпорацияның - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін түскі үзіліссіз;

мемлекеттік қызмет электрондық кезекті тәртібімен, көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша, жеделдетілген қызмет көрсетусіз көрсетіледі, электрондық кезекті портал арқылы «броньдауға» болады;

2) порталдың - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш пен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушының (не оның өкілінің) жүгінуі кезінде мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі:

1) Мемлекеттік корпорацияға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес өтініш;

жеке басын куәландырылатын құжат және өкілдің өкілеттігін растайтын құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін);

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны;

(Соңы 25-бетте)

(Соңы. Басы 24-бетте)

өнімді қайта өңдеуге арналған сыртқы сауда шартының (келісімшартының) көшірмесі;

тиісті құзыретті уәкілетті мемлекеттік органның тауарларды аумақтан тыс жерде және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу шарттары туралы құжаттың көшірмесі (егер қайта өңдеу мақсаты жөндеу болып табылса көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді).

Ұсынылған құжаттар көшірмелерінің әрбір парағы көрсетілетін қызметті алушының қолтаңбасымен және мөрімен(бар болған жағдайда) куәландырылған болуы тиіс не құжаттардың көшірмелері тігілген және олардың соңғы беттері көрсетілетін қызметті алушының қолтаңбасымен және мөрімен(бар болған жағдайда) куәландырылған болуы тиіс;

Мемлекеттік корпорация қызметкері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісімін алады.

құжаттарды қабылдау кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттардың электрондық көшірмесін шығарып, одан кейін түпнұсқасын көрсетілетін қызметті алушыға қайтарып береді, сондай-ақ тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхатты береді;

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру жеке куәлікті (немесе нотариалдық куәландырылған сенімхаты бойынша оның өкілі) көрсеткен кезде қолхат негізінде жүзеге асырылады;

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оны одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді;

көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші дайын құжаттарды бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді;

2) порталға:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны;

өнімді қайта өңдеуге арналған сыртқы сауда шартының (келісімшартының) көшірмесі;

тиісті құзыретті уәкілетті мемлекеттік органның тауарларды аумақтан тыс жерде және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу шарттары туралы құжаттың көшірмесі (егер қайта өңдеу мақсаты жөндеу болып табылса көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді).

Ұсынылған құжаттар көшірмелерінің әрбір парағы көрсетілетін қызметті алушының қолтаңбасымен және мөрімен(бар болған жағдайда) куәландырылған болуы тиіс.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші, Мемлекеттік корпорация қызметкері «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде- көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағымен көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты береді.»;

10 тармақтың 2) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар және телефондар бойынша Мемлекеттік корпорация басшысына жіберіледі;»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары Мемлекеттік корпорацияның - www.gov4c.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Экспорттық бақылауға жататын өнімді кері экспорттауға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) «электрондық үкіметтің» www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.»;

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1)Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап - 30 (отыз) жұмыс күні;

құжаттар топтамасын Мемлекеттік корпорацияға тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты - 15 (он бес) минут;

Мемлекеттік корпорацияғақызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты - 15 (он бес) минут;

қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді;

2) порталға жүгінген кезде - 30 (отыз) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған болмауы фактісі құжаттардың толық белгіленген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (толық автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.»;

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

8. Жұмыс кестесі:

1) Мемлекеттік корпорацияның - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін түскі үзіліссіз;

мемлекеттік көрсетілетін қызмет электрондық кезек тәртібімен, көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша, жеделдетілген қызмет көрсетусіз көрсетіледі, электрондық кезекті портал арқылы «броньдауға» болады;

2) порталдың - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініш пен мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушының (не оның өкілінің) жүгінуі кезінде мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі:

1) Мемлекеттік корпорацияға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес өтініш;

жеке басын куәландырылатын құжат және өкілдің өкілеттігін растайтын құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін);

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны;

түпкі пайдаланушы тарапынан алынатын тауарлардың мәлімделген мақсаттарда пайдаланылуы туралы ресми растамасы;

импортталатын өнімді мәлімделген мақсаттарда пайдалану және оны қазақстандық тараптың келісімінсіз үшінші елдерге кері экспорттауға жол бермеу туралы алушы елдің құзыретті органы берген алушы елдің кепілдік міндеттемесі (түпкі пайдаланушының сертификатының).

Алушы елдің кепілдік міндеттемесінің (түпкі пайдаланушының сертификатының) түпнұсқалылығын тексеруді Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады;

сыртқы сауда шартының (келісімшартының) көшірмесі, ал сыртқы сауда шарты (келісімшарты) болмаған жағдайда – тараптардың ниеттерін растайтын өзге құжаттың көшірмесі.

Ұсынылған құжаттар көшірмелерінің әрбір парағы көрсетілетін қызметтіалушының қолтаңбасымен және мөрімен(бар болған жағдайда) куәландырылған болуы тиіс не құжаттардың көшірмелері тігілген және олардың соңғы беттері көрсетілетін қызметті алушының қолтаңбасымен және мөрімен(бар болған жағдайда) куәландырылған болуы тиіс;

құжаттарды қабылдау кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттардың электрондық көшірмесін шығарып, одан кейін түпнұсқасын көрсетілетін қызметті алушыға қайтарып береді, сондай-ақ тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхатты береді;

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Мемлекеттік корпорация қызметкері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақпен көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес өтінішті қабылдаудан бас тартады;

Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру жеке куәлікті (немесе нотариалдық куәландырылған сенімхаты бойынша оның өкілі) көрсеткен кезде қолхат негізінде жүзеге асырылады;

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оны одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді;

көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші дайын құжаттарды бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді;

2) порталға:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны;

түпкі пайдаланушы тарапынан өнімдердің мәлімделген мақсаттарда пайдаланылуы туралы ресми растамасының электрондық көшірмесі;

импортталатын өнімді мәлімделген мақсаттарда пайдалану және оны қазақстандық тараптың келісімінсіз үшінші елдерге кері экспорттауға жол бермеу туралы алушы елдің құзыретті органы берген алушы елдің кепілдік міндеттемесінің (түпкі пайдаланушының сертификатының) түпнұсқасының электрондық көшірмесі.

Алушы елдің кепілдік міндеттемесінің (түпкі пайдаланушының сертификатының) түпнұсқалылығын тексеруді Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады;

сыртқы сауда шартының (келісімшартының) электрондық көшірмесі, ал сыртқы сауда шарты (келісімшарты) болмаған жағдайда – тараптардың ниеттерін растайтын өзге құжаттың электрондық көшірмесі.

Ұсынылған құжаттар көшірмелерінің әрбір парағы көрсетілетін қызметтіалушының қолтаңбасымен және мөрімен(бар болған жағдайда) куәландырылған болуы тиіс.

Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының филиалдарын немесе өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде- көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

1) Шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжайы бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 2117 кабинет мекенжайы бойынша Министрлік басшылығының атына беріледі, телефоны: 8 (7172) 75-48-66, 75-49-14;

Шағым пошта арқылы жазбаша нысанда не Мемлекеттік корпорация немесе көрсетілетін қызметті беруші арқылы қолма-қол, сондай-ақ портал арқылы беріледі;

шағымда көрсетілетін қызметті алушы тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда), пошталық мекенжайын, шығыс нөмірі мен күнін көрсетеді. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды;

шағымның қабылданғанын растау көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қабылдап алған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) болып табылады;

2) Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар және телефондар бойынша Мемлекеттік корпорация басшысына жіберіледі;

Мемлекеттік корпорацияның кеңсесінде қолма-қол, сол сияқты пошта арқылы келіп түскен шағымды қабылдауды растау оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы «жеке кабинеттен» жіберген кезде жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішін өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау, туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым жасай алады;

көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары Мемлекеттік корпорацияның - www.gov4c.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.»;

мынадай мазмұндағы 16-тармақпен толықтырылсын:

«16. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзіне өзі қызмет көрсетуді, өз бетімен қозғалуды, бағдаралуды жүзеге қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін кызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорация қызметтері 1414 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну арқылы тұрғылықты жері бойынша шығумен жүргізеді.»;

осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес редакцияда осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшамен толықтырылсын.

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Кепілдік міндеттемені (түпкілікті пайдаланушының сертификатын) беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) «электрондық үкіметтің» www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.»;

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап - 10 (он) жұмыс күні;

құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты - 15 (он бес) минут;

қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты - 15 (он бес) минут;

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді;

2) порталға жүгінген кезде - 10 (он) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (толық автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.»;

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Жұмыс кестесі:

1) Мемлекеттік корпорацияның - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін түскі үзіліссіз;

мемлекеттік қызмет электрондық кезекті тәртібімен, көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша, жеделдетілген қызмет көрсетусіз көрсетіледі, электрондық кезекті портал арқылы «броньдауға» болады;

2) порталдың - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш пен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушының (не оның өкілінің) жүгінуі кезінде мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі:

1) Мемлекеттік корпорацияға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес өтініш;

жеке басын куәландырылатын құжат және өкілдің өкілеттігін растайтын құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін);

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес импорттаушының (түпкі пайдаланушының) кепілдік міндеттемесі;

сыртқы сауда мәмілесіне қатысушылар арасындағы сату-сатып алу шартының (келісімшарттың) немесе өзге шеттету құжатының көшірмесі;

егер көрсетілетін қызметті алушы ретінде делдал болып шығатын болса, импорттаушы мен түпкілікті пайдаланушы арасындағы сату-сатып алу шартының (келісімшарттың) немесе өзге шеттету құжатының көшірмесі;

ұсынылған құжаттар көшірмелерінің әрбір парағы көрсетілетін қызметті алушының қолтаңбасымен және мөрімен(бар болған жағдайда) куәландырылған болуы тиіс не құжаттардың көшірмелері тігілген және олардың соңғы беттері көрсетілетін қызмет алушының қолтаңбасымен және мөрімен(бар болған жағдайда)куәландырылған болуы тиіс;

Мемлекеттік корпорация қызметкері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісімін алады;

құжаттарды қабылдау кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттардың электрондық көшірмесін шығарып, одан кейін осы құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарып береді, сондай-ақ тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхатты береді;

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру жеке куәлікті (немесе нотариалдық расталған сенімхаты бойынша оның өкілі) көрсеткен кезде қолхат негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оны одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді;

көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші дайын құжаттарды бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді;

2) порталға:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес импорттаушының (түпкі пайдаланушының) кепілдік міндеттемесінің электрондық көшірмесі;

сыртқы сауда мәмілесіне қатысушылар арасындағы сату-сатып алу шартының (келісімшарттың) немесе өзге шеттету құжатының электрондық көшірмесі;

егер көрсетілетін қызметті алушы ретінде делдал болып шығатын болса, импорттаушы мен түпкілікті пайдаланушы арасындағы сату-сатып алу шартының (келісімшарттың) немесе өзге шеттету құжатының электрондық көшірмесі.

Ұсынылған құжаттар көшірмелерінің әрбір парағы көрсетілетін қызметті алушының қолтаңбасымен және мөрімен(бар болған жағдайда)расталған болуы тиіс.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші, Мемлекеттік корпорация қызметкері «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде- көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақпен көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты береді.»;

10-тармақтың 2) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар және телефондар бойынша Мемлекеттік корпорация басшысына жіберіледі;»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары Мемлекеттік корпорацияның - www.gov4c.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Тауарларды, технологияларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, ақпаратты экспорттық бақылауға жататын өнімге жатқызу туралы қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) «электрондық үкіметтің» www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.»;

4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей беретін, мемлекеттік органдармен келісуге жататын қорытындыларды қоспағанда, Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап - 10 (он) жұмыс күні;

құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты - 15 (он бес) минут;

қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты - 15 (он бес) минут;

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді;

2) порталға жүгінген кезде -20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей беретін, мемлекеттік органдармен келісуге жататын қорытындыларды қоспағанда, 10 (он) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (толық автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету нәтижесі - тауарларды, технологияларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, ақпаратты экспорттық бақылауға жататын өнімге жатқызу туралы қорытынды немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрде.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін қағаз тасығышта алу үшін жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі портал арқылы басып шығарылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің түпнұсқалылығын www.egov.kz порталында тексеруге болады.»;

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Жұмыс кестесі:

1) Мемлекеттік корпорацияның - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін түскі үзіліссіз;

мемлекеттік көрсетілетін қызмет электрондық кезекті тәртібімен, көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша, жеделдетілген қызмет көрсетусіз көрсетіледі, электрондық кезекті портал арқылы «броньдауға» болады;

